

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

А.Ж. Турлыбекова

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2018

ӘОЖ 336 (075)
КБЖ 65.262.2я73
Т 81

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
экономика және бизнес жоғары мектебі Ғылыми кеңесі
және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№7 хаттама 5 шілде 2018 жыл)*

Пікір жазғандар:

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент *А.С. Асилова*
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент *А.Т. Исаева*
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент *С.К. Барышева*

Турлыбекова А.Ж.

Т 81 Бағалы қағаздар нарығының теориясы мен практикасы:
оқу құралы / А.Ж. Турлыбекова. – Алматы: Қазақ универ-
ситеті, 2018. – 284 б.

ISBN 978-601-04-3595-7

Бұл оқу құралында бағалы қағаздар нарығының мәні: құрылымы, ат-
қаратын қызметтері, бағалы қағаздар нарығының жіктелімі, бағалы қағаздар
нарығының құралдары, бағалы қағаздар портфелінің мәні мен түрлері, бағалы
қағаздар нарығын талдау түрлері, бағалы қағаздар нарығының тәуекелдері,
бағалы қағаздар нарығының кәсіби қағысушыларының атқаратын қызметтері,
бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу және бақылауға қатысты тео-
риялық және практикалық мәселелер қамтылған.

Әрбір тараудан кейін бақылау сұрақтары мен термин-анықтамаға қа-
тысты тапсырмалар және соңында тест тапсырмалары берілген.

Оқу құралы жоғарғы оқу орындарының қаржы және таңдау пәні
бойынша оқитын басқа да мамандық иелерінің студенттері мен магис-
транттарына және бағалы қағаздар нарығының мәселелері қызықтыратын
жалпы оқырман қауымға арналған.

**ӘОЖ 336 (075)
КБЖ 65.262.2я73**

ISBN 978-601-04-3595-7

© Турлыбекова А.Ж., 2018
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

МАЗМҰНЫ

1-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ МЕН ТҮРЛЕРІ.....	9
1.1. Бағалы қағаздардың экономикалық мәні.....	9
1.2. Бағалы қағаздардың деректемелері.....	12
1.3. Бағалы қағаздардың жіктелімі.....	15
2-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ЭМИССИЯЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ.....	22
2.1. Бағалы қағаздарды шығару проспектісін дайындау.....	22 22
2.2. Бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеу.....	24
2.3. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру.....	28 28
2.4. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысы.....	31
3-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ МӘНІ МЕН ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	37
3.1. Бағалы қағаз нарығының мәні мен атқаратын қызметтері.....	37
3.2. Бағалы қағаздар нарығының құрамдас бөліктері.....	40
3.3. Бағалы қағаздар нарығының қатысушылары.....	42
3.4. Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымы.....	44
3.5. Бағалы қағаздар нарығындағы тәуекелдер.....	45
3.6. Бағалы қағаздар нарығын талдау әдістері.....	51
4-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ПОРТФЕЛІН БАСҚАРУ.....	60
4.1. Бағалы қағаздар портфелінің мәні.....	60
4.2. Бағалы қағаздар портфелінің түрлері.....	61
4.3. Бағалы қағаздар портфелін басқару.....	63
5-тарау. АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ.....	68
5.1. Акциялардың экономикалық мәні мен қажеттілігі.....	68
5.2. Акцияның жіктелімі.....	70
5.3. Акция бойынша дивидендті төлеу тәртібі.....	73
5.4. Акцияның құндық бағасы және акцияның табыстылығын сипаттайтын көрсеткіштер.....	77 77
6-тарау. ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ.....	84
6.1. Облигациялардың мәні мен ерекшеліктері.....	84
6.2. Облигацияның айналыс кезеңдері.....	88
6.3. Облигациялардың жіктелімі.....	92

6.4. Облигация бойынша табыс және облигацияның табыстылығы. Облигацияның құндық бағасы95

7-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ102

7.1. Мемлекеттік бағалы қағаздардың мәні102
7.2. Мемлекеттік бағалы қағаздардың жіктелімі103
7.3. Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру113

8-тарау. ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ124

8.1 Туынды бағалы қағаздардың мәні мен мақсаты124
8.2. Келісімшарт нысанындағы туынды бағалы қағаздар127
8.3. Кепілдік нысанындағы туынды бағалы қағаздар132
8.4. Куәлік нысанындағы туынды бағалы қағаздар134

9-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ140

9.1. Бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асырудың құқықтық негіздері140
9.2. Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті лицензиялау тәртібі145
9.3. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет149
9.4. Бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызмет152
9.5. Бағалы қағаздарды нақты ұстау қызметі154
9.6. Кастодиандық қызмет156
9.7. Орталық депозитарий158
9.8. Бағалы қағаздар нарығындағы клирингтік қызмет161
9.9. Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы ақтивтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет164
9.10. Трансфер – агенттік қызмет165

10-тарау. ҚОР БИРЖАСЫ169

10.1. Қазақстан қор биржасының қалыптасуы169
10.2. Қор биржасының мәні мен құрылымы173
10.3. Қор биржасының атқаратын қызметтері176
10.4. Биржада сауда-саттықты өткізу әдістері179
10.5. Листингтік талаптар180

11-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР**НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ187**

11.1. Бағалы қағаздар нарығын реттеудің мәні мен мақсаты187

11.2. Қазақстандағы бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу...189

11.3. Уәкілетті органның қолданатын ықпал етудің

шектеулі шаралары және санкциялары191

11.4. Бағалы қағаздар нарығындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдар193

11.5. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің

қызметін бақылау түрлері196

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ202**СӨЗДІК269****БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ283**

КІРІСПЕ

Бағалы қағаздар нарығы туралы отандық басылымдарда мемлекеттік тілде жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдары әлі де болса жеткіліксіз. Осы мәселе ескеріле отырып, теориялық және практикалық мәліметтер жинақтала келе, мемлекеттік тілде жазылған еңбек.

«Бағалы қағаздар нарығының теориясы мен практикасы» элективті пәні бойынша жұмыс бағдарламасына сәйкес әзірленген оқу құралы болып табылады.

Бұл оқу құралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің, бағалы қағаз нарығына қатысты басқа да Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ отандық және шетел оқулықтары мен оқу құралдары және практикалық ақпараттар мен мәліметтер негізінде дайындалған.

«Бағалы қағаздар нарығының теориясы мен практикасы» атты оқу құралының ерекшелігі – бағалы қағаздар нарығының мәні: құрылымы, атқаратын қызметтері, бағалы қағаздар нарығының жіктелімі, бағалы қағаздар нарығының құралдары, бағалы қағаздар портфелінің мәні мен түрлері, бағалы қағаздар нарығын талдау түрлері, бағалы қағаздар нарығының тәуекелдері, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының атқаратын қызметтері, бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу және бақылауға қатысты теориялық және практикалық мәселелер Қазақстан Республикасының тәжірибесіне сүйене отырып жазылғандығымен сипатталады.

Оқырманға ұсынылып отырған «Бағалы қағаздар нарығының теориясы мен практикасы» атты оқу құралының мақсаты мемлекеттік тілде білім алушы студенттердің (пәнді өз еркімен таңдап алған) жан-жақты, терең және сапалы білім алуына негіз болып табылады.

Бірінші тарауда: бағалы қағаздардың экономикалық мәні мен қажеттілігі, бағалы қағаздардың деректемелері, бағалы қағаздардың өздеріне тән белгілері бойынша жіктелімі берілген.

Екінші тарауда: бағалы қағаздарды эмиссиялаудың тәртібі, бағалы қағаздарды шығару перспектісі, бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеу, бағалы қағаздарды орналастыру және бағалы қағаздардың айналысы қарастырылған.

Үшінші тарауда: бағалы қағаздар нарығының мәні, атқаратын қызметтері, бағалы қағаздар нарығының құрамдас бөліктері мен қатысушылары, бағалы қағаздар нарығының инфрақұралымы мен түрлері, бағалы қағаздар нарығындағы тәуекелдер, бағалы қағаздар нарығын талдау мәселелері қамтылған.

Төртінші тарауда: бағалы қағаздар портфелін басқару және қалыптастыру ерекшеліктері, бағалы қағаздар портфелінің түрлері берілген.

Бесінші тарауда: акция нарығының мәні мен құралдары, акцияның түрлері бойынша дивидендті төлеу ерекшеліктері, акцияның құндық бағасы және акцияның табыстылығын сипаттайтын көрсеткіштер қамтылған.

Алтыншы тарауда: облигациялардың экономикалық мәні мен ерекшеліктері, облигацияның айналыс кезеңдері мен жіктелімі, облигация бойынша табыс, облигацияның құндық бағалары берілген.

Жетінші тарауда: мемлекеттік бағалы қағаздардың мәні, мемлекеттік бағалы қағаздардың жіктелімі, мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру мәселелері қамтылған.

Сегізінші тарауда: туынды бағалы қағаздардың мәні мен мақсаты, туынды бағалы қағаздар нарығының түрлері қарастырылған.

Тоғызыншы тарауда: бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асырудың құқықтық негіздері, бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті лицензиялау тәртібі, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет, бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызмет, бағалы қағаздарды нақты ұстау қызметі, кастодиандық қызмет, орталық депозитарийдің қызметі, бағалы қағаз нарығындағы клирингтік қызмет, инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет, трансфер – агенттік қызмет түрлері қарастырылған.

Оныншы тарауда: Қазақстан қор биржасының қалыптасуы, қор биржасының мәні мен құрылымы, қор биржасының атқаратын

қызметтері, биржада сауда- саттықты өткізу әдістері, листингтік талаптар қамтылған.

Он бірінші тарауда: бағалы қағаздар нарығын реттеудің мәні мен мақсаты, Қазақстандағы бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу ерекшеліктері, Уәкілетті органның қолданатын ықпал етудің шектеулі шаралары және санкциялары, бағалы қағаздар нарығындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қызмет етуі, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін бақылау түрлері қарастырылған.

Әрбір тараудан кейін студенттердің тақырыпты қандай дәрежеде түсінгенін тексеру мақсатында бақылау сұрақтары берілген. Оқырманға көмек ретінде бағалы қағаздар нарығында кездесетін терминдердің түсінігі берілген.

Осы оқу құралының мазмұны мен сапасын жақсарту туралы пікірлер айтушы оқырмандар болса, оны авторлар келешекте қайта өңделіп, түзетулер енгізу кезінде міндетті түрде ескереді, пікір білдірушілерге авторлар ықылас білдіре отырып, алдын ала алғыс айтады.

1.1. Бағалы қағаздардың экономикалық мәні

«Бағалы қағаздар» – иелеріне мүліктік құқықтар мен белгілі бір ақша сомаларын алуға құқық беретін ақшалай немесе тауарлық құжаттар.

«Бағалы қағаз нарығы» туралы қолданыстағы заңға сәйкес *бағалы қағаз* – мүліктік құқықты куәландыратын белгілі бір жазбалармен басқа да белгілеулердің жиынтығы. Бағалы қағаздың иесі бағалы қағаздың нақты бір түріне қарай бірқатар құқықтарға ие болады. Бұл құқықтар мүліктік құқықтар болып табылады. Мысалы, акциялар қоғамды басқаруға қатысу құқығын, дивидендтер алу құқығын және акционерлік қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің тиісті бөлігін алу құқығын береді.

Бағалы қағаз нақты капиталдың өкілі, ал капитал ретінде бағалы қағаз – бұл тіркелген (жалған) капитал. Жалған капиталдың нақты (ақша немесе құрал-жабдық нысанындағы) капиталдан айырмашылығы құнды көрсетпейді, тек пайда алуға құқық беретін капиталды айтады. Бағалы қағаз бір уақытта нақты капиталдың өкілі де және тіркелген капитал да бола алады.


Тауар әлемі екі топқа бөлінеді: тауар (материалдық игілік, қызмет) және ақша. Өз кезегінде ақша жай ақша немесе капитал болуы мүмкін. Осыған сәйкес бағалы қағаз тауар немесе ақшаның өкілі болуы мүмкін.

Бағалы қағаз – бұл материалдық тауар немесе ақша емес.

Сонымен, бағалы қағаздар ерекше тауар ретінде айналыста жүреді, бағалы қағазға тән жұмысты ұйымдастыру ережелері бар нарығы болуы тиіс. Алайда бағалы қағаздар нарығында сатыла-

тын тауарлар – өзгеше тауар, өйткені бағалы қағаздар – бұл тек меншік титулы, табысқа құқық беретін құжаттар, бірақ нақты емес капитал. Бағалы қағаздар нарығының оқшаулануы тап олардың осы қасиетімен айқындалады және нарық бағалы қағаздарды бір иеленушінің басқа иеленушіге көп жағдайларда еркін және оңай беруімен сипатталады.

Бағалы қағаздың айналымы тауар айналысынан өзгеше болып келеді. Бағалы қағаздың айналымы мына кезеңдерді қамтиды. Бағалы қағаздың айналымы 1-суретте берілген.



1-сурет. Бағалы қағаздың айналымы

Бағалы қағазды эмиссиялау – бұл ссудалық капиталды титулға айырбастауды білдіреді. Бағалы қағаздарды эмиссиялау үшін алдымен эмиссиялық проспекті жасалуы қажет. *Бағалы қағаздың айналысы* – бұл бағалы қағаз бойынша меншік құқығының бір тұлғадан басқа бір тұлғаға өтуін айтады. *Бағалы қағазды өтеу немесе айналыстан титулды алу*, яғни бағалы қағаздың нақты капиталға айырбасталуын білдіреді.

Бағалы қағаздың тұтыну құнының өлшемі бағалы қағаздың сапасын білдіреді. *Бағалы қағаздың сапасын мына элементтер сипаттайды:*

- бағалы қағаздың өтімділігі, бағалы қағаз бойынша құқықтың бір тұлғадан екінші бір тұлғаға өтуі;
- бағалы қағаздың табыстылығы, бағалы қағаз иесінің пайда алу құқығы;
- бағалы қағаз бойынша тәуекел, бағалы қағаздар бойынша құқықтарды (пайда алу және айналыс құқығы) жүзеге асырумен байланысты белгісіздік.

Бағалы қағаздардың мәнін ашу үшін оның атқаратын қызметтеріне тоқталып өткен жөн.

Бағалы қағаз мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

1. Бағалы қағаздар арқылы ақша қаражаттарын қайта бөлу – эмитент – кәсіпорындар арасында, эмитент – кәсіпорын мен инвесторлар арасында және тб арасында бағалы қағаздар арқылы ақша қаражаттарының құйылуы. Мысалы, бір кәсіпорын басқа бір кәсіпорынның бағалы қағаздарын сатып алады, кәсіпорындар бір-біріне кредитор немесе инвесторлар бола алады.

2. Қаржыны жұмылдыру кәсіпорынның жарғысын қалыптастыру, нақты жобаны жүзеге асыру, пайда табу барысында кәсіпорындар бағалы қағаздарды эмиссиялау арқылы ақша қаражаттарын тартады.

3. Төлем және есеп айырысу қызметі – көрсетілген қызметтер мен сатып алынған тауарлар бойынша бағалы қағаздар арқылы есеп айырысу.

Экономикалық категория ретінде бағалы қағаздың мынадай белгілері бар:

1. мерзімділік:
 - бағалы қағаздың айналыста жүру кезеңі.
2. Кеңістік:
 - бағалы қағаздың нысаны;
 - бағалы қағаздың ұлттық сипаты;
 - бағалы қағаздың территориялдық сипаты.
3. Нарықтық:
 - бағалы қағазды иелену құқығы: ұсыншыға немесе нақты тұлғаға (заңды немесе жеке тұлғаға) арналған бағалы қағаз;
 - бағалы қағазды эмиссиялау нысаны: эмиссиондық, сипаты жағынан бір- біріне ұқсас болып келетін бағалы қағаздарды жекелеген сериямен шығару және эмиссиондық емес (жеке);
 - эмитент түрі: мемлекет, корпорация, жеке тұлғалардың бағалы қағазды эмиссиялауы;
 - бағалы қағаздың айналымдылық сипаты: нарықта еркін немесе шектеулі түрде айналыста болады;
 - тәуекел деңгейі: бағалы қағаз бойынша тәуекел деңгейі төмен, жоғары және т.б.;
 - бағалы қағаз бойынша есептелетін пайданың болуы немесе болмауы;
 - номиналдың түрі (тұрақты және ауыспалы).

Бағалы қағаздар, экономикалық қатынастар жүйесінде ақшаны жұмылдыру, жұмсау және айырбастау үдерісіндегі ыңғайлы әрі тиімді құрал болып табылады. Халыққа белгілі бір кәсіпорынның табыстарына ортақтасуға мүмкіндік бере отырып, бағалы қағаздар іскерлік белсенділікті арттыра түседі.

Бағалы қағазбен есеп айырысу кезінде кепіл ретінде қолданылуы мүмкін; жылдар бойы сақталуы мүмкін; мұрагерлікпен берілуі мүмкін және т.б.

1.2. Бағалы қағаздардың деректемелері

Бағалы қағаздың деректемелері – бұл бағалы қағаздың экономикалық және техникалық сипаттамаларын білдіреді. Бағалы қағаздың деректемелері заңмен бекітіледі. Шартты түрде бағалы қағаздың деректемелері екі топқа жіктеледі: бірінші тобы – бағалы қағаздың экономикалық мазмұнын сипаттайтын *экономикалық деректемелер*; екінші тобы – *техникалық деректемелер*, яғни бағалы қағаз иесінің құқығын жүзеге асырушы мекеменің атауы, мөрі, қолы, мекен жайы, реттік нөмірі және т.б.

Бағалы қағаздың міндетті деректемелерінің біреуінің болмауы немесе бағалы қағаздың ол үшін белгіленген нысанға сәйкес келмеуі оның жарамсыздығын білдіреді. Бағалы қағаздармен куәландырылатын құқықтардың түрлері, бағалы қағаздардың міндетті деректемелері, бағалы қағаз нысанына талаптар және басқа да қажетті талаптар заң құжаттарымен немесе бекітілген ереже бойынша белгіленеді.

Бағалы қағаздың экономикалық деректемелеріне мыналар жатады:

- 1) бағалы қағаздың нысаны;
- 2) бағалы қағаздың мерзімі;
- 3) бағалы қағаздың иесі;
- 4) бағалы қағаз бойынша міндеті бар тұлғалар – эмитенттер;
- 5) бағалы қағаздың номиналы;
- 6) бағалы қағаз бойынша берілетін құқықтар.

Бағалы қағаздың нысаны – бұл бағалы қағаздың физикалық түрін білдіреді, яғни бағалы қағаз құжатты және құжатсыз нысанда шығарылады.

Бастапқы кезеңде бағалы қағаздар тек қана құжатты нысанда шығарылатын. Нарықтық қатынастың дамуына байланысты бағалы қағаздар құжатсыз нысанда шығарыла бастады.

Бағалы қағаздың құжатты нысаннан құжатсыз нысанға ауысу себептері:

Біріншіден, айналыстағы бағалы қағаз санының өсуі; екіншіден, құжатты бағалы қағаздарға қарағанда, құжатсыз нысанда шығарылатын бағалы қағаздармен есеп айырысу, оларды сақтау және есепке алу, сондай-ақ бір тұлғадан екінші бір тұлғаға өтуі (және тағы басқа жағдайларда) оңай әрі жылдам және аз шығындармен жүзеге асырылады; үшіншіден, бағалы қағаз нарығының құрылымының өзгеруімен байланысты.

Құжатты және құжатсыз нысанда шығарылатын бағалы қағаздар бағалы қағаздың даму кезеңін білдіреді. Құжатсыз бағалы қағаз бұл нақты қағаз жүзінде шығарылатын дәстүрлі бағалы қағаз тіптен қағаз болып табылмайтын, капитал иесінің есебі электрондық нысанда жүзеге асырылатын бағалы қағазды білдіреді.

Бағалы қағаздың мерзімі екі аспектіде қарастырылады:

1) тарихи тұрғыда, яғни әрбір бағалы қағаздың өзінің шығу тарихы және нарықтық қатынастардың дамуына қарай әрбір бағалы қағаздың өзінің рөлі болады. Осыған сәйкес бағалы қағаздың жаңа түрлері пайда болады;

2) бағалы қағаз айналымының мерзімі. Әрбір бағалы қағаздың өзінің айналысқа шығару мерзімі, шарты болады. Бағалы қағаздың мерзімі эмитенттің қызмет ету мерзімімен тікелей байланысты. Эмитенттің қызмет ету мерзімімен байланысты бағалы қағаздарға акцияның барлық түрлері жатады.

Нақты бағалы қағаздың мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бағалы қағазды шығарған кәсіпорын таратылған жағдайда капитал өзінің соңғы иесіне қайтарылады. Қайтарылатын капиталдың көлемі, бағалы қағазды шығару барысында алдын ала қарастырылады немесе қалдық құны бойынша анықталады.

Бағалы қағаздың иесі немесе өзінің капиталын оның титулына айырбастаған тұлға болады. Меншік құқығын беру тұрғысынан бағалы қағаз атаулы, мәлімдеуші және ордерлі болады.

Бағалы қағаз бойынша құқықтарды беру ерекшеліктері мынада:

1) ұсынушыға бағалы қағазбен куәландыратын құқықты басқа адамға беру үшін бағалы қағазды сол адамға тапсыру жеткілікті.

2) атаулы бағалы қағаз бойынша құқықтарды басқа адамға берген кезде берілетін қағаз жойылады, ал оның жаңа иесіне басқа бағалы қағаз беріледі.

3) ордерлік бағалы қағаз бойынша құқықтар индоссамент арқылы беріледі. Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқық беруші адам (индоссант) оның жүзеге асырылуы үшін де жауапты болады.

Атаулы бағалы қағазға қарағанда мәлімдеуші бағалы қағаздың артықшылығы мынада: бұл бағалы қағаздың айналысы және есеп айырысу жылдамдығы өте жоғары; капиталға деген құқық бір тұлғадан екінші бір тұлғаға бағалы қағазды беру арқылы өтеді.

Бағалы қағаз бойынша міндеті бар тұлғалар – эмитенттер болып табылады.

Эмитент өзінің міндеті бойынша бағалы қағаз иелерінің алдында жауап береді.

Бағалы қағаздың номиналы бұл бағалы қағазды эмиссиялау барысында нақты бағалы қағазға бекітілетін ақшалай соманы білдіреді. Бағалы қағаздың номиналдық құны негізінде заңды тұлғаның капиталымен байланысты әртүрлі көрсеткіштер, сондай-ақ бағалы қағазға есептелетін табыс бекітіледі. Есептелетін табыстың екі нысаны бар: акция бойынша дивиденд нысанындағы табыс және басқа да бағалы қағаз түрлері бойынша пайыз нысанындағы табыс.

Бағалы қағаз бойынша берілетін құқықтар:

- пайда (табыс) алу құқығы;
- номиналдың қайтарылу құқығы;
- айналыс құқығы, яғни бағалы қағаздың нақты түрлеріне байланысты құқықтың бір тұлғадан екінші бір тұлғаға өту құқығы;
- кәсіпорынды басқару құқығы;
- дауыс беру құқығы;
- иесінің қандай да бір жеңілдіктерге құқығының болуы және т.б.

1.3. Бағалы қағаздардың жіктелімі

Бағалы қағаздың өзіне тән белгілеріне қарай жіктеледі. Бағалы қағаздың мәнін сипаттайтын көрсеткіштер мыналар:

- 1) бағалы қағазды пайдалану мақсаты;
- 2) бағалы қағаздың шығарылу нысаны;
- 3) бағалы қағазды пайдалану мақсаты;
- 4) бағалы қағаздың ұлттық сипаты;
- 5) меншік құқығын беру ерекшелігі;
- 6) бағалы қағазды эмиссиялау;
- 7) бағалы қағазды шығарушы – эмитенттің түрі;
- 8) бағалы қағаздың айналымдылық деңгейі;
- 9) бағалы қағаз бойынша тәуекел деңгейі;
- 10) бағалы қағаз бойынша есептелетін табыстың деңгейі;
- 11) бағалы қағаздың номиналы;
- 12) бағалы қағазды тіркеу;
- 13) бағалы қағаз бойынша базистік актив;
- 14) бағалы қағаз бойынша эмитенттің міндеттемелері.

Жоғарыда аталған көрсеткіштерге байланысты бағалы қағаздың жіктелімі 1-кестеде берілген.

1-кесте

Бағалы қағаздың жіктелімі

№	Бағалы қағаздың жіктеліну белгілері	Бағалы қағаздың түрлері
1	Айналыс мерзіміне қарай	1. мерзімді бағалы қағаз: – қысқа мерзімді – 1 жылға дейін; – орта мерзімді – 1 жылдан шамамен 5-10 жылға дейін; – ұзақ мерзімді – 10 жылдан жоғары шамамен 20 – 30 жылға дейін; 2. мерзімсіз бағалы қағаз.
2	Шығарылу нысанына қарай	1) құжатты бағалы қағаз; 2) құжатсыз бағалы қағаз.

1-кестенің жалғасы

3	Пайдалану мақсатына қарай	1) инвестициялық бағалы қағаз; 2) инвестициялық емес бағалы қағаз.
4	Ұлттық сипатына қарай	1) мелекеттік бағалы қағаз; 2) шетелдік бағалы қағаз.
5	Меншік құқығын беру ерекшелігіне қарай	1) атаулы бағалы қағаз; 2) мәлімдеуші бағалы қағаз; 3) ордерлік бағалы қағаз.
6	Эмиссиялау тәртібіне қарай	1) эмиссиялық бағалы қағаз; 2) эмиссиялық емес бағалы қағаз.
7	Эмитенттің түріне қарай	1) мемлекеттік бағалы қағаздар: – Ұлттық Банктің бағалы қағаздары; – Қаржы Министрлігінің бағалы қағаздары; – Жергілікті атқарушы органның (муниципалитеттің) бағалы қағаздары. 2) мемлекеттік емес бағалы қағаздар: · корпоративті бағалы қағаздар;
8	Айналымдылық деңгейіне қарай	1) нарықтық бағалы қағаз; 2) нарықтық емес бағалы қағаз.
9	Тәуекел деңгейіне қарай	1) тәуекелі жоқ бағалы қағаз; 2) тәуекелі бар бағалы қағаз: – тәуекелі жоғары бағалы қағаз; – тәуекелі орташа бағалы қағаз; – тәуекелі төмен бағалы қағаз.
10	Табыс түріне қарай	1) табысты бағалы қағаз: бағалы қағаз бойынша пайыз мынадай нысанда есептеледі: – пайыз (қарыздық бағалы қағаз бойынша); – дивиденд (акция); – дисконт (номиналдық құн мен нарықтық құн арасындағы айырма); 2) табыссыз бағалы қағаз.
11	Номинал түріне қарай	1) тұрақты номиналы бар бағалы қағаз; 2) ауыспалы (нөлдік) номиналы бар бағалы қағаз.
12	Тіркелу түріне қарай	1) тіркелетін бағалы қағаз; 2) тіркелмейтін бағалы қағаз (мәлімдеуші бағалы қағаз).

1-кестенің соңы

13	Базистік актив бойынша	1) негізгі бағалы қағаз: – акция мен облигация. 2) туынды бағалы қағаз: – фьючерстік келісімшарттар; – варрант; – опцион және т.б.
14	Бағалы қағаз бойынша эмитенттің міндеттеріне қарай	1) үлесті бағалы қағаз: – акцияның барлық түрлері; – инвестициялық жарна. 2) қарыздық бағалы қағаз: – облигацияның барлық түрлері; – мемлекеттің қарыздық міндеттемелері; – Ұлттық Банктің ноталары; – ипотекалық куәліктер.
Дерек көзі: Автор құрастырған.		

Мерзімді бағалы қағаз – шығарылатын бағалы қағаздың айналыс мерзімінің көрсетілуі.

Мерзімсіз бағалы қағаз – бағалы қағаздың айналыс мерзімі көрсетілмейді. Мерзімсіз бағалы қағаздарға акция жатады.

Құжатты бағалы қағаз – құжатты нысанда шығарылған (қағаздағы немесе арнайы техникалық құралдарды пайдаланбай-ақ бағалы қағаздың мазмұнын тікелей оқуға болатын өзге де материалдық берілім көзіндегі) бағалы қағаздар.

Құжатсыз бағалы қағаз – құжатсыз нысанда (электрондық жазбалардың жиынтығы түрінде) шығарылған бағалы қағаз.

Инвестициялық бағалы қағаз – пайда табу мақсатында капиталды жұмсаудың объектісі болып табылатын бағалы қағаздар.

Инвестициялық емес бағалы қағаз – тауар немесе басқа нарықтарда ақшалай есеп айырысуға қызмет көрсететін бағалы қағаздар.

Мемлекеттік бағалы қағаздар – эмитенті мемлекет болып табылатын, мемлекеттің ішкі қарызының формасын немесе борыштық бағалы қағаздарды білдіреді.

Шетелдік мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз – қарыз алушы шет мемлекеттің үкіметі болатын қарызға қатысты ұс-

таушының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз не шет мемлекеттің заңдарына сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздарға жатқызылған өзге де бағалы қағаз.

Атаулы бағалы қағаз – құжатты және құжатсыз нысанда шығарылатын, бағалы қағаз иесінің аты-жөні меншік иесінің реестрінде тіркелетін және осы бағалы қағаздың түрімен жүргізілетін барлық операциялар есепке алынатын бағалы қағаз. Мәлімдеуші бағалы қағазға қарағанда, атаулы бағалы қағаз бойынша құқықтың бір тұлғадан екінші бір тұлғаға өтуі екі жақты келісімшартпен немесе бір жақты бұйрықпен жүзеге асырылады.

Мәлімдеуші бағалы қағаз – иесінің аты-жөні мүлдем тіркелмейтін бағалы қағаз. Мәлімдеуші бағалы қағаз тек қана құжатты нысанда шығарылады.

Ордерлік бағалы қағаз – ордерлік бағалы қағаз бойынша құқықтар индоссамент арқылы беріледі.

Эмиссиялық бағалы қағаздар – бір шығарылым шегінде біртекті белгілер мен реквизиттері болатын, осы шығарылым үшін бірыңғай жағдайлар негізінде орналастырылатын және айналысқа түсетін бағалы қағаздар.

Эмиссиялық емес бағалы қағаздар – аз сериямен жеке-жеке шығарылатын бағалы қағаз.

Мемлекеттік бағалы қағаз – эмитенті мемлекет болып табылатын мемлекеттің ішкі қарызының формасын немесе борыштық бағалы қағаздарды білдіреді.

Мемлекеттік емес бағалы қағаз – корпоративтік және жеке қаржы институттарының бағалы қағаздары .

Нарықтық бағалы қағаздар – нарықта еркін сатылатын және сатып алынатын бағалы қағаздар.

Нарықтық емес бағалы қағаздар – жекелеген жағдайларда бағалы қағаздардың айналысы шектелуі мүмкін болатын бағалы қағаздар.

Тәуекелі жоқ бағалы қағаздар – әлемдік тәжірибеде қысқа мерзімді (1-3 ай) мемлекеттік қарыздық міндеттемелер жатады.

Тәуекелі бар бағалы қағаздар. Тәуекел деңгейіне байланысты бағалы қағаздардың жіктелінуі:

– тәуекелі төмен бағалы қағаздарға (әдетте мемлекеттік бағалы қағаздар жатады);

– тәуекелі орташа бағалы қағаздарға (корпоративті облигациялар жатады);

– тәуекелі жоғары бағалы қағаздарға (акциялар жатады).

Әрбір бағалы қағаздың өзінің номиналы немесе номиналдық құны болады. Мысалы, әлемдік тәжірибеде акция нөлдік номиналмен шығарылады, яғни бір акцияның жарғылық капиталда қаншалықты үлес құрайтындығын көрсетеді. Ауыспалы номинал жарғылық капиталдың акциялар санына қатынасы арқылы анықталады. Жарғылық капиталдың көлемі өзгерген сайын бағалы қағаздың номиналы да өзгеріп отырады.

Табысты бағалы қағаз – дивиденд, пайыздық немесе дисконттық нысанда бағалы қағаздар бойынша табыс есептелетін бағалы қағаздар.

Табыссыз бағалы қағаздар – капиталды емес, тауарды немесе ақшалай ресурстарды куәландыратын бағалы қағаз түрі.

Тұрақты номиналмен шығарылатын бағалы қағаз – бағалы қағазда ақшалай номинал көрсетіледі. Бұл бағалы қағаздың номиналының тұрақты болуының себебі, бағалы қағаз эмиссияланған кезде оның эмиссиялық немесе номиналдық құны көрсетіледі.

Ауыспалы (нөлдік) номиналмен шығарылатын бағалы қағаз – ақшалай номиналы көрсетілмей шығарылатын бағалы қағаз.

Тіркелетін бағалы қағаз – әдетте эмиссиялық бағалы қағаздар мемлекеттік тіркеуден өтеді.

Тіркелмейтін бағалы қағазға – мәлімдеуші бағалы қағаз.

Негізгі бағалы қағаз – акциялар мен облигациялар.

Туынды бағалы қағаз – базалық активке қатынасы бойынша құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз.

Үлесті бағалы қағаз – өз иесіне жарғылық капиталды қалыптастыруға мүмкіндік береді, пайданың бір бөлігін алуға және кәсіпорынды басқаруға қатысуға құқық береді, кәсіпорын таратылған жағдайда жұмсалған капиталды қайтарып алуға мүмкіндік береді. Үлесті бағалы қағаздарға акцияның барлық түрлері жатады.

Қарыздық бағалы қағаз – эмитент пен қарыздық бағалы қағаз иелері қарыздық қарым-қатынасқа түседі. Қарыздық бағалы қағаздарға облигациялар, қазынашылық міндеттемелер, ҚРҰБ-нің ноталары жатады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Бағалы қағаздың экономикалық мәнін қалай түсінесіз?
2. Нақты капитал мен жалған капиталдың айырмашылығын анықтаңыз.
3. Бағалы қағаз бойынша берілетін құқықтарды атаңыз.
4. Бағалы қағаздың атқаратын қызметтерінің мәнін түсіндіріңіз.
5. Бағалы қағаздың экономикалық категория ретіндегі белгілерін атаңыз.
6. Бағалы қағаздың айналымын қалай түсінесіз?
7. Бағалы қағаздың сапасын сипаттайтын элементтерді атаңыз.
8. Бағалы қағаздың экономикалық деректемелерін сипаттаңыз.
9. Бағалы қағаздың жіктелімін беріңіз.
10. Үлесті бағалы қағаздың түрлерін атаңыз.
11. Қарыздық бағалы қағаздың түрлері қандай?
12. Туынды бағалы қағаздың түрлерін атаңыз.
13. Айырбасталатын бағалы қағаздың мәнін қалай түсінесіз?
14. Негізгі бағалы қағаздың түрлерін атаңыз.

1-ТАПСЫРМА

Сол жақ калонкада көрсетілген оң жақ калонкадағы терминнің анықтамасын табыңыз.

№	Термин	Жауабы	№	Анықтамасы
1	Мерзімді бағалы қағаз		1	бағалы қағаздың айналыс мерзімі көрсетілмейді
2	Мерзімсіз бағалы қағаз		2	иесінің аты-жөні мүлдем тіркелмейтін бағалы қағаз
3	Құжатсыз бағалы қағаз		3	эмитенті мемлекет болып табылатын мемлекеттің ішкі қарызының формасын немесе борыштық бағалы қағаздарды білдіреді
4	Атаулы бағалы қағаз		4	корпоративтік және жеке қаржы институттарының бағалы қағаздары жатады
5	Мәлімдеуші бағалы қағаз		5	базалық активке қатынасы бойынша құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз
6	Мемлекеттік бағалы қағаз		6	шығарылатын бағалы қағаздың айналыс мерзімінің көрсетілуі
7	Мемлекеттік емес бағалы қағаз		7	акциялар мен облигациялар жатады

8	Негізгі бағалы қағаз		8	құжатты және құжатсыз нысанда шығарылатын, бағалы қағаз иесінің аты-жөні меншік иесінің реестрінде тіркелетін және осы бағалы қағаздың түрімен жүргізілетін барлық операциялар есепке алынатын бағалы қағаз
9	Туынды бағалы қағаз		9	өз иесіне жарғылық капиталды қалыптастыруға мүмкіндік береді, пайданың бір бөлігін алуға және кәсіпорынды басқаруға қатысуға құқық береді, кәсіпорын таратылған жағдайда жұмсалған капиталды қайтарып алуға мүмкіндік береді
10	Үлесті бағалы қағаз		10	электрондық жазбалардың жиынтығы түрінде шығарылған бағалы қағаз

2.1. Бағалы қағаздарды шығару проспектісін дайындау

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісі – эмитент, оның қаржылық жай-күйі, эмиссиялық бағалы қағаздар, шығарылымның көлемі, шығарылымдағы бағалы қағаздардың саны, оларды шығару, орналастыру, айналыста болуы, дивидендтер (сыйақы) төлеу, өтеу рәсімі мен тәртібі туралы мәліметтер және инвестордың бағалы қағаздар сатып алу туралы шешіміне ықпал етуі мүмкін басқа да ақпарат бар құжат.

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару – эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздардың азаматтық құқықтар объектісі ретінде пайда болуына бағытталған іс-әрекеті немесе орналастырылуы, айналыста болуы және өтелуі осы эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатын белгілі бір бағалы қағаздардың жиынтығы.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жарияланған жарғылық капиталды құру және өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында эмитент жүргізеді.

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісінде:

- 1) эмитент пен оның қызмет түрлері туралы;
- 2) эмитенттің жарғылық капиталындағы үлестің он және одан да көп процентіне иелік ететін ірі акционерлері және қатысушылары туралы;
- 3) басшы қызметкерлер, олардың лауазымдары туралы соңғы үш жылдағы мәліметтер, сондай-ақ эмитенттің орналастырылған акцияларының оларға тиесілі саны (жарғылық капиталындағы үлестерінің мөлшері) туралы мәліметтер көрсетіле отырып, эмитент органдарының құрылымы туралы;

4) баланстық құны көрсетіле отырып, эмитенттің активтері туралы, эмитенттің өзі өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының бес және одан да көп процентін құрайтын көлемдегі тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылары және жеткізіп берушілері туралы;

5) эмитенттің мүлкін бағалау туралы (қамтамасыз етілген облигациялар шығарған кезде);

6) кредиторлардың (дебиторлардың) тізбесі көрсетіле отырып, эмитент активтерінің баланстық құнының бес және одан да көп процентін құрайтын кредиторлық және дебиторлық берешектер, оларды өтеу мерзімдері туралы;

7) эмитенттің аффилирленген тұлғалары туралы;

8) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздардың саны, олардың түрі, төлеу тәсілдері, бағалы қағаздар бойынша кіріс алу, оның ішінде облигациялардың нақтылы құны, олардың айналыс мерзімі және өтелу тәртібі туралы;

9) бағалы қағаздарды (айырбасталатын бағалы қағаздар шығарған кезде) айырбастау тәртібі туралы;

10) облигация ұстаушылардың өкілі туралы (инфрақұрылымдық, сондай-ақ ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигациялар шығарған кезде);

11) төлем агенті туралы;

12) эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеуші *туралы мәліметтер болуға тиіс*.

Акциялардың құнын айқындау әдістемесі, сондай-ақ эмитенттің (жанадан құрылған эмитенттерді қоспағанда) соңғы екі қаржы жылындағы аудиторлық есептермен расталған қаржылық есептілік және эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуге құжаттар беру алдындағы соңғы тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша қаржылық есептілік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісі уәкілетті органға мемлекеттік тілде және орыс тілінде табыс етіледі.

2.2. Бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеу

– *Жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу*

Шығарылған бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеу туралы шешімді акционерлік қоғамның құрылтай жиналысы (жалғыз құрылтайшысы) немесе акционерлердің жалпы жиналысы (дауыс беретін барлық акцияларды иеленуші акционер) қабылдайды.

Құрылтай жиналысының (жалғыз құрылтайшының) немесе акционерлердің жалпы жиналысының жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы шешімінде:

1) эмитенттің атауы және оның орналасқан жері көрсетіле отырып, құрылтай жиналысының өткізілетін орны мен күні;

2) құрылтай жиналысына қатысқан құрылтайшылардың тізімі немесе акционерлік қоғамның акционерлердің жалпы жиналысына табыс етілген дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер;

3) акциялардың түрлері және олардың жалпы саны;

4) құрылтайшылар арасында орналастырылатын акциялардың саны және олардың акцияларды төлеу тәртібі;

5) құрылтайшылар арасында орналастырылатын акциялардың нақтылы құны қамтылуға тиіс.

Жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу акционерлік қоғам табыс еткен мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) еркін нысанда жазылған өтініш;

2) құрылтай жиналысы (жалғыз құрылтайшы шешімінің) жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы немесе акционерлердің жалпы жиналысының жарияланған акцияларды шығару проспектісіне өзгерістерді тіркеу туралы хаттамасының көшірмесі;

3) акционерлік қоғам жарғысының көшірмесі;

4) акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

5) акционерлік қоғамның статистикалық қарточкасының көшірмесі;

6) акциялар шығару проспектісінің екі данасы;

7) акционерлік қоғамның құрылтайшылары арасында орналастырылатын жарияланған акциялар төленгенін растайтын құжаттар. Табыс етілген құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеуді акцияларға ұлттық бірдейлендіру нөмірін (ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін) беру және акционерлік қоғамға жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік пен жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы уәкілетті орган белгі соққан акциялар шығару проспектісінің бір данасын беру (жіберу) арқылы жүзеге асырады.

Жарияланған акцияларға ұлттық бірдейлендіру нөмірін (ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін) беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді. Барлық жарияланған бір түрдегі акциялардың бірыңғай ұлттық бірдейлендіру нөмірі болады.

Тіркеуші акционерлік қоғам құрылтайшыларының (жалғыз құрылтайшысының) акциялар жөніндегі құқықтарын тіркеуді жарияланған акциялар шығару мемлекеттік тіркелгеннен кейін жүзеге асырады.

– *Мемлекеттік емес облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеу*

Мемлекеттік емес облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін эмитент уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

- 1) еркін нысанда жазылған өтінішті;
- 2) эмиссиялық органның облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу тәртібі, облигацияларды орналастыру нәтижесінде эмитент алған қаражатты пайдалану тәртібі, облигациялардың шығарылу көлемі, саны мен түрі, облигациялардың нақтылы құны, облигациялар ұстаушылардың құқықтары туралы мәліметтер бар облигациялар шығару туралы шешімінің көшірмесін;
- 3) облигациялар шығару проспектісінің (облигациялық бағдарлама проспектісінің) екі данасын;
- 4) жарғының көшірмесін;
- 5) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәліктің көшірмесін;

6) статистикалық карточканың көшірмесін;

7) инфрақұрылымдық, сондай-ақ банк кепілдігімен қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда эмитенттің міндеттемелерді орындауды қамтамасыз еткенін растайтын құжаттарды және облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасалған шарттың көшірмесін табыс етуге міндетті.

Облигациялық бағдарлама шегінде облигацияларды әрбір шығарудың өз ұлттық бірдейлендіру нөмірі болады. Құрылтайшылар (бірден-бір құрылтайшы) жарғылық капиталды төлегеннен кейін эмитент мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды ұсынуға құқылы.

– *Облигациялық бағдарламаны және облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеудің ерекшеліктері*

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуді уәкілетті орган облигациялық бағдарлама проспектісін алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде жүзеге асырады. Облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың алғашқы шығарылуын мемлекеттік тіркеу эмитенттің тілегі бойынша осы облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде жүзеге асырылуы мүмкін. Тірделген облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға эмитент табыс еткен құжаттарды уәкілетті орган олар табыс етілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде қарауға тиіс.

Эмитент және облигациялық бағдарламаны немесе облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін эмитент табыс еткен құжаттар бағалы қағаз нарығы туралы заңның және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады және эмитентке облигациялық бағдарламаның немесе облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарудың мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік береді.

Эмитент және облигациялық бағдарламаны немесе облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін эмитент табыс еткен құжаттар Қазақстан Республи-

касы заңдарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган эмитентке мемлекеттік тіркеуден бас тарту себебін дәлелдей отырып жібереді.

Уәкілетті орган мынадай жағдайда, егер:

1) қор биржасында осы облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған облигациялар бойынша сауда-саттық тоқтатыла тұрса;

2) осы облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған облигацияларға делистинг жүргізілсе;

3) облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеу нәтижесінде айналыстағы облигациялар шығарылымының жалпы сомасы осындай облигациялық бағдарламаның тіркелген көлемінен асып кетсе;

4) облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар белгіленген талаптарға сай келмесе, эмитентке облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы.

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуден бас тарту және олардың шығарылуын мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұру

Эмитент шығару құжаттарын мемлекеттік тіркеуге табыс ету талаптары мен тәртібін бұзған және құжаттарды қарау процесінде олардың Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы.

Егер табыс етілген құжаттарды қарау процесінде эмитент пен оның қызметі туралы қосымша мәліметтер алу қажеттігі туындаса, уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұруға құқылы.

Уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуді эмитент қосымша мәліметтерді табыс еткен күннен бастап қайта жаңғыртады.

Эмитент уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешіміне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

2.3. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру

Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде эмитент (андеррайтер, эмиссиялық консорциум) инвестордың бірінші талап етуі бойынша оған танысу үшін эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісін немесе оның көшірмесін беруге міндетті.

Эмитент (андеррайтер, эмиссиялық консорциум) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісінің көшірмесін бергені үшін инвестордан оны дайындауға жұмсалған шығыс көлемінен аспайтын мөлшерде ақы алуға құқылы.

Инвестор эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісі көшірмесінің уәкілетті органдағы проспектісіне сәйкес келуін тексеру туралы, осы мақсатта мұндай көшірмені уәкілетті органға бере отырып, уәкілетті органға өтініш жасауға құқылы.

Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру тәртібі.

Эмитент (андеррайтер, эмиссиялық консорциум) эмиссиялық бағалы қағаздар орналастыруды ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында аукцион немесе жазылым жүргізу арқылы жүзеге асыруға құқылы.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Эмитенттің тиісті органы эмиссиялық бағалы қағаздарды инвесторлардың шек қойылмаған тобы арасында орналастыру туралы шешім қабылдағаннан кейін эмитент күнтізбелік он күн ішінде мемлекеттік және орыс тілдерінде бұқаралық ақпарат құралдарында эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру туралы хабарлама жариялауға міндетті.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру туралы хабарда:

- 1) эмитенттің толық атауы және орналасқан жері;
- 2) эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу күні, олардың түрі және орналастырылуға тиісті саны;
- 3) акционерлердің акцияларды артықшылықпен сатып алу құқығын іске асырудың мерзімдері мен тәртібі туралы мәліметтер;

4) эмитенттің бөлімшелері мен лауазымды адамдары, эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісімен немесе олар туралы өзге де ақпараттармен танысуға мүмкін болатын андеррайтердің (эмиссиялық консорциумның) атауы мен орналасқан жері туралы мәліметтер;

5) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру бағасы мен оларды төлеу туралы мәліметтер болуға тиіс.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті қарап, бекіту үшін эмитент уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау жөніндегі өтінішті;

2) есепті айдың аяғындағы немесе эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру аяқталған күнгі жағдай бойынша қаржылық есептілікті;

3) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген талаптарға сәйкес жасалған және ресімделген есепті табыс етеді.

Эмитент мүлкінің кепілдігімен қамтамасыз етілген ипотекалық және басқа облигациялар шығарылған жағдайда, эмитент өз міндеттемелерінің орындалуы қамтамасыз етілгенін растайтын құжаттарды табыс етеді.

Эмитент уәкілетті органға эмиссиялық бағалы қағаздар толық орналастырылғанға дейін әрбір алты айдың қорытындылары бойынша (есепті жарты жылдық аяқталғаннан кейін бір ай ішінде), сондай-ақ оларды толық орналастыру аяқталғаннан кейін эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырудың қорытындылары туралы есеп беріп отыруға міндетті.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті уәкілетті орган күнтізбелік он төрт күн ішінде қарайды.

Егер құжаттарды қарау барысында олардың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмеу фактілері анықталса, уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тартуға құқылы.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тартқан жағдайда эмитент бас тартуды алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға пысықталған есепті қайта табыс етуге міндетті.

Уәкілетті орган мынадай жағдайларда бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұруға шешім қабылдауға құқылы:

1) эмитент эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті табыс етпеген жағдайда;

2) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау процесінде есепте көрсетілген мәліметтердің эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін табыс етілген құжаттарға сәйкес еместігі анықталған;

3) эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару, орналастыру және өтеу шарттары бұзылған жағдайда;

4) сыйақы төлеу немесе бұрын шығарылған облигацияларды өтеу жөніндегі міндеттемелерді уақтылы орындамау немесе орындамау фактілері болған жағдайларда эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімді уәкілетті орган эмитентке, сол бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушіге және орталық депозитарийге жібереді.

Тіркеуші және орталық депозитарий уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімін алған кезден бастап осы бағалы қағаздарды орналастыру жөніндегі мәмілелерді тіркеуді тоқтата тұруға міндетті.

Эмитент уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімін алған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы хабарлама жариялауға және анықталған бұзушылықтарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде жоюға жәрдемдесетін барлық іс-әрекетті қолдануға міндетті. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды қайта

жаңарту, анықталған бұзушылықтар жойылғаннан кейін, уәкілетті органның жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

2.4. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысы

Эмиссиялық бағалы қағаздардың қайталама бағалы қағаздар нарығындағы айналысы бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында осы бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасуы арқылы жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган:

1) инвесторлардың эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуы процесінде олардың құқықтары мен мүдделерін;

2) эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелер жасасудың талаптары мен тәртібін белгілейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген талаптар бұзылған жағдайда, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде және (немесе) бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде барлық немесе жеке-леген жеке шоттардағы эмиссиялық бағалы қағаздардың бәрін немесе бір бөлігін оқшаулау арқылы эмиссиялық бағалы қағаздар айналысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысын тоқтата тұру туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган эмитентке және мәміле жасасуға қатысатын (қатысқан) тұлғаларға анықталған бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқама жібереді. Аталған тұлғалар анықталған тәртіп бұзушылықтарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде жоюға және нұсқаманың орындалғаны туралы не анықталған бұзушылықтарды жою мүмкін еместігі туралы уәкілетті органға жазбаша есеп беруге міндетті.

Уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздар айналысын тоқтата тұру туралы шешімді эмитентке, тіркеушіге және орталық депозитарийге жібереді.

Тіркеуші және орталық депозитарий уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұру туралы хабарламасын алған кезден бастап бағалы қағаздарды ұстаушы-

лардың тізілімдері жүйесіндегі және нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі айналысы тоқтатыла тұрған бағалы қағаздармен мәмілелердің тіркелуін тоқтата тұруға міндетті.

Нақтылы ұстаушы орталық депозитарийдің хабарламасын алған кезден бастап жиырма төрт сағаттың ішінде өзінің клиентін клиенттің нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі шоты бойынша бағалы қағаздармен мәміле жасасуын тіркеуді тоқтата тұруы туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

Бұзушылықтар жойылғаннан кейін бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесіндегі және бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді қайта жаңғырту уәкілетті органның эмитентке, тіркеушіге және орталық депозитарийге бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді қайта жаңғырту туралы шешім қабылданған кезден бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жіберілген жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Қайталама бағалы қағаздар нарығында айналыста жүрген акциялар шығарылымын жою туралы шешімді уәкілетті орган акционерлік қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының акциялар шығарылымын жою туралы шешіміне немесе оның таратылуына байланысты сот шешімі негізінде қабылдайды.

Эмитент акциялар шығарылымын жою үшін уәкілетті органға:

1) жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану немесе эмитентті мәжбүрлеп тарату (қайта ұйымдастыру) туралы сот шешімінің көшірмесін немесе акционерлік қоғамның қайта ұйымдастырылуына немесе таратылуына байланысты жарияланған акциялар шығарылымын жою туралы акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесін;

2) жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, жарияланған акциялар шығару проспектісін, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есептерді және уәкілетті органның акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есептерді бекіту туралы хабарламасын табыс етеді.

Сот не атқарушы іс жүргізу органдары жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану немесе мәжбүрлеп тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімін табыс еткен жағдайда уәкілетті орган акциялар шығарылымын жою туралы шешім қабылдайды және бұл жөнінде эмитентті хабардар етеді.

Шығарылымына қатысты уәкілетті орган жою туралы шешім қабылдаған акциялармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасуға тыйым салынады.

Эмитент уәкілетті органның акциялар шығарылымын жою туралы хабарламасын алған кезден бастап күнтізбелік жеті күн ішінде бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде ақпарат жариялауға міндетті.

Уәкілетті орган акциялар шығарылымын жою туралы шешімді эмитентке, тіркеушіге және орталық депозитарийге жібереді.

Жарияланған акциялар шығарылымының жойылуына байланысты эмитенттің бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерін тіркеуді тоқтату тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

Облигациялар шығарылымын жою туралы шешімді уәкілетті орган облигациялар шығарылымын жою туралы шешім қабылдаған эмитент органының шешімі негізінде осы шығарылымның бір де бір облигациясы орналастырылмаған жағдайда қабылдайды.

Қайталама бағалы қағаздар нарығындағы эмиссиялық бағалы қағаздар айналысы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының заңдарында және эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісінде белгіленген бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеу тәртібін сақтауға міндетті.

Облигациялар бойынша кіріс және облигациялардың нақтылы құны оларды өтеу кезінде осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша оларды алуға құқығы бар тұлғаларға төленеді.

Эмиссиялық бағалы қағаздар және облигациялардың нақтылы құны бойынша кіріс төлеуді оларды өтеу кезінде эмитент дербес немесе төлем агенті көрсететін қызметті пайдалана отырып жүзеге асырады.

Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірісті және мемлекеттік емес облигацияларды өтеу кезінде олардың нақтылы құнын төлеуді жүзеге асыру үшін төлем агентін сайлау туралы шешімді өз жарғысына сәйкес эмитенттің органы қабылдайды.

Төлем агенті көрсететін қызметтерді пайдалану туралы шешім қабылданған жағдайда эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісінде төлем агенті туралы мынадай мәліметтер:

- 1) төлем агентінің толық атауы;
- 2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кіріс (облигациялардың нақтылы құнын) төлеуді жүзеге асыратын барлық филиалдарының орналасқан жері, реквизиттері болуға тиіс.

Төлем агенті өзгерген жағдайда эмитент эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне өзгерістер енгізуге және оларды тіркеу үшін осындай өзгеріс жасалған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде уәкілетті органға табыс етуге міндетті.

Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кіріс және облигациялардың нақтылы құны оларды өтеу кезінде эмитенттің кінәсінен төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға негізгі міндеттеменің сомасын және мерзімі өткен әр күн үшін ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелген өсімпұл төлеуге міндетті.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарудың мәнін қалай түсінесіз?
2. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісі дегеніміз не?
3. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісінде көрсетілетін мәліметтерді атаңыз.
4. Бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеу ерекшеліктері қандай?
5. Жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеуді қалай түсінесіз?
6. Мемлекеттік емес облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеуді қалай түсінесіз?
7. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру тәртібін атаңыз.
8. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысының мәні қандай?

9. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысын тоқтата тұру ерекшеліктері қандай?
10. Акциялар шығарылымын жою ерекшеліктерін атаңыз.

2-ТАПСЫРМА

Сол жақ калонкада көрсетілген оң жақ калонкадағы терминнің анықтамасын табыңыз.

№	Термин	Жауабы	№	Анықтамасы
1	Облигациялық бағдарлама		1	- қайталама бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау.
2	Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысы		2	эмитент бірнеше облигациялар шығаруды, оның ішінде шығарылымның тиісті проспектісі белгілейтін әртүрлі құрылыммен шығаруды жүзеге асыруға құқылы болатын шекте облигациялар шығару.
3	Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру		3	эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға.
4	Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару		4	эмитент, оның қаржылық жай-күйі, сатылады деп болжанатын эмиссиялық бағалы қағаздар, шығарылымның көлемі, шығарылымдағы бағалы қағаздардың саны, оларды шығару, орналастыру, айналыста болуы, дивидендтер (сыйақы) төлеу, өтеу рәсімі мен тәртібі туралы мәліметтер және инвестордың бағалы қағаздар сатып алу туралы шешіміне ықпал етуі мүмкін басқа да ақпарат бар құжат.
5	Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының күшін жою		5	банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым.

6	Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісі		6	бастапқы бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздарды сату.
7	Тіркеуші		7	эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздардың азаматтық құқықтар объектісі ретінде пайда болуына бағытталған іс-әрекеті немесе орналастырылуы, айналыста болуы және өтелуі осы эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатын белгілі бір бағалы қағаздардың жиынтығы.
8	Өтініш беруші		8	- эмиссиялық бағалы қағаздың азаматтық құқықтар объектісі ретінде өмір сүруін тоқтату.
9	Эмитент		9	бағалы қағаздар нарығының бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын кәсіби қатысушысы.
10	Төлем агенті		10	бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алу мақсатымен уәкілетті органға құжаттарды табыс еткен заңды тұлға.

3.1. Бағалы қағаз нарығының мәні мен атқаратын қызметтері

Бағалы қағаздар нарығының мәні – нарық қатысушыларының бағалы қағаздарды шығаруымен және бағалы қағаздардың айналысымен байланысты экономикалық қатынастарының жиынтығын білдіреді.

Осы тұрғыдан бағалы қағаздар нарығының мәні кез келген басқа тауар нарығының анықтамасынан өзгешеленбейді.

Тауар шаруашылығы тұрғысынан алғанда бағалы қағаздар нарығы бір жағынан кез келген тауар нарығына ұқсас, яғни бағалы қағаз нарығының құралдары тауар тұрғысынан қарастырылады, ал екінші жағынан тауар мен бағалы қағаздың арасында өзіндік айырмашылық бар. Бағалы қағаздар нарығы мен материалдық игілік түріндегі тауар нарығының арасындағы айырмашылықтарға мыналар жатады:

біріншіден, екі нарықтың объектісінде және көлемінде, яғни бағалы қағаздар нарығының объектісі – бағалы қағаз, тауар нарығының объектісі – материалды тауар. Материалдық игілік нарығының көлеміне қарағанда бағалы қағаз нарығының көлемі кең ауқымды;

екіншіден, нарықтың қалыптасу тәсілінде. Тауар еңбек процесінде өндірілсе, бағалы қағаз айналыс үдерісінде шығарылады;

үшіншіден, айналыс үдерісінде. Материалдық тауарды өндіру мақсаты – жеке тұтыну. Айналыс үдерісінің қажеттілігі тауарды өндірушіден тұтынушыға жеткізу болып табылады. Тауар айналысының кезеңдігі шектеулі. Бағалы қағаз айналыс процесінде ғана өмір сүреді. Ал бағалы қағаз айналысының жылдамдығы –

бұл оның «сапасын» көрсететін негізгі көрсеткіш. Бағалы қағаз үшін айналыс процесінің тоқтатылуы бағалы қағаздың айналыс кезеңінің аяқталуын білдіреді;

тәртінішіден, екі нарықтың қызмет ету ерекшелігінде. Материалдық тауар өндірісі – адамзаттың өмір сүруінің негізі. Материалдық тауар нарығы бағалы қағаздар нарығына қарағанда адамның өмір сүруі үшін бірінші кезекті қажеттілігін қанағаттандырумен байланысты болып келеді. Бағалы қағаздар нарығы мен ақша нарығы өзіндік объектілерімен ерекшеленеді. Бірақ бұл нарықтың айналыс процесінің мәнділігі мен қалыптасу тәсілдері ұқсас болғандықтан, бағалы қағаз төлем-есеп айырысу қызметін атқаруы мүмкін.

Қазақстандағы *бағалы қағаздар нарығының жіктелуі бағалы қағаздың нақты түрлерімен байланысты болып келеді. Бағалы қағаз нарығының мынадай түрлері бар:*

1. Корпоративті бағалы қағаздар нарығы:
 - акция нарығы;
 - облигация нарығы.
2. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы (эмитенттері мыналар: Ұлттық Банк, Қаржы Министрлігі, муниципалитет).
3. Туынды бағалы қағаздар нарығы, яғни бағалы қағаздар мынадай нысанда эмиссияланады:
 - келісімшарт нысанында: фьючерс, форвард, опцион, своп;
 - кепілдік нысанында: варрант, коносамент;
 - куәлік нысанында: депозитарлық қолхаттар, банктік сертификаттар, ипотекалық куәліктер.

Бағалы қағаздар нарығының рөлін мына екі позиция тұрғысынан бағалауға болады: әртүрлі көздерден ақша қаражаттарын тарту көлемі тұрғысынан және бос ақшалай қаражаттарды қандай да бір нарыққа орналастыру тұрғысынан.

Ақша қаражаттарын тарту ішкі және сыртқы көздер есебінен жүргізілуі мүмкін. Әдетте ішкі көздерге мыналарды жатқызады: амортизациялық аударымдар және алынған пайда (кіріс). Ал сыртқы көздерге: банктік ссуда және бағалы қағазды шығарудан түскен ақша қаражаттары жатады. Дамыған елдерде тартылған қаражаттардың ішкі көздері 75 %-ды, ал сыртқы көздері шамамен 5 немесе 20 %-ды құрап отыр.

Бос ақшалай қаражаттар пайда әкелетін әртүрлі салаларда пайдаланылуы мүмкін: өндіріс, құрылыс, сауда, байланыс және т.б. салаларда. Ақшалай ресурстар зейнетақы және сақтандыру қорына, әртүрлі бағалы қағаздарға, ссуда ретінде, банктік депозитке орналастырылуы мүмкін.

Бағалы қағаздар нарығының мәні оның атқаратын қызметтері арқылы анықталады.

Бағалы қағаздар нарығының атқаратын қызметтерін шартты түрде екі топқа бөлуге болады. *Жалпы нарықтық және өзіндік ерекшелігі бар қызмет.*

Бағалы қағаздар нарығының жалпы нарықтық қызметіне мыналар жатады:

1) *коммерциялық қызмет*, яғни бағалы қағаздар нарығындағы операциялардан пайда алу;

2) *баға белгілеу қызметі*, сұраныс пен ұсыныс негізінде нарықтық бағаның қалыптасуын қамтамасыз ету;

3) *ақпараттық қызметі*, нарық өздерінің қатысушыларын сауда объектілері мен нарықтың қатысушылары туралы әртүрлі ақпараттармен қамтамасыз етеді;

4) *реттеушілік қызметі*, нарық сауда-саттықты ұйымдастыру және оған қатысу ережесін қалыптастырады, нарыққа қатысушылар арасындағы дау-дамайды шешу тәртібін бекітеді.

Бағалы қағаздар нарығының өзіндік ерекшелігі бар қызметтеріне мыналар жатады:

1) қайта бөлу қызметі;

2) қаржылық және баға тәуекелін сақтандыру немесе хеджирлеу қызметі.

Ақша қаражаттарын қайта бөлу қызметі – бұл бағалы қағаздарды шығару және оның айналыста болуымен байланысты, яғни бұл қызметтің мәні мынада: мемлекет пен жеке және заңды тұлғалар арасында; халық пен кәсіпорын арасында; сала арасында, аумақ пен ел арасында ақша қаражаттарының қайта бөлінуінде.

Сонымен, қайта бөлу қызметін шартты түрде мынадай қосалқы қызметтерге бөлуге болады:

1) нарық қызметінің салаларына ақша қаражаттарын қайта бөлу;

2) халықтың жинақтарын өнімсіз формадан өнімді формаға ауыстыру;

3) инфляциялық емес негізде, айналысқа қосымша ақша қаражаттарын шығармай-ақ мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландыру.

Бағалы қағаздар нарығының қаржылық және баға тәуекелін сақтандыру немесе хеджирлеу қызметінің мәні – тәуекелді қайта бөлу. Бұл қызмет туынды бағалы қағаздардың пайда болуымен байланысты қолданысқа ене бастады. Осы қызметтің көмегімен бағалы қағаздар нарығы өзінің тұрақтылығын және мәнділігін ұлғайтты.

3.2. Бағалы қағаздар нарығының құрамдас бөліктері

Бағалы қағаздар нарығының құрылымы күрделі болып келеді. Бағалы қағаздар нарығының құрылымын жан-жақты қарастыруға болады. Сонымен бағалы қағаздар нарығының құрамдас бөліктерінің қалыптасу негізі мынада: тек қана бағалы қағаздардың түрлерімен ғана шектелмейді, сонымен қатар саудасаттықты ұйымдастыру тәсілдерімен де байланысты болады. Осы тұрғыдан алғанда *бағалы қағаздар нарығының құрамдас бөліктері* мыналар:

1. Бағалы қағаздың айналым кезеңіне қарай: *алғашқы және қайталама нарық.*

2. Бағалы қағаздар нарығын реттеу деңгейіне қарай: *ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарық.*

3. Сауданы жүргізу орнына қарай: *биржалық және биржадан тыс нарық.*

4. Сауданы жүргізу тәсіліне қарай: *дәстүрлі және компьютерлендірілген нарық.*

5. Бағалы қағазбен жасалған мәміленің орындалу мерзіміне қарай: *кассалық және мерзімді нарық.*

Алғашқы нарық – эмитенттің (андеррайтердің немесе эмиссиялық консорциумның) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруы.

Қайталама нарық – орналастырылған бағалы қағаздардың айналысы процесінде бағалы қағаздар нарығының субъектілері арасында қалыптасатын құқықтық қатынастары. Бұл нарықта бағалы қағаз иесінің меншік құқықтарының басқа тұлғаға өтуіне баланысты кез келген жиынтық операциялар орындалады.

Ұйымдастырылған нарық – мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналыс саласы.

Ұйымдастырылмаған нарық – бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылатын саласы.

Биржалық нарық бағалы қағаз саудасы қор биржасында жүргізіледі. Биржалық нарықтың мәні ұйымдастырылған нарыққа ұқсас болып келеді.

Биржадан тыс нарық – ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарық ретінде болуы мүмкін. Нарықтық экономикада ұйымдастырылған нарық қор биржасы арқылы жүзеге асырылады. Ұйымдастырылмаған нарық биржадан тыс нарықта жүзеге асырылады.

Дәстүрлі нарық – бағалы қағаздарды сатудың дәстүрлі нысаны, әдетте бағалы қағаздарды сатушылар мен сатып алушылар нақты бір жерде кездесуі арқылы жүзеге асырылады. Сауда ашық және жабық нысанда жүргізіледі.

Компьютерлендірілген нарық – компьютер желісін және қазіргі кезеңдегі байланыс құралдарын пайдалану негізінде, бағалы қағаздар саудасы әртүрлі нысанда жүргізіледі. Компьютерлендірілген нарыққа мынадай сипаттамалар тән:

– сатушылар мен сатып алушылардың кездесетін нақты физикалық орны болмайды, бірақ компьютерлендірілген сауда орны бағалы қағаздарды сатушы фирмада немесе тікелей сатушы мен сатып алушыда болады;

– бағаны белгілеу процесі жариялы түрде жүргізілмейді, бағалы қағаздармен жүргізілетін сауда автоматтандырылған түрде жүргізіледі;

– бағалы қағаздармен жүргізілетін сауда үнемі үздіксіз сипатта болады.

Кассалық нарық – («спот» және «кэш» нарығы) жасалған мәміленің тез арада орындалуы. Бұл келісімшарттың техникалық орындалуы 1-3 күнге созылуы мүмкін. Бұл – нарықтың құралдары дәстүрлі бағалы қағаздар (акция, облигация).

Мерзімді нарық мәміленің орындалуы бірнеше айға созылады. Мерзімді нарықта туынды бағалы қағаздар нарығының құралдары айналыста жүреді.

3.3. Бағалы қағаздар нарығының қатысушылары

Бағалы қағаздар нарығының қатысушылары – бұл бағалы қағаздарды сататын және сатып алатын, бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыратын және айналысын қамтамасыз ететін ұйымдар, мекемелер немесе жеке тұлғалар.

Бағалы қағаздар нарығының қатысушыларын екі топқа жіктейміз.

1. Бағалы қағаздар нарығының жай қатысушылары:

1.1. Мемлекет, муниципалитеттер, ірі ұлттық және халықаралық компаниялар. Олардың бағалы қағаздарды шығаруы және оны жүзеге асыруы көп қиындық тудырмайды. Осы топтың шығаратын бағалы қағаздары жоғарғы табысты қамтамасыз етпейді, дегенмен де мемлекеттік бағалы қағаздарға деген нарыққа қатысушылардың сенімділігі жоғары;

1.2. Бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыратын қаржылық институттар (коммерциялық және инвестициялық банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары және т.б.);

1.3. Инвесторлар – жеке және институционалды инвесторлары.

2. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мыналар:

2.1. *Брокер* – бағалы қағаздар нарығының клиентінің тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүдделерін көздеп, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын кәсіби қатысушы.

2.2. *Дилер* – ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында оған тікелей кіру құқығымен өз мүдделерін

көздеп және өз есебінен (эмиссиялық) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдармен мәмілелер жасайтын кәсіби қатысушы.

2.3. *Тіркеуші* – бағалы қағаздар нарығының бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын кәсіби қатысушы.

2.4. *Бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушы* – нақтылы ұстау шартына сәйкес бағалы қағаздарды ұстаушылардың атынан және есебінен белгілі бір заңды іс-әрекеттерді жасау, сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу мен растау және осындай ұстаушылардың бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерін тіркеумен байланысты қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушы. *Орталық депозитарий, кастодиан, брокер және дилер* нақты ұстау қызметін көрсетуге құқылы.

2.5. *Кастодиандар* – бағалы қағаздар нарығының қаржы құралдарының және клиенттер ақшасының есебін алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, клиенттердің құжатты қаржы құралдарының сақталуы жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдай отырып, оларды сақтауды және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушылар.

2.6. *Орталық депозитарий* – орталық депозитарий коммерциялық емес ұйым. Ол – Қазақстан Республикасы аумағында депозитарлық қызметті жүзеге асыратын бірден-бір ұйым. Депозитарлық қызмет – бағалы қағаздар иелерінің құқықтарын есепке алу және растауға, бағалы қағаздармен мәміле жасауда техникалық жағынан қамтамасыз етумен байланысты қызмет.

2.7. *Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушы* – бағалы қағаздар нарығының азаматтық құқықтық объектілерін басқару жөніндегі қызметті өз атынан, клиенттің мүдделерін көздеп және соның есебінен жүзеге асыратын кәсіби қатысушы.

2.8. *Сауда-саттықты ұйымдастырушылар* – қор биржасы және биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының баға белгілеу ұйымы жатады.

2.9. *Трансфер агент* – бағалы қағаздар нарығының өз клиенттерінің арасында құжаттар (акпараттар) қабылдау мен беру жөнінде қызмет көрсететін кәсіби қатысушы.

2.10. *Клирингтік қызмет* – клиринг өзара талаптар мен міндеттемелерді есепке алу деген ұғым. Клиринг – есептейтін компьютерлік жүйе мен әдістерді пайдалану негізінде, арнайы мекеменің көмегімен іске асырылатын, мәміле бойынша жиынтық есеп айырысу операциясы.

3.4. Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымы

Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымы – бұл нормативтер мен ережелермен, институттар (мекемелерден) мен әртүрлі техникалық құрал жабдықтармен материалдандырылған, мәмілелерді жасау және жүзеге асыру барысында қолданылатын технологиялардың жиынтығы. Инфрақұрылымның дамуы нарықтың дамуымен байланысты. Нарықтағы айналым және жасалған мәмілелердің саны аз болса, инфрақұрылымды ұстау қымбатқа соғады.

Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын мынадай топтарға топтастыруға болады:

- реттеушілік;
- функционалдық;
- техникалық;
- ақпараттық.

Бағалы қағаздар нарығының реттеушілік инфрақұрылымы – бұл мәмілелердің жүзеге асырылуын реттеуге мүмкіндік беретін, әртүрлі ережелер мен әдістер жиынтығынан тұратын бағалы қағаз нарығын реттеу жүйесі.

Бағалы қағаздар нарығын реттеу жүйесінің мақсаты – бағалы қағаздар нарығының тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету (тәуекелді төмендету және өтімділікті арттыру). Бағалы қағаздар нарығын реттеуді мемлекет немесе өзін-өзі реттейтін ұйымдар жүзеге асырады.

Мемлекет бағалы қағаздар нарығын реттеуді мемлекет шығарған заңмен, нормативтік актілермен іске асырады.

Өзін-өзі реттейтін ұйымдарға нарыққа қатысушылардың бірлестігі, қор биржасы, биржадан тыс сауда жүйесі кіреді.

Бағалы қағаздар нарығының функционалдық инфрақұрылымы – бағалы қағаздармен мәмілелерді жасау процесін қамтамасыз ететін, бағалы қағаздармен сауда-саттықты жүргізу жүйесі (делдалдар, қор биржасы, ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған биржадан тыс нарық, бағалы қағазды аукцион бойынша сату). Алғашқы бағалы қағаздар нарығында делдалдар бағалы қағаздарды қайта сату мақсатымен, эмитенттен төменгі бағада бағалы қағаздарды сатып ала отырып, бағалы қағаздарды алғашқы орналастыруды қамтамасыз етеді. Делдалдарға инвестициялық банктер жатады. Ал қайталама бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасауды брокерлер мен дилерлер іске асырады. Қор биржасы, яғни KASE әрекет етіп жүр. Биржалық нарық ұйымдастырылған нарыққа ұқсас болып келеді. Ал биржадан тыс нарық ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарық ретінде болуы мүмкін. Бағалы қағазды аукцион бойынша сату, яғни бұл аукционға делдалдар мен инвесторлардың өздері қатыса алады.

Бағалы қағаздар нарығының техникалық инфрақұрылымы жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу жүйесін білдіреді. Мынадай қызметтерді қамтиды: депозитарлық қызмет (бағалы қағаздарды сақтау, бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу); бағалы қағаздар иелерін тіркеуді жүзеге асыру және сақтаумен байланысты қызмет; есеп айырысу және клирингтік қызмет. Жоғарыда аталған қызмет түрлерін сәйкесінше мына мекемелер жүзеге асырады: орталық депозитарий, тіркеуші және клирингтік мекеме.

Бағалы қағаздар нарығының ақпараттық инфрақұрылымы бұл байланыс жүйесі мен ақпараттық жүйеден тұрады. Ақпараттық жүйе – ақпаратты (мәліметтерді) жинау, өңдеу және бағалы қағаз нарығына қатысушыларға эмитент туралы ақпаратты, шығарылған жаңа бағалы қағаздар туралы, оның бағасы және бағалы қағаздармен сауда-саттықты жүргізу орны туралы және т.б мәліметтерді беру. Байланыс жүйесін телекоммуникациялық жүйе деп те атайды.

3.5. Бағалы қағаздар нарығындағы тәуекелдер

Тәуекел – күрделі экономикалық категория. Нарықта жаңа тәуекелдің түрлері пайда болып отырады. Тәуекелді жою не-

месе мүлдем болдырмау мүмкін емес, бірақ тәуекелдің деңгейін төмендетуге немесе әртүрлі шаралардың көмегімен тәуекелдің алдын алуға болады. Сондықтан тәуекелдің пайда болу себептерін анықтап, тәуекелдің салдарын бағалап, тиісті шараларды қолдану қажет.

Бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен операциялар жасау барысында инвестор эмитенттің қызметіне байланысты туындайтын және оның қызметіне байланыссыз болатын тәуекелдерге барады. Бағалы қағаздар нарығындағы тәуекелдерді *үлкен екі топқа* бөледі:

– *жүйелік тәуекел*, яғни эмитент компанияның қызметіне байланыссыз нарықтағы өзгерістерге тиесілі экономикалық факторларға негізделген тәуекел. Мұндай тәуекел әртараптандыруға жатпайды, сондықтан оны *әртараптандырылмайтын тәуекел* деп атайды.

– *жүйелік емес тәуекел*, яғни эмитенттердің қызметіне негізделген тәуекел. Мұндай тәуекелдерді инвестициялық қоржынды әртараптандыру арқылы немесе өзге эмитенттердің бағалы қағаздарына қаражат салу арқылы қалыпқа келтіруге болады, сондықтан оны *әртараптандырылған тәуекел* деп атайды.

Жоғарыдағы аталған тәуекелдің екі түрі әртүрлі белгілер бойынша өзара тағы да жіктеледі. Әртараптандырылмайтын тәуекелдің жіктелімі 2-кестеде берілген.

Әртараптандырылмайтын тәуекел ел тәуекелі, салалық тәуекел, жекелеген оператордың қызметімен байланысты тәуекел болып жіктеледі. Аталған тәуекелдер ішінара тағы да жіктеледі.

2-кесте

Әртараптандырылмайтын немесе жүйелік тәуекелдің жіктелімі

№	Деңгейі	Белгілері	Түрлері
1	Макродеңгейде	Ел тәуекелі	Экономикалық тәуекел Фискалды-монетарлық тәуекел Әлеуметтік-саяси тәуекел
2	Мезодеңгейде	Салалық тәуекел	Өнеркәсіптік тәуекел Ауылшаруашылық тәуекел Қызмет көрсетумен байланысты тәуекел

2-кестенің соңы

3	Микродеңгейде	Жекелеген оператордың қызметімен байланысты тәуекел	Қаржылық тәуекел Нарықтық тәуекел Несиелік тәуекел Өтімділік тәуекелі Операциондық тәуекел Коммерциялық тәуекел Маркетингтік тәуекел Іскерлік бедел тәуекелі
Дерек көзі: автор құрастырған.			

Ел тәуекелінің деңгейі инвестициялық климатты анықтайды. Шет мемлекеттің бағалы қағаздарына инвестиция жұмсалған кезде ел тәуекеліне талдау жұмыстары жасалады. Осы жағдайда экономикалық, фискалды-монетарлық, әлеуметтік-саяси тәуекелдер бағаланады.

Инвесторлар үшін макродеңгейдегі экономикалық тәуекелдер инфляциялық процесте көрініс табады. Инфляцияның әсерінен, инвесторлар сатып алған бағалы қағаздар бойынша пайда көрмей зиян көреді.

Фискалды-монетарлық тәуекел, ақша-несиелік саясаттың, салық саясатының т.б. және заңнамалардың өзгерісінің нәтижесінде туындайды.

Әлеуметтік-саяси тәуекел, мемлекеттің саяси бағыттарының өзгерісі нәтижесінде туындайды. Мысалы, жергілікті уәкілетті органдардың қойған қатаң талаптары инвесторларды үркітіп жібереді.

Салалық тәуекел – жекелеген салалардың қызмет ету ерекшелігімен байланысты туындайтын тәуекелдер. Инвесторлар тұрақты, жоғарғы деңгейде табыс әкелетін корпорациялардың бағалы қағаздарын сатып алғанды жөн көреді.

Бағалы қағаздар нарығындағы қаржылық операторлардың тәуекелі екі топқа бөлінеді: қаржылық және коммерциялық.

Қаржылық тәуекел контрагенттің іс-әрекетінің өзгерісінен немесе оператордың жіберген қателігінен, нарықтағы анықсыздық жағдайлардан туындайды.

Нарықтық тәуекел – қаржы нарықтарының қолайсыз қозғалыстарымен байланысты шығыстардың (шығындардың) туын-

дау тәуекелі. Нарықтық тәуекелдің макроэкономикалық табиғаты бар, яғни қаржы жүйесінің макроэкономикалық көрсеткіштері – нарықтық тәуекелдердің дереккөздері. Нарықтық факторларға пайыз мөлшерлемесінің ауытқуы, акция мен облигация құнының төмендеуі, валюта бағамының өзгеруі және т.б. жатады.

Несиелік тәуекел – бағалы қағазды шығару талаптарымен белгіленген мерзімде инвесторға тиесілі негізгі борышты және сыйақыны эмитенттің төлемеуі немесе уақтылы төлемеуі салдарынан, сондай-ақ своптар, опциондар, форвардтар мен кредиттік тәуекелге ұшыраған өзге де қаржы құралдары бойынша және аталған бағалы қағаздар мен қаржы құралдары жөніндегі есеп айырысуларды реттеу кезеңіндегі міндеттемелерді әріптестің орындамауына байланысты не контрсеріктестің немесе клиенттің шартта көзделген немесе мәміле жасау барысында туындайтын өздерінің міндеттемелерін орындамау немесе дер кезінде орындамау салдарынан туындайтын залал тәуекелін қосқандағы шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі. Клиенттің төлем қабілеттілігін алдын ала талдау несиелік тәуекелді төмендетеді.

Өтімділік тәуекелі бағалы қағаз сапасының төмендеуіне байланысты бағалы қағаздарды сату барысында туындайтын шығын немесе активтерді сата алмаумен де байланысты туындайды. Өтімсіз активтер жоғарғы табыстарға қол жеткізе алмайды және оларды сату барысында оның құнын төмендетуге тура келеді.

Операциондық тәуекел – нарықтағы оператордың әрекетімен байланысты туындайтын тәуекел. Тәуекелдің бұл түрі техникалық сипатқа ие.

Коммерциялық тәуекел – кәсіпорынның қызметінен күтілетін нәтиженің ауытқуынан туындайтын тәуекел. Эмитент кәсіпорынның қаржылық жағдайына эксперттік талдау жүргізу барысында аталған тәуекел бағаланады. Зерттеу барысында мынадай көрсеткіштер қарастырылады: сату көлемі, жалпы табыс, төленген салықтар, еңбек ақының көлемі, күрделі қаржы жұмсалымы және т.б.

Маркетингтік тәуекел – нарықта кәсіпорынның мінез-құлық стратегиясын таңдаумен байланысты.

Іскерлік бедел тәуекелі басқарудың тиімділігімен, инвестициялық және өндірістік қызметтің тиімділігімен анықталады.

Әртараптандырылған немесе жүйелік емес тәуекел бағалы қағаздың нақты түрімен байланысты.

Әртараптандырылған немесе жүйелік емес тәуекел инвестициялаудың объектісімен байланысты тәуекел, инвестициялаудың бағытымен байланысты тәуекел, іріктемелі (селективті) тәуекел және технологиялық тәуекел болып жіктеледі.

Әртараптандырылған тәуекелдің жіктелімі мына 3-кестеде берілген.

Инвестициялаудың объектісімен байланысты тәуекел, эмитентке және оның табыстылығымен, бағалы қағаз бойынша табыс төлеу қабілеттілігімен байланысты туындайды.

3-кесте

Әртараптандырылған немесе жүйелік емес тәуекелдің жіктелімі

№	Белгілері	Түрлері
1	Инвестициялаудың объектісімен байланысты тәуекел	Дивидендтерді төлей алмаумен байланысты тәуекел Акция құнының өзгеруімен байланысты тәуекел Басқарумен байланысты тәуекел Айырбастаумен байланысты тәуекел Валюталық тәуекел. Апат тәуекелі
2	Инвестициялаудың бағытымен байланысты тәуекел	Ел тәуекелі Салалық тәуекел Аймақтық тәуекел
3	Іріктемелі (селективті) тәуекел	Портфельдік тәуекел Уақытша тәуекел
4	Технологиялық тәуекел	Жеткізілім тәуекелі Төлем тәуекелі Клирингтік тәуекел Операциондық тәуекел Аударым тәуекелі
Дерек көзі: автор құрастырған.		

Дивидендтерді төлей алмаумен байланысты тәуекел – акция бойынша дивидендті төлемеу пайданың болмауына байланысты

емес, инвестордың компаниядағы жеке жағдайына байланысты болуы мүмкін: біріншіден, инвестордың құқық көлеміне қарай, яғни дивидендтің көлемі, инвестордың дауыс беру құқығы және т.б.; екіншіден, акцияның нарықтағы позициясына қарай, яғни шығарылым көлемі, нарықтағы айналысының жағдайы, бағалы қағаздарды қосымша немесе келесі кезеңмен бағалы қағаздарды шығару және т.б.

Акция құнының өзгеруімен байланысты тәуекел немесе нарықтағы «аюлар» мен «бұқалар» тәуекелі:

«бұқа» қор нарығындағы трендтің өсуімен және «аюлар» қор нарығындағы трендтің төмендеуімен байланысты туындайды.

Басқарумен байланысты тәуекел – кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын менеджердің біліктілігімен байланысты туындайтын тәуекел. Менеджердің жіберген қателігі үшін бағалы қағазға инвестиция жұмсаған инвестор шығынға ұшырайды.

Айырбастаумен байланысты тәуекел – облигацияларды айырбастау немесе артықшылықты акцияларды жай акцияға айырбастаған кезде туындайды.

Валюталық тәуекел – бір шетелдік валютаға ұлттық валютаның қатынасы кезіндегі курсының өзгеруі нәтижесінде актив құнының теріс өзгеруі мүмкіндігімен байланысты туындайды.

Апат тәуекелі – банкроттыққа ұшырау, кәсіпорынның шығынға ұшырауы, ірі қателікке жол берумен байланысты туындайды.

Инвестициялаудың бағытымен байланысты тәуекел – ел тәуекелі, салалық тәуекел, аймақтық тәуекел деп бөліп қарастыруға болады.

Аймақтық тәуекел жергілікті атқарушы органдардың шешімімен немесе іс- әрекетімен, жергілікті аймақтың салық климатымен, аймақтың экономикалық жағдайымен және т.б. тығыз байланысты туындайды.

Іріктемелі (селективті) тәуекел портфельдік тәуекел мен уақытша тәуекелден тұрады.

Уақытша тәуекел – оптималды емес уақытта бағалы қағаздарды эмиссиялау немесе бағалы қағаздарды сату немес сатып алумен байланысты туындайтын тәуекел. Бағалы қағаздармен жұмыс

жасау ережесі мынадай шешімге тоқталған: «ең жоғарғы курспен бағалы қағаздарды сатып алуға және ең төменгі курспен бағалы қағаздарды сатуға болмайды». Курстың максималды мәнге жетуі барысында бағалы қағаздарды сату қажет, төменгі мәнге жеткен кезде бағалы қағаздарды сатып алу қажет. Ал басқа уақытта бағалы қағаздарды сату немесе сатып алу тәуекелге апарады.

Технологиялық тәуекел – сауда және есеп айырысу жүйесін пайдаланумен, оператордың біліктілігімен, қамтамасыз етудің техникалық жүйесінің сенімділігімен және т.б. байланысты.

Жеткізілім тәуекелі – бағалы қағаздарды жеткізумен байланысты міндеттеменің орындалмауы жағдайында туындайтын тәуекел.

Төлем тәуекелі – бағалы қағаздармен жасалған операциялар бойынша төлемнің жүргізілмеуімен байланысты.

Клирингтік тәуекел таза позицияны есептеумен, ақшалай қаражаттарды аударумен, клирингтік жүйенің қызмет етуімен байланысты туындайды.

Операциондық тәуекел – бағалы қағаздармен жасалған операциялардың технологиясының бұзылуымен, техникалық персоналдың біліктілігінің жоқтығымен байланысты.

Аударым тәуекелі айырбасталатын валютада сатып алушылардың сатушыларға ақша қаражаттарын аударумен байланысты туындайды.

Тәжірибеде бағалы қағаздар бойынша табыстылыққа баға беру үшін тәуекелдердің түрлерін оның салдарын зерттеп, талдау жұмыстарын жүргізу қажет. Сонымен қатар инвесторлар бағалы қағаздар нарығында тәуекелдің алдын алу үшін талдау жұмыстарын жүргізеді.

3.6. Бағалы қағаздар нарығын талдау әдістері

Бағалы қағаздар нарығының ойдағыдай қызмет етуі үшін бағалы қағаздардың инвестициялық тартымдылығын бағалауды қажет етеді. Бұл бағалы қағаздар нарығында фундаменталдық (түпкілікті) және техникалық талдаулар арқылы жүзеге асырылады.

Түпкілікті талдау эмитенттің табысын, сату көлемін, активі мен пассивін, меншікті капиталға қатысты пайдасын және менеджменттің деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерге баға беруді білдіреді. Талдау көзіне эмитенттің пайда немесе зиян туралы есебі, балансы және өзге құжаттары жатады.

Талдаудың бұл түрі жан-жақты әрі еңбекті көп қажет ететін зерттеулерді жүргізуді, мәліметтер базасының болуын қамтамасыз етуді және қаржыландыруды қажет етеді.

Түпкілікті талдаудың көмегімен, болашақта бағалы қағаздың құнын анықтайтын табысқа болжау жасалады. Осының негізінде бағалы қағаздарды сату және сатып алуға қатысты мақсатқа сай ұсыныстар жасалады.

Бағалы қағаздар нарығындағы аналитиктер түпкілікті және техникалық талдаудың нұсқаулықтарын пайдаланады. Бірақ түпкілікті талдауға қарағанда техникалық талдаудың нұсқаулықтары кеңінен қолданылады.

Дегенмен де техникалық талдау ұзақ мерзімге қор нарығының бағаларына болжам жасай алмайды, сондықтан да түпкілікті талдаудың мәліметтерін ескеру қажет. Түпкілікті талдаудың нұсқаулықтарына қарағанда техникалық талдаудың нұсқаулықтары кез келген тұлғаға түсінікті.

Түпкілікті талдаудың нәтижесі бюллетень, есептілік және әртүрлі формада рәсімделген қор нарығының тауары болып табылады. Бұл мәліметтерді бағалы қағаздар нарығының қатысушылары өздерінің мақсаттарына қарай пайдалана алады.

Түпкілікті талдаудың негізгі бағыттары:

1. Макродеңгейде талдау жүргізу, яғни инвестициялауға қолайлы жағдайларды анықтау үшін, әлемдік экономиканың және жеке-леген елдердің экономикалық жағдайы толығымен қарастырылады. Жалпы экономикалық жағдайларды анықтау барысында мынадай көрсеткіштер қарастырылады: өндірістің көлемі, жұмыссыздық деңгейі, экономикалық белсенділік, тұтыну мен жинақ, инфляциялық күтім, пайыз мөлшерлемесі. Осындай талдаудың көмегімен инвестициялық қызметтің әлеуметтік-саяси және экономикалық климаты анықталады.

2. Сала деңгейінде талдау жүргізу, яғни экономиканың әртүрлі салаларының ағымдағы жағдайына баға беріледі. Өндірістің дина-

микасы, сату көлемі, тауарлар мен шикізат қорларының көлемі, баға мен еңбекақы деңгейі, пайда және басқа көрсеткіштердің көмегімен сала арасында салыстырмалы талдаулар жүргізіледі.

3. Микродеңгейде талдау жүргізу, яғни жекелеген кәсіпорындарға инвестиция жұмсаудың мүмкіндіктері қарастырылады. Талдауды жүргізу барысында мынадай көрсеткіштер қарастырылады: менеджменттің ағымдағы жағдайы мен болашағы, ұйымдастырушылық және коммерциялық қызметінің жағдайы, компанияның қаржылық жағдайы, кәсіпорынның төлем-қабілеттілік және қаржылық тұрақтылық деңгейі және т.б.

4. Нақты бағалы қағаздар нарығының құрылымына талдау жүргізу, яғни талдау барысында мынадай көрсеткіштер қарастырылады: бағалы қағаздар нарығының қатысушыларының күтімі, өтімділік пен табыстылық деңгейі, дивидендтік саясат және т.б.

Техникалық талдау эмитенттің бағалы қағазына деген сұраныс пен ұсынысты, олармен жасалған операциялар көлемі және бағамын бағалауды сипаттайды. Техникалық талдау инвесторларға дербес инвестициялауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Нарықтың қатысушыларына немесе инвесторларға инвестициялауға байланысты тиімді шешім қабылдауға көмектеседі. Техникалық талдаудың көмегімен қысқа, орта, ұзақ мерзімге инвестициялық альтернативаларды бағалауға мүмкіндік береді.

Техникалық талдаудың *мақсаты* – жекелеген бағалы қағаздардың құнына сонымен қатар бағалы қағаздар нарығының ағымдағы жағдайына болжам жасау.

Техникалық талдау бағаның өзгеру бағытының себебін қарастырмайды, бағаның нақты бағытқа қарай өзгеруін есепке алады. Аналитиктердің көзқарасы бойынша кез келген нарықтан пайда көруге болады. Ең бастысы трендті тани білу керек. Егер де баға төменгі шекке жетсе, сатып алу позициясын ашу керек, ал егер де баға өссе, сату позициясын ашу керек.

Техникалық талдаудың бастапқы ақпараты болып *баға, құралдың өтімділігі, сауда көлемі, сұраныс пен ұсыныс* табылады.

Техникалық талдаудың ерекшелігі – қаржы құралдарының бағасын кесте негізінде талдау. Көптеген инвесторлар санды не-

месе мәтінді талдауға қарағанда кесте негізінде ақпаратты талдауды қалайды.

Техникалық талдау мынадай үш негізгі қағидаға негізделеді:

1. Көрініс қағидасы. Бұл қағиданың мәні – экономикалық, әлеуметтік, психологиялық және т.б. жағдайлар тауар бағасында көрініс табады. Техникалық аналитиктер бағаның өзгеруіне қандай факторлардың әсер еткендігін анықтайды және қандай бағытта өзгерістердің болатынына болжам жасайды. Көрініс қағидасының көмегімен «жақсы жаңалықтар пайда болған кезде сату керек» деген ереже қалыптасқан. Жақсы жаңалықтардың әсері тез арада бағада көрініс табады.

2. Тренд қағидасы. Тренд – бұл экономикалық көрсеткіштердің ұзақ өзгеруі тенденциясы. Нақты бағытқа сәйкес баға өзгеріп отырады. Сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы негізінде тренд қалыптасып, қарама-қайшы көрсеткіштер пайда болғанға дейін тұрақты күйде қалады. Мысалы, трендтің өсімін қалыптастыратын тауардың нарықтық құны бір бағытта өзгеріп отырады, яғни өсіп отырады. Бұл тренд бағытты өзгертуді ескертетін құн төмендегенше басымдық сипатта балады. Бұл кезде жаңа тренд пайда болады. Трендті және оның өзгеріс кезеңін анықтау техникалық талдаудың мақсаты болып табылады. Нақты трендтің көмегімен жүргізілетін операциядан оң нәтиже алу мүмкіндігін көтеруге болады. Баға нақты бір бағытқа қарай өзгертін болса, баға трендте болады. Баға жоғарғы бағытқа қарай өзгертін болса, өсу немесе *ап-тренд* (up trend), баға төменгі бағытқа қарай өзгертін болса, төмендеу немесе *даун-тренд* (down trend), баға оңға немесе солға қарай өзгертін болса, «бүйір қозғалыс» немесе *range* (рейндж) деп атайды.


3. Қайталау қағидасы. Нарықта уақыт өте келе пайда болатын модельдік жағдайларды анықтауды білдіреді. Бұл модельдер болған жағдайларға түсініктеме бере отырып, болашақта құнның өзгерісіне болжам жасауға мүмкіндік береді. Қайталау қағидасы жаңа бағытта әрекет етуге бұрынғы қалыптасқан тәжірибе мүмкіндік береді.

Техникалық аналитиктер талдауды жүргізу барысында құнның өзгерісін сипаттайтын және көрсететін кестелерді немесе әртүрлі сипаттағы графиктерді, диаграммаларды пайдаланады.

Техникалық талдау барысында кеңінен қолданылатын *әдістер*:

1. Бағаналы диаграмма. Диаграммада баға бағаналы түрде көрсетіледі. Бағаналы графиктің төменгі жағы бағалы қағаздың минималды құнын сипаттайды, ал жоғарғы жағы бағаның максималды құнын сипаттайды. Бағалы график горизонтальды бағытта да сипатталады, бұл кезеңнің соңындағы құнды көрсетеді.

2. *Нүктелі диаграмма*. Техникалық талдауда нарықтың тенденциясын сипаттайтын бұрыннан қолданылып келе жатқан әдіс. Кейбір аналитиктер тренді анықтау мақсатында осы диаграмманы пайдаланады. Нүктелі диаграмма мен жай ғана кестенің арасында өзара айырмашылықтар бар: құнның өзгерісін сипаттауда және диаграмманы қалыптастыруда. Құнның оң өзгерісі – «X»-пен, терісі – «O»-мен сипатталады. Нүктелі диаграмма 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Нүктелі диаграмма

3. *Жапон шамы*. Талдаудың бұл әдісін жапон елі көптеген жылдар бойы қолданып келген, кейінгі кезеңдерде басқа елдерде бұл әдісті қолдана бастады. Жапон шамы оңай қалыптасады. Әрбір шам нақты бір уақытта сауданың белсенділігін сипаттайтын бағаның ашылуын, жабылуын, ең жоғарғы және ең төменгі құнды сипаттайды. Сауда саттықтың жабылуына қарай бағаның өсуі жағдайында шам ақ болады, ал егер де құн сауда- саттықтың


аяқталуында ашылу құнның төмендеуі барысында шам қара болады. Шамның төменгі және жоғарғы жағындағы сызықтарды көлеңке деп атайды. Бұлар сауда-саттықта тіркелген, ең жоғарғы және ең төменгі құнды сипаттайды. Құнның ашылуы, жабылуы, ең жоғарғы және ең төменгі құнға байланысты Шамның сызықтары әртүрлі формада болады. Жапон шамы 3-суретте көрсетілген.

4.



3-сурет. Жапон шамы

5. *Гистограмма кестесі.* Бұл кең тараған кестелердің бірі. Тік сызықтың екі жағында екі көлденең сызығы бар. Тік сызықтың төменгі және жоғарғы шекаралары бағаның ең төменгі және ең жоғарғы бағасын сипаттайды. Сол жақ перпендикуляр бағаның ашылуын, ал оң жақ бағаның жабылуын білдіреді. Сонымен, гистограмма кестесінің дұрыс қалыптасуы үшін әр кезеңге төрт бағаның болуы қажет. *Гистограмма кестесі 4-суретте көрсетілген.*



4-сурет. Гистограмма кестесі

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Бағалы қағаздар нарығының мәнін қалай түсінесіз?
2. Бағалы қағаздар нарығының атқаратын қызметтерінің мәнін ашыңыз.
3. Бағалы қағаздар нарығының жіктелімін беріңіз.
4. Бағалы қағаздар нарығының құрамдас бөліктерін атаңыз.
5. Алғашқы және қайталама бағалы қағаздар нарықтарының айырмашылықтарын атаңыз.
6. Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарының айырмашылықтарын атаңыз.
7. Биржалық және биржадан тыс нарықтарының айырмашылықтарын атаңыз.
8. Дәстүрлі және компьютерлендірілген нарықтардың айырмашылықтарын атаңыз.
9. Бағалы қағаздар нарығының қатысушыларын атаңыз.
10. Бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының мәнін түсіндіріңіз.
11. Бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының жіктелімін беріңіз.
12. Тәуекелдің мәні мен түрлерін сипаттаңыз.
13. Жүйелік тәуекелдің жіктелімін беріңіз.
14. Жүйелік емес тәуекелдің жіктелімін беріңіз.
15. Бағалы қағаздар нарығын талдаудың түрлерін сипаттаңыз.
16. Техникалық талдаудың қағидаларын атаңыз.
17. Техникалық талдау мен түпкілікті талдаудың бір-бірінен айырмашылығын түсіндіріңіз.
18. Техникалық талдауда қолданылатын кестелердің түрлері.

3-ТАПСЫРМА

Сол жақ калонкада көрсетілген оң жақ калонкадағы терминнің анықтамасын табыңыз.

№	Термин	Жауабы	№	Анықтамасы
1	Бағалы қағаздар нарығының мәні		1	мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналыс саласын білдіреді

2	Алғашқы нарық		2	бағалы қағаздар нарығының клиентінің тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүдделерін көздеп, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын кәсіби қатысушы
3	Қайталама нарық		3	ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында оған тікелей кіру құқығымен өз мүдделерін көздеп және өз есебінен (эмиссиялық) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдармен мәмілелер жасайтын кәсіби қатысушы
4	Ұйымдастырылған нарық		4	эмитенттің (андеррайтердің немесе эмиссиялық консорциумның) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруын білдіреді
5	Ұйымдастырылмаған нарық		5	бағалы қағаздар нарығының бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын кәсіби қатысушы
6	Дәстүрлі нарық		6	нарық қатысушыларының бағалы қағаздарды шығаруымен және бағалы қағаздардың айналысымен байланысты экономикалық қатынастарының жиынтығын білдіреді
7	Брокер		7	бағалы қағаздар нарығының өз клиенттерінің арасында құжаттар (ақпараттар) қабылдау мен беру жөнінде қызмет көрсететін кәсіби қатысушы
8	Дилер		8	бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылатын саласы

9	Тіркеуші		9	орналастырылған бағалы қағаздардың айналысы процесінде бағалы қағаздар нарығының субъектілері арасында қалыптасатын құқықтық қатынастарды білдіреді. Бұл нарықта бағалы қағаз иесінің меншік құқықтарының басқа тұлғаға өтуіне баланысты кез келген жиынтық операциялар орындалады
10	Трансфер агент		10	бағалы қағаздарды сатудың дәстүрлі нысаны, әдетте бағалы қағаздарды сатушылар мен сатып алушылар нақты бір жерде кездесуі арқылы жүзеге асырылады

4.1. Бағалы қағаздар портфелінің мәні

Қор нарығының әлемдік тәжірибесінде қалыптасқан инвестициялық портфель бұл басқару объектісі болып табылатын жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі бағалы қағаз түрлерінің жиынтығын білдіреді.

Бағалы қағаздар портфелі – бағалы қағаздар нарығы субъектісінің меншігіндегі немесе басқаруындағы әртүрлі бағалы қағаздардың жиынтығы.

Бағалы қағаз портфелін қалыптастыру барысында оның құрамы мен құрылымын өзгерту арқылы басқарушы менеджер тәуекел мен табыстың арақатынасы негізінде жаңа инвестициялық сапаны қалыптастырады.

Қалыптастырылған бағалы қағаздар портфелі – тәуекел дәрежесі мен табыс деңгейіне, қамтамасыз етілуіне қарай корпоративті облигациялар мен акциялардың және өзге де бағалы қағаздардың жиынтығын білдіреді. Бағалы қағаздар портфелінің құрылымын бір бағалы қағаздың орнына басқа бағалы қағазды алмастыру арқылы өзгертуге болады.

Инвестор үшін бағалы қағаз портфелі минималды тәуекелділік деңгейінде, тұрақты табысты қамтамасыз ететін құрал болып табылады. Бағалы қағаз портфелі бойынша табыс – тәуекел деңгейін ескере отырып, қандайда бір портфельде қалыптасқан барлық бағалы қағаздар жиынтығынан түскен жалпы табысты білдіреді.

Бағалы қағаздардың инвестициялық сапасын ескере отырып, нақты бір кезең ішінде портфельге тиесілі тәуекел мен инвестор күтетін табыс арасында баланс бар, әртүрлі бағыттағы портфельді қалыптастыруға болады. Аталған факторлар бағалы қағаздар

портфелінің типтерін анықтайды. Бағалы қағаздар портфелінің типтері – бұл табыс пен тәуекелдің арақатынасына негізделген портфельдің инвестициялық сипаттамасы. Портфельдің типтерін жіктеудің негізгі белгісі – курстық құнының өсуі немесе ағымдағы төлемдер (процент пен дивиденд).

Бағалы қағаздар портфелін қалыптастырудағы негізгі қағидалар:

- 1) бағалы қағаздар портфелінің көлемі мен құрылымының, оны құрайтын көздердің көлемі мен құрылымына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- 2) табыстылықтың, тәуекелділіктің және өтімділіктің оңтайлы қатынасына жету;
- 3) бағалы қағаз портфелінің басқарылуын қамтамасыз ету;
- 4) бағалы қағаз портфелін әртараптандыру.

4.2. Бағалы қағаздар портфелінің түрлері

Бағалы қағаздар портфелінің типтері – бұл табыс пен тәуекелдің арақатынасына негізделген портфельдің инвестициялық сипаттамасы.

Портфельдің типтерін жіктеудің негізгі белгісі – курстық құнының өсуі немесе ағымдағы төлемдер (процент пен дивиденд).

Пайданы алу көзіне қарай портфельдің жіктелімі:

I. Өсу портфелінің түрлері:

1. Агрессивті өсу портфелі.
2. Консервативті өсу портфелі.
3. Орташа өсу портфелі

II. Өсу және табыс портфелінің түрлері:

1. Баланстандырылған портфель.
2. Қос бағыттағы портфель.

III. Табыс портфелінің түрлері:

1. Тұрақты табыс әкелетін портфель.
2. Табысты бағалы қағаздар портфелі.

Өсу портфелі – курстық құны өсетін компаниялардың акцияларынан қалыптасады. Бұл типтегі портфельдің мақсаты

– дивидендті алумен қатар, портфельдің капиталдық құны да өседі. Бірақ та дивидендтік төлемдер орташа мөлшерде төленеді. Портфельдің құрамына кіретін жиынтық акциялардың курстық құнының өсу қарқыны портфельдің түрлерін анықтайды:

1. *Агрессивті өсу портфелі* – капиталдың максималды өсіміне бағытталған. Бұл портфельдің құрамына жаңадан құрылған және тез өсетін компаниялардың акциялары кіреді. Агрессивті өсу портфелінің тәуекелі жоғары, соған сәйкес алатын табысы да жоғары болуы мүмкін.

2. *Консервативті өсу портфелі* – бұл портфельдің тәуекелі төмен болып келеді. Аталған портфельдің құрамына жақсы танымалды ірі компаниялардың акциялары кіреді. Консервативті өсу портфелінің құрамы ұзақ уақыт бойы өзгеріссіз қалады және капиталдың сақталуына бағытталған.

3. *Орташа өсу портфелі* – агрессивті және консервативті өсу портфельдерінің үйлесімділігін білдіреді. Портфельдің құрамы кезеңмен жаңаланып отыратын, ұзақ мерзімге сатып алатын сенімді бағалы қағаздардан тұрады. Сонымен бірге капиталдың орташа өсімі мен салым тәуекелдігінің деңгейі бір қалыпқа түседі. Сенімділік – консервативтік өсімнің бағалы қағаздарымен, ал кіріс агрессивтік өсімнің бағалы қағаздарымен қамтамасыз етіледі. Инвесторлар тарапынан жоғары сұранысқа ие кең тараған типтегі портфель болып табылады.

Өсу және табыс портфелі алатын табыстың және курстық құнының төмендеуінен пайда болатын шығынды азайту үшін бағытталған. Осы типтегі портфельдің құрамына кіретін қаржылық активтің бір бөлігі капитал құнының өсуіне, ал екінші бөлігі пайда алуға мүмкіндік береді.

1. *Баланстандырылған портфель* – бұл типтегі портфельге тәуекелі жоғары бағалы қағаздар сонымен қатар жай және артықшылықты акциялар, облигациялар кіреді. Бұл портфельдің ерекшелігі табыстар мен тәуекелдердің балансталуымен сипатталады. Өртүрлі инвестициялық салымдардың комбинациясы капиталдың өсіміне жетуге және жоғары табысты алуға мүмкіндік береді.

2. *Қос бағыттағы портфель* – жоғарғы деңгейде табыс алатын бағалы қағаздар кіреді.

Табыс портфелі жоғарғы деңгейде табыс алуға мүмкіндік береді. Пайызы немесе дивиденді жоғары облигациялар мен акциялардың және басқа да бағалы қағаздардың жиынтығынан тұрады. Сенімділігі жоғары бағалы қағаздар нарығының құралдары портфельдің объектісі болып табылады.

1. *Тұрақты табыс әкелетін портфель* – минималды тәуекел деңгейінде орташа табыс алып келетін жоғары сенімді бағалы қағаздардан қалыптасады.

2. *Табысты бағалы қағаздар портфелі* – орташа тәуекел деңгейінде жоғарғы табыс алып келетін корпоративті облигациялардан тұрады.

Инвестициялық портфельдің құрамындағы объектілерді іріктеу инвесторлардың қалауына сәйкес жүзеге асырылатындықтан, инвестор және портфель типі арасындағы байланыс бар болады.

Консервативті инвесторға жоғары сенімді, бірақ төмен табысты портфель, орта біркелкіге әрараптандырылған портфель, агрессивті инвесторларға жоғары табысты, бірақ тәуекелді портфель сәйкес келеді

4.3. Бағалы қағаздар портфелін басқару

Бағалы қағаздар портфелін басқару – бастапқы инвестициялық қоржынды сақтауға, жоғарғы деңгейде табыс алуға, портфельдің инвестициялық бағытын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әртүрлі бағалы қағаздар жиынтығына нақты әдістер мен технологиялық мүмкіндіктерді қолдануды білдіреді.

Портфельді басқару портфельдің жақсы сапасын қамтамасыз ету үшін және оның бағасының өсуін қамтамасыз ету үшін бағалы қағаздармен әрдайым операциялар жүргізуді қажет етеді.

Портфельді басқару процесінің бес негізгі құрамдас бөліктерін атап өтуге болады:

- 1) инвестициялау мақсаты, инвесторлар қалауы;
- 2) бағалы қағаздардың әртүрлі түрлерінің табыстылық деңгейі туралы болжау;
- 3) таңдалған қаражаттарды тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету;

4) портфельдің құрамдас бөлігінде өзгерістер туғызуы мүмкін факторларды талдау және зерттеу;

5) портфель қызметін бағалау, яғни тәуекелге қатысты портфельдегі табысты бағалау.

Сонымен бірге басқару үдерісінің барлық құрамдас бөліктері бір-бірімен тығыз байланысты.

Портфельді басқару үдерісі портфельдің инвестициялық сапасы мен құрамын сақтауға бағытталған қымбат, әрі еңбекті көп қажет ететін, үздіксіз бөлшектеп талдауды жүзеге асыратын басқарудың бір элементі *мониторинг* болып табылады. Мониторинг инвестициялық қаржылардан түсетін табыстың көлемін болжауға және бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды интенсификациялауға (арттыруға) мүмкіндік береді.

Мониторинг бағалы қағаздар портфелін басқарудың *активті* және *пассивті* басқару модельдері арқылы жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар портфелін *активті басқару моделі мынадай қадамдар арқылы жүргізіледі:*

1. Бағалы қағаздарды іріктеу. Тиімді бағалы қағаздарды сатып алу, тиімсіз бағалы қағаздарды сату.

2. Жаңа портфельдің табыстылығы мен тәуекелін есептеу.

3. Жаңа және бұрынғы қалыптасқан портфельдің тиімділігін салыстыру.

4. Жаңа портфельді қалыптастыру.

Бағалы қағаздар портфелін *пассивті басқару моделі мынадай қадамдар арқылы жүргізіледі:*

1. Минималды қажетті табыстылықты анықтау.

2. Жақсы әртарапандырылған портфельге бағалы қағаздарды іріктеу.

3. Портфельді оптимизациялау.

4. Табыстылықтың төмендеу себебін анықтау.

5. Жаңа портфельді қалыптастыру.

Басқарудың активті моделі портфельдің инвестициялық мақсатына жауап беретін құралдарды тез арада сатып алу және нарықтағы болып жатқан өзгерістердің портфельге әсерін мүқият қадағалауды білдіреді. Активті басқаруды жүзеге асыратын менеджер табысы төмен активтерден тез арада құтылып,

неғұрлым тиімді бағалы қағаздарды сатып алуға ұмтылуы қажет. Портфельдің инвестициялық қасиеті мен портфель құнының төмендеуін жібермеу қажет, сонымен қатар жаңадан қалыптасқан портфельдің құнын, тәуекелін, табыстылығын және өзге де инвестициялық сипаттамаларын табысы төмен бұрын қалыптасқан портфельмен салыстырмалы талдау жасау қажет.

Басқарудың пассивті моделі сапасы жоғары тәуекел деңгейі төмен, ұзақ мерзімге эмиссияланған бағалы қағаздардан қалыптасқан портфельді басқаруда тиімді модель болып табылады. Мысалы, мемлекеттік облигациялардан қалыптасқан портфельді басқару.

Портфельдің типіне қарай басқарудың тактикасы қолданылады.

Активті және пассивті басқару моделі клиенттің қаражаты есебінен немесе екі жақты келісілген келісімшарт негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Активті басқаруда қомақты шығын және арнайы мамандандырылған мекеменің болуы қажет. Бұл мекеме клиенттің бағалы қағаздар портфелінің құрылымына, бағалы қағаздарды сату және сатып алумен және инвестордың қаражатын басқарумен байланысты барлық мәселелерді қарастырады.

Бағалы қағаздар портфелін басқарушы менеджер өзінің біліміне негізделе отырып және өзі таңдаған стратегиясы негізінде тиісті операцияларды жүзеге асырады. Бағалы қағаздар портфелі бойынша түсетін табыстың көлемі менеджердің инвестициялық өнеріне де байланысты болады. Бұл қызметтің түрін «бағалы қағаздар портфелін басқару» деп атайды.

Пассивті басқаруда ақша қаражатын арнайы мекеменің басқарылуына беруді білдіреді. Бұл мекеме клиенттің атынан және клиенттің тапсырмасы бойынша табыс алу мақсатын көздей отырып, портфельді инвестициялауды жүзеге асырады. Жүргізілген әрбір операция бойынша комиссияндық сыйақы алынады. Бұл операцияны «сенімді банктік операция» деп атайды.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Бағалы қағаздар портфелінің экономикалық мәні?
2. Бағалы қағаздар портфелін қалыптастырудың қағидаларын атаңыз?

3. Бағалы қағаздар портфелінің жіктелімі?
4. Бағалы қағаздар портфелін басқару модельдерінің мәні?
5. Бағалы қағаздар портфелін активті басқару ерекшеліктері?
6. Бағалы қағаздар портфелін пассивті басқару ерекшеліктері?
7. Сенімді банктік операцияның мәні?
8. Агрессивті және консервативті өсу портфелінің бір-бірінен айырмашылығы?
9. Орташа өсу портфелінің құралдары?
10. Инвестициялық стратегияның мәні ?

4-ТАПСЫРМА

Сол жақ калонкада көрсетілген оң жақ калонкадағы терминнің анықтамасын табыңыз.

№	Термин	Жауабы	№	Анықтамасы
1	Бағалы қағаздар портфелі		1	агрессивті және консервативті өсу портфельдерінің үйлесімділігін білдіреді
2	Агрессивті өсу портфелі		2	капиталға салым өскен кезде жоғары табыс алатын бағалы қағаздар кіреді. Кәсіпорын екі типтегі акцияларды шығарады, біріншісі жоғарғы деңгейде табыс әкеледі, екіншісі капиталдың көлемін ұлғайтады
3	Консервативті өсу портфелі		3	бағалы қағаздар нарығы субъектісінің меншігіндегі немесе басқаруындағы әртүрлі бағалы қағаздардың жиынтығы
4	Орташа өсу портфелі		4	сапасы жоғары, тәуекелі төмен, ұзақ мерзімге эмиссияланған бағалы қағаздардан қалыптасқан портфельді басқаруда тиімді болып табылады
5	Баланстандырылған портфель		5	портфельдік инвестициялаудың негізгі принципі болып табылады, тәуекелді төмендетеді, ақшаның бәрін бағалы қағаздың бір түріне салудан аулақ болу қажет, залалды шығынға және қателікке жол бермейтін принцип

6	Қос бағыттағы портфель		6	портфельдің инвестициялық мақсатына жауап беретін құралдарды тез арада сатып алу және нарықтағы болып жатқан өзгерістердің портфельге әсерін мұқият қадағалауды білдіреді
7	Пассивті басқару моделі		7	капиталдың максималды өсіміне бағытталған. Бұл портфельдің құрамына жаңадан құрылған және тез өсетін компаниялардың акциялары кіреді
8	Активті басқару моделі		8	шығару талаптары исламдық қаржыландыру принциптеріне сәйкес келетін эмиссиялық бағалы қағаздар
9	Әртараптандыру принципі		9	бұл типтегі портфельге тәуекелі жоғары бағалы қағаздар, сонымен қатар жай және артықшылықты акциялар, облигациялар кіреді. Бұл портфельдің құрылуы кезінде қойылған сипатына сәйкес келетін табыстар мен тәуекелдердің балансталыуымен сипатталады
10	Ислам бағалы қағаздары		10	бұл портфельдің тәуекелі төмен болып келеді. Аталған портфельдің құрамына жақсы танымалды ірі компаниялардың акциялары кіреді

5.1. Акциялардың экономикалық мәні мен қажеттілігі

Акция немісше *aktie*, латынша *aktiy* – қарамағына беру, рұқсат беру деген мағынаны білдіреді.

Акция – бұл акционерлік қоғамның жарғылық капиталына үлес қосқандығын куәландыратын, басқару ісіне қатысуға және кәсіпорын таратылған жағдайда мүліктің қандай да бір үлесін алуға құқық беретін, сондай-ақ иесіне табыс әкелетін бағалы қағаз.

Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.

Акцияның бір түрі оны иеленетін әрбір акционерге осындай акциялар түрінің басқа иелерімен бірдей көлемде құқықтар береді.

Қоғам акционерлерінің құқықтары:

- 1) қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға;
- 4) бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 6) қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;
- 7) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 8) өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқылы.

Акционерлік қоғам – эмитент мынадай жағдайларда акцияны шығарады:

- акционерлік қоғам жаңадан немесе қайтадан құрылған кезде;
- бірнеше акционерлік қоғамның қосылуы (жұтылуы) кезінде;
- жарғылық капиталға ақшалай қаражаттарды жұмылдыру кезінде;
- жарғылық капиталды қалыптастыруда;
- акционерлік қоғамның шығынын ұзақ мерзімде қаржыландыру үшін инвесторлардың капиталын пайдалану.

Инвестор үшін акцияны иеленудің артықшылықтары мынада:

- капитал көлемінің ұлғаюы (бұл нарықтағы акция құнының өсу мүмкіндігімен байланысты);
- дауыс беру құқығы (бағалы қағаздың түріне байланысты);
- қосымша жеңілдіктерге ие болу. Акционерлік қоғам өзінің акционерлеріне бірқатар жеңілдіктерді ұсынуы мүмкін. Мысалы, акционерлік қоғам өндіретін тауардың, қызметтің бағасына жеңілдік және т.б.
- қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алу құқығы;
- жаңадан шығарылатын акцияларды сатып алу құқығы және т.б.

Акция иесі (акционер) мынадай топтарға жіктеледі:

- 1) жеке;
- 2) ұжымдық (институционалдық);
- 3) корпоративті.

Әлемдік тәжірибеде, жеке акционерлерге қарағанда, мемлекет қолдайтын және мүмкіндігі зор ұжымдық акционерлерге артықшылық танытады. Ұжымдық акционерлерге сақтандыру компаниялары, жеке зейнетақы қорлары, жарналық қорлар жатады.

Акцияның мынадай өзіндік қасиеттері бар:

- 1) акция – бұл *меншік титулы*, яғни акция иесі акционерлік қоғамның ортақ иеленушісі болып табылады;
- 2) акцияның *айналыс мерзімі жоқ*, яғни акция иесінің құқығы акционерлік қоғамның қызмет ету ұзақтығымен тікелей байланысты;
- 3) акция иесінің *жауапкершілігі шектеулі*, акционерлер өздерінің қосқан акция сомасының мөлшерінде ғана қоғам міндеттемелеріне жауап береді;

4) акцияның *бөлінбеушілік* қасиеті, яғни акционерлік қоғамды ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаның бірлесе отырып иеленуін, меншік иелері арасындағы құқықтың бөлінбеуін білдіреді;

5) акция санын *көбейтуге* болады, яғни бір акцияның бірнеше акцияға айналуын білдіреді. Бір акцияның бірнеше акцияға айналуы барысында жарғылық капиталдың көлемі өзгеріссіз қалады. Акцияның бұл қасиетін эмитент акцияның нақты бір түріне ұсынысты көбейту үшін қолдануы мүмкін. Мысалы, номиналдық құны 1000 теңгемен бағаланатын бір акцияның орнына номиналдық құны 250 теңге тұратын 4 жаңа акцияны шығарады. Акционерлердің иелігіндегі акция санының көп екендігін білдіреді.

6) Акция санының *жинақталуы* бұл жағдайда акцияның саны азаяды, жарғылық капиталдың көлемі өзгеріссіз қалады.

Акция бұл ресми құжат болғандықтан, оның түр сипатын анықтайтын *мынадай міндетті деректемелері болуы керек:*

- 1) акционерлік қоғамның атауы, орналасқан жері;
- 2) бағалы қағаздың атауы – «акция»;
- 3) реттік нөмірі;
- 4) шығарылған күні;
- 5) акцияның түрі (жай немесе артықшылықты акция);
- 6) номиналдық құны;
- 7) акция иесінің аты-жөні (атаулы акция бойынша);
- 8) акцияны шығарған кездегі жарғылық қордың мөлшері;
- 9) шығарылатын акцияның саны;
- 10) дивидендті төлеу мерзімі, дивиденд бойынша пайыз мөлшері және жойылу құны (тек қана артықшылықты акция бойынша);
- 11) акционерлік қоғам басқармасы төрағасының қолы;
- 12) эмитент-компанияның мөрі.

5.2. Акцияның жіктелімі

Акция мынадай белгілер бойынша жіктеледі:

1. Акцияны шығару нысанына қарай:
 - құжатты – материалдық нысаны бар бағалы қағаз түрі;
 - құжатсыз – электрондық жазбалардың жиынтығы түрінде шығарылатын бағалы қағаз.

2. Акцияны иелену тәсіліне қарай:

– атаулы акция – акцияның иесі туралы мәліметтер акционерлік қоғамның тіркеу журналында тіркеледі;

– мәлімдеуші акция – акцияның иесі туралы мәліметтер акционерлік қоғамның тіркеу журналында тіркелмей-ақ, бағалы қағаздар нарығында еркін айналыста болатын бағалы қағаз түрі.

3. Акционерлік қоғамның жарғысында көрсетілуіне қарай:

– орналастырылған акциялар – акционерлердің акцияларды сатып алуын білдіреді. Акционерлік қоғамның бағалы қағаздардың бастапқы нарығында құрылтайшылар мен инвесторлар құнын төлеген акциялары;

– жарияланған акциялар – эмитенттің орналастырылған акцияларға қосымша акцияларды шығару мүмкіндігін білдіреді. Жарғыда жарияланған акциялар туралы мәліметтер болған жағдайда акционерлік қоғам қосымша акциялар шығару туралы шешімді қабылдайды.

4. Акция бойынша құқық көлеміне қарай:

– жай акция – өз құзыреті шеңберінде барлық мәселелерді шешумен байланысты дауыс беру құқығы мен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді;

– артықшылықты акция – жай акциялардың меншік иелеріне карағанда артықшылықты акцияның артықшылығы мынада: акционерлік қоғамның жарғысында алдын ала айқындалып, белгіленген мөлшерде акционердің дивиденд алуға және қоғам таратылған кезде белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.

Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған *коммерциялық емес ұйымдардың* артықшылықты акцияларды шығаруға құқығы жоқ.

Қоғамның *артықшылықты акцияларының саны* оның *орналастырылған акцияларының* жалпы санының *жиырма бес* пайызынан аспауы тиіс.

Мынадай жағдайларды қоспағанда артықшылықты акция иесінің қоғамды басқаруға қатысу құқығы жоқ:

1) қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша, артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса;

2) қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша, қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараса;

3) артықшылықты акция бойынша дивидендті төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбесе.

Әлемдік тәжірибеде жай және артықшылықты акциялардың бірнеше түрлері бар. Сонымен, артықшылықты акцияларды мынадай түрлерге жіктеуге болады:

– кумулятивті акция – төленбеген немесе толық көлемде төленбеген дивидендтер жинақталып, кейін толық көлемде төленетін акцияның түрі;

– конвертацияланатын (айырбасталатын) акция – акционерлік қоғамның бағалы қағазды шығару проспектісімен айқындалатын талаптар мен тәртіп арқылы оның бағалы қағазының басқа түріне айырбасталуға жататын бағалы қағаз.

Бұл акцияның түрі мынадай жағдайларда айырбасталуы мүмкін:

1) қоғамның қажеттілігіне қарай акционерлерден акцияны қайта сатып алу;

2) басқа бағалы қағаз түріне;

3) номиналдық құны жоғары акцияны номиналдық құны төмен акцияға және керісінше;

4) құқық көлемі жоғары акцияны құқық көлемі төмен акцияға және керісінше.

Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға оның жарғысында осы бағалы қағаздың түрін шығару мүмкіндігі көзделген жағдайда ғана құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісінде көрсетіледі.

– қатысу үлесі бар акция – акция иесіне тіркелген дивидендпен қатар қосымша дивиденд алуға құқық береді.

– кепілдікті акция – бұл акцияның түрін еншілес кәсіпорындар шығаруы мүмкін. Бұл жағдайда дивидендті төлеу жо-

ғары тұрған ұйымның беделімен кепілдендіріледі. Бұл еншілес кәсіпорындардың шығарған акцияларына инвесторларды тартуға мүмкіндік береді.

1. «Алтын акция» – құрылтай жиналысы (жалғыз құрылтайшының шешімі) немесе акционерлердің жалпы жиналысы жарғылық капиталды қалыптастыруға және дивидендтер алуға қатыспайтын «алтын акцияны» енгізуі мүмкін. «Алтын акция» иесінің акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар мен атқарушы органның шешімдеріне қоғам жарғысында белгіленген мәселелер бойынша veto қою құқығы болады. «Алтын акция» куәландырған veto қою құқығы басқаға берілмеуі тиіс. (Акцияның жіктелімі 4-кестеде берілген).

4-кесте

Акцияның жіктелімі

Акцияның жіктеліну белгілері	Акцияның түрлері
Акцияны шығару нысанына қарай	құжатты; құжатсыз.
Акцияны иелену тәсіліне қарай	атаулы акция; мәлімдеуші акция.
Акционерлік қоғамның жарғысында көрсетілуіне қарай	орналастырылған; жарияланған.
Құқық көлеміне қарай	жай акция; артықшылықты акция; кумулятивті акция; конвертацияланатын акция; қатысу үлесі бар акция; кепілдікті акция;
Мемлекеттің бақылауды жүргізуіне қарай	«алтын акция»
Дерек көзі: автор құрастырған	

5.3. Акция бойынша дивидендті төлеу тәртібі

Дивиденд (латынша. *dividendum* – бөліске түсу) – акционерлерге акциясының құны мен мөлшеріне сәйкес акционерлік қоғам пайдасынан жыл сайын төленетін табыс.

Дивиденд – акционердің өзіне тиесілі акциялары бойынша жыл сайын төлеп отыратын және акционерлер арасында бөлінетін акционерлік қоғам пайдасының бір бөлігі.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу *төлем агенті* арқылы жүргізілуі мүмкін. Төлем агентінің қызметіне ақы қоғам есебінен төленеді.

Орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді. Жай және артықшылықты акция бойынша дивидендті төлеу тәртібінің ерекшеліктері 5-кестеде берілген.

5-кесте

**Жай және артықшылықты акция бойынша
дивидендті төлеу тәртібі**

		Жай акция	Артықшылықты акция
1	Дивидендті төлеу туралы шешімнің болуы	Қоғамның жай акциялары бойынша тоқсан немесе жарты жылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу тек қана акционерлердің жалпы жиналысының <i>шешімімен жүзеге асырылады.</i>	Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу қоғам органының <i>шешімін талап етпейді.</i>
2	Дивидендті бағалы қағазбен төлеуі	Қоғамның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана <i>жол беріледі.</i>	Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге <i>жол берілмейді.</i>

5-кестенің жалғасы

3	Дивидендтер төлеу туралы <i>шешімнің қабылданғандығын жария етуі</i>	Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы <i>шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні</i> ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс. Бұл ретте жария компаниялар осы шешімді өздерінің корпоративтік веб-сайтында да жариялауға тиіс. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер: қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері; дивидендтер төленетін кезең; бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері; дивидендтер төлеудің басталатын күні; дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны <i>болуға тиіс.</i>	Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер <i>төлеу мерзімінің басталуы алдындағы бес жұмыс күні</i> ішінде қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтер төлеу, сондай-ақ қоғамның бір артықшылықты акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ақпарат жариялауға міндетті.
4	Акциялар бойынша дивидендті төлеу кезектілігі	<i>Екінші кезектілікте.</i> Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгеннен кейін оның жай акциялары бойынша дивидендтер төленеді.	<i>Бірінші кезектілікте.</i>

5-кестенің соңы

5	Акциялар бойынша дивидендті төлеудің кезеңділігі	Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеудің кезеңділігі <i>қоғамның жарғысымен және акцияларды шығару проспектісімен</i> белгіленеді.	Артықшылықты бір акцияға дивидендтер төлеу кезеңділігі <i>қоғамның жарғысымен</i> белгіленеді.
6	Акциялар бойынша дивидендті төлеудің мөлшері	Жай акция бойынша дивидендтің мөлшері акционерлік қоғамның <i>таза пайдасына</i> байланысты.	Дивидендтің мөлшері <i>қоғамның жарғысымен алдын ала</i> белгіленеді. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері жай акциялар бойынша осы кезең үшін есептелетін дивидендтердің мөлшерінен аз болмауы керек.
Дерек көзі: автор құрастырған			

Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша мынадай жағдайларда дивидендтер төлеуге жол берілмейді:

1) жарғылық капиталдың мөлшері толығымен төленбеген жағдайда;

2) Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңына сәйкес қоғамның төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілері анықталған жағдайда немесе аталған белгілер қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу нәтижесінде пайда болса;

3) сот немесе акционерлердің жалпы жиналысында қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда;

4) орналастырылмаған акциялары бойынша.

Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымдар өз акциялары бойынша дивидендтерді есептейді және төлемейді.

Акционер қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы

және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

5.4. Акцияның құндық бағасы және акцияның табыстылығын сипаттайтын көрсеткіштер

Акцияның бағасы оның айналыста жүру циклімен, яғни акцияны шығарумен оны алғашқы орналастырумен және оның айналысымен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғам» туралы заңына сәйкес қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың акцияларының нақтылы құны бойынша төленуі және акцияларды инвесторларға белгіленген талаптарға сәйкес орналастыру бағасы бойынша сату арқылы қалыптастырылады.

Акцияның құндық бағалары:

1. *Акцияның номиналдық құны* – барлық жай және артықшылықты акцияларға арналған, жарғылық капиталды қалыптастыруға қатысатын және акционерлік қоғамның құрылтай шартында айқындалатын бірыңғай баға, осы баға бойынша акциялар құрылтайшылар арасында орналастырылатын акция құнының ақшалай көрінісі.

2. *Акцияның орналастыру бағасы* – акцияларды бастапқы бағалы қағаздар нарығына орналастырған кездегі акцияның бағасы.

3. *Акцияның нарықтық бағасы* – екінші ретті нарықтағы акцияның сатылу және сатып алу бағасы. Акцияның нарықтық бағасы қор биржасындағы сауда-саттықта белгіленеді. Биржалық бағам сұраныс пен ұсынысқа сәйкес анықталады.

4. *Акцияның курстық бағасы* – акцияның нақтылы сатылу бағасы акцияның курстық бағасын (акцияның бағамын B_a) білдіреді. Акцияның курстық бағасы мына формуламен анықталады:

$$B_a = \text{дивиденд / ссудалық пайыз} \times 100 \%,$$

мұндағы ссудалық пайыз ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін немесе коммерциялық банктердің депозит бойынша сыйақы мөлшерлемесін пайдалануға болады.

5. *Акцияның баланстық құны* ($A_{\text{ок}}$) – жай және артықшылықты акциялар бойынша жеке-жеке анықталады.

$$A_{\text{ок}} = \text{таза активтің құны} / \text{айналыстағы жай акцияның саны}$$

Акционерлік қоғам таратылған жағдайда бір акцияға келетін меншік үлесін анықтау үшін және акционерлік қоғамның шығарған бағалы қағаздары биржаның бағалы қағаздар тізіміне енуі үшін, сондай-ақ аудиторлық тексеріс кезінде акцияның баланстық құны анықталады.

6. *Акцияның жойылу құны* – тек қана артықшылықты акциялар үшін анықталады және бұл құн эмиссияланған кезде бекітіледі.

Инвестор қор нарығында пайда табу мақсатын көздей отырып, акцияға капитал жұмсайды. Акцияға жұмсалатын инвестиция қаржылық инвестицияның бір түрі болып табылады.

Акция иесі бір жолғы негізде немесе тұрақты түрде дивиденд (пайда) алып отырады. *Акцияның табыстылығы* – бұл акцияны сатып алу кезінде акционердің жұмсаған шығынына алған пайданың көлемін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш болып табылады. Акцияға инвестиция жұмсау немесе инвестициялау туралы шешім қабылдаған кезде инвестициялық сипаттамаларды және оның құндық бағаларын салыстыру қажет.

Акцияның табыстылығына мынадай факторлар әсер етеді:

- дивидендтік төлемнің көлемі;
- нарықтық бағаның ауытқуы;
- инфляцияның деңгейі;
- салық мөлшері.

Акцияның табыстылығын сипаттайтын көрсеткіштер:

1. Бір акцияға келетін пайда немесе бір акцияның табыстылығы (Earning Per Share – EPS). Бұл көрсеткіш бір жай акцияның таза пайдадағы мөлшерін көрсетеді. Бұл көрсеткіш мына формуламен анықталады (егер де кәсіпорын тек қана жай акция шығаратын болса).

$$EPS = \text{таза пайда} / \text{айналыстағы жай акцияның саны}$$

Егер де кәсіпорын жай акциямен қоса артықшылықты акция шығаратын болса, бір акцияға келетін пайда мына формуламен анықталады.

$EPS = \text{таза пайда} - \text{арт. акция бойынша дивиденд} / \text{айналыстағы жай акцияның саны}$

2. P/E (Price – Earnings ratio) – дивидендтің табыстылық коэффициенті. Бұл коэффициент акцияның нарықтық құнының бір акцияға келетін пайдаға қатынасын білдіреді.

$$P/E = \frac{P}{EPS}$$

P/E – дивидендтің табыстылық коэффициенті

P – акцияның нарықтық құны

P/E көрсеткішінің мәні жоғары болса, кәсіпорынның табыстылығына байланысты жағдайының жақсарғандығын, ал егер де P/E көрсеткішінің мәні төмен болса, кәсіпорын жағдайының нашарлағандығын білдіреді.

3. Акцияға есептелетін дивиденд (Dividends Per Ordinary - DPS). Әр бір жай акцияға келетін дивиденд мөлшерін көрсетеді. Дивиденд акцияның ағымдағы табыстылығын сипаттайды. Бұл көрсеткіш мына формуламен анықталады.

$$DPS = \text{жай акция бойынша дивиденд} / \text{жай акцияның саны}$$

4. *Дивиденді төлеу коэффициенті (POR)* – бір акцияға төленетін дивидендтің таза пайдадағы үлесін анықтайды. Бұл көрсеткіштің мәні 1-ден аспауы керек.

$$POR = \frac{DPS}{EPS}$$

DPS – бір акцияға төленетін дивидендтің көлемі

EPS – бір акцияға келетін пайданың көлемі

5. *Акцияның құнын анықтау* – дивидендтің акция табыстылығына қатынасы арқылы анықталады.

$$P = \frac{div}{r}$$

r – акцияның табыстылығы

div - дивидендтің көлемі

6. *Дивидендтің тұрақты өсу қарқыны кезіндегі акцияның құны* – акцияның құны мына формуламен анықталады.

$$P = \frac{div(1 + g)}{r - g}$$

div – дивидендтің көлемі

g – дивиденттің өсу қарқыны

r – акцияның табыстылығы

7. *Акияның табыстылығы* – акцияның табыстылығы мына формуламен анықталады.

$$r = \frac{Ps - Pb + div}{Pb} * \frac{360}{t} * 100$$

Ps – акцияны сату бағасы
 Pb – акцияны сатып алу бағасы
 div – дивидендтің көлемі
 t – күн саны

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Акцияның мәнін қалай түсінесіз?
2. Акцияның қасиеттерін атаңыз.
3. Акцияның деректемелерін атаңыз.
4. Акционерлік қоғамның акцияны эмиссиялаудағы мақсаты қандай?
5. Акцияның қандай түрлерін білесіз?
6. Шығару нысанына қарай акцияның қандай түрлерін білесіз?
7. Иелену тәсіліне қарай акцияның қандай түрлерін білесіз?
8. Құқық көлеміне қарай акцияның қандай түрлерін білесіз?
9. Жай акцияның мәнін қалай түсінесіз?
10. Артықшылықты акцияның түрлерін атаңыз.
11. «Алтын акцияның» мәнін қалай түсінесіз?
12. Дивидендтің экономикалық мәнін сипаттаңыз.
13. Акция бойынша дивидендті төлеу нысандарын атаңыз.
14. Жай және артықшылықты акция бойынша дивидендті төлеу тәртібі қандай?
15. Акцияның құндық бағасы дегеніміз не?
16. Акцияның номиналдық құны дегеніміз не?
17. Акцияның табыстылығына әсер ететін факторларды атаңыз.
18. Акция бойынша дивиденді төлеу тәртібі қандай?
19. Акцияның түрлеріне байланысты дивидендті төлеу кезектілігі қандай?

5-ТАПСЫРМА

Сол жақ калонкада көрсетілген оң жақ калонкадағы терминнің анықтамасын табыңыз.

№	Термин	Жауабы	№	Анықтамасы
1	Акция		1	төленбеген немесе толық көлемде төленбеген дивидендтер жинақталып, кейін толық көлемде төленуі мүмкін

2	Жай акция		2	акционердің өзіне тиесілі акциялары бойынша жыл сайын төлеп отыратын және акционерлер арасында бөлінетін акционерлік қоғам пайдасының бір бөлігі
3	Артықшылықты акция		3	бұл акционерлік қоғамның жарғылық капиталына үлес қосқандығын куәландыратын, басқару ісіне қатысуға және кәсіпорын таратылған жағдайда мүліктің қандай да бір үлесін алуға құқық беретін, сондай-ақ иесіне табыс әкелетін бағалы қағаз
4	Кумулятивті акция		4	барлық жай және артықшылықты акцияларға арналған, құрылтайшылар төлейтін, жарғылық капиталды қалыптастыруға қатысатын және акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарында белгіленген акция құнының ақшалай көрінісі
5	Конвертацияланатын акция		5	акцияларды бастапқы бағалы қағаздар нарығына ораластырған кездегі акцияның бағасы
6	Дивиденд		6	екінші ретті нарықтағы акцияның сатылу және сатып алу бағасы
7	Акцияның нақтылы құны		7	өз құзыреті шеңберінде барлық мәселелерді шешумен байланысты акционерге дауыс беру құқығы мен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді
8	Акцияның орналастыру бағасы		8	дивидендтік төлемнің көлемі; нарықтық бағаның ауытқуы; инфляцияның деңгейі; салық мөлшері
9	Акцияның нарықтық бағасы		9	акционерлік қоғамның жарғысында алдын ала айқындалып, белгіленген мөлшерде акционердің дивиденд алуға және қоғам таратылған кезде белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар
10	Акцияның табыстылығына мынадай факторлар		10	акционерлік қоғамның шығару проспектісімен айқындалатын талаптар мен тәртіп арқылы оның бағалы қағазының басқа түріне айырбасталуға жататын бағалы қағаз

АКЦИЯ НАРЫҒЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕР

1. Акционерлік қоғамның жарғылық капиталы – 28 000 000 теңге, жай акцияның номиналдық құны – 3500 теңге, таза пайданың көлемі – 3 500 000 теңге. Бір жай акцияға келетін пайданы анықтау (EPS).
2. Акционерлік қоғамның таза пайдасы – 35 000 000 теңге. Айналыста барлығы 100 000 дана акция бар, оның 25 000 данасы артықшылықты акция. Артықшылықты акция бойынша жарияланған дивиденд мөлшері – 20 % (таза пайдадан). Бір жай акцияға келетін пайданы анықтау (EPS).
3. Акционерлік қоғамның жарғылық капиталы – 3 650 000 теңге, жай акцияның номиналдық құны – 1250 теңге, таза пайданың көлемі – 1 000 000 теңге. Бір жай акцияның сатылу құны – 2500 теңге. P/E көрсеткішінің мәнін анықтау.
4. Акционерлік қоғамның жарғылық капиталы – 2 700 000 теңге, жай акцияның номиналдық құны – 3000 теңге, таза пайданың көлемі – 1 500 000 теңге. Төленген дивидендтің мөлшері – 900 000 теңге. Дивидендті төлеу коэффициентінің мәнін анықтау (POR).
5. Жарияланған дивидендтің жылдық мөлшері – 25 %, акцияның табыстылығы – 15 %. Дивидендтің тұрақты түрде өсу қарқыны – 3 %. Номиналдық құны – 2000 теңге тұратын акцияның нарықтық құнын анықтау?
6. Инвестор 2000 теңге тұратын акцияны сатып алды. 205 күннен кейін акцияны 2450 теңгеге сатты. Осы уақыт аралығында акциялар бойынша 560 теңге көлемінде дивиденд төленді. Акцияның табыстылығын анықтау қажет.
7. Инвестор 210 000 теңгеге акциялар сатып алды. 2 жылдан кейін оларды 315 000 теңгеге сатты. 1-жылы алған дивиденд көлемі – 210 теңге, 2-жылы – 350 теңге. Акцияның табыстылығы қандай?
8. Инвестор 1 350 000 тг акция сатып алды. Оның 540 000 тг-сі 13 %-бен қарызға алған қаражаты. Екі жылдан кейін инвестор акцияны 1 500 000 тг-ге сатты. Акцияны иеленген уақытта инвесторға 300 000 тг дивиденд төленді. Инвестор қарызға алған қаражатын және оған есептелген пайыз сомасын акцияны сатқаннан кейін (2 жылдан кейін) қайтарды. Акцияның табыстылығын анықтау қажет.

6.1. Облигациялардың мәні мен ерекшеліктері

Динамикалық тұрғыда дамып отырған кәсіпорын жаңа негізгі құралдарды сатып алу барысында өзінің ішкі немесе сырттан тартылған қарыз қаражаттарын пайдалану арқылы жүзеге асырады. Ішкі немесе сыртқы қарыз қаражаттарын пайдалану кәсіпорынның іскерлік белсенділігіне тікелей байланысты, яғни кәсіпорынның рентабельділігі жоғары болса, сыртқы қарыз қаражаттарына деген сұраныс та аз болады. Сыртқы қаржыландыруды инвесторлар мен кредиторлар қамтамасыз етеді. Инвесторлар қаржы нарығында бағалы қағаздарды сатып алу арқылы кәсіпорынды қаржыландырады. Бұл бағалы қағаздар қарыздық немесе үлестік бағалы қағаздар болып табылады.

Меншік иесі бизнестегі немесе бақылаудағы өзінің үлесін төмендетпеу үшін кәсіпорынның шығындарын қарыздық қаржыландыруға жүгінді. Сонымен, облигация – ұзақ мерзімді қарыз капиталын тартудың бір нысаны.

Облигация – бұл қарыздық бағалы қағаз. Төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарын сақтай отырып эмитент-кәсіпорын облигацияны шығару арқылы инвесторлардан қарыз қаражаттарын тартады. Бұл банктік несиеге теңестіріледі. Облигациялық қарыздық қарым-қатынасқа түсуші кредитор – нақты банк болып табылмайтын әртүрлі инвесторлар. Себебі облигацияның айналыс мерзімі ішінде инвестор өзінің иелігіндегі бағалы қағазын нарықтың кез келген қатысушысына сатуға құқығы бар. Облигацияның *негізгі қасиеті* – облигация бойынша тіркелген табыс төленеді. Банк несиесі мен облигациялық займның бір-бірінен айрмашылықтары 6-кестеде берілген.

Облигация – облигация иесімен (қарыз берушімен) эмитент (қарыз алушының) арасындағы қарыздық қарым-қатынасты куәландыратын бағалы қағаз.

Облигация – облигация иесінің ақшалай қаражат салғандығын куәландыратын және эмитенттің осы қаражат сомасы мен оған есептелген пайызды қайтарып беру туралы міндеттемесін растайтын бағалы қағаз.

Акция мен облигацияның айырмашылығы мынада:

1) акцияны сатып алушы тұлға эмитент-компанияның меншік иесі. Облигацияны сатып алушы тұлға эмитент – компанияның қарыз берушісі (кредитор) болып табылады;

2) акцияға қарағанда облигацияның айналыс мерзімі шектеулі болады;

3) облигация бойынша пайызды төлегеннен кейін акция бойынша дивиденд төленеді;

4) акционерлік қоғам таратылған жағдайда, барлық қарызды соның ішінде облигациялық заем бойынша төлемдерді төлегеннен қалған мүліктің бөлігіне акционерлердің құқығы бар;

5) облигация иесіне қарағанда акция иесінің эмитент-компанияны басқаруға қатысуға құқығы бар.

Акционерлік қоғамның облигацияны шығарудағы артықшылығы мынада:

– Шығарылған облигацияны орналастыру барысында, кредиторды қарыз алушының қаржы-шаруашылық қызметін басқаруға қатыстырмай-ақ қосымша ресурстарды жұмылдыруға болады.

– Облигация өзінің мәні жағынан банктік ссудаға ұқсас болғандықтан, акционерлік қоғамның облигациялық қарызын қосымша қарыз қаражаттары ретінде қарастыруға болады.

– Эмитенттің төлем қабілеттілік талаптары орындалған жағдайда акционерлік қоғамның облигацияны шығаруға құқығы бар.

– Облигация қоғамның мүлкімен қамтамасыз етіледі және пайыз төлеуде басымдығы болады.

Облигация эмиссиясының акционерлік қоғам үшін кемшіліктері:

– Облигацияны жарғылық капиталы қалыптастыруға және ақшалай қаражаттың уақытша тапшылығының орнын толтыру үшін шығаруға болмайды.

– Олигация эмиссиясы эмитенттің қосымша шығынымен байланысты болып келеді және ақшалай қаражат тарту үшін ұзақ мерзімді қажет етеді.

– Кредиттік рейтингісі жоғары акционерлік қоғам ғана қомақты сомаға облигация орналастыруы мүмкін.

Акционерлік қоғамның облигацияны шығару тәртібі Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы» туралы Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Осы заңға сәйкес *эмитент мынадай талаптарды сақтаған жағдайда облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығаруды жүзеге асыруға құқылы:*

1) дефолт фактілері болмаған жағдайда;

2) облигациялар шығару туралы шешім қабылдаған күні міндеттемелерді орындамау фактілері болмаған жағдайда;

3) соңғы үш жыл ішінде қызметті залал шекпей жүзеге асырған жағдайда (арнайы қаржы компаниясын қоспағанда);

4) облигациялық бағдарламалар шегінде шығарылатын облигацияларды, қор биржасының ресми тізіміне енгізуге үміткер эмитенттерге, сауда-саттықты ұйымдастырушы қойған талаптарға сай келген жағдайларда.

Осы жоғарыда аталған 3-4 талаптар инфрақұрылымдық облигациялар шығаруға қолданылмайды.

Эмитент облигациялық бағдарлама шегінде құрылымы бойынша әртүрлі облигациялар шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Облигациялық бағдарлама – бұл эмитент бірнеше облигациялар шығаруды, оның ішінде шығарылымның тиісті проспектісі белгілейтін әртүрлі құрылыммен шығаруды жүзеге асыруға құқылы болатын шекте облигациялар шығаруды білдіреді.

Облигациялық бағдарламалар шегінде шығарылған облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу талаптары мен тәртібіне қойылатын талаптар, облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығаруды жүзеге асыратын эмитент орындауға тиіс ерекше талаптар мен шектеулер облигациялық бағдарлама проспектісімен белгіленеді.

**Банк несиесі мен облигациялық заемның
бір-бірінен айрмашылықтары**

Параметрлері	Банк несиесі	Облигациялық заем
Экономикалық мәні	Банктер салымшылардың бос ақшалай қаражаттарын тарта отырып, заңды және жеке тұлғаларға жоғарғы пайызбен ұсынады. Банк – қарыз алушы мен қарыз беруші тұлғалар арасында делдалдық қызметті атқарады.	Облигацияны эмиссиялау арқылы эмитент инвестормен тікелей қарым-қатынаста болады. Эмитент қарыз қаражаттарын пайдаланғаны үшін төменгі мөлшерде пайыз төлейді.
Ақша қаражаттарын тарту мерзімі	Банк тарапынан берілетін қарыз қаражаттарының мерзімі нормативтік құқықтық актілермен анықталады.	Облигацияны орналастыру тәртібі мен шартын эмитенттің өзі бекітеді, Облигацияның орташа айналыс мерзімі – 3 жылдан 7 жылға дейін.
Пайызды төлеу және міндеттемені өтеу	Қарыз алушы несиелік келісімшартқа сәйкес негізгі қарыз сомасы мен оған есептелген пайызды төлейді. Бұл төлем тәжірибеде айына бір рет төленеді.	Эмитент облигация бойынша негізгі қарыз сомасын облигацияны өтеу кезінде төлейді. Облигация бойынша купонды төлеу эмиссиялық проспектіде анықталады.
Тартылатын қаражаттың құны	Несие бойынша пайыздық мөлшерлеме келісімшартта анықталады және банкпен белгіленеді. Несие бойынша бекітілген пайыздық мөлшерлемені банктің қайта қарауға құқығы бар.	Тартылған ресурстың құны нарық құралдарының негізінде анықталады. Қарыз қаражаттарын жылдық 8-12 % тартуға болады. Облигацияны орналастыру шартына байланысты, эмитент тіркелген немесе құбылмалы пайыздық мөлшерлемені бекітеді.

6-кестенің соңы

Несиені (заемды) қамтамасыз етуге қойылатын талап	Банк тарапынан бекітіледі. Берілген қарыз қаражаттың қамтамасыз етілу құны алған қарыз қаражаттың құнынан екі еселенуі керек.	Эмитент қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген облигацияларды эмиссиялауға құқығы бар. Егер де қамтамасыз етілген облигацияларды эмиссиялаған жағдайда қамтамасыз етілу көлемі тартылған қаражаттың құнына сәйкес келуі керек.
Дерек көзі: автор құрастырған.		

6.2. Облигацияның айналыс кезеңдері

Облигацияның айналыс кезеңі облигацияны шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап облигация өтеу күніне дейінгі аралықты қамтиды.

Облигацияның айналыс кезеңі:

- 1) облигацияны эмиссиялауды жобалау;
- 2) облигацияны алғашқы орналастыру;
- 3) облигацияның қайталама бағалы қағаздар нарығындағы айналысы.

Облигацияны эмиссиялауды жобалау кезеңі. Облигацияны эмиссиялау туралы шешімді акционерлік қоғамның директорлар кеңесі қабылдайды. Облигацияны эмиссиялау туралы шешімде эмиссиялау параметрлері туралы ақпаратпен қамтылған құжатты білдіреді. Облигацияны эмиссиялау туралы шешімнің негізінде немесе облигациялық бағдарлама көлемінде *облигацияны шығару проспектісі* әзірленеді. Бұл проспект ҚР ҰБ қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитетінде тіркеледі.

Облигацияны шығару проспектісінің құрылымы:

- 1) облигацияны шығарушы компания туралы ақпарат;
- 2) қаржылық жағдайы туралы ақпарат;

3) облигацияны эмиссиялау параметрлері – мерзімі, шығару сомасы, бір облигацияның номиналдық құны, саны, купондық сыйақының мөлшері, купонды төлеу шарты және кезеңі;

4) эмитент – компанияның және облигацияны сатып алушы тұлғалардың (облигационерлердің) міндеттері мен құқықтары;

5) облигацияны алғашқы орналастыру мерзімі.

Бұл кезеңде эмитент қаржылық кеңесшіні таңдайды және облигацияны эмиссиялау және орналастыру шығындарын бағалайды. Бұл шығынның құрамы: листинг алымы, тіркеушіге төленетін сыйақы, қаржылық кеңесші мен брокерге төленетін сыйақы, облигация иесіне төленетін сыйақы, аудитке кеткен шығын.

Облигацияны алғашқы орналастыру кезеңі:

1) облигациялық бағдарламаны немесе облигация шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізу;

2) бағалы қағазға ұлттық идентификациялық нөмірді беру;

3) Қазақстан Қор биржасының листинг рәсімінен өту;

4) маркетинг, жарнама, презентация жасау;

5) орналастырылған бағалы қағаздың қорытынды есебін тіркеу.

Облигациялық бағдарламаны немесе облигацияны шығаруды мемлекеттік тіркеуді ҚР ҰБ қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитеті жүзеге асырады, нәтижесінде сандық және әріптік кодтан тұратын ұлттық идентификациялық нөмір беріледі.

Мемлекеттік тіркеуден өту үшін уәкілетті органға мынадай құжаттар табыс етіледі:

1. Өтініш.

2. Облигацияны шығару туралы шешім.

3. Облигацияны шығару туралы проспект.

4. Құрылтайшылық құжаттардың көшірмесі және т.б.

Қазақстан Қор биржасының листинг рәсімінен өту үшін листингтік талаптарды орындау қажет. Облигация секторына қойылатын листингтік талаптар 7-кестеде берілген.

Облигация секторына қойылатын листингтік талаптар.

Листингтік талаптар	Рейтингтік бағасы бар бағалы борыштық қағаздар		Рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар		
	Эмитент	Арнайы кәсіпорын шығарған/ Арнайы қаржылық компания шығарған, секьюритизацияланған борыштық бағалы қағаздар	1-санат (инфрақұрылымдық бағалы қағаздардан басқа)	2-санат	
				Инфрақұрылымдық бағалы қағаздардан басқа	Инфрақұрылымдық бағалы қағаздар
Рейтингтік баға	+	+	–	–	–
Қаржылық есеп-қисап стандарты	IFRS / IAAP	IFRS / IAAP	IFRS / IAAP	IFRS / IAAP	IFRS / IAAP
Эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін жүргізуі	Биржада танылған аудитор				
Эмитент қаржылық есептілігінің расталған аудиторлық есебін ұсынады	Кем дегенде соңғы екі аяқталған қаржылық жыл бойынша		Кем дегенде соңғы екі аяқталған қаржылық жыл бойынша	Кем дегенде соңғы бір аяқталған қаржылық жыл бойынша	–
Корпоративтік басқару кодексі	+		+	+	+
Маркет-мейкер	+	+	+	+	+
Мемлекеттік тіркеу	2 жыл	–	2 жыл	1 жыл	–
Меншікті капитал	–	–	2 050 000 АЕК	340 000 АЕК	–

7-кестенің соңы

Таза пайда	–	–	соңғы 2 жылдың әрқайсысы бойынша кем дегенде 85 600 АЕК	соңғы жыл ішінде 3 400 АЕК	–
Дерек көзі: *листингтік талаптар					

Қор биржасының листинг рәсімінен өту үшін мынадай құжаттар қажет:

1. Инвестициялық меморандум.
2. Эмитент компанияның заңды құжаттары.
3. Аудирленген қаржылық есептілігі.
4. Облигацияны тіркеушімен жасалған келісімшарт.
5. Маркет-мейкердің болуы.

Облигацияны алғашқы орналастыруды эмитент компания дербес өзі орналастырады немесе брокердің қызметін пайдаланады. Облигацияны эмиссиялау және орналастыру барысында эмитент қаржылық кеңесшімен, брокермен, андеррайтермен, ҚР ҰБ қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитетімен, Қазақстан қор биржасымен қарым-қатынасқа түседі.

Облигацияның қайталама бағалы қағаздар нарығындағы айналыс кезеңі. Бағалы қағаздың айналыс кезеңі – бағалы қағаз нарығының кәсіби қатысушылары қатысатын күрделі үдеріс. Бағалы қағаздың айналысын ұйымдастыру үшін арнайы лицензиясы бар институттар желісінің, нормативтік базаның, біліктілігі бар мамандардың болуы қажет.

Бағалы қағаздардың қайталама бағалы қағаздар нарығындағы айналысы бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында осы бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасуы арқылы жүзеге асырылады.

Эмитент-компания әрбір тоқсан сайын және жылдың аяғында қаржылық есептілікті қор биржасының сайтына орналастырады. Бұл ақпарат қайталама бағалы қағаздар нарығында болашақ инвесторлардың облигацияны сатып алуына мүмкіндік береді.

Облигациялық проспектіде қарастырылған кезеңде облигация иесіне купондық сыйақы төленіп отырады.

6.3. Облигациялардың жіктелімі

Облигация мынадай белгілер бойынша жіктеледі:

1. *Эмитентке байланысты:*

- мемлекеттік;
- корпоративтік;
- шетелдік.

2. *Облигациялық қарыздың мерзіміне байланысты:*

- қысқа мерзімді;
- орта мерзімді;
- ұзақ мерзімді.

3. *Облигацияны иелену тәртібіне қарай:*

– атаулы облигация иесінің аты-жөні эмитент жүргізетін тіркеу кітабында және облигацияның мәтінінде көрсетіледі;

– мәлімдеуші облигацияны тек қана мәлімдеу арқылы оның иелену құқығы дәлелденеді.

4. *Облигациялық қарыздың мақсатына қарай:*

– мақсатты – нақты инвестициялық жобаларды немесе нақты іс шараларды қаржыландыру үшін қосымша қаржылық ресурстарды тартады;

– жай – әртүрлі іс-шараларды жүзеге асыру үшін қосымша қаржылық ресурстарды тартады.

5. *Облигацияны орналастыру тәсіліне қарай:*

– еркін орналастырылатын облигациялық қарыз;

– қарызды мәжбүрлі тәртіппен орналастыру (мәжбүрлі тәртіппен мемлекеттік облигациялар орналастырылады).

6. *Облигациялық қарыздың өтелу нысанына қарай:*

- ақшалай нысанда;
- заттай нысанда.

7. *Облигациялық қарыздың өтелу әдісіне қарай:*

– бір жолғы төлеммен өтелетін;

– нақты бір мерзімде, облигацияның номиналдық құнының қандай да бір үлесінің өтелуі;

– облигациялық қарыздың тізбектеліп өтелуі – облигацияның тіркелген үлесі бойынша өтелуі.

8. Облигацияға пайыз түрінде төленетін төлем купонмен жүзеге асырылады. Купон – бұл сандық пайыз мөлшерлемесі көрсетілетін, қиып алынатын талонды білдіреді. *Облигация бойынша купондық (пайыздық) табысты төлеу тәсіліне қарай:*

– купондық облигация – облигацияның белгіленген айналыста болу мерзімі аяқталғаннан кейін иесіне осы облигацияның номиналды құнын, сонымен бірге купон (купондар) күйіндегі сыйақысын алу құқығын растайтын облигация;

– құбылмалы купонды облигация – шығарылым шарттарына сәйкес купонның мөлшерлемесі айналыста болу мерзімінде өзгертін, бастапқы кезде тек купондық кезеңдердің шектелген санына белгіленіп, ал қалған купондық кезеңдерге қатысты белгісіз болатын индекстелген купондық облигациясы;

– индекстелген облигация – облигацияның шығарылым шарттары бойынша номиналды құны немесе оның сыйақысы қандай да бір көрсеткіштің (қандай да бір көрсеткіштің индексациясының) өзгеруіне қарай өзгеруге жататын облигация. Әдетте инфляция жағдайында эмиссияланады;

– дисконттық облигация – номиналды құнынан төмен бағамен орналастырылатын облигация және осы облигацияның иесіне аталмыш облигациясының айналыста болу мерзімі аяқталғаннан кейін оның номиналды құнын алуға құқығын растайды; осындай облигацияның сыйақысы дисконт болып табылады – облигацияның номиналды құны мен орналастыру бағасы арасындағы оң айырмасы.

9. *Айналыс сипатына қарай:*

– айырбасталатын облигация – эмитент айырбасталатын облигациялар шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Айырбасталатын облигациялар шығару мүмкіндігі акционерлік қоғамның жарғысында көзделуге тиіс. Облигацияларды акционерлік қоғамның акцияларына айырбастау, облигациялар шығару проспектісінде белгіленген талаптары мен тәртібіне сәйкес жүргізіледі;

– айырбасталмайтын облигация.

10. *Қамтамасыз етілуіне қарай:*

1.1. *Қамтамасыз етілген облигациялары:*

- нақты активтермен қамтамасыз етілген (жылжымайтын мүлікпен, құрал жабдықтармен және т.б.);
- кепілзаттар (ипотека) пұлымен қамтамасыз етілген.

2.2. *Қамтамасыз етілмеген облигациялар:*

- материалдық активтермен қамтамасыз етілмеген;
- сақтандырылған облигация – заем бойынша міндеттеменің орындалмауымен байланысты мүмкін болатын тәуекелді, эмитент-компания, сақтандыру компаниясында сақтандырады;
- кепілдікті облигация – кепілзатпен қамтамасыз етілмеген облигация. Бұл қарыз бойынша міндеттеменің орындалуына эмитент-компания емес мүмкіндігі жоғары басқа компания кепілдік береді.

11. *Қазақстанның бағалы қағаз нарығында жаңадан пайда болған облигацияның түрлері мыналар:*

11.1. *Инфрақұрылымдық облигация.* 2006 жылдан бастап алғаш рет инфрақұрылымдық облигациялар эмиссияланған. Инфрақұрылымдық облигацияларды ірі стратегиялық маңызды жобаларды қаржыландырудың құралы ретінде эмиссиялайды. Бұл құрал мемлекеттік қарызға теңестіріледі, мемлекет кепілдік береді, тәуекел деңгейі төмен бағалы қағаз, сондай-ақ инфрақұрылымдық облигация корпоративті бағалы қағаздардың баламасы болып табылады.

Инфрақұрылымдық облигация – эмитент міндеттемелерінің орындалуы мемлекет пен эмитент арасында мемлекетке берілетін объектінің құнының сомасына сәйкес жасалған инфрақұрылымдық жобаны іске асыру жөніндегі концессиялық келісім шеңберінде мемлекеттің кепілгерлігімен қамтамасыз етілген облигация. Инфрақұрылымдық облигацияларды эмитент акциясына айырбастауға тыйым салынады. Инфрақұрылымдық облигациялардың айналысы мерзімі ішінде концессиялық келісімнің талаптарын облигациялар ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін кемсітуге әкеп соқтыратындай етіп өзгертуге жол берілмейді.

Инфрақұрылымдық, сондай-ақ ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигациялардың шығарылуы мен айналысы кезінде эмитент алдында облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіруді облигацияларды ұстаушылардың өкілі (бұдан әрі – өкіл) жүзеге асырады.

Өкілді таңдауды кәсіби қатысушылар арасынан эмитент дербес жүзеге асырады.

Өкіл эмитенттің аффилирленген тұлғасы болмауға тиіс.

Өкіл мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы облигациялар шығару проспектісінде белгіленген міндеттемелерін орындауын бақылайды;

2) эмитенттің облигацияны ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мүліктің жай-күйін бақылайды;

3) облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған шаралар қолданады;

4) облигацияларды ұстаушыларға өзінің іс-әрекеттері туралы және мұндай іс-әрекеттің нәтижелері туралы хабарлайды.

11.2. *Ипотекалық облигация* – ипотекалық қарыз шарттары бойынша талап ету құқығы кепілімен (ипотекалық куәліктердің кепілін қоса алғанда), сондай-ақ тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленетін өзге де жоғары өтімді активтер кепілімен қамтамасыз етілген облигация.

6.4. Облигация бойынша табыс және облигацияның табыстылығы. Облигацияның құндық бағасы

Кез келген бағалы қағаз сияқты облигация иесі де белгілі бір көлемде нақты табыс алады.

Облигация бойынша жалпы табыс мына элементтерден қалыптасады:

- купондық табыс (төленетін пайыз мөлшерлемесі негізінде);
- дисконттық табыс (облигацияның құнының өзгеруіне байланысты);
- облигациядан түскен табысты қайта қаржыландыру.

Акцияға қарағанда облигация иесі тіркелген ағымдық табысты алып отырады. Облигация бойынша пайыз жылына 1-2 рет төленеді.

Облигация бойынша купондық табыстың көлемі эмитент – компанияның тұрақтылығына байланысты болады. Эмитент – компания тұрақты болған сайын осы компанияның облигациясына сұраныс жоғары болады, осыған сәйкес пайыз мөлшерлемесі төмен болады. Облигация ұзақ мерзімге орналастырылса, пайыз мөлшерлемесі жоғары болады және керісінше.

Басқа бағалы қағаздарға қарағанда облигация бойынша жалпы немесе жиынтық табыстың көлемі төмен, себебі басқа бағалы қағаз түрлеріне қарағанда облигацияға деген сенімділік жоғары.

Облигациялық қарыздың қаржылық тиімділігін анықтау үшін облигацияның табыстылығын анықтау қажеттілігі туындайды. Табыстылық бұл салыстырмалы көрсеткіш болып табылады.

Облигацияның табыстылығын сипаттайтын көрсеткіштер:

1. Купонды облигацияның құнын анықтау.

$$P = \frac{C}{r} \left[1 - \frac{1}{(1+r)^n} \right] + \frac{N}{(1+r)^n}$$

P – облигацияның құны

C – купондық төлем

r – облигацияның табыстылығы

N – облигацияның номиналдық құны

n – облигацияның өтелу мерзімі, жыл

2. Купонсыз облигацияның құнын анықтау.

$$P = \frac{N}{1 + (r * t / 360)} ; P = \frac{N}{1 + (r * t / 12)}$$

t – облигацияның өтелу мерзімі, күн

3. Купонды облигацияның өтелу мерзіміне дейінгі табыстылығын анықтау.

$$r = \frac{(N - P) + C * n}{P * n} * 100$$

r – облигацияның табыстылығы
 N – облигацияның номиналдық құны
 P – облигацияның құны
 n – облигацияның өтелу мерзімі, жыл
 C – купондық төлем

4. Купонсыз облигацияның өтелу мерзіміне дейінгі табыстылығын анықтау.

$$r = \frac{360}{t} * 100 - \frac{360}{t} * 100$$

r – облигацияның табыстылығы
 N – облигацияның номиналдық құны
 P – облигацияның құны
 t – облигацияның өтелу мерзімі, күн

5. Дисконттық облигацияның табыстылығын анықтау.

$$r = \frac{B_2 - B_1}{B_1} * \frac{360}{t - \Delta t} * 100$$

B_1 – облигацияны сатып алу құны
 B_2 – облигацияны сату құны
 t – облигацияның айналыс мерзімі
 Δt – облигацияның өтелу мерзіміне дейін қалған күн

Облигацияның номиналдық және нарықтық құны бар. Облигацияның номиналдық құны қарызға алатын және өтелу мерзімі жеткеннен кейін қайтарылатын соманы білдіреді. Облигацияның номиналдық құны – облигациялық табысты есептеу барысында базалық

мөлшер. Облигация бойынша есептелетін пайыз оның номиналдық құнына бекітіледі. Облигация құнының өсуі немесе төмендеуі облигацияның номиналдық құны мен облигацияның сатылу құнының арасындағы айырма негізінде анықталады.

Әдетте облигация жоғарғы номиналдық құнмен шығарылады, бұл ауқатты жеке және институционалды инвесторларға бағытталады. Облигация мен акцияның номиналдық құнының арасында өзіндік айырмашылық бар. Акцияның номиналдық құны шартты түрде бекітіледі, яғни акцияның сатылуы және сатып алынуы бекітілген номиналдық құнға байланыссыз болады (номиналдық құнды көрсетпей-ақ акциялар эмиссиялануы мүмкін). Ал облигацияның номиналдық құны, облигациялық заемнің өтелу мерзімі ішінде өзгермейтін маңызды көрсеткіш болып табылады. Айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін бастапқыда бекітілген облигацияның номиналдық құны бойынша облигация өтеледі.

Эмиссияланған сәттен бастап өтелгенге дейін олар нарықта бекітілген баға бойынша сатылады және сатып алынады. Облигацияның нарықтық бағасы эмиссиондық бағадан төмен, немесе жоғары, немесе тепе-тең болуы мүмкін. Облигацияның нарықтық құнына қаржы нарығы мен облигация нарығының ағымдағы жағдайы, сондай-ақ тәуекел деңгейі әсер етеді.

Әртүрлі облигацияның номиналдық құны сәйкесінше әртүрлі болғандықтан, облигацияның салыстырмалы нарықтық құнын анықтау қажеттігі туындайды. Бұл көрсеткіш *облигацияның бағамы* болып табылады. Облигацияның бағамы мына формуламен анықталады.

$$P_B = K_n / N * 100 \%$$

P_B – облигацияның бағамы, %;

K_n – облигацияның нарықтық құны, теңге;

N – облигацияның номиналдық құны, теңге.

Облигацияның бағамы – бұл облигацияның номиналдық құнына пайыз мөлшерлемесі негізінде сипатталатын, облигацияның нарықтық құнының мәнін білдіреді.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Облигацияның экономикалық мәнін қалай түсінесіз?
2. Акционерлік қоғамның облигацияны эмиссиялаудағы артықшылықтары мен кемшіліктерін түсіндіріңіз?
3. Акция мен облигацияның айырмашылығын атаңыз?
4. Облигацияны эмиссиялау тәртібі қандай?
5. Облигацияның айналыс кезеңін түсіндіріңіз?
6. Облигацияны эмиссиялауды жобалау кезеңінде атқарылатын іс-шаралар.
7. Облигацияны алғашқы орналастыру кезеңінде атқарылатын іс-шаралар.
8. Облигацияның қайталама бағалы қағаздар нарығындағы айналыс кезеңінде атқарылатын іс-шаралар үшін қойылатын листингтік талаптарды атаңыз?
9. Облигацияның түрлерін атаңыз?
10. Қамтамасыз етілген облигацияның қандай түрлерін білесіз?
11. Айналыс сипатына қарай облигацияның қандай түрлерін білесіз?
12. Инфрақұрылымдық облигацияның мәнін қалай түсінесіз?
13. Ипотекалық облигацияның мәнін қалай түсінесіз?
14. Облигацияның құндық бағасы дегеніміз не?
15. Облигацияның бағамы дегеніміз не?
16. Облигация бойынша табыс қалай анықталады?
17. Облигациядан түсетін табыстың қалыптасу механизмі қандай?
18. Дисконттық және пайыздық облигацияның нарықтық құны қалай анықталады?
19. Облигацияның ағымдағы табыстылығы қалай анықталады?
20. Өтелетін дисконттық облигацияның табыстылығы қалай анықталады?

6-ТАПСЫРМА

Сол жақ калонкада көрсетілген оң жақ калонкадағы терминнің анықтамасын табыңыз.

№	Термин	Жауабы	№	Анықтамасы
1	Облигация		1	ипотекалық қарыз шарттары бойынша талап ету құқығы кепілімен сондай-ақ өзге де жоғары өтімді активтер кепілімен қамтамасыз етілген облигация
2	Облигациялық бағдарлама		2	эмитент міндеттемелерін орындау эмитент мүлкінің кепілімен, банк кепілдігімен қамтамасыз етілген облигация

3	Инфрақұрылымдық облигация		3	кредитор
4	Ипотекалық облигация		4	еркін және мәжбүрлі тәртіппен
5	Агенттік облигация		5	бұл эмитент бірнеше облигациялар шығаруды, оның ішінде шығарылымның тиісті проспектісі белгілейтін әртүрлі құрылыммен шығаруды жүзеге асыруға құқылы болатын шекте облигациялар шығаруды білдіреді
6	Қамтамасыз етілген облигация		6	купондық, индексацияланатын, дисконттық, аралас типтегі
7	Облигацияны ұстаушы		7	сандық пайыз мөлшерлемесі көрсетілетін, қиып алынатын талонды білдіреді
8	Облигацияның орналастыру тәсіліне қарай жіктелуі		8	облигация иесімен (қарыз берушімен) эмитент (қарыз алушының) арасындағы қарыздық қарым-қатынасты куәландыратын бағалы қағаз
9	Облигациялық қарыздың табысты төлеу тәсіліне қарай жіктелуі		9	қаржы агенттігі шығаратын облигация
10	Купон		10	эмитент міндеттемелерінің орындалуы мемлекет пен эмитент арасында мемлекетке берілетін объектінің құнының сомасына сәйкес жасалған инфрақұрылымдық жобаны іске асыру жөніндегі концессиялық келісім шеңберінде мемлекеттің кепілгерлігімен қамтамасыз етілген облигация

ОБЛИГАЦИЯ НАРЫҒЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕР

1. Айналыс мерзімі 85 күнді құрайтын, номиналдық құнының 99 %-ы мөлшеріндегі бағамен дисконттық облигация орналастырылды. Облигацияның номиналдық құны – 5000 теңге. Өтелетін дисконттық облигацияның табыстылығын анықтау.
2. Айналыс мерзімі 92 күнді құрайтын, номиналдық құнының 84 %-ы мөлшеріндегі бағамен дисконттық облигация орналастырылды. Өтелуге 25 күн қалғанда номиналдық құнының 95 % мөлшеріндегі бағамен

- облигация сатылды. Облигацияның номиналдық құны – 5000 теңге. Сатылатын дисконттық облигацияның табыстылығын анықтау.
3. Облигацияның номиналдық құны – 5900 теңге, айналыс мерзімі – 10 жыл, тоқсан сайынғы купон мөлшерлемесі – 2,5 %. Номиналдық құнының 84 %-ы мөлшеріндегі бағамен сатып алынған облигацияның ағымдағы табыстылығын анықтау.
 4. Номиналдық құны 9100 теңге тұратын облигацияны 8500 теңгеге сатып алды. Айналыс мерзімі – 5жыл. Жылдық купон мөлшері – 15 %. Облигацияның ағымдағы табыстылығын анықтау.
 5. Облигацияның номиналдық құны - 6000 теңге. Облигацияның сатылған кездегі құны - 5500 теңге. Облигацияның бағамын анықтау?
 6. Облигацияның номиналдық құны – 1500 теңге, купондық мөлшері –14 %, Облигацияның өтелу мерзімі – 5 жыл, табыстылығы – 10 %. Табу керек: облигацияның құнын.
 7. Купонсыз облигацияның номиналдық құны – 1400 теңге, облигацияның өтелу мерзімі – 20 күн, Облигацияның табыстылығы – 3,5 %. Табу керек: купонсыз облигацияның құнын .
 8. Купонсыз облигацияның құны – 1250 теңге. Облигациялар 90 күнге шығарылған. Ал табыстылығы 16 %-ды құрайды. Облигацияның құнын табу керек.

7.1. Мемлекеттік бағалы қағаздардың мәні

Мемлекеттік бағалы қағаздар – эмитенті мемлекет болып табылатын, мемлекеттің ішкі қарызының формасын немесе борыштық бағалы қағаздар.

Экономикасы дамыған елдерде мемлекеттік бағалы қағаздар жалпы экономиканың дамуында, банктік жүйенің өтімділігін ұстап тұруда, мемлекеттік шығыстарды қаржыландыруда маңызды орын алады.

Мемлекеттік бюджеттің шығынын мемлекеттің орталық немесе коммерциялық банктерден алған несиесі есебінен де қаржыландыруға болады. Бірақ бұл мақсаттарға несиенің сирек жұмсалатындығын дүниежүзілік тәжірибе көрсетті. Бұдан басқа банктердің өзі – қысқа мерзімді несиелерді жоғарғы пайызбен беруге мүдделі. Мемлекеттік бюджет шығынын жабу үшін ақшаны эмиссиялау орынсыз, себебі бұл инфляция мен ақша айналысының бұзылуына әкеледі.

Мемлекеттік бағалы қағаздар әртүрлі нысандарда шығарылады: қазынашылық міндеттемелер, қазынашылық вексельдер, облигациялар және тағы да басқалар.

Олардың арасындағы айырмашылық мыналарға: іс-әрекет ету сипатына, мерзіміне, табыстарды төлеу мен өтеу шарттарына, айналымдылық сипатына, ұстаушыларына байланысты. Қазақстан Республикасында қазынашылық вексельдер мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер нысанына түрленген.

Қазынашылық міндеттемелер ерікті негізде орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздың түрі болып табылады.

Айналысқа мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару арқылы келесідей мәселелерді шешуге болады:

- 1) мемлекеттік бюджеттің дефицитін қаржыландыру;
- 2) мемлекеттің мақсатты бағдарламаларын қаржыландыру: әлеуметтік қамтамасыз ету, тұрғын үй, құрылыс саласында мақсатты бағдарламаларды қаржыландыру;
- 3) экономикалық белсенділікті реттеу: айналыстағы ақша массасын реттеу, баға мен инфляцияға әсер ету және т.б.

Мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруы:

- 1) қаржы министрлігі, орталық банк арқылы;
- 2) Үкімет арқылы;
- 3) азаматтық құқықтық келісімшарт жасаған бірінші иелері арқылы.

Бүгінгі таңда ҚР-сындағы қаржы ұйымдарының инвестициялық операцияларға бағытталған активтерінің басым бөлігі мемлекеттік бағалы қағаздарға жұмсалып отыр. Себебі мемлекеттік бағалы қағаздарға салған активтер: біріншіден, өтімді, яғни банк ондағы қаражатты тез арада қолма-қол ақшаға айналдыра алады, екіншіден, тәуекел деңгейі төмен бағалы қағаздар қатарына жатқызылады. Сәйкесінше олардан алатын табыс та төмен болып келеді.

7.2. Мемлекеттік бағалы қағаздардың жіктелімі

Мемлекеттік бағалы қағаздар мынадай белгілер бойынша жіктеледі:

1. *Мерзіміне қарай мемлекеттік бағалы қағаздардың түрлері:*
 - қысқа мерзімді (1 жылға дейін шығарылатын МБК);
 - орта мерзімді (1 жылдан 5-10 жылға дейін шығарылатын МБК);
 - ұзақ мерзімді (10-15 жылдан жоғары мерзімде шығарылатын МБК).
2. *Мемлекеттік бағалы қағаздардың табыстылығына қарай:*
 - индекстелетін облигация, инфляциялық индекстің өсуіне байланысты облигацияның номиналдық құны да өседі;
 - дисконттық, мұндай бағалы қағаздар алғашқы нарықта инвесторларға жеңілдікпен (номиналдық құнынан төменгі бағамен) сатылып, номиналдық құны бойынша өтеледі;

– купондық, яғни номиналдық құнына пайызбен бейнеленген табыс әкелетін бағалы қағаздар. Купон мерзіміне қарай жылына 2-4 ретке дейін төленеді;

– аралас, яғни купон және дисконт түрінде, қатар табыс әкелетін бағалы қағаз. Бұл жағдайда инвестор-банктің табысы екі көзден: дисконт түріндегі және купон мөлшерлемесі түріндегі табыстардан құралады.

3. *Эмитент түріне қарай мемлекеттік бағалы қағаздардың түрлері:*

– ҚР үкіметі немесе ҚР Қаржы министрлігінің айналысқа шығаратын қазынашылық міндеттемелері (МЕККАМ, МЕОКАМ, МЕУКАМ, МОИКАМ, МУИКАМ, МЕУЖКАМ, МАОКАМ);

– Қазақстан Ұлттық Банкінің бағалы қағаздары (Ұлттық Банктің қысқа мерзімді нотасы, Ұлттық Банктің арнайы валюталық нотасы);

– Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздары.

Эмитент түріне қарай мемлекеттік бағалы қағаздардың түрлерін қарастырайық.

ҚР үкіметі немесе ҚР Қаржы министрлігінің айналысқа шығаратын қазынашылық міндеттемелері:

Қазынашылық міндеттемелер *құжатталмаған* нысанда шығарылады.

Әрбір шығарылымның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган беретін ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) болады.

Қазынашылық міндеттемелер *аукционды өткізу, жете орналастыру, қайта ашу, жазылу жолымен* және қазынашылық міндеттемелерді орналастырудың ішкі ережелерімен белгіленген басқа да тәсілдермен орналастырылады.

Қазынашылық міндеттемелердің әрбір шығарылымының *көлемі мен шарттарын* Қазақстан Республикасының тиісті кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген үкіметтік борыш пен оған қызмет көрсетуге арналған шығыстар лимитінің шегінде эмитент белгілейді

Эмитент қазынашылық міндеттемелердің мынадай түрлерін:

- 1) қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді;
- 2) орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді;
- 3) ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелерді;
- 4) орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерді;
- 5) ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерді;
- 6) ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерді;
- 7) арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді.

Қазынашылық міндеттемелер бойынша *сыйақы төлеу* қазынашылық міндеттемелердің жекелеген түрлерін шығарудың шарттарымен белгіленген күндерде жүргізіледі. Егер қазынашылық міндеттемелерді шығару шарттарында өзге мерзім көзделмесе, соңғы сыйақыны төлеу қазынашылық міндеттемелерді өтеу күнімен сәйкес келеді. Егер қазынашылық міндеттемелер бойынша сыйақы төлеу күні жұмыс күніне келмесе, онда төлем жұмыс істемейтін күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі.

1. *МЕККАМ* – «Мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме». Дисконттық эмиссиондық бағалы қағаз. Номиналдық құны – 100 тг. Айналыс мерзімі 3, 6, 9, 12 ай. Қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелердің иелері қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады. Бұл ретте инвестор қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелермен барлық операцияларды бастапқы дилер арқылы ресімдейді.

2. *МЕОКАМ* – «Мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттеме». Купондық эмиссиондық бағалы қағаз. Номиналдық құны – 1000 тг. Айналыс мерзімі 1 жылдан жоғары 5 жылға дейін.

Орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер бойынша купонды төлеу жылына екі рет эмитент белгіленген күндері жүзеге асырылады.

Купон сомасы мына формуламен анықталады:

$$S = \frac{N \times C \times 180}{360},$$

мұндағы S – орта мерзімді қазынашылық міндеттеме бойынша купон сомасы, теңге; N – орта мерзімді қазынашылық міндет-

теменің санына сәйкес номиналдық құн сомасы, теңге; C – купон мөлшерлемесі, %

Мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттеме номиналдық құн бойынша орналастырылады және өтеледі.

Орта мерзімді қазынашылық міндеттемелердің иелері, орта мерзімді қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады. Бұл ретте инвестор орта мерзімді қазынашылық міндеттемелермен барлық операцияларды бастапқы дилер арқылы ресімдейді.

3. *МЕУКАМ* – «Мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттеме». Купондық эмиссиондық бағалы қағаз. Номиналдық құны – 1000 тг. Айналыс мерзімі 5 жылдан жоғары. Мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттеме номиналдық құн бойынша орналастырылады және өтеледі.

Ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелер бойынша купонды төлеу жылына бір рет эмитент белгіленген күндерде жүзеге асырылады.

Купон сомасы мына формуламен анықталады:

$$S = N \times C,$$

мұндағы S – ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттеме бойынша купон сомасы, теңге; N – ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттеменің санына сәйкес номиналдық құн сомасы, теңге; C – купон мөлшерлемесі, %

Ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелердің иелері ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады. Бұл ретте инвестор ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелермен барлық операцияларды бастапқы дилер арқылы ресімдейді.

4. *МОИКАМ* – «Мемлекеттік орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеме». Купондық эмиссиялық бағалы қағаз. Номиналдық құны – 1000 тг. Айналыс мерзімі 1 жылдан жоғары 5 жылға дейін. Мемлекеттік орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеме номиналдық құн бойынша орналастырылады және өте-

леді. Индекстелген купон бойынша сыйақы есептеледі. Есептелген сыйақы эмитент белгілеген мерзімде, яғни жылына 2 рет төленеді. 6 толық календарлық айдан кейінгі айдың бесінші күні «Мемлекеттік орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеме» бойынша есептелген купон төленеді.

Купон сомасы мына формуламен анықталады:

$$S = \frac{N \times I}{100 + C},$$

мұндағы S – орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеме бойынша индекстелген купон сомасы, теңге;

N – орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеменің санына сәйкес номиналдық құн сомасы, теңге;

I – инфляция индексі, %;

бұл ретте,

$$I = (((I_1/100))) \times (I_2/100) \times (I_3/100) \times \dots \times (I_n/100) - I \times 100,$$

мұндағы $I_1, I_2, I_3, \dots, I_n$ – тұтыну құнының индексі

C – тіркелген купон сомасы;

бұл ретте,

$$C = \frac{N \times K \times 180}{360},$$

мұндағы K – орналастыру кезінде анықталатын тіркелген жылдық купонның мәні.

Тұтыну бағасының индексі Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі ай сайын жариялайды.

Орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелердің иелері, орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады. Бұл ретте инвестор орта мерзімді индекстелген міндеттемелермен барлық операцияларды бастапқы дилер арқылы ресімдейді.

5. МУИКАМ – «Мемлекеттік ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеме». Купондық эмиссиялық бағалы қағаз. Номиналдық құны – 1000 тг. Айналыс мерзімі 5 жылдан жо-

ғары. Мемлекеттік ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеме номиналдық құн бойынша орналастырылады және өтеледі. Индекстелген купон бойынша сыйақы есептеледі. Есептелген сыйақы эмитент белгілеген мерзімде, яғни жылына 1 рет төленеді. 12 толық календарлық айдан кейінгі айдың бесінші күні «Мемлекеттік ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеме» бойынша есептелген купон төленеді.

Купон сомасы мына формуламен анықталады:

$$S = \frac{N \times I}{100 + C},$$

мұндағы S – ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеме бойынша индекстелген купон сомасы, теңге;

N – ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеменің санына сәйкес номиналдық құн сомасы, теңге;

I – инфляция индексі, %;

бұл ретте,

$$I = (((I_1/100))) \times (I_2/100) \times (I_3/100) \times \dots \times (I_n/100) - I) \times 100,$$

мұндағы

$I_1, I_2, I_3, \dots, I_n$ – тұтыну құнының индексі;

C – тіркелген купон сомасы;

бұл ретте, $C = N \times K$,

мұндағы

K – орналастыру кезінде анықталатын тіркелген жылдық купонның мәні.

Ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелердің иелері, ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады. Бұл ретте инвестор ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелермен барлық операцияларды бастапқы дилер арқылы ресімдейді.

6. *МЕУЖКАМ – «Мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттеме»*. Купондық эмиссиялық бағалы қағаз. Номиналдық құны – 1000 тг. Айналыс мерзімі 5 жылдан жоғары. Мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық

міндеттеме номиналдық құн бойынша орналастырылады және өтеледі. Есептелген сыйақы эмитент белгілеген мерзімде, яғни жылына 1 рет төленеді. 12 толық календарлық айдан кейінгі айдың бесінші күні «Мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттеме» бойынша есептелген купон төленеді.

Купон сомасы мына формуламен анықталады:

$$S = \frac{N \times I}{100 + C},$$

мұндағы

S – ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттеме бойынша индекстелген купон сомасы, теңге;

N – ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттеменің санына сәйкес номиналдық құн сомасы, теңге;

I – инфляция индексі, %;

бұл ретте,

$$I = (((I_1/100))) \times (I_2/100) \times (I_3/100) \times \dots \times (I_n/100) - I) \times 100,$$

мұндағы

$I_1, I_2, I_3, \dots, I_n$ – тұтыну құнының индексі

C – тіркелген купон сомасы;

бұл ретте, $C = N \times K$,

мұндағы

K – орналастыру кезінде анықталатын тіркелген жылдық купонның мәні.

Ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелер жинақтаушы зейнетақы қорлары, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ арасында орналастырылады.

Ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелердің иелері, ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады. Бұл ретте инвестор ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелермен барлық операцияларды бастапқы дилер арқылы ресімдейді.

7. *МАОКАМ – «Мемлекеттік арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттеме»*. Купондық эмиссиондық бағалы қағаз. Номиналдық құны 10 АҚШ долларына эквивалент, теңгемен

белгіленеді, айналыс мерзімі 2 және 3 жылды құрайды. ҚР-сының резидент жеке тұлғалары арасында ғана орналастырылады.

Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер бойынша сыйақы төлеу мерзімділігі – жарты жылдық. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді ұстаушыларға сыйақы төлеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі сыйақы төлеу күніне белгілеген теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы бойынша теңгемен төлем күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Купон сомасы мына формуламен анықталады:

$$S = \frac{N \times C \times 180}{360},$$

мұндағы

S – арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттеме бойынша купон сомасы, теңге;

N – арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттеменің санына сәйкес номиналдық құн сомасы, теңге;

C – купон мөлшерлемесі, %

Қазақстан Ұлттық Банкінің бағалы қағаздары:

1. *Қысқа мерзімді нота* – дисконттық құжатсыз бағалы қағаз. Қысқа мерзімді нота дисконттық құн бойынша орналастырылады, номиналдық құн бойынша өтеледі. Қысқа мерзімді нота қаржы нарығында сыйақы мөлшерлемесін реттеуге бағытталған Ұлттық Банктің ақша-несие саясатының құралы. Номиналдық құны – 100 тг. Қысқа мерзімді нота алғашқы агент арқылы орналастырылады.

Қысқа мерзімді нота мынадай нысанда орналастырылады:

- 1) аукцион;
- 2) қысқа мерзімді ноталарды бастапқы агенттермен келісілген дисконтталған баға бойынша сату;
- 3) Ұлттық Банк белгілеген баға бойынша жазылым арқылы.

Қысқа мерзімді нота бойынша сыйақы мөлшерлемесі мына формуламен анықталады:

$$R = \frac{N_p - D_p}{D_p} * \frac{365}{T} * 100,$$

мұндағы

- R – сыйақы мөлшерлемесі;
- N_p – номиналдық құн;
- D_p – дисконттық құн;
- T – айналыс мерзімі (күнмен).

2. *Ұлттық Банктің айналы валюталық нотасы.* Халықтың зейнетақы салымдарын қорғау мақсатында еркін өзгермелі айыр-бас бағамы режиміне өткеннен кейінгі кезеңде шығарылды. Номиналы – 100 АҚШ доллары. Айналыс мерзімі – 35 күн.

Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздары:

Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздары – жергілікті жерлерде әртүрлі шараларды қаржыландыру мақсатында шығарылатын бағалы қағаздар.

Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздарды эмиссиялаудағы мақсатын төмендегідей топтарға топтастыруға болады:

- жергілікті бюджеттің уақытша тапшылығын жоюға;
- бір жолғы ірі сомада қаражат жұмсауды қажет ететін табыссыз объектілерді қаржыландыруға, атап айтқанда: әлеуметтік бағыттағы объектілердің (мектептер, ауруханалар, кітапханалар, мұражайлар және т.с.с.) және жергілікті инфрақұрылым объектілерінің (жолдар, көпірлер, жылу және су жүйелері және т.с.с.) құрылысына, жаңартылуына, оларды жөндеуге;
- шығынын өзі толтыратын (салынған үйді немесе оның бірнеше бөлігін сатқаннан түскен түсіммен) үй құрылысы, жөндеу, жаңарту жобаларын қаржыландыруға арналған.

Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздары – купондық бағалы қағаздар.

Әлемдік тәжірибеде жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздарды шығарудың негізі муниципалдық заем болып сана-

лады. Осындай бағалы қағаздарды шығарушыларға заң негізінде салық жеңілдігі беріледі. Сондықтан қарыз міндеттемелерін эмиссиялап, қарыз қаражатын тарту екінші деңгейдегі банктерден алған несиеден анағұрлым арзан.

Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздарын, негізінен, жергілікті халық, коммерциялық банктер, сақтандыру және зейнетақы қорлары, инвестициялық компаниялар және басқа да жергілікті кәсіпорындар мен ұйымдар сатып алады.

Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздары жергілікті бюджеттің табысымен, муниципалдық мүліктермен немесе осы облигацияларды шығару арқылы инвестициялық жобаларды орналастырудан түскен табыспен қамтамасыз етіледі.

Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздары:

1. Жергілікті атқарушы органның орта мерзімді бағалы қағазы – айналыс мерзімі 1 жылдан жоғары 5 жылға дейін. Номиналдық құн бойынша орналастырылады және өтеледі. Айналыс мерзімі ішінде сыйақы купон түрінде төленеді. Эмитент белгілеген мерзімде жылына 2 рет купон төленеді.

2. Жергілікті атқарушы органның ұзақ мерзімді бағалы қағазы – айналыс мерзімі 5 жылдан жоғары. Номиналдық құн бойынша орналастырылады және өтеледі. Айналыс мерзімі ішінде сыйақы купон түрінде төленеді. Эмитент белгілеген мерзімде жылына 1 рет купон төленеді.

3. Жергілікті атқарушы органның индекстелген орта мерзімді бағалы қағазы – айналыс мерзімі 1 жылдан жоғары 5 жылға дейін. Номиналдық құн бойынша орналастырылады және өтеледі. Есептелген сыйақы индекстелген купон түрінде жылына 2 рет төленеді. 6 толық календарлық айдан кейінгі айдың бесінші күні купон төленеді.

4. Жергілікті атқарушы органның индекстелген ұзақ мерзімді бағалы қағазы – айналыс мерзімі 5 жылдан жоғары. Номиналдық құн бойынша орналастырылады және өтеледі. Есептелген сыйақы индекстелген купон түрінде жылына 1 рет төленеді. 12 толық календарлық айдан кейінгі айдың бесінші күні купон төленеді.

Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздарының инвесторлар үшін тартымды болуының екі түрлі себебі бар:

– салықтық жеңілдіктер есебінен банктік несиеге қарағанда олардың табыстылығы жоғары;

– уақытша бос ақшалай қаражатын акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарына немесе банктерге орналастырумен салыстырғанда сенімділігі жоғары.

Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздарды шығаруы және айналысқа түсіруі жөнінде жергілікті атқарушы үкімет органдары шешім қабылдайды.

7.3. Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру

Ұлттық сәйкестендіру нөмірі – уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздарға оларды сәйкестендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында берілетін әріпті-цифрлық код (бұдан әрі – ҰСН).

Шығарылымы жобаланып отырған мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰСН-ді беруді уәкілетті орган эмитенттің еркін нысанда жасалған және осы шығарылым туралы мынадай мәліметтері бар жазбаша сұранысы (бұдан әрі – сұраныс) негізінде уәкілетті орган жүргізеді:

1) мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі – олардың толық атауы немесе жалпы қолданылатын белгісі (қысқаша атауы, аббревиатурасы);

2) шығарылымының валютасы;

3) айналыс мерзімі;

4) эмитент пайдаланатын нөмірлеуге сәйкес шығарылымының реттік нөмірі;

5) орналастыру жобаланған күн;

6) республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік бағалы қағаздары үшін осы бағалы қағаздардың мынадай түрлері бойынша сипаттамасы:

орта мерзімді;

ұзақ мерзімді;

индекстелген орта мерзімді;

индекстелген ұзақ мерзімді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі немесе республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жобалап отырған бірден астам шығарылымға, оның ішінде белгілі бір кезеңге мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰСН беруге сұраныс жасауға жол беріледі.

Уәкілетті орган эмитенттің ҰСН беруге сұранысын оны алған күннен бастап *екі жұмыс күні ішінде* қарайды (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген жағдайды қоспағанда).

Егер эмитент мемлекеттік бағалы қағаздарға алты және одан астам болжамданған шығарылымдарына ҰСН беруге сұраныс жасалса, уәкілетті орган эмитенттің сұранысын алған күннен бастап *үш жұмыс күні* ішінде ҰСН береді.

Уәкілетті орган сұраныста қате және (немесе) толық емес мәліметтерді анықтағанда, себептерін көрсетіп, ҰСН-ді бермеудің жазбаша негіздемесін эмитентке жібереді.

Сұраныстағы мәліметтер сәйкес келгенде, уәкілетті орган эмитентке ҰСН берілгені туралы жазбаша хабарлайды.

Мемлекеттік бағалы қағаздарға берілген ҰСН-нің есебін жүргізу мыналарды:

1) қағаз тасымалдағыштағы тізілім-журналы түріндегі мемлекеттік бағалы қағаздарға берілген ҰСН-ді тіркеу журналын (бұдан әрі – Журнал);

2) электрондық мәліметтер базасы түріндегі мемлекеттік бағалы қағаздарға берілген ҰСН-ді тіркеудің электрондық журналын (бұдан әрі – Электрондық журнал);

3) мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰСН-ді беру мәселелері бойынша алмасу файлдарын (бұдан әрі – Алмасу файлдары) жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Журналдың мазмұны мен Электрондық журналдың мазмұны бір-біріне сәйкес келеді және оларға мынадай мәліметтер енгізіледі:

- 1) ҰСН беру туралы жазбаның реттік нөмірі;
- 2) ҰСН берілген мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі;
- 3) ҰСН берілген мемлекеттік бағалы қағаздар эмитентінің атауы;

4) ҰСН берілген мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиясының валютасы;

5) ҰСН берілген мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірін эмитент қолданатын нөмірлеуге сәйкес сандық белгілеуі;

6) ҰСН беру күні;

7) берілген ҰСН;

8) ҰСН берудің негізі (сұратудың күні және нөмірі);

9) жауапты қызметкердің тегі және инициалдары.

ҰБН берілген мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі туралы мәліметтер бөлігінде журналды (Электрондық журналды) толтыру кезінде мемлекеттік бағалы қағаздардың тиісті түрін шығаруды көздейтін Қазақстан Республикасының Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаулыларында белгіленген не жалпы қолданылатын белгілеулер (қысқартылған атаулар, аббревиатуралар) қолданылады. Бұл ретте айналыс мерзімдері бір мемлекеттік бағалы қағаздардың бір түріне әртүрлі белгілеулер қолданылмайды.

ҰСН беру туралы жазбалар Журналға және Электрондық журналға ҰСН берілген күні енгізілуге жатады.

Журналдағы ҰСН беру туралы әрбір жазба жауапты қызметкердің қолымен расталуы керек.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының ҰСН құру үшін араб цифрлары және латын әліпбиінің жазба (бас) әріптері («I» және «O» әріптерінен басқа) пайдаланылады.

ҰСН-ге қандай да болмасын тыныс белгісімен бөлінбеген, тізбектелген он екі символдар (солдан оңға санаумен) кіреді және мына үш бөліктен тұрады:

1) бірінші және екінші позицияларда орналасқан символдар эмитент елінің екі әріпті кодын білдіреді (Қазақстан Республикасы үшін «KZ» коды пайдаланылады);

2) он бірінші позицияларда орналасқан символдар – *негізгі нөмірлер*;

3) он екінші позицияда орналасқан символ – *бақылау цифры*.

ҰСН-нің үшінші позициясында орналасқан символ мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитентін білдіреді:

- 1) «К» – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;
- 2) «W» – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі;
- 3) «А» – Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы;
- 4) «Z» – Астана қаласының жергілікті атқарушы органы.

ҰСН төртінші позициясында орналасқан символ мемлекеттік бағалы қағаздардың кодын білдіреді:

1) «1» символы – шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша сыйақыларды индекстеу көзделмейтін құжатсыздандырылған дисконттық және дисконттық-купондық бағалы қағаздар;

2) «2» символы – шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша сыйақыларды индекстеу көзделмейтін құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар;

3) «3» символы – шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша қандай да болмасын көрсеткішке төленетін сыйақыларды ішінара немесе толық индекстеу көзделетін құжатсыздандырылған дисконттық және дисконттық-купондық бағалы қағаздар;

4) «4» символы – шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша қандай да болмасын көрсеткішке төленетін сыйақыларды ішінара немесе толық индекстеу көзделетін құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар;

5) «5» символы – шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша сыйақыларды индекстеу көзделмейтін құжаттандырылған дисконттық және дисконттық-купондық бағалы қағаздар;

6) «6» символы – шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша сыйақыларды индекстеу көзделмейтін құжаттандырылған купондық бағалы қағаздар;

7) «7» символы – шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша қандай да болмасын көрсеткішке төленетін сыйақыларды ішінара немесе толық индекстеу көзделетін құжаттандырылған дисконттық және дисконттық-купондық бағалы қағаздар;

8) «8» символы – шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша қандай да болмасын көр-

сеткішке төленетін сыйақыларды ішінара немесе толық индекстеу көзделетін құжаттандырылған купондық бағалы қағаздар;

9) «9» символы – Қазақстан Республикасы азаматтарының салымдарына өтемақы төлеу мақсатында шығарылған құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар;

10) «A» символы – орналастырылуы мен өтелуі номиналды құны бойынша жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді;

11) «B» символы – орналастырылуы мен өтелуі номиналды құны бойынша жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді;

12) «C» символы – орналастырылуы мен өтелуі номиналды құны бойынша жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді;

13) «D» символы – орналастырылуы мен өтелуі номиналды құны бойынша жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде орналастыру кезінде айқындалатын, купон деп аталатын сыйақы төленеді;

14) «E» символы – республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының орта мерзімді бағалы қағаздары;

15) «F» символы – республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ұзақ мерзімді бағалы қағаздары;

16) «G» символы – республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының орта мерзімді индекстелген бағалы қағаздары;

17) «H» символы – республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ұзақ мерзімді индекстелген бағалы қағаздары.

ҰСН төртінші позициясын толтыру кезінде пайдаланылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың жекелеген түрлерінің кодтары 9-кестеде келтірілген.

ҰСН-нің бесінші позициясында орналасқан символ шығарылымның валютасын білдіреді:

- 1) «K» символы – қазақстандық теңге;
- 2) «U» символы – АҚШ доллары;
- 3) «E» символы – еуро.

ҰСН-нің алтыншы позициясында орналасқан символ мемлекеттік бағалы қағаздардың айналыс мерзімінің өлшем бірлігін білдіреді:

- 1) «Y» символы – жылдар;
- 2) «M» символы – айлар;
- 3) «W» символы – апталар;
- 4) «D» символы – күндер.

ҰСН-нің жетінші және сегізінші позицияларында орналасқан символдар мемлекеттік бағалы қағаздардың тиісті өлшем бірлігіндегі айналыс мерзімін білдіреді.

Егер айналыс мерзімі оннан төмен тиісті өлшем бірлігін құраған жағдайда, жетінші позицияда «0» (нөл) символы көрсетіледі.

ҰСН-нің тоғызыншы, оныншы және он бірінші позицияларында орналасқан символдар мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының олардың эмитенттері пайдаланатын нөмірлеуге сәйкес реттік нөмірін білдіреді.

Егер шығарылымның реттік нөмірі жүзден төмен болып құралған жағдайда, тоғызыншы позицияда «0» (нөл) символы көрсетіледі.

Егер шығарылымның реттік нөмірі оннан төмен болып құралған жағдайда, оныншы позицияда (тоғызыншы позициядағы «0» символына қосымша) «0» (нөл) символы көрсетіледі.

Егер шығарылымның реттік нөмірі тоғыз жүз тоқсан тоғыздан асып кеткен жағдайда, оның бірінші саны көрсетілмейді.

Бақылау цифры мынадай түрде есептеледі:

- 1) 1-қадам: бастапқы он бір позициялар толтырылады;
- 2) 2-қадам: позицияларда орналасқан әріптік символдар 10-кестеге сәйкес сандармен ауыстырылады;
- 3) 3-қадам: құрылған сандық қатардағы (оның оң жақ шетінен бастап) әрбір цифры мына коэффициентке көбейтіледі: «2» – так

позицияларда орналасқан цифрлар үшін немесе «1» – жұп позицияларда орналасқан цифрлар үшін;

4) 4-қадам: 3-қадамды орындау нәтижесінде құрылған цифрлар қатары қосылады;

5) 5-қадам: егер 4-қадамды орындау нәтижесінде алынған сома «0-мен» аяқталса, онда бақылау цифры «0». Керісінше жағдайда, 4-қадамды орындау нәтижесінде алынған соманы осы сомадан асатын және он еседен төмен болып табылатын саннан алып тастау нәтижесі бақылау цифры болып табылады.

8-кесте

Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірін берудің мысалы

Берілді (мысалдың шарттары):

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алты ай айналыс мерзімімен мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелерін (бұдан әрі – МЕККАМ) айналысқа шығарады; шығарылымның реттік нөмірі – 123.

1-қадам:

Позиция-ның нөмірі	Символдары	Түсіндірме
1-2	KZ	Эмитенттің елін белгілеу
3	K	Мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитентін белгілеу: Мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитенті ретінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне «K» символы сәйкес келеді
4	1	Мемлекеттік бағалы қағаздардың түрін белгілеу: МЕККАМ «1» символына сәйкес келеді
5	K	Шығарылымның валютасын белгілеу: МЕККАМ-ның номиналды құны «K» символына сәйкес келетін қазақстандық теңгемен көрсетіледі
6	M	Мемлекеттік бағалы қағаздардың айналыс мерзімінің өлшем бірлігін белгілеу: МЕККАМ-ның айналыс мерзімі «M» символы сәйкес келетін айлармен өлшенеді

8-кестенің соңы

7-8	06	Мемлекеттік бағалы қағаздардың айналыс мерзімін айлармен белгілеу: МЕККАМ-ның осы шығарылымының айналыс мерзімі 10 айдан төмен болғандықтан, жетінші позицияда «0» (нөл) символы көрсетіледі
9-11	123	Мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірін белгілеу
Дерек көзі: /14/		

Нәтижесінде осы шығарылымының ұлттық сәйкестендіру
МЕККАМ

нөмірі (оны екінші позициядағы бақылау цифрысыз) былайша көрінеді:

K Z K 1 K M 0 6 1 2 3

2-қадам:

4-қосымшаға сәйкес әріпті символдарды сандарға ауыстыру:

1 9 3 3 1 9 1 1 9 2 1 0 6 1 2 3

3-қадам:

Құрылған сандық қатардағы цифрларды (оның оң жақ шетінен бастап) коэффициентке көбейту: «2» – тақ позицияларда орналасқан цифрлар үшін немесе «1» – жұп позицияларда орналасқан цифрлар үшін:

сандық қатар (3-қадамды орындау нәтижесі):

1 9 3 3 1 9 1 1 9 2 1 0 6 1 2 3

көбейту коэффициенттері:

1 2 1 2 1 2 1 2 1 2 1 2 1 2 1 2

көбейту нәтижесі:

1 1 8 3 6 1 1 8 1 2 9 4 1 0 6 2 2 6

4-қадам:

Қадамды орындаудың нәтижесінде алынған қатардың цифрларын қосу:

3: $1 + 1 + 8 + 3 + 6 + 1 + 1 + 8 + 1 + 2 + 9 + 4 + 1 + 0 + 6 + 2 + 2 + 6 = 62$

5-қадам:

4-қадамды орындау нәтижесінде алынған сома «0-мен» аяқталмағандықтан, осы сомадан асатын және он еседен төмен бола-

тын сан анықталады. 62 сомасы үшін осындай сан 70 болып табылады. Тиісінше, бақылау цифрасы 8-ге тең (70-62).

Осы шығарылымдағы мемлекеттік бағалы қағаздардың толық ұлттық сәйкестендіру нөмірі мынаған тең:

K Z K 1 K M 0 6 1 2 3 8

9-кесте

Мемлекеттік бағалы қағаздардың жекелеген түрлері кодтарының кестесі

Бағалы қағаздың түрі	Код
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығаратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелері (МЕККАМ)	1
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімді қазыналық міндеттемелері (МЕОКАМ)	2
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді қазыналық міндеттемелері (МЕУКАМ)	D
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімді индекстелген қазыналық міндеттемелері (МОИКАМ)	C
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді индекстелген қазыналық міндеттемелері (МУИКАМ)	B
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақ қазыналық міндеттемелері (МЕУЖКАМ)	A
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық валюталық міндеттемелері (МЕКАВМ)	3
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімді қазыналық валюталық міндеттемелері (МЕОКАВМ)	4
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік индекстелген қазыналық міндеттемелері (МЕИКАМ)	4
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ішкі заемның ұлттық жинақ облигациялары (НСО)	2

9-кестенің соңы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің теңгеде номинирленген қысқа мерзімді нота	1
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетелдік валютада номинирленген қысқа мерзімді нота	3
Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигация (МАОКО)	9
Дерек көзі: /14/	

10-кесте

Әріптік символдарды сандарға ауыстыру кестесі

A	10	F	15	L	20	R	25	W	30
B	11	G	16	M	21	S	26	X	31
C	12	H	17	№	22	T	27	Y	32
D	13	J	18	P	23	U	28	Z	33
E	14	K	19	Q	24	V	29		
Дерек көзі: /14/									

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының мәнін қалай түсінесіз?
2. Мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитенттерін атаңыз.
3. Мемлекеттік бағалы қағаздардың жіктелімін беріңіз.
4. Қаржы министрлігінің шығаратын бағалы қағаз түрлері мен мақсатын айтыңыз.
5. Ұлттық Банктің шығаратын бағалы қағаз түрлері мен мақсатын айтыңыз.
6. Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздарының мәнін қалай түсінесіз?
7. Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру ерекшеліктері.

8-ТАПСЫРМА

Сол жақ калонкада көрсетілген оң жақ калонкадағы терминнің анықтамасын табыңыз.

№	Термин	Жауабы	№	Анықтамасы
1	Мемлекеттік бағалы қағаздар		1	эмитенттің бағалы қағазына деген сұраныс пен ұсынысты, олармен жасалған операциялар көлемі және бағамын бағалауды сипаттайды

2	Түпкілікті талдау		2	эмитенттердің қызметіне негізделген тәуекел. Мұндай тәуекелдерді инвестициялық қоржынды әртараптандыру арқылы немесе өзге эмитенттердің бағалы қағаздарына қаражат салу арқылы қалыпқа келтіруге болады
3	Техникалық талдау		3	ҰБ, Қаржы министрлігі, жергілікті атқарушы органдар
4	Муниципалды бағалы қағаздарды кім шығарады		4	мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландыру, мақсатты мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру, экономиканың белсенділігін реттеу
5	Жүйелік тәуекел		5	эмитенттің табысын, сату көлемін, активі мен пассивін, меншікті капиталға қатысты пайдасын және менеджменттің деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерге баға беруді білдіреді
6	Жүйелік емес тәуекел		6	эмитент компанияның қызметіне байланыссыз нарықтағы өзгерістерге тиесілі экономикалық факторларға негізделген тәуекел
7	Мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитенттері		7	эмитенті мемлекет болып табылатын, мемлекеттің ішкі қарызының формасын немесе борыштық бағалы қағаздарды білдіреді
8	Мемлекеттік бағалы қағаздардың атқаратын қызметтері		8	номиналдық құны 10 АҚШ долларына эквивалент, теңгемен белгіленеді, айналыс мерзімі 2 және 3 жылды құрайды, ҚР-ның резидент жеке тұлғалары арасында ғана орналастырылатын купондық эмиссиондық бағалы қағаз
9	ҚР мемлекеттік қазыналық міндеттемесінің эмитенті		9	жергілікті атқарушы органдары
10	МАОКАМ		10	Қаржы министрлігі

8.1. Туынды бағалы қағаздардың мәні мен мақсаты

Туынды бағалы қағаздар (дериватив) – бұл сатушы мен сатып алушы арасында бүгінгі күні жасалған келісімшарт, бірақ бұл келісімшарт бойынша есеп айырысулар болашақта нақты бір күні жүргізіледі. Базалық активтің құнына байланысты жасалған келісімшарттың құны мерзім ішінде өзгеріп отырады.

Туынды бағалы қағаздар кәсіби қатысушыларға арналған, себебі туынды бағалы қағаздардың номиналдық құны шамамен 20 000 АҚШ доллардан 1млн АҚШ долларға дейін барады. Сонымен бұл нарықтың қатысушыларының 90 %-ын ірі компаниялар, яғни институционалды инвесторлар, ал 10 %-ын жеке инвесторлар құрап отыр.

Туынды бағалы қағаздармен сауда-саттықты жүргізу үдерісінде туынды *бағалы қағаздардың құны мен базалық актив құнының ауытқу мүмкіндіктерімен* тәуекелді басқарудың рөлі жоғары.

Әлемде көптеген ірі компаниялар тәуекелді басқару үшін туынды бағалы қағаздарды пайдаланады, яғни хеджирлеу қызметі өзінің міндетін атқарады.

Туынды бағалы қағаздың мәнін тар және кең мағынада қарастыруға болады. *Туынды бағалы қағаздың тар мағынасы* – дифференциалды табыс алу мақсаты бар, мерзімді келісімшартқа негізделген нарықтық механизм. *Кең мағынасы* – нақты актив пен келісімшартқа негізделген, осы активтің бағасы, мөлшері және бағамының айырмашылықтары қолданылатын нарықтың құралдарын білдіреді.

«Бағалы қағаз нарығы» туралы заңға сәйкес *туынды бағалы қағаз* дегеніміз – осы туынды бағалы қағаздардың базалық активке қатынасы бойынша құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз.

Базалық актив – стандартталған тауарлар партиясы, бағалы қағаздар, валюта, қаржы құралдары және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де көрсеткіштер.

Туынды бағалы қағаздың негізгі ерекшеліктері:

- туынды бағалы қағаз айналысының сыртқы формасы негізгі бағалы қағаздарға ұқсас болып келеді;
- туынды бағалы қағаздардың айналыс мерзімі басқа бағалы қағаздармен салыстырғанда шектеулі;
- туынды бағалы қағаздардың бағасы (номиналдық құны) – базалық активке негізделеді;
- басқа бағалы қағаздармен салыстырғанда минималды инвестиция тартуда пайда алуға мүмкіндік береді.

Туынды бағалы қағаз сипатындағы мерзімді келісімшартпен негізгі бағалы қағаздың айырмашылықтары мына 11-кестеде берілген.

11-кесте

Туынды бағалы қағаз сипатындағы мерзімді келісімшартпен негізгі бағалы қағаздың айырмашылықтары

Белгілері	Бағалы қағаз	Туынды бағалы қағаз сипатындағы мерзімді келісімшарт
Капитал түрі	Нақты капиталдың өкілі. Жалған (фиктивті) капитал. Қозғалатын мүлік, жеке меншік.	Болашақ капиталдың өкілі. Капитал болып табылмайды. Жеке меншік, мүлік болып табылмайды.
Келісімшарт (мәміле) түрі	Эквивалентті емес келісімшарт (мәміле) нысанында эмиссияланады, яғни тікелей келісімшарт және бағалы қағаз түрінде.	Эквивалентті келісімшарт (мәміле) нысанында эмиссияланады, яғни кассалық нарық («спот» және «кэш» нарығы) жасалған мәміле 3-4 күн ішінде тез арада іске асырылады және мерзімді нарық мәміленің орындалуы әдетте бірнеше айға созылады.
Стандартталған	Заңмен бекітілген деректемелерінің міндетті түрде болуы.	Толық немесе жартылай

11-кестенің соңы

Айналыс нысаны	Талап ету құқығын беру немесе кешіру. Тек қана құқық беру. Активтің өзін беру (бағалы қағаз).	Кері (қарама-қарсы) мәмілені жасау. Келісімшарттың бір тарабының құқықтары мен міндеттерінің басқа біреуге өтуі. Активтің өзін бермей-ақ құқықты беру.
Құқық пен міндеттің тоқтатылу тәртібі	Бағалы қағаз өтелген сәтте, бағалы қағаз бойынша міндет тоқтатылады.	Келісімшарттың екі тарабының құқықтары мен міндеттері келісім- шарт орындалған жағдайда немесе кері келісімшарт жасалған кезде тоқтатылады.
Дерек көзі: автор құрастырған.		

Туынды бағалы қағазды эмиссиялаудың мақсаты – кез келген базалық активтердің бағасының ауытқуынан пайда табу; бағаның қолайсыз өзгеруіне байланысты қауіп-қатерден сақтандыру (хеджирлеу).

Хеджирлеу – бағаның, айырбастау бағамының, сыйақы мөлшерлемелерінің немесе өзге де ықтимал көрсеткіштердің өзгеруі кезіндегі тәуекелдерден қорғау.

Дифференциалды табыс алу мақсатын көздеген жағдайда, мерзімді келісімшарт – туынды құрал.

Туынды бағалы қағаз мынадай белгілер бойынша жіктеледі:

1. Келісімшарт нысанындағы бағалы қағаздар:
 - форвардтық келісімшарт;
 - фьючерстік келісімшарт;
 - опциондық келісімшарт;
 - своп келісімшарты.
2. Кепілдік нысанындағы бағалы қағаздар:
 - варрант;
 - коносамент.
3. Куәлік нысанындағы бағалы қағаздар:
 - ипотекалық куәліктер;

- депозитарийлік қолхат;
- банктік сертификат.

8.2. Келісімшарт нысанындағы туынды бағалы қағаздар

Форвардтық (алдын ала) – келісімшартты жасағаннан кейін екі күн ішінде шұғыл түрде жасалатын есеп айырысу нысаны. Форвардтық операцияларды бағаның және валюталар бағамындағы өзгерістерден туындайтын мүмкін болатын зияндардың алдын алу мақсатында жүзеге асырады.

Форвардтық келісімшарттың бағасы әдетте келісімшарт жасалған кезде бекітіледі.

Форвардтық келісімшарттың негізгі айырмашылығы – жасалатын келісім- шарттың кез келген көрсеткішін (бағасын, мерзімін, мөлшерін, есеп айырысу нысанын және жеткізілуін) келісімшартқа қатысушы тараптың сұранысы (қалауы) бойынша өзгерту мүмкіндігі бар.

Бұл келісімшарттың кемшілігі – бір тараптың келісімшартты орындаудан бас тартқан жағдайда, бұл келісімшарт бойынша құқықтар мен міндеттерді алдын ала жою (өтеу) қиынға соғады. Кері мәмілені жасауға болатын еді, бірақ форвардтық келісімшартта кері мәміле жасалмайды.

Форвардтық келісімшарттың негізгі екі түрі бар: валюталық форвард және пайыздық форвард.

Форвардтық келісімшарт ірі банктер арасында жасалады.

Фьючерстік келісімшарт – белгіленген нысандағы стандарттық саны мен орындалу мерзімі бар және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналыста жүретін туынды бағалы қағаз, оны сатушы сатуға немесе сатып алуға міндеттенеді, ал сатып алушы мүліктің (базалық активтің) белгіленген санын келісілген баға бойынша және белгілі бір мерзім өткеннен кейін сатып алуға немесе сатуға міндеттенеді.

Фьючерстік және форвардтық келісімшарт тұрақты мәміле болып табылатын мерзімді келісімшартты білдіреді. Форвардтық келісімшартқа қарағанда фьючерстік келісімшарттың бағасынан

басқа көрсеткіштері, келісімшарт тараптарының қалауына және еркіне байланыссыз алдын ала белгіленген, яғни бұл келісімшарт толығымен стандартталған. Бұл келісімшарт тек қана биржалық сауда-саттық кезінде жасалады. Фьючерстік келісімшарттың орындалуына биржаның өзі, яғни нақтырақ айтатын болсақ, биржалық сауда-саттыққа қызмет көрсететін есеп айрысу ұйымы (клирингтік ұйым) кепілдік береді.

Сатып алушының шартымен фьючерстік келісімшартты жасау келісімшартты «сатып алуды» білдіреді, ал сатушының шартымен келісімшартты «сатуды» білдіреді. Келісімшарт бойынша міндетті қабылдау «ашық позицияны» білдіреді. Кері келісімшарт жасау арқылы фьючерстік келісімшарт бойынша міндеттің орындалмауы «жабық позицияны» білдіреді. «Ашық позиция» кезінде келісімшарттың иесі бастапқы маржаны немесе жарнаны төлейді.

Фьючерстік келісімшарт екі топқа бөлінеді: тауарлы және қаржылық фьючерстік келісімшарт.

Биржадағы тауарлар топтамасына байланысты тауарлы фьючерстік келісімшарттың мынадай түрлері бар:

– ауылшаруашылық өнімдері мен шикізаттар, жартылай фабрикаттар;

– орман және кесілген материалдар;

– түсті және қымбат бағалы металдар – алюминий, күміс, қорғасын, мырыш, никель, қалайы, алтын, платина, палладий;

– мұнайгаз шикі заты – мұнай, газ, бензин, мазут және т.б.

70-жылдың басына дейін тауарлы фьючерс – фьючерстік келісімшарттың негізгі түрі. 1972 жылдан бастап қаржылық фьючерстер пайда болды.

Қаржылық фьючерстің мынадай түрлері бар:

– валюталық фьючерс қандай да бір конвертацияланатын валютаны сату- сатып алумен байланысты фьючерстік келісімшартты білдіреді. Бұл келісімшарт валюталық форвардқа ұқсас болып келеді, бірақ өзіндік мынадай айырмашылықтары бар: келісімшартты жасау орны, стандартизация деңгейі (толық) және кепілдендіру механизмі (маржалық алымдар механизмі);

– қор фьючерсі – акцияның жекелеген түрлерін сату-сатып алумен байланысты фьючерстік келісімшарт;

– пайыздық фьючерс – пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне

(қысқа мерзімді фьючерс) және ұзақ мерзімді облигацияны сату-сатып алумен байланысты (ұзақ мерзімді фьючерс) фьючерстік келісімшарт.

– индекстік фьючерс – қор нарығындағы индекс мәнінің өзгеруімен байланысты фьючерстік келісімшарт.

Форвард пен фьючерстік келісімшарттың айырмашылығы мына 12-кестеде берілген.

12-кесте

Форвард пен фьючерстік келісімшарттың айырмашылығы

Фьючерстік келісімшарт	Форвардтық келісімшарт
Сауда-саттық биржада жүргізіледі.	Форвардтық мәміле – ол банкаралық мәміле, яғни биржадан тыс мәміле.
Фьючерстік келісімшарт стандартталған.	Келісімшарттың талаптары екі жақты мәміледе келісіледі.
Мәмілеге екі жақ қатыспайды, оның орындалуына есеп айырысу (клирингтік) палатасы кепілдік береді.	Екі жақ – сатып алушы мен сатушы кездесіп, мәміле жасайды. Мәміленің орындалуына екі тарап жауапты.
Фьючерстік нарықта мәмілені жою жеткізіп берумен немесе кері мәмілеге келумен жүзеге асырылады.	Форвардтық нарықта мәмілені жою тек қолма-қол ақша төлеумен жүзеге асырылады. Кері мәміле болмайды.
Фьючерстік нарықта сауда ашық келісіммен аукционда жүргізіліп, биржа ережелерімен реттеледі.	Форвардтық нарықта сауда келісімшарт негізінде реттеледі.
Фьючерстік келісімшарт биржада тіркеледі.	Форвардтық нарықта қауіптің барлық түрлері кездесуі мүмкін. Олардың деңгейі клиенттің несиелік рейтингісіне байланысты.
Дерек көзі: автор құрастырған.	

Опцион – бұл келісімшарт, осыған сәйкес бір тарап, яғни опционды сатушы осы шартта аталған мүліктің (базалық активтің) белгілі бір санын осы шартта келісілген баға бойынша сатуға немесе сатып алуға міндеттенеді, ал екінші тарап, яғни опционды сатып алушы сатып алу немесе сату құқығына ие болады; сауда-саттықты ұйымдастырушылар мұндай шартты стандарттаған жағдайда ол туынды бағалы қағаз ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Опциондық келісімшартты әдетте опцион деп атайды. Опционның иесі оның ұстаушысы болып табылады.

Активті сатып алуға құқық беретін опционды «опционды сатып алу» немесе «опцион колл» деп атайды.

Активті сатуға құқық беретін опционды «опционды сату» немесе «опцион пут» деп атайды.

Опционға негізделген активтің екі құны болады: ағымдағы нарықтық құны немесе спот және опционда тіркелген орындалу құны.

Опционға негізделген активтің бағасы емес опционның өзінде белгіленген баға оның сыйақысы болып табылады.

Опционның орындалу мерзімі (күні) болады. Опционның орындалу күніне байланысты опцион америкалық немесе европалық болуы мүмкін.

Америкалық опцион экспирация (мерзімнің аяқталу күні) күнін қоса алғанда кез келген мерзімде орындалуы мүмкін. Европалық опцион – экспирация күнінде орындалуы мүмкін, яғни экспирация және орындалу күні сәйкес келеді, ал америкалық опцион үшін бұл күндер сәйкес келмеуі мүмкін.

Опцион биржалық және биржалық емес болып жіктеледі. Биржалық опциондық келісімшарт тек қана биржада жасалады және механизмі фьючерстік келісімшартқа сәйкес келеді. Биржалық опцион мен фьючерстік келісімшарт қысқа мерзімді сипатқа ие. (3 айдан – 1 жыл).

Фьючерстік келісімшарт сияқты биржалық опционда тауар, пайыздық мөлшерлеме, валюта, индекс тәрізді активтермен жасалады.

Биржадан тыс опционның айналыс механизмі форвардтық келісімшартқа ұқсас болып келеді. Бұл нарықты банк дилері (маркет-мейкер) қалыптастырады. Биржадан тыс опцион екіге бөлінеді: қысқа және ұзақ мерзімді. Қысқа мерзімді опционға ұзақ мерзімді опционға негізделген опцион (кэпцион) және биржадан тыс мерзімді келісімшартқа негізделген опцион (свопцион – свопқа негізделген опцион) жатады.

Ұзақ мерзімді опцион бір кезеңді және көп кезеңді болып бөлінеді. Бір кезеңді опцион – орындалу мерзімі аяқталу күнімен сәйкес келетін опцион.

Көп кезенді опцион – іске асырылуы кезеңінде, яғни опционмен есеп айырысуды жүргізудің (орындалуының) бірнеше күні бар опцион.

Ұзақ мерзімді көп кезенді опциондер: опцион коллға негізделген опционды «кэп», ал опцион путқа негізделген опционды «флор» деп атайды. «Кэп» пен «флордың» комбинациясын «коллор» деп атайды.

Своп (айырбас) – екі тараптың белгілі бір мерзім ішінде белгілі бір талаптармен қаржы құралдарын айырбастау жөніндегі келісімін куәландыратын туынды бағалы қағаз.

Тұрақты баға бойынша есеп айырысуды жүзеге асыратын тұлға – свопты сатып алушы тұлға.

Өзгермелі бағам бойынша төлеуге міндетті тұлға – свопты сатушы.

Своп – операциясы банкте іске асырылады. Своп мерзімді мәміле. Фьючерстік келісімшартқа қарағанда своптың айырмашылығы мынада: биржада айналыста болмайды және биржалық келісімшарт емес.

Своп операциясын пайдаланудың бірнеше мақсаты бар: тәуекелді төмендету, соның ішінде валюталық; төлемдердің тұрақтылығын қамтамасыз ету; бағалы қағаз портфелін басқарумен байланысты шығынды азайту; валюталық-қаржылық арбитраж, яғни әртүрлі валютаның пайыздық мөлшерлеме арасындағы айырмадан тәуекелсіз пайда алу; пайыздық мөлшерлемеге және бағамға жасалған болжам негізінде спекулятивті пайда алу; салық салумен байланысты мәселелерді шешу үшін қажетті шығындар алу («свопинг»).

Кейінгі кезде нарықта пайда болған своптың жаңа түрі – опциондық своп немесе свопцион. Свопцион – опционнан туындаған гибрид. Свопцион колл – тіркелген пайыздық мөлшерді төлеу және өзгермелі пайыздық мөлшерлемеге сәйкес төлемді алу құқығы. Свопцион пут керісінше, өзгермелі пайыздық мөлшерлемені төлеу және тіркелген пайыздық мөлшерлемеге сәйкес төлемді алу құқығын білдіреді.

Свопционмен келісімшарт жасасқан кезде, своп – келісімшартының номиналы, тіркелген пайыздық мөлшері, своптың өзінің және опционның мерзімі бекітіледі.

Своптың тағы да мынадай түрлері бар: своптың орындалуына байланысты (тез арада 2 күн ішінде іске асырылатын – споттық своп және орындауы кейінге қалдырылған своп); айырбасталатын мөлшерге байланысты (тұрақты, базистік); уақытқа байланысты келісімшарттың негізгі сомасының өзгеруімен байланысты (егерде азаятын болса, онда ол амортизацияланатын своп).

8.3. Кепілдік нысанындағы туынды бағалы қағаздар

Варрант – иесіне, тіркелген баға бойынша, бекітілген мерзім ішінде, қандай да бір эмитент-компанияның акциясының (немесе облигациясының) нақты санын сатып алуға құқық беретін екінші ретті бағалы қағаз.

Варранттың базалық активіне акция (немесе облигация) жатады. Нақты мерзімге шығарылған варрант, айналыс мерзімі ішінде нарыққа түспейді, варрантты акцияға немесе облигацияға айырбастау кезінде пайда болады. Иесі үшін варранттың құндылығы мынада: акцияның болашақтағы (алдағы кезеңдегі) құны мен варрантта тіркелген құны арасындағы айырма түрінде дифференциалды табыс алу мүмкіндігінде. Бұл бағалы қағаздың айналыс мерзімі шамамен 10-20 жылды құрайды немесе мерзімі шектелмеген, яғни мерзімсіз болады.

Акцияның ағымдағы нарықтық бағасынан 15-20 пайыздан асатын мөлшерде, варранттың тіркелген бағасы белгіленеді. Белгіленген баға варранттың айналыс мерзімі ішінде өзгеріссіз қалуы мүмкін немесе әрбір 5 жыл сайын өсіп отыруы мүмкін. Варрант кез келген бағалы қағаз сияқты нарықта сатылады және сатып алынады. Варрантты акцияға айырбастамай-ақ эмитент-компания оны иесінен сатып алу арқылы өтеуі мүмкін.

Варрантты эмитент-компания акциялармен және облигациялармен қоса шығарады. Бұл, бір жағынан, бағалы қағаздарды алғашқы орналастырғанда тартымды (өтімді) етсе, екінші жағынан, қоғамның эмиссиялық шығындарын азайтады.

Варрант қоғамның басқа бағалы қағаздарымен қоса шығарылғаннан кейін, олардан бөлініп, өз алдына айналымға түседі. Ол туралы қоғамның жарғысында көрсетілген болуы керек. Варрант бөлінгеннен кейін негізгі бағалы қағаздың сатылу бағасы варрант бағасынан кемиді. Екінші нарыққа түскен варрант өзінің нарықтық курсына ие болады. Варрант бойынша сатып алынатын бағалы қағаздың бағасы варранттың орындалу бағасы деп аталады. Кейде варрантты негізгі бағалы қағазбен бірге ұсынады, ондай жағдайда олардың бағасын біріктіріп айтады.

Экономикалық мазмұны жағынан варрант опцион коллға (опционды сатып алу) ұқсас болып келеді. Варрант пен опцион колл арасында мынадай өзіндік айырмашылықтар бар:

1) варрантты компания эмиссиялайтын кепілдік нысанындағы бағалы қағаз, ал опцион опциондық мәміле жасаудан туындаған мерзімді келісімшарт;

2) варрант ұзақ мерзімге шығарылса, ал опциондық мәміле – қысқа мерзімге шығарылатын келісімшарт;

3) варрант алғашқы иемденушіге ақысыз берілсе, ал опцион иесі опционды жаздырып алушыға (сатушыға) ол үшін сыйақы төлейді;

4) варранттың саны негізделіп шығарылатын бағалы қағаз көлемімен байланысты, яғни шектеулі, ал опциондық келісімшарттың саны нарықтың қажеттілігіне байланысты анықталады;

5) Варрантты эмиссиялаған жағдайда компанияның капиталы (меншік немесе қарыз капиталы) ұлғаяды, ал опциондық келісімшартты жасасқан кезде компанияның капиталы өзгеріссіз қалады.

Коносамент – жүкті тасымалдауға, тиеуге және алуға құқық беруді куәландыратын халықаралық қатынастарда қолданылатын, стандартты формадағы құжат.

Коносаменттің формалары:

– мәлімдеуші коносамент, яғни коносаментті мәлімдеуші жүктің иесі болып табылады;

– атаулы коносамент, яғни жүктің иесінің аты-жөні коносаментте көрсетіледі. Атаулы коносаментті басқа тұлғаға беруге болмайды;

– ордерлік коносамент, яғни бұл кеңінен таралған коносамент болып табылады. Коносаментті бір тұлғадан екінші бір тұлғаға беру аударып жазу индоссамент арқылы жүзеге асырылады.

Коносаментте көрсетілген мәліметтерді өзгертуге мүмкін болмайтын құжат болып табылады. *Коносаментте мынадай деректемелер көрсетіледі.*

- 1) кеменің атауы;
- 2) тасымалдаушы фирманың атауы;
- 3) жүкті қабылдау орны;
- 4) жүкті жіберушінің атауы;
- 5) жүкті алушының атауы;
- 6) жүктің атауы және оның негізгі сипаттамалары;
- 7) коносаментті беру уақыты және орны;
- 8) кеме капитанының қолы.

Коносаментке міндетті түрде сақтандыру полисі тіркеледі. Коносаментпен қоса жүкті тасымалдауға, сақтауға, оның сақтығына, кеден рәсімінен өтуге қажетті әртүрлі қосымша құжаттар болуы қажет.

8.4. Куәлік нысанындағы туынды бағалы қағаздар

Ипотекалық куәліктер – базалық активі жылжымайтын мүлік болып табылатын туынды бағалы қағаз.

Қазақстанда мұндай бағалы қағаздарды Қазақстан Ипотекалық компаниясы екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп шығарып отыр. Банктер мұндай қағаздарды сатып алуға ынталы, себебі олар өтімді және тұрақты, сондай-ақ табысты бағалы қағаздар түріне жатады.

Депозитарлық қолхат – шетел компаниясы орналасқан елде депонирленген (ұйымдастырылған түрде сақталуы), шетел компанияларының акцияларының нақты санын иеленгендігін дәлелдейтін бағалы қағаз. Бұл бағалы қағаздың айналысы басқа елде немесе елдерде жүреді.

Мұндай бағалы қағаз сертификат немесе құжатсыз формада айналысқа шығарылады.

Шетел тәжірибесінде екі депозитарлық қолхат кеңінен қолданылады:

1. АДР – америкалық депозитарлық қолхат, яғни тек америка қор нарығына айналысқа жіберілген.

2. ГДР – ғаламдық депозитарлық қолхат, онымен Еуропа қор нарығында және өзге елдерде операцияларды жүзеге асыруға болады.

1924 жылы ағылшынның ұлттық компанияларының бағалы қағаздарын сыртқа шығаруға тыйым салумен байланысты, америкалық инвесторлардың ондай бағалы қағаздарға деген сұранысының туындауының арқасында алғаш рет АДР пайда болды.

АДР – бұл АҚШ банктерінің бірінде қандай да бір шетелдік компаниялардың акцияларын иеленгендігін куәландыратын туынды бағалы қағаз. АДР арқылы шетелдік компаниялар америкалық инвесторларға шыға алады. Ал америкалық инвесторлар шетел қор нарықтарынан шетел компанияларының акцияларын сатып алудың орнына АҚШ-та шығарылған АДР формасындағы субституттарға ие болады. АДР-дің базалық активіне тек акциялар жатады.

Шығару шартына қарай АДР екі түрге: демеушіленетін және демеушіленбейтін болып бөлінеді. Демеушіленетін АДР компанияның акциясының көп бөлігін иеленетін ірі акционер немесе акционерлер тобының бастамасымен шығарылады. Демеушіленбейтін АДР артықшылығы – ол қарапайым, ал кемшілігі онымен сауда тек биржадан тыс нарықта жасалады. Демеушіленетін АДР эмитенттің бастамасы бойынша шығарылады. Демеушіленетін АДР тән төрт деңгейлі бағдарлама болады. Бірінші және екінші деңгейлік бағдарлама қайталама нарықта айналыста жүрген акцияларға қолхат шығаруды көздейді. Үшінші және төртінші деңгейлік бағдарламалар бастапқы шығарылатын акцияларға қолхат шығаруды сипаттайды.

Қазақстандық депозитарлық қолхаттың эмитенті ретінде кастодиан қызметіне арналған лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк бола алады.

Банктік сертификат. Құжатты нысанда атаулы немесе мәлімдеуші негізде шығарылатын банктік салым бойынша келісімшартты білдіреді. Бұл бағалы қағаздың түрін тек қана коммерциялық банктердің эмиссиялауға құқығы бар. Экономикалық табиғаты жағынан, банктік сертификат пайыздық табысы бар қарыздық бағалы қағазға ұқсас болып келеді. Коммерциялық банктер үшін бұл сертификат ресурсты жинақтау тиімділігімен, яғни ірі соманың белгілі бір мерзімге түсуін сипаттайды.

Банктік сертификаттың мынадай түрлері бар:

– *депозиттік сертификат* – заңды тұлғаның банкке салған қаражатын куәландыратын және оған салым мерзімінің өтеуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сыйақы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз. Бұл бағалы қағаздың айналым мерзімі 1 жылға дейінгі мерзім аралығын құрайды. Депозиттік сертификат көбіне ірі сомада шығарылатындықтан оларды заңды тұлғалар сатып алады;

– *жинақ сертификаты* – жеке тұлғаның банкке салған қаражатын куәландыратын және оған салым мерзімінің өтеуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сыйақы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз. Жинақ сертификаты жеке тұлғаларға арналып шығарылады. Бұл бағалы қағаздың айналым мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзім аралығын құрайды.

Әлемдік тәжірибеде депозиттік сертификаттың мынадай екі түрі бар:

– аударылатын депозиттік сертификат басқа бір тұлғаларға екінші нарықта сатып алу-сату арқылы өтеді;

– аударылмайтын депозиттік сертификат салым иелерінің қолдарында болып, уақыты жеткен соң банкке ұсынылады.

Банктік сертификатта мынадай деректемелер көрсетіледі:

– «депозиттік» немесе «жинақ» сертификатының атауы;

– сертификатты беру себебі (салымды жинақтау немесе бос ақшалай қаражатты депозитке орналастыру);

– жинақ салымның немесе ақшалай қаражатты депозитке орналастырған күні;

- депозиттің немесе жинақ салымының көлемі (көлемі сандық және жазбаша түрде көрсетіледі);
- орналастырылған соманы банктің иесіне қайтару жөніндегі міндеттемесі;
- сертификат бойынша салымшының орналастырған ақшалай қаражатты талап ету күні;
- депозитті немесе салымды пайдаланғаны үшін пайыздық мөлшерлеме;
- банк-эмитенттің атауы және мекенжайы, ал атаулы сертификат бойынша салымшының аты-жөні;
- банк тарапынан қол қоюға өкілеттілігі бар екі тұлғаның қолы.

Жоғарыда аталған реквизиттің біреуінің болмауы бағалы қағаз ретіндегі сертификат мәртебесінен айырады.

Заңға қайшы келмейтін қосымша реквизиттерді банк белгілеуі мүмкін.

Сертификат сериямен немесе бір жолғы ретпен шығарылуы мүмкін.

Тауарды немесе қызметті сату-сатып алу кезінде банктік сертификат есеп айырысу немесе төлем құралы болып табылмайды.

Банктік сертификаттың айналым мерзімі аяқталғаннан кейін, оның иесіне салған салым сомасы мен оған есептелетін сыйақы мөлшерлемесі қайтарылады.

Мерзімді депозиттік және жинақ сертификаттары мерзімінен бұрын төлеуге ұсынылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда банк сертификатты сатып алады, бірақ төменгі мөлшерде пайыз төлейді.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Туынды бағалы қағаздың мәнін қалай түсінесіз?
2. Базалық актив дегеніміз не?
3. Туынды бағалы қағаздарды эмиссиялаудың мақсаты қандай?
4. «Хеджирлеу» дегеніміз не?
5. Форвардтық келісімшарттың мәні мен түрлерін айтыңыз.
6. Фьючерстік келісімшарттың мәні мен түрлерін айтыңыз.
7. Форвардтық және фьючерстік келісімшарттың бір-бірінен айырмашылығы қандай?
8. Опционның түрлерін атаңыз.

9. Своп келісімшартының мәні мен түрлерін айтыңыз.
10. Коносамент дегеніміз не?
11. Варрант дегеніміз не?
12. Депозитарлық қолхаттың мәнін қалай түсінесіз?
13. Банктік сертификаттың қандай түрлерін білесіз?

8-ТАПСЫРМА

Сол жақ калонкада көрсетілген оң жақ калонкадағы терминнің анықтамасын табыңыз.

№	Термин	Жауабы	№	Анықтамасы
1	Туынды бағалы қағаз		1	болашақта орындалатын нақты мерзімнен кейін активті сату-сатып алу келісімшарты. Бұл келісімшарттың міндетті түрде орындалуы тиісті тұрақты мәмілені білдіреді
2	Базалық актив		2	екі тараптың белгілі бір мерзім ішінде белгілі бір талаптармен қаржы құралдарын айырбастау жөніндегі келісімін куәландыратын туынды бағалы қағаз
3	Келісімшарт нысанындағы бағалы қағаздар түрлері		3	жүкті тасымалдауға, тиеуге және алуға құқық беруді куәландыратын халықаралық қатынастарда қолданылатын, стандартты формадағы құжат
4	Форвардтық келісімшарт		4	«бағалы қағаз нарығы» туралы заңға сәйкес туынды бағалы қағаз дегеніміз – осы туынды бағалы қағаздардың базалық активке қатынасы бойынша құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз
5	Своп		5	базалық активі жылжымайтын мүлік болып табылатын туынды бағалы қағаз

6	Варрант		6	заңды тұлғаның банкке салған қаражатын куәландыратын және оған салым мерзімінің өтеуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сыйақы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз. Бұл бағалы қағаздың айналым мерзімі 1 жылға дейінгі мерзім аралығын құрайды
7	Коносамент		7	жеке тұлғаның банкке салған қаражатын куәландыратын және оған салым мерзімінің өтеуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сыйақы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз. Жеке тұлғаларға арналып шығарылады
8	Ипотекалық куәліктер		8	стандартталған тауарлар партиясы, бағалы қағаздар, валюта, қаржы құралдары және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де көрсеткіштер
9	Депозиттік сертификат		9	иесіне, тіркелген баға бойынша, бекітілген мерзім ішінде, қандай да бір компанияның акция (немесе облигация) мөлшерін сатып алуға құқық беретін екінші ретті бағалы қағаз
10	Жинақ сертификаты		10	форвардтық келісімшарт; фьючерстік келісімшарт; опциондық келісімшарт; своп-келісімшарт

**9.1. Бағалы қағаздар нарығындағы
қызметті жүзеге асырудың
құқықтық негіздері**

Бағалы қағаздар нарығында уәкілетті органның лицензиялануына жататын қызмет түрлері мыналар:

- 1) брокерлік;
- 2) дилерлік;
- 3) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу;
- 4) инвестициялық портфельді басқару;
- 5) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару;
- 6) кастодиандық;
- 7) трансфер-агенттік;
- 8) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда ұйымдастыру жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған қызмет түрлері, сондай-ақ депозитарлық қызмет – бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет.

Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің белгілі бір түрін немесе өзара қоса атқаратын түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар өзінің қызметін үйлестіру мақсатында өзін-өзі реттейтін бір ғана ұйым құрады.

Лицензиат бағалы қағаздар нарығындағы қызметті мынадай ішкі құжаттары болған жағдайда жүзеге асыруға құқылы:

- 1) бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттары;
- 2) операцияларды жүргізудің жалпы шарттарын белгілейтін ішкі құжаттары;

3) лицензиат пен оның клиентінің құқықтары мен міндеттерін, олардың жауапкершілігін белгілейтін ішкі құжаттары;

4) лицензиаттың директорлар кеңесі ішкі құжаттарға қосу қажет деп есептейтін өзге де шарттарды, талаптар мен шектеулерді белгілейтін ішкі құжаттары.

Ішкі құжаттарды лицензиаттың директорлар кеңесі бекітуге тиіс.

Бағалы қағаздар нарығында көрсеткен қызметтері үшін лицензиатқа клиенттің сыйақы төлеуінің талаптары мен тәртібі лицензиаттың ішкі құжаттарымен және лицензиаттың өз клиентімен жасалған шартымен белгіленеді.

Өтініш берушінің (лицензиаттың) жарғылық капиталын қалыптастыру тек қана ақшалай нысанда Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүзеге асырылады.

Өтініш берушінің (лицензиаттың) жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Жеке және заңды тұлғалар – Қазақстан Республикасының резиденттері мен резиденті еместер өтініш берушінің (лицензиаттың) құрылтайшылары және акционерлері бола алады.

Мыналар:

1) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар;

2) оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғаларға қатысы бойынша аффилирленген тұлғалар;

3) оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалардың құрылтайшылары (қатысушылары, акционерлері) болып табылатын тұлғалар өтініш берушінің (лицензиаттың) *құрылтайшысы және акционерлері бола алмайды.*

Лицензиат (Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген тіркеушіні, трансфер-агентті, сондай-ақ брокерді және дилерді қоспағанда) міндетті түрде мынадай алқалы органдарды қалыптастырады:

1) директорлар кеңесі – басқару органы;

2) басқарма – атқарушы орган;

3) ішкі аудит қызметі – бақылаушы орган.

Лицензиаттар және орталық депозитарий уәкілетті органға бағалы қағаздар нарығындағы қызметі туралы есепті беруге міндетті. Бағалы қағаздар нарығының субъектісі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне оның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысандарда және мерзімдерде статистикалық есептілік беріп отыруға міндетті.

Өтінішті берушіге(лицензиатқа) қойылатын талаптар:

1. *Өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары:*

Өтініш беруші лицензия алу үшін мынадай біліктілік талаптарына сай болуға тиіс:

1) өтініш берушінің оны құру мақсаттарын ашатын бизнес-жоспарының болуы;

2) қызметінің негізгі бағыттарын және оған өтініш беруші бағдар жасаған нарық сегменті;

3) қызмет түрлері;

4) маркетинг жоспары;

5) өтініш берушінің кәсіптік қызметімен байланысты тәуекелдер және оларды азайтудың тәсілдері;

6) қаржылық перспективасы (есептік балансы, алғашқы үш қаржы (операциялық) жылындағы кірістер мен шығыстардың есептері);

7) еңбек ресурстарын тарту жоспары;

8) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдары мен жабдықтары болуы;

9) белгіленген талаптарға сәйкес келетін ұйымдық құрылымның болуы;

10) өтініш берушінің ішкі аудит қызметі туралы ереженің болуы.

2. *Өтініш берушінің басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар:*

Өтініш берушінің (лицензиаттың) директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшелері, басқармасының бірінші басшысы мен мүшелері, бас бухгалтері, өтініш берушінің (лицензиаттың) құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді, бақылауды

жүзеге асыратын және бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасауға негіз болатын құжаттарға қол қою құқығы бар өзге басшылары өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкерлері болып табылады.

Мыналар:

1) жоғары білімі жоқ;
2) қаржылық қызмет көрсету және оны реттеу саласында жұмыс стажы жоқ;

3) мінсіз іскерлік беделі жоқ;

4) уәкілетті органның қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарту немесе оны банкрот деп тану туралы шешімі қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымы директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқармасының бірінші басшысы және оның орынбасары, бас бухгалтері болған адамдар өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Аталған талап Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарту немесе оны банкрот деп тану туралы шешімі қабылданғаннан кейін бес жыл бойы қолданылады;

5) өзге қаржы ұйымында басшы қызметкер лауазымында болған кезеңінде осы адамды басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісім кері қайтарылып алынған адамдар өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Аталған талап уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алу туралы шешімді қабылдағаннан кейін қатарынан соңғы он екі ай бойы қолданылады.

Өтініш берушінің (лицензиаттың) директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз проценті тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкер лауазымына тағайындалуы үшін қаржылық қызмет көрсету және оны реттеу саласында үміткерлердің мынадай жұмыс стажы болуы қажет:

1) өтініш берушінің (лицензиаттың) басқармасының бірінші басшысы, бас бухгалтері лауазымдарына кандидаттар үшін кемінде үш жыл;

2) өтініш берушінің (лицензиаттың) басқарма мүшелері лауазымдарына кандидаттар үшін кемінде екі жыл;

3) өтініш берушінің (лицензиаттың) құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыратын және бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасауға негіз болатын құжаттарға қол қою құқығы бар өзге басшылар лауазымдарына кандидаттар үшін кемінде бір жыл.

Директорлар кеңесінің бірінші басшысы және мүшелері лауазымдарына кандидаттар үшін қаржылық қызмет көрсету және оны реттеу саласында жұмыс стажының болуы талап етілмейді.

Басшы қызметкер тағайындалған (сайланған) күннен бастап өз қызметін уәкілетті органның келісімінсіз күнтізбелік *алтыс күннен аспайтын* мерзім ішінде атқаруға құқылы. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін және құжаттар уәкілетті органға келісуге табыс етілмеген жағдайда не уәкілетті орган келісуден бас тартқан жағдайда, өтініш беруші (лицензиат) осы адаммен еңбек шартын бұзуға міндетті.

Уәкілетті орган басшы қызметкерлерінің іс-әрекеттерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді деп тану үшін жеткілікті деректердің негізінде қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуге құқылы.

Уәкілетті орган өтініш берушінің (лицензиаттың) *басшы қызметкері лауазымына тағайындауға берген келісімін мынадай жағдайларда кері қайтарып алуға құқылы:*

1) келісім беруге негіз болған дәйектемесіз мәліметтер анықталған;

2) басшы қызметкерге және лицензиатқа уәкілетті органның санкцияларды жүйелі түрде (қатарынан соңғы он екі ай ішінде үш және одан астам рет) қолдану;

3) уәкілетті орган өтініш берушінің (лицензиаттың) аталған басшы қызметкерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекеттерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді деп тану үшін жеткілікті деректердің негізінде қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету негіздері бойынша.

Уәкілетті орган өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісiмiн керi қайтарып алған жағдайда, өтiнiш берушi (лицензиат) ол адаммен жеке еңбек шартын бұзуға мiндеттi.

3. Ұйымдық құрылымға қойылатын талаптар:

Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға екі және одан да көп лицензиясы бар лицензиаттың ұйымдық құрылымы қызметтің әр түрі бойынша жекелеген бөлімшелерден тұруға тиіс.

Лицензиаттың бір бөлімше қызметкерлерінің функциялары мен міндеттерін орындауды екінші бөлімшенің қызметкерлеріне жүктеуге құқығы жоқ.

9.2. Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті лицензиялау тәртібі

Бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру үшін лицензиялар берудің талаптары мен тәртібі «Бағалы қағаздар нарығы» туралы Заңмен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Лицензия алу үшін табыс етілген құжаттарды уәкілетті орган (бағалы қағаз нарығын реттеу және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган) қарайды және өтініш беруші мен ол табыс еткен құжаттар «Бағалы қағаздар нарығы» туралы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптарына сәйкес болған жағдайда бір ай мерзімнен кешіктірмей лицензия береді. Лицензия өтініш беруші басқармасының бірінші басшысына не сенімхат негізінде оның өкіліне беріледі.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген негіздемелер бойынша лицензия беруден бас тартуға құқылы.

Егер лицензия алу үшін табыс етілген құжаттарды қарау процесінде осы құжаттарда өтініш беруші, оның құрылтайшылары немесе олардың қызметі туралы дәйектемесіз мәліметтер бар екені анықталса, уәкілетті орган ол құжаттарды қарау мерзімін

тоқтата тұруға құқылы. Өтініш беруші ескертпелерді жойғаннан кейін және құжаттарды тапсырғаннан кейін олардың қарау мерзімі қайта жаңғыртылады. Уәкілетті органның құжаттарды кейінгі қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

Бағалы қағаз нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алудан үміткер тұлға лицензия алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) өтініш;
- 2) лицензиялау алымының бюджетке төленгендігін растайтын құжатты;
- 3) заңды тұлға есебінде өтініш берушіні мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және жарғының нотариат куәландырған көшірмелерін;
- 4) өтініш берушіні салық органында есепке қою туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін;
- 5) бағалы қағаз нарығында қызметті жүзеге асыруға қатысатын филиалдардың тізімін және филиалдар туралы ережелердің нотариат куәландырған көшірмелерін;
- 6) құжаттарды берген күннің алдындағы күндегі жағдай бойынша акционерлер туралы мәліметтерді;
- 7) бухгалтерлік балансты, пайдалар мен залалдар туралы есепті, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті, өтініш берушінің акцияларын төлеуге ақша салар алдындағы соңғы айдың аяғындағы өтініш берушінің акционерлері – заңды тұлғалардың капиталындағы өзгерістер туралы есепті;
- 8) Қазақстан Республикасындағы заңнамаға сәйкес, басшы қызметкерлерді келісілу үшін ұсынылатын құжаттарды;
- 9) қызметкерлердің фамилиясы, аты және болған жағдайда әкесінің аты, олардың атқаратын лауазымы көрсетіле отырып, штаттық кестенің көшірмесін;
- 10) бағалы қағаз нарығында қызметті жүзеге асыру бойынша міндет жүктелетін құрылымдық бөлімшелер туралы ережені;
- 11) ішкі аудит қызметі туралы ережені;
- 12) құрамы туралы мәліметтерді (инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті немесе зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялар алуға үміткер

өтініш берушілер үшін) қоса отырып, инвестициялық комитет туралы ережені;

13) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаз нарығында қызметті жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-техникалық құралдарға және өзге де құрал-жабдыққа қойылатын талаптарды орындайтындығын растайтын құжаттар;

14) өтініш беретін тоқсанның алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы бухгалтерлік балансты;

15) аудиторлық есеппен расталған соңғы аяқталған жылға өтініш берушінің қаржылық есебін;

16) бизнес-жоспар, қызметтің негізгі бағыттары және өтініш беруші бағдарға алған рыноктың сегменті, қызмет көрсету түрлері, маркетинг жоспары, өтініш берушінің кәсіби қызметімен байланысты тәуекелдер және оны азайту тәсілдері, қаржылық перспективалары (есеп айырысу балансы, алғашқы үш қаржылық жылға кірістер мен шығыстардың есебі), еңбек ресурстарын тартау жоспары.

Жоғарыда аталған құжаттар тізімі нөмірленіп, тігіліп және соңғы парағының артқы жағына тігілген парақтардың саны көрсетіле отырып, тігістің түйіншегіне жапсырылған жапсырманың үстіне өтініш берушінің мөрімен куәландырылып ұсынылады. Құжаттардың көшірмелері мұндай құжаттарға қол қою құқығына ие өтініш берушінің лауазымды тұлғаларының қолдарымен өтініш беруші мөрінің таңбасымен куәландырылады.

Уәкілетті орган мынадай жағдайларда лицензияның қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы:

1) лицензия алу немесе лицензиаттың қызметі туралы есепті қарау үшін табыс етілген құжаттарда дәйектемесіз ақпарат анықталған;

2) лицензия алу үшін табыс етілген құжаттардағы өзгерістер туралы ақпарат берілмеген;

3) «Бағалы қағаздар нарығы» туралы Заңда белгіленген біліктілік талаптары сақталмаған;

4) бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ лицензиаттың ішкі құжаттарын бұзған;

- 5) уәкілетті органның ұйғарымын орындамаған;
- 6) лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтата тұру туралы жазбаша өтініш болған;
- 7) жүзеге асыруға лицензия берілген қызметті алты және одан да көп ай ішінде лицензиат жүзеге асырмаған;
- 8) бағалы қағаздар нарығындағы қызмет туралы мәліметтерді мемлекеттік органдарға табыс ету жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарды орындамаған;
- 9) лицензиаттар үшін тыйым салынған және шектелген қызметтерді жүзеге асырған;
- 10) бағалы қағаздар нарығы лицензиаттарының басшы қызметкерлерінің келісуімен байланысты талаптар бұзылған жағдайларда.

Уәкілетті органның лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін бағалы қағаздар нарығындағы қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асыру – заңсыз және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Уәкілетті орган мынадай жағдайларда лицензиядан айыруға құқылы:

- 1) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептері жойылмаған;
- 2) бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының заңдары, сондай-ақ лицензиаттың ішкі құжаттары жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш рет және одан көп) бұзылған;
- 3) уәкілетті органның ұйғарымдары жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш рет және одан көп) орындалмаған жағдайларда;
- 4) «Бағалы қағаздар нарығы» туралы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген өзге де негіздер бойынша.

Лицензиаттың қаржы нарығындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымдарының бағалы қағаздар нарығындағы қызметі Қазақстан Республикасының осы ұйымдардың қызметін реттейтін заң актілерінің талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

9.3. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді тіркеушінің ішкі құжаттарында және эмитентпен жасалған шартқа сәйкес тіркеуші жүзеге асырады.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу – эмиссиялық бағалы қағаздарға қатысты міндетті.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар туралы мәліметтер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және тіркеушінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіне енгізілуге тиіс.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар туралы мәліметтер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және тіркеушінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіне енгізілуге тиіс.

Тіркеушінің лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған, одан айырған жағдайларда уәкілетті орган бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу жөнінде эмитент жаңа шарт жасасқан тіркеушіге оларды кейіннен беру үшін бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін құрайтын деректердің резервтік көшірмелерін алып қоюға құқылы.

Тіркеушінің функциялары:

- 1) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау;
- 2) тіркелген тұлғаға бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде жеке шот ашу;
- 3) тіркелген тұлғаның жеке шоты бойынша бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу;

4) тіркелген тұлғаның бағалы қағаздары бойынша құқықтарын растау;

5) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін сайма-сай қалпында ұстау;

6) қайталама бағалы қағаздар нарығында айналыста жүрген бағалы қағаздар санының уәкілетті орган тіркеген санына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;

7) бағалы қағаздарды ұстаушыларға эмитенттің тапсырмасы бойынша эмитенттің жалпы жиналысын өткізуіне немесе эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеуіне қатысты, сондай-ақ эмитенттің бағалы қағаздарды шығаруына қатысты хабарлау;

8) эмитенттің сұратуы негізінде оған бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін құрайтын ақпарат табыс ету;

9) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін құрайтын мәліметтер алуға құқығы бар мемлекеттік органдарға ақпарат табыс ету;

10) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де функциялар болып табылады.

Тіркеушімен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөнінде шарт жасау туралы шешімді эмитенттің органы қабылдайды. Осы шешімде эмитенттің атынан шарт жасасуға қатысуға және оған қол қоюға уәкілдік берілген тұлға көрсетілуге тиіс.

Тіркеуші өзінің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыруға құқылы емес.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөнінде шарт жасасқан кезде эмитент тіркеушіге мынадай құжаттарды табыс етуге міндетті:

1) эмитент органының тіркеушіні таңдау және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөнінде шарт жасасу туралы шешімін;

2) жарғының көшірмесін;

3) эмитентті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәландыратын құжаттардың көшірмелерін;

4) эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы куәландыратын құжаттардың көшірмелерін;

5) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін құрайтын ақпаратты алу және шарттың талаптарын орындау кезінде құжаттарға қол қою құқығы бар эмитент өкілдерінің қол қою үлгілерінің эмитент мөрінің бедері бар карточкасын. Бұл карточканы нотариат куәландыруға тиіс.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі шартты жасасқан кезде тіркеуші эмитентке табысу үшін өзінің ішкі құжаттарын табыс етуге міндетті.

Лицензияның қолданылуы бір айдан астам мерзімге тоқтатыла тұрған, сондай-ақ лицензиядан айырған жағдайда бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі шарт бұзылады.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі шарт бұзылған жағдайда бұрынғы тіркеуші эмитентпен жасалған шарттың бұзылған күнінен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін әзірлеп, өткізуге міндетті, ал жаңа тіркеуші шарт бұзылған күні қалыптастырылған оны және осы эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін құрайтын өзге де құжаттарды қабылдауға міндетті.

Аталған құжаттарды өткізу тіркеушілер өкілдерінің қатысуымен қабылдау-өткізу актісін жасау арқылы жүзеге асырылады. Жаңа тіркеуші қабылдау-өткізу актісіне қол қойылған кезден бастап күнтізбелік жеті күн ішінде бұрынғы тіркеушіден қабылданған құжаттардағы мәліметтерді эмитенттің ол шарт жасасқан бағалы қағаздар тізілімдерінің жүйесіне енгізуге міндетті.

Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен кейін тіркеушінің бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінің жеке шоттарынан берген үзінділері жарамсыз болады. Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен кейін тіркеушінің бағалы қағаздарды ұстаушылардың бұйрықтарын орындау үшін қабылдауға құқығы жоқ. Жаңа тіркеуші өзіне қабылдау-өткізу актісімен берілген құжаттарға сәйкес бұрынғы тіркеушінің бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу күнінде жасаған үзінді мен өзге де құжаттардағы мәліметтер үшін жауапкершілік бұрынғы тіркеушіге жүктеледі.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі шарт бір жақты бұзылған жағдайда құжаттар мен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін қалыптастыру және жаңа тіркеушіге өткізу шартты бұзуға бастамашы болушының есебінен жүзеге асырылады.

Тіркеуші лицензиясының қолданылуы тоқтатылған немесе одан айырылған жағдайда тіркеуші шартты бұзудың бастамашысы деп танылады.

9.4. Бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызмет

Бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік қызмет және дилерлік қызмет брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен немесе клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда уәкілетті орган дилерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия беруге құқылы.

Нақтылы ұстаушы ретіндегі клиенттердің шотын жүргізу құқығы бар брокер және дилердің ұйымдық құрылымында мынадай құрылымдық бөлімшелер:

1) қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуды жүзеге асыратын *сауда бөлімшесі*;

2) қаржы құралдарымен мәмілелердің орындалуын, қаржы құралдарын және сол брокер немесе дилер мен оның клиенттерінің ақшасын есепке алуды жүзеге асыратын *есеп айырысу бөлімшесі* енуге тиіс.

Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокер және дилердің сауда бөлімшесі басшы қызметкерлерінің сол брокер және дилердің есеп айырысу бөлімшесінің басшы қызметкерінің міндеттерін орындауға және керісінше жасауға құқығы жоқ.

Брокер және дилер клиенттің бұйрығына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілелер жасайды. Клиенттердің бұйрықтарының түрлері, олардың мазмұны және ресімделуі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен және брокер және дилердің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Клиенттің бұйрығын орындауды брокер және дилер сол бұйрықта көрсетілген мәміле жасау талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады. Егер мәміле жасау кезінде мәміленің талаптарын өзгерту қажет болса, брокер және дилер өз іс-әрекетін клиентпен келісіп алуға міндетті.

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда брокер және дилер мәмілені өз мүддесінен клиенттің мүддесі басым екендігін негізге ала отырып жасауға міндетті.

Уәкілетті орган берген банкілік қарыз беру операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар брокер немесе дилер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен факторинг операцияларын (төленбеу тәуекелін қабылдай отырып, (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) сатып алушыдан төлем талап ету құқықтарын сатып алуды) және форфейтинг операцияларын (сатушыға айналымсыз вексельді сатып алу арқылы тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін төлеуді) жүзеге асыруға құқылы.

Брокер немесе дилер эмитентке андеррайтер ретінде немесе эмиссиялық консорциум құрамында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызмет көрсетуге құқылы.

Эмитент пен андеррайтер (эмиссиялық консорциум) арасындағы қатынастар жазбаша нысанда жасалған шартпен реттеледі.

Андеррайтер (эмиссиялық консорциум) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды мынадай тәсілдермен жүзеге асыруға құқылы:

- 1) «қатаң міндеттемелер» тәсілімен;
- 2) «ең үздік күш салу» тәсілімен;
- 3) эмитент пен андеррайтер арасында жасалған шарт талаптарына сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырудың өзге де тәсілдерімен.

9.5. Бағалы қағаздарды нақты ұстау қызметі

Бағалы қағаздардың нақтылы ұстаушысы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар *орталық депозитарий, кастодиан, брокер және дилер* нақтылы ұстау қызметін көрсетуге құқылы.

Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау – бұл нақтылы ұстау шартына сәйкес бағалы қағаздарда ұстаушылардың атынан және есебінен белгілі бір заңды іс-әрекеттерді жасау, сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу мен растау және осындай ұстаушылардың бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерін тіркеу.

Бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды клиентпен жасалған, лицензиаттың нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты құқықтарын белгілейтін шарттың талаптарына сәйкес лицензиат жүзеге асырады.

Нақтылы ұстау ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар кастодиан және брокер, дилер клиентпен нақтылы ұстау туралы шарт жасалғаннан кейін күнтізбелік үш күн ішінде клиентке нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі клиенттің қосалқы шотын ашуға міндетті.

Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімі жүйесінде нақтылы ұстауға берілген мемлекеттік емес бағалы қағаздарды есепке алу орталық депозитарийдің жеке шоты бойынша жүзеге асырылады, оны ашуды орталық депозитарийдің бұйрығы негізінде тіркеуші жүргізеді.

Нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот ашу тәртібі нақтылы ұстаушының ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Нақтылы ұстаушының міндеттері мыналар:

1) клиенттің жеке шотындағы қателіктер мен ақпаратты бұрмалаудың алдын алу мақсатымен тұрақты бақылауды жүзеге асыруға;

2) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде бар және клиенттің жеке шоты бойынша өзгерістер енгізудің ретін белгілеуге немесе қалпына келтіруге мүмкіндік беретін ақпаратты сақтауға;

3) белгіленген тәртіппен және мерзімдерде клиенттің жеке шоты бойынша өзгерістер енгізуге;

4) нақтылы ұстау туралы жасалған шартқа сәйкес клиентке анық ақпарат беруге.

Нақтылы ұстаушының функциялары мыналар:

1) клиенттің бағалы қағаздарын есепке алу және осы бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу кезінде олардың болуын қамтамасыз ету;

2) клиенттің бағалы қағаздарымен жасаған мәмілелерін тіркеу;

3) клиенттердің бағалы қағаздар бойынша құқықтарын растау;

4) нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу кезінде клиенттердің мүдделерін білдіру;

5) нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты ақпаратты клиенттің назарына жеткізу;

6) нақтылы ұстау туралы шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де функциялар болып табылады.

Нақтылы ұстаушының:

1) Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмейтін бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуді жүзеге асыруына;

2) клиенттің бұйрығынсыз бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуді жүзеге асыруына;

3) клиенттің тиісті жазбаша рұқсатынсыз оның ақшасы мен бағалы қағаздарын өз мүддесіне немесе үшінші тұлғалардың мүддесіне *пайдалануына тыйым салынады.*

Нақтылы ұстаушы мен оның клиенті арасындағы құқықтық қатынастар олардың арасында жасалған нақтылы ұстау туралы шартпен реттеледі.

Нақтылы ұстау туралы шартты жасасар алдында нақтылы ұстаушы клиентті өзінің нақтылы ұстаушы ретіндегі қызметті орындау талаптарымен таныстыруға міндетті.

Нақтылы ұстау туралы шартта мынадай талаптар болуы мүмкін:

1) шарттың нысаны;

2) тараптардың құқықтары мен міндеттері;

3) клиенттердің нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарын растау тәртібі;

4) нақтылы ұстаушының көрсеткен қызметіне ақы төлеудің мөлшері мен тәртібі;

5) нақтылы ұстаушының клиент алдындағы есептілік нысаны және кезеңділігі;

6) тараптардың шарттың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі;

7) бағалы қағаздар бойынша кіріс алу талаптары мен тәртібі болуға тиіс;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де талаптар.

Нақтылы ұстаудағы бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді нақтылы ұстаушы клиенттің нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі шоты және клиенттің орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоты бойынша жүзеге асырады.

Депоненттің орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі өзінің қосалқы шотының жай-күйі туралы үзінді алуға құқылы.

Нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шоттан үзіндіде көрсетілген бағалы қағаздардың саны, түрі туралы мәліметтер орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоты бойынша сондай мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетілген мәліметтер басымдыққа ие болады.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоттан үзіндіні табыс ету тәртібі оның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Нақтылы ұстаушы тіркеушінің, орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша, өзінің нақтылы ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы мәліметтерді табыс етуге міндетті.

9.6. Кастодиандық қызмет

Бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті кастодиандық қызмет пен сейфтік операцияларға лицензиялары бар банктер жүзеге асырады.

Кастодиан өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына және клиентпен жасалған кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартқа сәйкес жүзеге асырады.

Кастодиан өзінің Қазақстан Республикасының аумағында қаржы қызметін көрсететін клиентінің аффилирленген тұлғасы болмауға тиіс.

Кастодианға кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартқа сәйкес клиент берген ақша мен қаржы құралдары *кастодиандық қызмет объектілері* болып табылады.

Кастодиан мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ақшаға, эмиссиялық бағалы қағаздарға және кастодиандық қызмет көрсетуге берілген өзге де қаржы құралдарына қатысты клиентке шоттар ашу;

2) ақшаны, эмиссиялық бағалы қағаздарды және кастодиандық қызмет көрсетуге берілген өзге де қаржы құралдарын есепке алуды қамтамасыз ету;

3) нақтылы ұстауды жүзеге асыру;

4) эмиссиялық бағалы қағаздармен және кастодиандық қызмет көрсетуге берілген өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша төлем агентінің функциясын атқару;

5) клиенттің эмиссиялық бағалы қағаздарымен мәмілелерді тіркеу және осы бағалы қағаздар бойынша оның құқықтарын растау;

6) эмиссиялық бағалы қағаздар және кастодиандық қызмет көрсетуге берілген өзге де қаржы құралдары бойынша кіріс алу және оны клиенттің шотына есептеу;

7) эмитенттің тапсырмасы бойынша клиентке ақпарат беру;

8) клиентке кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартта көзделген өзге де қызметтер көрсету;

9) құжатты бағалы қағаздарды және құжатты нысанда шығарылған өзге де қаржы құралдарын сақтау.

Кастодианның міндеттері:

1) кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шарттың талаптарын, сондай-ақ клиенттің бұйрықтарын олардың мазмұнына сәйкес орындауға;

2) эмиссиялық бағалы қағаздардың және өз активтеріне қатысты кастодиандық қызмет көрсетуге берілген өзге де қаржы құралдарының бөлек сақталуы мен есепке алынуын қамтамасыз етуге;

3) клиенттердің шоттарын жүргізу технологиясын сақтауға;

4) клиентке тұрақты негізде немесе оның талап етуі бойынша шоттарының жай-күйі туралы есеп беруге;

5) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге.

Кастодиан мен оның клиенті арасындағы қатынастар кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шарт негізінде туындайды.

Кастодиан кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартты жасасу кезінде клиентті өзінің ішкі құжаттарымен таныстыруға міндетті.

Кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартта мынадай ақпараттар көрсетіледі:

1) клиентке кастодиандық қызмет көрсету жөнінде қызметтер ұсыну тәртібі;

2) кастодианның және оның клиентінің құқықтары мен міндеттері;

3) кастодианның қызметіне ақы төлеу тәртібі;

4) кастодианның кастодиандық қызмет көрсетуге берілген бағалы қағаздары бойынша кіріс алуының талаптары мен тәртібі және оны клиенттің шотына есептеу;

5) кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартты бұзу тәртібі;

6) тараптардың жауапкершілігі;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де талаптар болуға тиіс.

9.7. Орталық депозитарий

Орталық депозитарий *коммерциялық емес ұйым* болып табылады. Орталық депозитарийдің акциялары бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және халықаралық қаржы ұйымдары арасында орналастырылады.

Мына тұлғалар орталық депозитарийдің құрылтайшылары және акционерлері бола алмайды:

1) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар;

2) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғаларға қатысы бойынша аффилирленген тұлғалар;

3) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалардың құрылтайшылары (қатысушылары, акционерлері) болып табылатын тұлғалар.

Бағалы қағаздар нарығының бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушылар – кәсіби қатысушылары, сондай-ақ шетелдік депозитарийлер мен кастодиандар *орталық депозитарийдің депоненттері* болып табылады.

Бағалы қағаздар нарығында орталық депозитарийлік қызметті жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі орталық депозитарийдің ережелер жинағымен белгіленеді.

Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы аумағында депозитарлық қызметті жүзеге асыратын бірден-бір ұйым болып табылады.

Орталық депозитарий депозитарлық қызметті жүзеге асыру процесінде мынадай қызмет түрлерін асырады:

1) депоненттерге қаржы құралдарын нақтылы ұстау қызметін көрсетеді;

2) ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында оның депоненттерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес тиісті лицензиясыз брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын өзге тұлғалардың қатысуымен (депоненттердің өздерінің арасында; бір тараптан депонент және екінші тараптан басқа депоненттің клиенті арасында; әртүрлі екі депоненттің клиенттері арасында) жасалған мәмілелер бойынша қаржы құралдарындағы есеп айырысуларды жүзеге асырады;

3) өзінің ережелер жинағына сәйкес депозитарлық қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

4) консультациялық, ақпараттық және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлерін көрсетеді;

5) қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша қаржы құралдарындағы және (немесе) ақшадағы клиринг қызметі.

Орталық депозитарий банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары болған кезде:

1) брокерлер мен дилерлер арасындағы есеп айырысуды жүзеге асыратын орталықтандырылған ұйымның функцияларын;

2) қаржы құралдары бойынша кірісті төлеу жөніндегі және оларды өтеу кезінде төлем агентінің функцияларын орындауды;

3) депонентке эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асыруға, сондай-ақ кірісті төлеу және қаржы құралдарын өтеу кезінде ақша алуға арналған банк шоттарын ашуды жүзеге асырады.

Орталық депозитарий бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыруға арналған лицензия негізінде бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуге құқылы.

Орталық депозитарий қаржы нарығындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және ішкі құжаттарда – орталық депозитарийдің ережелер жинағында белгіленеді.

Орталық депозитарийдің ережелер жинағы орталық депозитарийдің бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен қарым-қатынасын айқындайды.

Орталық депозитарийдің ережелер жинағын оның атқарушы органы әзірлейді, уәкілетті органмен келісіледі және орталық депозитарий акционерлерінің жалпы жиналысы бекітеді.

Орталық депозитарийдің ережелер жинағында:

1) эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеу ережелері;

2) эмиссиялық бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын есепке алу ережелері;

3) құжатты нысанда шығарылған бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарын сақтауды және материалсыздандыруды жүзеге асыру ережелері;

4) клиринг қызметін жүзеге асыру тәртібі;

5) депоненттерге есептілік табыс ету тәртібі;

6) бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара іс-қимыл тәртібі;

7) депоненттер мен оның клиенттерінің ақшасын есепке алу тәртібі;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де ережелер болуға тиіс.

Орталық депозитарий:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына және орталық депозитарийдің ережелер жинағына сәйкес өз функцияларын орындауды басқа да тұлғаларға беруге;

2) өз депоненттерінің немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының тиісті бұйрықтары болмайынша қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыруға;

3) депонент (оның клиенті) туралы, депоненттің (оның клиентінің) жеке шотында (қосалқы шотында) ескерілетін қаржы құралдары туралы коммерциялық құпияны, қызметтік құпияны жария етуге;

4) депоненттер мен олардың клиенттерінің құқықтарын және мүдделерін бұзатын *іс-әрекеттер жасауға құқылы емес.*

Орталық депозитарий заңды тұлғаларды құруға және оның қызметіне қатысуға құқылы емес.

9.8. Бағалы қағаздар нарығындағы клирингтік қызмет

Клиринг өзара талаптар мен міндеттемелерді есепке алу деген ұғымды білдіреді. Клиринг – есептейтін компьютерлік жүйе мен әдістерді пайдалану негізінде, арнайы мекеменің көмегімен іске асырылатын, мәміле бойынша жиынтық есеп айырысу операциясы.

Есеп айырысу немесе мәміленің орындалуы – клирингті жүзеге асыру барысында анықталған міндеттеменің орындалуы және биржалық мәміле объектісінің (бағалы қағазды) сатушыдан сатып алушыға өтуі және сатып алушыдан сатушыға берген ақшалай есептесуінің жүргізілуі. Бұл бағалы қағаз нарығындағы мәміленің аяқталу кезеңін білдіреді.

Нарықтық операцияның ең жай түрі үш құрамдас бөліктен тұрады:

- сатушы мен сатып алушының арасында мәмілені (ауызша немесе жазбаша) бекіту;
- мәміле бойынша бағаны шығару;
- шартты орындау.

Әдетте жай мәмілені жасаған кезде екі тарап делдалсыз өздері тікелей кездеседі. Қазіргі бағалы қағаз нарығында бұндай жағдай сирек кездеседі, сатып алушы мен сатушыны өзара байланыстыратын буын – ол биржалық делдалдар.

Сөйтіп, қазіргі биржалық мәміледе оның құрамдас бөліктері бір-бірінен оқшауланып тұрады:

- бұрынғыдай шарт алғашқы сатушы мен соңғы сатып алушы арасында емес, клиенттер мен биржалық делдалдар арасында бекітіледі;
- мәміле бойынша бағаны шығару клиринг процесінде ұйымдастырылады;
- мәмілені орындау (аяқтау) «есеп айырысу» деп аталатын процесте жүргізіледі.

Бағалы қағаз нарығындағы клиринг және есеп айырысу жүйесі алдын ала жасалған төмендегі алғышарттардың нәтижесі:

біріншіден, ол үйлесімді технологиялық мүмкіндіктердің болуынан. Атап айтқанда:

- кеңістік факторын жеңу және ақпаратты беретін уақытты қысқарту үшін жылдам тарататын жаһанды байланыс жүйесінің болуынан;
- биржалық және қосымша ақпараттың өте үлкен көлемінің өңделуінен (яғни есеп айырысудың электрондық жүйесін құрудан және мәліметтер базасын сақтаудан);
- ақша қаражатын тез әрі қатесіз аудару үшін есеп айырысудың ұлттық және халықаралық банк жүйесінің болуынан;

екіншіден, клиринг пен есеп айырысу үшін клирингтік (есеп айырысу) палатасын, депозитарийді, реестр ұстаушыларды және с.с. маманданған ұйымдар мен биржалық құрылымдарды құрудан;

үшіншіден, клиринг және есеп айырысу механизмін құрып және оны үнемі жетілдіруден.

Бағалы қағаз нарығындағы клиринг пен есеп айырысудың негізгі қызметтерін мынадай топтарға топтастыруға болады:

– жасалған биржалық мәмілелердің тіркелуін қамтамасыз ету (мәмілелерді тіркеу, тексеру, растау және т.б. Мәмілелер туралы ақпарат алу және беру т.с.с.);

– тіркелген мәмілелерді (нарық түрі бойынша, қатысушылар және орындалу мерзімі бойынша) есепке алу;

– қор нарығына қатысушылардың өзара міндеттемелері мен төлемдерін есептеу;

– биржалық мәмілелерді кепілдікпен қамтамасыз ету;

– ақшалай есеп айырысуларды ұйымдастыру;

– бағалы қағаз нарығында жасалған мәміле бойынша активтерді жеткізіп беруді қамтамасыз ету.

Биржалық мәміле жасалғаннан кейін бірнеше кезенді қамтитын клирингтік және есеп айырысу операциясы басталады.

Клиринг және есеп айырысу мынадай белгілер бойынша жіктеледі.

1. Биржалық тауардың түріне қарай:

– бағалы қағаздар нарығының клирингі;

– фьючерстік шарттар нарығының клирингі.

1. Орталықтандыру деңгейіне қарай:

– бөлек бір биржаның клирингі;

– ұлттық биржааралық клирингі;

– халықаралық клиринг.

1. Қызмет көрсету аясына қарай:

– клиринг палатасының мүшелері арасындағы клиринг;

– биржа мүшелері арасындағы клиринг.

Клиринг және есеп айырысуды ұйымдастыру процесі мынадай принциптерге негізделген:

біріншіден, клиринг және есеп айырысуды әдетте маманданған органдар жүзеге асырады. Ол дербес маманданған ұйым –

Клирингтік (есептесу) палатасы немесе биржаның маманданған құрылымдық бөлімі болуы мүмкін;

екіншіден, биржа клиенттерінің мүддесін қорғау тұрғысынан алғанда клиенттер қаржысын делдалдар қаржысынан бөлек жүргізу және есептеу туралы талаптарды орындау керек;

үшіншіден, жасалған биржалық мәмілелердің барлық реквизиттері тексеріліп, тіркеуден өткізгеннен кейін ғана олар есеп айырысу – клиринг жүйесіне түседі. Бұл принцип орындалмаған жағдайда олар клирингке қабылданбайды;

төртіншіден, клиринг және есеп айырысудың қатаң кестесі болуы тиіс. Клиринг және есеп айырысудың әрбір операциясы қатаң шектелген уақытта орындалуы керек. Кестені бұзушы айыппұл төлеуге мәжбүр болады;

бесіншіден, биржада бекітілген мәміленің орындалуына клиринг және есеп айырысу механизмі кепілдік береді. Егер мәмілеге келген екі тараптың бірі өз міндеттемесін орындай алмаса, онда оны биржа құрылымы өзі орындайды.

Бағалы қағаз нарығындағы клирингтік және есеп айырысу процесінің басты айырмашылығы – сатылған бағалы қағаз иесін қайта тіркеу болып табылады.

9.9. Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет

Инвестициялық портфельді басқару немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет клиенттің мүддесін көздеп кіріс алу мақсатымен жүзеге асырылады.

Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушылардың олар басқаратын қаржы құралдарына қатысты құқықтарын нақтылы ұстаушылар өздерінің ішкі құжаттарына сәйкес есепке алады.

Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушылардың функциялары мыналар:

- 1) ақшаны эмиссиялық бағалы қағаздарға және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына өзге де қаржы құралдарына инвестициялау туралы шешімдер қабылдау;
- 2) қабылданған инвестициялық шешімдерді орындау мақсатында инвестициялық портфельді басқару және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару процесінде бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау;
- 3) эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелердің есебін жүргізу;
- 4) инвестициялық портфельді басқару немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі шарттың талаптарын орындау.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушылар эмиссиялық бағалы қағаздар мен басқаруындағы өзге де қаржы құралдарына қатысты пайдалану және билік ету жөніндегі құқығын жүзеге асыруға құқылы.

Клиенттердің инвестициялық портфеліне қатысты инвестициялық шешімдер қабылдауды инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушылардың құрамында кемінде үш адам болатын инвестициялық комитет жүзеге асырады. Қызметкерлерді инвестициялық комитеттің құрамына сайлауды басқарушылардың атқарушы органы жүзеге асырады. Инвестициялық комитеттің шешімдері оның отырысына қатысушы қызметкерлердің көпшілік дауысымен қабылданады және жазбаша түрде ресімделеді.

9.10. Трансфер – агенттік қызмет

Бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызмет трансфер-агент клиенттерінің арасындағы құжаттарды (ақпаратты) қабылдау және беру мақсатында жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен және лицензиаттың ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Трансфер-агент мынадай функцияларды:

- 1) өзі тапсыру үшін алған құжаттарды тіркеу және есепке алу;
- 2) клиенттерге берілген құжаттарды тіркеу және есепке алу;
- 3) трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырған кезде қолданылатын электрондық деректер базасының сақталуын қамтамасыз ету;
- 4) трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырған кезде қолданылатын электрондық жүйелерді жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Трансфер-агент пен оның клиенттері арасындағы қатынастар трансфер-агенттік қызмет көрсету жөніндегі шарт негізінде туындайды.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру тәртібі қандай?
2. Бағалы қағаздар нарығындағы лицензияланатын қызмет түрлерін атаңыз?
3. Бағалы қағаз нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға қандай талаптар қойылады?
4. Лицензиаттың басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды атаңыз.
5. Лицензиаттың ұйымдық құрылымына қойылатын талаптарды атаңыз.
6. Лицензиаттың біліктілік талаптарын атаңыз.
7. Тіркеуші қандай қызметтерді атқарады?
8. Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі қандай?
9. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушы қандай қызметтерді атқарады?
10. Кастодиандық қызметтің мәнін қалай түсінесіз?
11. Орталық депозитарийдің қызметті жүзеге асыру тәртібі қандай?
12. Бағалы қағаз нарығындағы клирингтік қызметтің мәнін қалай түсінесіз?
13. Клиринг және есеп айырысу қызметін ұйымдастыру принциптерін атаңыз.
14. Инфестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі қандай?
15. Трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру тәртібі қандай?

9-ТАПСЫРМА

Сол жақ калонкада көрсетілген оң жақ калонкадағы терминнің анықтамасын табыңыз.

№	Термин	Жауабы	№	Анықтамасы
1	Бағалы қағаздардың нақтылы ұстаушысы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар қатысушылар		1	есептейтін компьютерлік жүйе мен әдістерді пайдалану негізінде, арнайы мекеменің көмегімен іске асырылатын, мәміле бойынша жиынтық есеп айырысу операциясы
2	Бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушы		2	брокерлік, дилерлік, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу; инвестициялық портфельді басқару; зейнетақы активтерін инвестициялық басқару; кастодиандық; трансфер-агенттік т.б.
3	Орталық депозитарийдің депоненттері		3	бағалы қағаздар нарығының брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызмет көрсететін кәсіби қатысушы
4	Клиринг		4	орталық депозитарийдің клиенті
5	Бағалы қағаздар нарығында уәкілетті органның лицензиялануына жататын қызмет түрлері		5	бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушылар — кәсіби қатысушылары, сондай-ақ шетелдік депозитарийлер мен кастодиандар
6	Андеррайтер		6	бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға екі және одан да көп лицензиясы бар лицензиаттың ұйымдық құрылымы қызметтің әр түрі бойынша жекелеген бөлімшелерден тұруы тиіс
7	Лицензиат		7	бағалы қағаздар нарығының азаматтық құқық объектілерін басқару жөніндегі қызметті өз атынан, клиенттің мүдделерін көздеп және соның есебінен жүзеге асыратын кәсіби қатысушы

8	Ұйымдық құрылымға қойылатын талаптар		8	бұл нақтылы ұстау шартына сәйкес бағалы қағаздарды ұстаушылардың атынан және есебінен белгілі бір заңды іс-әрекеттерді жасау, сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу мен растау және осындай ұстаушылардың бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерін тіркеу
9	Депонент		9	уәкілетті орган берген лицензия негізінде бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға
10	Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушы		10	орталық депозитарий, кастодиан, брокер және дилер

10.1. Қазақстан қор биржасының қалыптасуы

1993 жылдың 15 қарашасында Қазақстанда ұлттық валюта – теңге енгізілген. Осы уақиғадан кейін 1993 жылдың 17 қарашасында – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және жетекші қазақстандық коммерциялық банктермен бірлесе отырып, валюталық биржаны ұйымдастыру бойынша шешім қабылданды. Осыған дейін қызмет еткен Валюталық операцияларды өткізу орталығы (Валюталық биржа) Ұлттық Банктің құрылымдық бөлімшесі болған. Жаңа биржаның алдына қойылған мақсаты – теңгенің енгізілуіне байланысты ұлттық валюталық нарықты ұйымдастыру және дамыту. Заңды тұлға ретінде биржа 1993 жылдың 30 желтоқсанында «Қазақ Банкаралық Валюта Биржасы» атауымен, ұйымдастырушылық-құқықтық формасы жабық тұрпаттағы акционерлік қоғам ретінде тіркелді.

Алғашқы екі жыл бойы жаңа құрылған биржа тек шетел валюталарының сауда-саттығын ұйымдастырумен айналысты. 1994 жылдың тамызынан бастап бағалы қағаздар нарығында биржалық қызметті дамыту мәселесі қарастырылды. Нәтижесінде акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен биржаның атауы «Қазақстан банкаралық валюта-қор биржасы» (тіркелген жазуы – «ҚАЗАҚСТАН БАНКАРАЛЫҚ ВАЛЮТА-ҚОР БИРЖАСЫ») жаңа атауымен биржа 1995 жылдың 12 шілдесінде қайта тіркелді.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылдың 3 қазанындағы № 1099 қаулысымен бекітілген, бағалы қағаздарды шығару және айналысқа жіберу мен қор биржасы туралы Уақытша қағидасын қабылдауға байланысты, қор биржасының қызметі Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен лицензиялануға жататын болды. Сондай-ақ қор биржасы ретінде қызметті жүзеге асыруға лицензия алу қажеттілігі туралы 1995 жылдың

21 сәуіріндегі «Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар өкімінде де көрсетілген. Бұл ретте лицензиардың функциясы Қаржы Министрлігінен алынып, жаңадан құрылған Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясына берілді.

1995 жылдың 2 қазанында биржа бағалы қағаздардың нарығында биржалық қызметті жүзеге асыруға № 1 лицензиясын алды, бірақ осы лицензия тек мемлекеттік бағалы қағаздардың саудасаттығын ұйымдастыру құқығымен шектелетін. Мемлекеттік бағалы қағаздардың алғашқы сауда-саттығы 1995 жылдың 14 қарашасында өткізілді. Сол кезде түрлі себептерге байланысты мемлекеттің борыштық міндеттемелер нарығындағы биржалық сегменттің үлесі шағын болатын, мемлекеттік облигациялардың сауда-саттығы тұрақсыз сипатта болғандықтан, бір жылдан соң 1996 жылдың 20 қыркүйегінде биржа осы бағалы қағаздардың сауда-саттығын тоқтатуға мәжбүр болды. Мемлекеттің борыштық міндеттемелерінің биржалық нарығы тек 1998 жылы Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы жүйесі енгізілгеннен кейін ғана белсендіріле бастады.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімінде қор биржасына тауарлық биржа қызметтерін атқаруға тыйым салынуына байланысты, биржа лицензиарының талабы бойынша биржаның атауы өзгертіліп, оның атауынан валюталық құраушысы алынды. *1996 жылдың 12 сәуірінде биржа «Қазақстан қор биржасы» деген атаумен қайта тіркелді*, ал сол жылдың 13 қарашасында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы биржаға бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастыруға шектелмеген лицензиясын берді.

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығын дамыту мақсатында, биржа мерзімді нарықты дамытумен байланысты жұмыстар жүргізді. 1996 жылдың басында мерзімді келісім-шарттар бойынша биржалық нарықты реттейтін нормативтік базаны құру жұмыстары жүзеге асырылды. Осы нарықты ашумен байланысты алғашқы жұмыстар табыссыз болды, сондықтан 1998 жылдың ақпан айында мерзімді келісімшарттардың сауда-саттығы тоқтатылды. Нарықтың осы секторын қайта жаңғырту тек 1999 жылдың наурыз айында ғана мүмкін болды.

1997 жылдың 5 наурызындағы Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» жаңа заңы қор биржасының қызметін тек бағалы қағаздармен шектейтініне байланысты, биржа акционерлерінің жалпы жиналысы 1997 жылдың сәуірінде «Алматы қаржы құралдарының биржасы» ЖАҚ (AFINEX) жеке заңды тұлғасын бөліп шығару арқылы биржаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдап, осы ұйым 1997 жылдың 30 шілдесінде тіркелген. Сол жылдың 1 қыркүйегінен бастап AFINEX сауда алаңына шетел валюталарының және мерзімді келісімшарттардың сауда-саттығы жүзеге асырылды.

1998 жыл мемлекеттік бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығы қайта басталуымен көзге түсті, оған себеп – заңнама талаптарына сәйкес активтерді тек ұйымдастырылған қор нарығында ғана пайдалануға міндетті, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының жаңа тобы ретінде зейнетақылық активтерді басқару жөніндегі компаниялардың пайда болуы. Сол жылы Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының көмегімен елімізде Қазақстан Республикасының тәуелсіз еурооблигацияларының ұйымдастырылған қайталама нарығы құрылды. Осы еурооблигациялардың биржадағы бірінші сауда-саттығы 1998 жылдың 19 қазанында өткізілді. Сол жылдың 15 шілдесінен бастап биржа баға белгілеу сауда-саттық жүйесін қолданысқа енгізді, соның көмегімен Қазақстанда биржадан тыс баға белгілеу ұйымын құру мәселесі де шешілді.

1999 жылдан бастап корпоративтік облигациялардың биржалық нарығының дамуы басталды, осы облигациялардың алғашқылары биржаның ресми тізіміне 1999 жылдың 1 ақпанынан бастап енгізілді. Сондай-ақ 1999 жыл мемлекеттік бағалы қағаздарды репо операцияларының биржалық секторында алғашқы рет саудалануымен және муниципалдық облигациялардың орналастырылуымен ерекшеленді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар жөніндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне кейбір өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 1998 жылдың 10 маусымындағы заңы өз күшіне енуімен қоса, қор биржасының қызметіне шетел валюталарының және бағалы

қағаздардан өзге қаржы құралдардың сауда-саттығын ұйымдастыруға салынған тыйым жойылып, AFINEX пен Қазақстан қор биржасын біріктіруге мүмкіндік берді. Осы туралы шешімді акционерлердің 1999 жылдың 6 қаңтарында өткен жалпы жиналысы қабылдады, ал сол жылдың 16 наурызында біріктірілген биржаның тиісті мемлекеттік қайта тіркеуі жүзеге асырылды.

2007 жылдың 7 қаңтарынан батап Қазақстан Республикасы Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі Агенттіктің (ҚҚА АӨҚО) 2006 жылдың 15 желтоқсанында өз күшіне енген № 74 бұйрығына сәйкес биржа АӨҚО арнайы сауда-саттық алаңының операторы ретінде белгіленіп, алғашқы сауда-саттық 2007 жылдың 27 ақпанында өткізілді.

2007 жылдың 21 шілдесіндегі «Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығын дамыту мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының заң шығарушы актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңы *2007 жылдың 8 тамызынан* өз күшіне енген сәттен бастап *биржа коммерциялық емес ұйым мәртебесінен айырылып*, кез келген мүдделі тұлғалар оның акцияларын сатып алу құқығына ие болды (осының алдында биржаның акционерлер тұлғаларының шеңбері заңмен тек бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы болып табылмайтын, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздардан өзге қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыруға құқылы басқа да ұйымдармен шектелген).

Осы күннен бастап биржа акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру принципі өзгертілді («бір акционер – бір дауыс»-тың орнына – «бір акция – бір дауыс») және бір акционерге, оның аффилирленген тұлғаларымен қоса, тиесілі биржа акцияларының максималды санына шектеу енгізілді. Бұл шектеу ҚҚА АӨҚО басқа (мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығы ҚҚА АӨҚО тиесілі) биржаның кез келген акционері үшін биржаның орналастырылған акцияларының жалпы санынан 20 % құрайды.

Осы күнде биржа әмбебап қаржы нарығы болып табылады, оны шартты түрде бес негізгі секторға бөлуге болады: ше-

тел валюталарының нарығы, мемлекеттік бағалы қағаздардың нарығы, акциялар мен корпоративтік облигациялардың нарығы, репо операцияларының нарығы, деривативтер нарығы.

10.2. Қор биржасының мәні мен құрылымы

Қор биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

Қор биржасының әр акционері оған тиесілі қор биржасының акцияларының санына тәуелсіз, акционерлердің жалпы жиналысында тек бір дауысты иеленеді.

Қор биржасы өзінің жарғысына сәйкес жарғылық капиталын қалыптастыруға қатыспайтын «алтын акция» шығарады. Қор биржасының «алтын акциясының» иесі – валюталық реттеу және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша қор биржасының органдарының шешімдеріне вето салу құқығы бар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Биржада нормативтік құжаттардың тұтас бір тобы болады. Ең маңызды құжаттардың бірі – биржалық сауданың ережелері.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелерін оның атқарушы органы әзірлейді, уәкілетті органмен келісіледі және сауда-саттық ұйымдастырушының директорлар кеңесі бекітеді.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелері сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшелерінің қызметін, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушы мен оның мүшелері (клиенттері) арасында туындайтын құқықтық қатынасты реттейді.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелері сауда-саттықты ұйымдастырушының функциясына кіретін мәселелерді реттейтін сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарын қамтиды.

Қор биржасының ережелері:

1) қор биржасындағы мүшелік санатын, қор биржасының мүшелігіне кіру талаптары мен тәртібін, қор биржасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, қор биржасында мүшелікті тоқтата тұрудың және тоқтатудың талаптары мен тәртібін;

2) қор биржасының тізіміне бағалы қағаздарын енгізу жорамалданып отырған және енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды;

3) қор биржасының тізіміне бағалы қағаздарды енгізудің, оларды осы тізімнен және тізім санатының ауысымынан алып тастаудың талаптары мен тәртібін;

4) бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне (соның ішінде ақпаратты жариялау бойынша) енгізілген эмитенттердің міндеттері мен жауапкершілігін;

5) бағалы қағаздармен биржалық сауда-саттық өткізу тәртібін;

6) қаржы құралдарымен биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру тәртібін;

7) қор биржасындағы сауда-саттықты тоқтата тұрудың және қайта бастаудың шарттары мен тәртібін;

8) қор биржасының сауда жүйесінде айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалаудың әдістемесін;

9) биржалық сауда ережелерін бұзғаны үшін қор биржасы мүшелерінің жауапкершілігін, қор биржасы өндіріп алатын айыппұлдар төлеудің мөлшері мен тәртібін;

10) қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру барысында пайда болатын дау-жанжалды шешу *тәртібін айқындауға тиіс.*

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, бағалы қағаздардан басқа, өзге қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру құқығы бар өзге де заңды тұлғалар – қор биржасының мүшелері.

Қор биржасында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының кемінде он мүшесі болуға тиіс.

Қор биржасының мүшелері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сай келетін шетелдік заңды тұлғалар болуы мүмкін.

Қор биржасының мүшелері мәмілелерді жасау осы мүшелер үшін қор биржасының ережелерінде жол берілетін қаржы құралдарының түрлері бойынша сауда-саттыққа қатысуға құқылы.

Биржаның ұйымдық құрылымы қойылған міндеттерді орындауға және биржалық сауданы ұйымдастыруға шығынды аз шығаруға мүмкіндік туғызуға мүдделі болады.

Қор биржаларының ұйымдық құрылымы және оның басқару органдары 5-суретте берілген.



5-сурет. Қор биржасының құрылымы

Биржаның жоғарғы басқару органы – акционерлердің жалпы жиналысы. Оның атқаратын негізгі қызметтері мыналар:

- пайданы бөлу;
- төрағаны және биржа кеңесінің мүшелерін сайлау және оларды қызметінен түсіру;
- жарғыға және басқа да реттеуші құжаттарға өзгерістер енгізу;
- биржа ісінің бағдарламасын бекіту;
- жылдық есебін қарау және оны бекіту туралы шешімдер қабылдау.

Биржалық кеңес биржа акционерлерінен сайланады.

Басқарушы орган – басқарма болып табылады. Оның құрамына президент, вице – президенттер және қосалқы қызметкерлер

кіреді. Биржалық кеңес бекіткен қор биржасының міндеттерінің орындалуына жеке жауапты, сондай-ақ биржаның құрылымдық бөлімдерінің қызметіне де жауап береді.

10.3. Қор биржасының атқаратын қызметтері

Қор биржасының қызметі өзін-өзі қаржыландыру қағидасына негізделеді.

Биржаның қызметі мынадай ақшалай жарналар мен алымдар есебінен қаржыландырылады:

- 1) сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелігіне кіргені үшін;
- 2) сауда-саттықты ұйымдастырушының мүлкін пайдаланғаны үшін;
- 3) бағалы қағаздар листингі үшін және олардың сауда-саттықты ұйымдастырушысының тізімінде болғаны үшін;
- 4) мәмілелерді тіркеу және ресімдеу үшін;
- 5) ақпараттық қызмет көрсеткені үшін;
- 6) сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелерімен көзделген өзге де жағдайлар.

Қор биржасы Қазақстан Республикасының заңнамасына және қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес бағалы қағаздардан да өзге қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастыруға және өткізуге құқылы.

Қор биржасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) сауда жүйелерін пайдалану және қолдау;
- 2) бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілуі көзделетін немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ қор биржасында айналымға жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына қойылатын талаптарды белгілеу;
- 3) қор биржасында айналымға жіберілген бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мақсатында өз мүшелерінің сауда жүйелеріне кіруіне мүмкіндік жасау;
- 4) қор биржасының сауда жүйесі айналымындағы бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттыққа

қор биржасының мүшесі атынан қатысатын қор биржасы трейдерлерін оқыту;

5) қор биржасының трейдерлеріне сауда-саттыққа қатысуға рұқсат беру және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарын, қор биржасының қағидаларын бұзған жағдайларда, сондай-ақ қор биржасының қағидаларында белгіленген өзге де жағдайларда оларды сауда-саттыққа қатысудан шеттету;

6) сауда-саттыққа жіберілген, сауда-саттыққа қатысудан шеттетілген қор биржасы трейдерлерінің тізілімін жүргізу және оны қор биржасының интернет-ресурсында орналастыру;

7) қор биржасында айналымға жіберілген бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу;

8) қор биржасының сауда жүйесінде бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерге мониторингті және талдауды жүзеге асыру;

9) бағалы қағаздармен мәмілелер айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған қор биржасының комитетінің қызметін ұйымдастыру;

10) уәкілетті органға қор биржасының сауда жүйесінде жасалған мәмілелерді мониторингтеудің және талдаудың нәтижелері туралы, сондай-ақ қор биржасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарын, қор биржасының қағидаларын бұзуы туралы ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен беру;

11) қор биржасында айналымға жіберілген бағалы қағаздар эмитенттерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және қор биржасының ішкі құжаттарында талап етілетін көлемде ақпаратты ашып көрсетуіне мониторингті жүзеге асыру және уәкілетті органға мұндай мониторингтің нәтижелері туралы ақпарат беру;

12) қор биржасында айналымға жіберілген бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды ұйымдастыру және жүзеге асыру не мұндай есеп айырысуларды жүзеге асыруға қажетті ақпаратты әзірлеу;

13) лицензияланатын қызмет түрі шеңберінде консультациялық, ақпараттық және өзге де қызметтер көрсету;

14) бағалы қағаздар нарығы және өзге де қаржы құралдары мәселелері бойынша талдамалық зерттеулер жүргізу;

15) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген тәртіппен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру;

16) қор биржасындағы сауда-саттықты тоқтата тұрудың және қайта бастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

17) қор биржасы мүшелерінің қаржылық жағдайына мониторинг;

18) интернет-ресурста барлық корпоративтік оқиғалар, бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген эмитенттердің және қор биржасы мүшелерінің тоқсан сайынғы қаржылық есептілігі туралы ақпаратты қор биржасының қағидаларында белгіленген тәртіппен жариялау;

19) қор биржасының ішкі құжаттарында көзделген өзге де функциялар.

Биржадағы сауда-саттық қатаң белгіленген уақытта және күндерде өтеді.

Қазіргі кезде сауда-саттыққа қатысу үшін бұрынғыдай биржаның сауда залының өзінде болу тіпті де міндетті емес. Бүкіл дерлік биржалық сауданы брокерлер электрондық түрде өздерінің кеңселерінен жүргізеді. Бұл орайда қор биржасының құрылымының өзі және оның функциялары түбірлі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Бұл сол бұрынғыдай ұйымдастырылған, дәйекті түрде жұмыс істейтін нарық, онда бағалы қағаздар сатылады және сатып алынады, сондай-ақ осындай сауда үшін жағдайлар жасалады. Биржа өзінің қатысушылары үшін жасайтын басты жағдайлардың бірі онда жасалған барлық мәмілелердің кепілді түрде орындалуы болып табылады, мәмілелер есеп айырысу палатасы мен депозитарийдің қатысуымен орындалады, олар өздерінің шоттарында ақша мен бағалы қағаздар туралы электрондық жазбаларды сақтайды. Қор биржасы онда жасалған барлық мәмілелерді тіркеп отырады және олардың орындалуын қадағалайды.

10.4. Биржада сауда-саттықты өткізу әдістері

Биржа мынадай сауда-саттықты өткізу әдістерін қолданады:

1) *үздіксіз қарсылама аукцион әдісі.* Үздіксіз қарсылама аукцион әдісін қолдану, сауда-саттыққа қатысушылардың қаржы құралдарын сатуға да, сатып алуға да өтінім беруге және осы өтінімдерді биржа қабылданған бағасы мен уақыты бойынша сұрыпталуына тең құқықтарын тұспалдайды.

2) *тікелей мәміле жасасу әдісі.* Тікелей мәміле жасасу әдісін қолдану, әрбір жеке мәмілені, екі сауда-саттыққа қатысушының арасында келіссөз жүргізіліп, арада мәміле жасасуға келісімге келгенде жасауды тұспалдайды.

3) *фиксинг әдісі.* Фиксинг әдісі баға іздеу принципіне негізделіп, биржамен қабылданған сатуға және сатып алуға өтінімдердің жалпы көлемі арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Фиксинг әдісімен өткізілетін сауда-саттық, сауда-саттыққа қатысушыларының қалауы бойынша, бір немесе бірнеше итерациямен өткізілуі мүмкін.

4) *франкфурттық сауда-саттық әдісі.* Франкфурттық сауда-саттық әдісі кесімді бағасын табуға негізделген.

5) *арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісі.* Арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісі тек қаржы құралын орналастыру, сату, қайта сатып алу және сатып алуға қатысты ғана қолданылады да, орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралының тек бір ғана сатушысы (осы бапта әріректе – сатушы (сатып алушы)) болғанда ғана қолданылады. Сатушы (сатып алушы) ретінде тек, арнайы мамандандырылған сауда-саттықта орналастырылуы (сатылуы, қайта сатып алынуы, сатып алынуы) болжанған қаржы құралының санатына сәйкес келетін санаттағы биржа мүшесі ғана болуға құқылы. Орналастыру (сату, қайта сатып алу, сатып алу) кезіндегі бір лоттың көлемі қаржы құралының орналастыруға (сатуға, қайта сатып алуға, сатып алуға) болжанған жалпы санынан 5 %-нан аспауы тиіс. Арнайы мамандандырылған сауда-саттықта мәміле жасасып, бұзғаны үшін тұрақсыздық төлемі, осы мәміленің сомасынан 5,0 % көлемінде төленеді.

6) *ағылшын сауда-саттық әдісі*. Ағылшын және голландиялық сауда-саттығы, ағылшын және голландиялық сауда-саттығында сатылатын қаржы құралының жалғыз сатушысы болғанда ғана қолданылады. Осындай сатушы болуға тек, осы ағылшын және голландиялық сауда-саттығында сатуға рұқсат етілген қаржы құралының түріне сәйкес келетін санаттағы биржа мүшесі ғана құқылы. Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығы, сатушының қалауы бойынша бір немесе бірнеше итерациямен өткізілуі мүмкін және оған алдыңғы итерацияның көлемімен немесе осы көлемді өзгертіп, сатуға өтінімін қайта беру құқығы беріледі (осы тармақтың екінші абзацымен белгіленген тыйымды ескеріп). Алдыңғы итерацияның нәтижесі бойынша қанағаттандырылған сатуға өтінімді қайталап беруге тыйым салынады. Ағылшын сауда-саттығы әдісін қолданғанда әрбір итерация сатушымен белгіленген (мәрелік), әдетте әдейі төмендетілген қаржы құралының бағасымен басталып, аталған қаржы құралын әлеуетті сатып алушыларымен көтеру жағына қарай жалғастырылып, осы қаржы құралымен мәміле жасалғанға дейін жалғасады.

7) *голландиялық сауда-саттық әдісі*. Голландиялық сауда-саттығы әдісін қолданғанда әрбір итерация сатушымен белгіленген (мәрелік), әдетте әдейі көтерілген қаржы құралының бағасымен басталып, аталған қаржы құралын әлеуетті сатып алушыларымен төмендету жағына қарай жалғастырылып, осы қаржы құралымен мәміле жасалғанға дейін немесе сатушы осы сауда-саттыққа қатысудан бас тартқанға дейін (айтылмыш жағдайлардың қайсысы бірінші болуына қарай) жалғасады.

8) *жазылу әдісі*. Сауда-саттықты жазылу әдісімен өткізу тәртібі биржаның басқа ішкі құжаттарымен сипатталады.

10.5. Листингтік талаптар

Өзінің бағалы қағаздарын қор биржасына шығаруға ұмтылатын акционерлік қоғам биржаның ережелерімен белгіленген листинг рәсімінен өткізілуге тиіс. Листинг – бағалы қағаздарды қор биржасының бағалы қағаздар тізімінің санатына енгізу, оған енгізу және

сол санатта болу үшін қор биржасының ішкі құжаттарында бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы (листингтік) талаптар белгіленген.

Компанияның пайдалылығының соңғы бірнеше жыл ішіндегі деңгейі, меншікті капиталы, компанияның активтері, акционерлердің саны және басқа да параметрлер талданады. Листинг рәсімінің нәтижесінде компанияның бағалы қағаздары биржаның тізімдеріне кіргізілуі немесе одан бас тартылуы болмақ.

Биржа неғұрлым ірі әрі дамыған болса, ол өзінде саудаға түсірілетін бағалы қағаздарға солғұрлым қатаң талаптар қояды. Ірі биржалардың тізімдеріне кіргізілу – бұл акционерлік қоғамдар үшін бедел мәселесі және жоғары деңгейінің көрсеткіші.

Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар, соның ішінде базалық активі Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздар болып табылатын туынды бағалы қағаздар енгізіледі (жіберіледі). Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының айналымына, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген (жіберілген) шетел мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздар және халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары жіберіледі.

Ресми тізім келесі секторлардан тұрады:

- 1) акциялар;
- 2) борыштық бағалы қағаздар;
- 3) инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары;
- 4) депозитарийлік қолхаттар;
- 5) халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары;
- 6) мемлекеттік бағалы қағаздар;
- 7) туынды бағалы қағаздар.
- 8) жеңілдетілген рәсімдеу бойынша қаржы орталығының

арнайы сауда алаңының ресми тізіміне енгізілетін немесе онда орналасқан бағалы қағаздарға қойылатын талаптар.

Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің секторлары бөлек санаттарға және санатшаларға бөлінеді. Қор

биржасының ішкі құжаттарында, көрсетілген ресми тізімнің секторларынан басқа, қосымша секторлардың қызмет етуін қарастыра алады.

1. *«Акциялар» секторы үш санатқа бөлінеді:* бірінші (ең жоғарғы) санат, екінші (ең жоғарғы) санат және үшінші (ең жоғарғы санатынан кейінгі) санат.

Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің бірінші, екінші және үшінші санаттары бойынша «акциялар» секторына эмитент акцияларын енгізу және онда қалдыру үшін аталған бағалы қағаздар мен олардың эмитенті белгілі талаптарға сәйкес болуы керек.

2. *«Борыштық бағалы қағаздар» секторы екі санаттан тұрады:*

- рейтингілік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар;
- рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар: рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздарының бірінші санатшасы (ең жоғарғы санат); рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздарының екінші санатшасы (ең жоғарғы санатынан кейінгі санат).

Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «рейтингілік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар» секторына (ең жоғарғы санат) эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын енгізу және онда қалдыру үшін аталған бағалы қағаздар мен олардың эмитенті белгілі талаптарға сәйкес болуы керек.

3. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне *инвестициялық қордың бағалы қағаздарын* енгізу үшін және онда қалдыру үшін аталған бағалы қағаздар, инвестициялық қорды басқарушы компания немесе акционерлік инвестициялық қор, егер ол инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясы не болмаса заңды тұлға ретінде инвестициялық қордың тіркеу елі заңнамасында қарастырылған сәйкес құжаты бар (бұдан әрі – инвестициялық қорды басқарушы компания немесе акционерлік инвестициялық қор) белгілі талаптарға сәйкес болуы керек.

4. *Депозитарийлік қолхаттар листингіне қойылатын талаптар.* Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «депозитарийлік қолхаттар» секторының айналымына базалық активі

Қазақстан Республикасы және басқа мемлекеттер заңнамасына сәйкес шығарылған акция болып табылатын депозитарийлік қолхаттар енеді. Ресми тізімнің берілген секторына депозитарийлік қолхаттарды енгізу белгілі талаптарға сәйкес болуы керек.

5. *Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының жіберілуіне қойылатын талаптар.* Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары» секторының айналымына халықаралық қаржы ұйымдарының келесі талаптарға сәйкес келетін эмиссионды бағалы қағаздары жіберіледі:

– олардың есебі орталық депозитарий есебі жүйесінде жүзеге асырылады;

– маркет-мейкердің болуы міндетті болып табылады.

6. *Мемлекеттік бағалы қағаздар жіберілуіне қойылатын талаптар.* Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «мемлекеттік бағалы қағаздар» секторының айналымына Қазақстан Республикасы және басқа да мемлекеттер заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздар жіберіледі:

– олардың есебі орталық депозитарий есебі жүйесінде жүзеге асырылады;

– ресми тізімнің берілген санатына бағалы қағаздарды енгізу туралы мәселені қарастырғанға дейін қор биржасы мүшелерінің қайсыбірі аталған бағалы қағаздар бойынша оған маркет-мейкер мәртебесін беру туралы арыз беруі, ал олардың осы санатта болуы кезінде олар бойынша маркет-мейкердің болуы – міндетті. Берілген талап Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен шығарылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына қолданылмайды. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының айналымына «В-» (Standard @ Poor's және Fitch рейтингілік агенттіктердің классификациясы бойынша) немесе «В3» (Moody's рейтингілік агенттігінің классификациясы бойынша) төмен емес шетел валютасындағы егемен ұзақ мерзімді несиелік рейтингілік бағасы бар шетел мемлекеттері шығарған мемлекеттік бағалы қағаздары жіберіледі.

Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «мемлекеттік бағалы қағаздар» секторына жергілікті атқарушы органдарының облигацияларын енгізу үшін және онда қалдыру үшін аталған бағалы қағаздар және олардың эмитенті белгілі талаптарға сәйкес болуы керек.

7. *«Туынды бағалы қағаздар» секторының айналымына жіберілетін (жіберілген) қаржы құралдарына және олардың эмитенттеріне қойылатын талаптар.* Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «туынды бағалы қағаздар» секторының айналымына туынды бағалы қағаздарды енгізу үшін аталған бағалы қағаздар мен олардың эмитенті қор биржасының бекітілген ережелеріндегі талаптарға сай болуы тиіс, сондай-ақ қор биржасының ережелері қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органдармен келісе бекітуі тиіс.

8. *Жеңілдетілген рәсімдеу бойынша қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне енгізілетін немесе онда орналасқан бағалы қағаздарға қойылатын талаптар.* Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне эмитенттердің бағалы қағаздарын енгізу және онда қалдыру үшін бағалы қағаздар және олардың эмитенті белгіленген талаптарға сәйкес болуы жағдайында жеңілдетілген рәсімдеуді қолдануға жол беріледі. Жеңілдетілген рәсімдеу бойынша секторлардың бөлек санаттарға (санатшаларға) бағалы қағаздарды жатқызу шарттары қор биржасының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне жеңілдетілген рәсімдеу бойынша эмитенттердің бағалы қағаздарын енгізу үшін қойылатын талаптар:

1) бағалы қағаздары қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті орган танитын қор биржаларының тізбесіне кіретін қор биржаларының бірінде енгізілуі тиіс;

2) эмитенттердің ақпарат ашуы тиісті қор биржаларының ресми сайттарында және қор биржасы мен жіберілім бастамашысы немесе эмитенттері арасында бекітілген ақпаратты ашу туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылады;

3) ресми тізімге бағалы қағаздарды енгізу туралы мәселені қарастырғанға дейін қор биржасы мүшелерінің қайсыбірі аталған

бағалы қағаздар бойынша оған осы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы арыз беруі міндетті, ал олардың ресми тізімде болуы кезінде олар бойынша маркет-мейкердің болуы қажет;

4) эмитенттің құрылтай құжаттарында және/немесе бағалы қағаздарды шығару проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің иеліктен шығару (оны беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалардың болмауы.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. «Биржа» категориясының мәнін қалай түсінесіз?
2. «Қор биржасының» мәнін қалай түсінесіз?
3. Қазақстан қор биржасының қалыптасуы.
4. Қор биржасының құрылымын айтыңыз.
5. Қор биржасы қандай қызметтерді атқарады?
6. Биржада сауда-саттықты өткізу әдістерін атаңыз.
7. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметін қаржыландыру көздерін атаңыз.
8. Листинг және делистинг категорияларының мәнін қалай түсінесіз?
9. Листингтік талаптар дегеніміз не?
10. Ресми тізімге кіретін секторларды атаңыз.

10-ТАПСЫРМА

Сол жақ калонкада көрсетілген оң жақ калонкадағы терминнің анықтамасын табыңыз.

№	Термин	Жауабы	№	Анықтамасы
1	Листинг		1	бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға
2	Борыштық бағалы қағаздар секторының санаты		2	белгілі бір эмитенттің шамамен алғандағы кредит қабілетін немесе оның бағалы қағаздарының сапасы мен сенімділігін белгілейтін бағаның жеке сан және әріп көрсеткіші

3	Қор биржасының қызметін қаржыландыру көздері		3	эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы
4	Делистинг		4	рейтингтік бағасы бар, рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаз
5	Рейтинг		5	бағалы қағаздарды қор биржасының бағалы қағаздар тізімінің санатына енгізу және сол санатта болу үшін қор биржасының ішкі құжаттарында бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы белгіленген талаптар
6	«Акциялар» секторының санаты		6	қор биржасы және биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының баға белгілеу ұйымы
7	Қор биржасы		7	1) мүшелердің кіру жарнасынан; 2) қор биржасының мүлкін пайдаланғаны үшін түскен төлемдер; 3) ақпараттық қызмет көрсеткені үшін түскен төлемдер; 4) мәмілелерді тіркеу және рәсімдеуден түскен төлемдер
8	Дефолт		8	бағалы қағаздарды саудасаттықты ұйымдастырушының тізімінен уақытша немесе тұрақты шығарып тастау
9	Қор биржасының атқаратын қызметтері		9	баға белгілеу, бағаны болжау және ақпараттық талдау, тәуекелді сақтандыру, бағаны тұрақтандырушы
10	Сауда-саттықты ұйымдастырушы		10	бірінші санат, екінші санат және үшінші санат

11.1. Бағалы қағаздар нарығын реттеудің мәні мен мақсаты

Бағалы қағаздар нарығын реттеу – реттеу қызметін жүзеге асыруға уәкілетті ұйымдардың, бағалы қағаз нарығы субъектілерінің қызметін және олардың арасында жасалатын операцияларды ретке келтіруі.

Бағалы қағаз нарығын реттеу барысында бағалы қағаз нарығының барлық қатысушылары (эмитент, инвестор, қор нарығының кәсіби қатысушылары, нарықтың инфрақұрылымын ұйымдастырушылар және т.б) және бағалы қағаз нарығында жүзеге асырылатын барлық қызмет түрлері мен операциялар (эмиссиялық, инвестициялық, спекулятивті, траст, делдалдық және өзге де қызметтер) қамтылады.

Бағалы қағаз нарығын реттеудің жіктелімі:

1. Реттеу тәсілдеріне қарай: *ішкі және сыртқы реттеуден* тұрады:

Бағалы қағаз нарығын ішкі реттеу – бағалы қағаз нарығында қызметті жүзеге асырушы ұйымның қызметін реттеу өзінің нормативтік құжаттары, яғни ұйымның жарғысы, ұйымның және оның бөлімшелері мен қызметкерлерінің қызметін анықтайтын ережелер мен өзге де ішкі нормативтік құжаттар шеңберінде жүзеге асырылуын білдіреді.

Бағалы қағаз нарығын сыртқы реттеу ұйымның қызметі мемлекеттің және өзге де ұйымдардың нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық келісімшарттар негізінде реттелуін білдіреді.

2. Реттеу қызметін орындайтын уәкілетті органның немесе ұйымның жүзеге асыратындығына қарай *бағалы қағаз нарығын реттеу түрлері* мыналар:

α) бағалы қағаз нарығын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

β) бағалы қағаз нарығын кәсіби қатысушылар тарапынан реттеу немесе өзін-өзі реттейтін ұйымдар;

χ) қоғамдық реттеу.

3. *Бағалы қағаз нарығын мемлекеттік реттеу нысандарына қарай:*

α) тікелей немесе әкімшілік реттеу;

β) жанама немесе экономикалық реттеу.

Бағалы қағаз нарығын тікелей немесе әкімшілік реттеу мына жолдармен жүзеге асырылады:

1) бағалы қағаз нарығының қатысушыларына қатысты міндетті талаптарды бекіту;

2) бағалы қағаз нарығының қатысушыларын, яғни эмитенттерді және бағалы қағаздарды тіркеу;

3) бағалы қағаз нарығындағы кәсіби қызмет түрлерін лицензиялау;

4) бағалы қағаз нарығының қатысушыларын ақпаратпен теңдей қамтамасыз ету;

5) нарықтағы құқықтық тәртіпті сақтау.

Мемлекет жанама немесе экономикалық реттеуді мына экономикалық тұтқалар және капитал көмегімен жүзеге асырады:

1) салық салу жүйесі (салық мөлшерлемесі, салықтық жеңілдіктер, салықтан босату және т.б.);

2) ақша – несие саясаты (пайыз мөлшерлемесі, жалақының ең төменгі мөлшері және т.б.);

3) мемлекеттің қаржылық ресурстары (мемлекеттік бюджеттің, бюджеттен тыс қорлардың қаржылық ресурстары және т.б.);

4) мемлекеттің меншігіндегі ресурстары (мемлекеттік кәсіпорын, табиғи ресурстар, жер және т.б.).

Бағалы қағаз нарығын реттеудің мақсаты:

1) нарықтағы тәртіпті сақтау, бағалы қағаз нарығының қатысушыларының қызметіне қолайлы жағдайлар жасау;

2) бағалы қағаз нарығының қатысушыларын әртүрлі жағдайлардан (жекелеген тұлғалардың немесе ұйымдардың ұйымдастырған айлакерлік іс-әрекеттерінен, арам ниеттерінен және т.б.) қорғау;

3) сұраныс пен ұсыныс негізінде бағалы қағаздарға ашық және еркін баға белгілеу үдерісін қамтамасыз ету;

4) тиімді нарықты қалыптастыру;

5) жаңа нарықты қалыптастыру, нарыққа қажетті қоғамдар мен нарықтық құрылымдарды қалыптастыру және қолдау;

6) қоғамдық мақсатқа қол жеткізу үшін нарыққа әсер ету (мысалы, экономикалық өсудің қарқындылығын арттыру, жұмыссыздық деңгейін төмендету және т.б.);

7) нарықтағы қоғамдық мүддені қорғау.

Бағалы қағаз нарығын реттеу үдерісі мыналарды қамтиды:

1) бағалы қағаз нарығының қызмет етуіне негіз болатын нормативтік базаны қалыптастыру, яғни ережені, қаулыны, нұсқаулықты, әдістемелік- нұсқаулықты, заңды және өзге де нормативтік актілерді әзірлеу;

2) нарықтың кәсіби қатысушыларын іріктеу. Кез келген нарықтың сондай-ақ қазіргі бағалы қағаз нарығының өзінің кәсіби қатысушылары болады. Кез келген тұлға немесе ұйым бағалы қағаз нарығының қатысушысы бола алмайды. Нарықтың кәсіби қатысушысы болу үшін бірқатар талаптар орындалуы қажет;

3) нарықтың қызмет етуіне негіз болатын нормалар мен ережелердің бағалы қағаз нарығының қатысушыларымен сақталуын бақылау. Бақылауды тиісті орган жүзеге асырады.

4) бекітілген нормалар мен ережелердің орындалмағандығы анықталған жағдайда санкциялар жүйесін қолдану. Санкция жүйесіне мыналар жатады: жазбаша немесе ауызша нысанда ескерту жасау, нарықтың қатысушысы қатарынан шығару, қылмыстық жазалау шаралары қолдану, айыппұл және т.б.

11.2. Қазақстандағы бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу

Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын уәкілетті орган жүзеге асырады. Уәкілетті орган – бұл бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Уәкілетті орган мынадай функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып, бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру мен дамыту саласындағы басымдықтарды айқындайды;

2) Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету және ұлттық бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын қалыптастыру, бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізеді;

3) өз құзыреті шегінде бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

4) бағалы қағаздармен қаржы нарығының активтерін таниды;

5) мемлекеттік емес бағалы қағаздарды, туынды бағалы қағаздарды шығару, айналысқа түсіру, өтеу және мемлекеттік тіркеу талаптары мен тәртібін белгілейді;

6) бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялар мен рұқсаттардың тізілімін жүргізеді;

7) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар мен туынды бағалы қағаздардың орналастырылуын тоқтата тұрады және қайта жаңғыртады, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар мен туынды бағалы қағаздарды шығаруды жояды;

8) бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет пен басқа да лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыру ережелерін, оның ішінде бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу, осы мәмілелерді есепке алу және олар бойынша есеп беру шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды айқындайды;

9) бағалы қағаздар нарығындағы қызметті кәсіби қызмет ретінде мойындайды;

10) бағалы қағаздар нарығындағы қызмет түрлері бойынша лицензиялар берудің талаптары мен тәртібін айқындайды;

11) лицензиаттардың қаржылық тұрақтылығының пруденциалдық нормативтерінің түрлері мен өзге де көрсеткіштерін немесе өлшемдерін (нормативтерін), олардың есеп айырысуының және есеп айырысу әдістемесінің тәртібін белгілейді;

12) бағалы қағаздар нарығында қызмет түрлері бойынша лицензиялар береді, лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұрады, қайта жаңғыртады және лицензиялардан айырады;

13) орталық депозитарийдің және лицензиаттардың басшы қызметкерлерінің лауазымына кандидатураларды тағайындау үшін келісім береді;

14) орталық депозитарийдің және лицензиаттардың есеп беру тәртібін және есептердің нысандарын айқындайды;

15) эмитенттердің, орталық депозитарийдің және лицензиаттардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде олардың қызметіне тексеру жүргізеді;

16) бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоюға бағытталған, орындауға міндетті түзету шараларын қолдану туралы ұйғарымдарды жібереді;

17) бағалы қағаздардың эмитенттеріне жарғыларда Қазақстан Республикасының заңдарына қайшылықтарды жою туралы орындауға міндетті ұйғарымдарды жібереді;

18) бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінуге құқылы;

19) бағалы қағаздар нарығын реттеу жөнінде қолданылатын шараларды үйлестіру, бағалы қағаздар нарығындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және өзара мүдделілік туғызатын өзге де мәселелер бойынша бағалы қағаздар нарықтарын реттейтін шетелдік органдармен өзара іс-әрекет жасайды;

20) қор биржасындағы сауда-саттықты тоқтата тұрудың және қалпына келтірудің шарттары мен тәртібін айқындайды;

21) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу жөніндегі өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11.3. Уәкілетті органның қолданатын ықпал етудің шектеулі шаралары және санкциялары

Пруденциалдық нормативтердің және сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің және уәкілетті органның нор-

мативтік құқықтық актілерінің бұзылғандығын, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттерін немесе әрекетсіздіктерін анықтаған жағдайларда уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне ықпал етудің *мынадай шектеулі шараларының бірін қолдануға құқылы:*

1) анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімде жою жөнінде орындалуы міндетті *жазбаша нұсқама беруге;*

2) акционерлер алдына бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің басшы қызметкерлерін *қызметінен шеттету туралы мәселе қоюға;*

3) міндеттеме – *хат талап етуге;*

4) бағалы қағаздар нарығының субъектісімен *жазбаша келісім жасауға.*

Жазбаша нұсқама – бағалы қағаздар нарығының субъектісіне түзету шараларын қабылдауға жауапты бағалы қағаздар нарығы субъектісінің лауазымды адамын көрсете отырып, белгіленген мерзімде анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған, орындалуға міндетті түзету шараларын қабылдау туралы нұсқау.

Сотта уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына шағымдану оның орындалуын тоқтатпайды.

Міндеттеме-хат. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің міндеттеме-хатында орын алған кемшіліктерді мойындау фактісі және бағалы қағаздар нарығы субъектісі басшылығының оларды қатаң айқындалған мерзімдерде жою және жоспарланған іс-шаралардың тізбесін, оларды орындау мерзімдерін және түзе ту шараларын қабылдауға жауапты бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің лауазымды адамдарын көрсете отырып, алдағы уақыт та мұндай кемшіліктерді болдырмау жөніндегі кепілдігі болуға тиіс.

Жазбаша келісім – бұл бағалы қағаздар нарығының субъектісі мен уәкілетті органның арасындағы анықталған кемшіліктерді шұғыл жою қажеттігі туралы және осыған байланысты бірінші кезектегі шараларды бекіту жөніндегі келісім.

Бағалы қағаздар нарығының субъектісі міндеттеме-хаттың, жазбаша нұсқаманың немесе жазбаша келісімнің көрсетілген мерзімде орындалғандығы туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектісіне оған бұрын қолданылған ықпал ету шараларына қарамастан *санкция қолдануға құқылы*.

Уәкілетті орган санкция ретінде мынадай шараларды қолданады:

- 1) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру;
- 2) лицензиядан айыру;
- 3) бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің басқарушы қызметкерлерін тағайындауға уәкілетті органның келісімін қайтарып алу;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпшен айыппұл салу және оны өндіріп алу.

11.4. Бағалы қағаздар нарығындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдар

Өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін заңды тұлғаға бағалы қағаздар нарығында белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыратын барлық лицензиаттардың жартысынан астамы осы заңды тұлғаның мүшелері екенін растайтын құжаттар негізінде уәкілетті орган береді. Заңды тұлға белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесінен айрылады. Заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін беру және оны жою тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның атауында осы ұйым мүшелерінің негізгі қызметінің түрін көрсететін, сондай-ақ «Қауымдастық», «Одақ» немесе «Бірлестік» деген сөздер болуға тиіс.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның міндеттері:

- 1) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- 2) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асырудың бірыңғай жағдайларын жасауды қамтамасыз ету.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның функциялары:

1) уәкілетті органға бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыру тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар беру;

2) бағалы қағаздар нарығында өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері арасында туындайтын дауларды және мүшелері мен олардың клиенттері арасындағы дауларды қарау;

3) бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға ниет білдірген адамдарға оқу бағдарламаларын әзірлеу және оларды оқытуды жүргізу;

4) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кәсіби қызметінің бірыңғай ережелері мен стандарттарын белгілеу;

5) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің рейтингтерін жасау және жариялау;

6) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің қызметіне тексеру жүргізу;

7) уәкілетті органға өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің лицензиясын тоқтата тұру және одан айыру туралы өтініштер жіберу;

8) бағалы қағаздар нарығында өз мүшелерінің қызметін бақылауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының заңдары мен өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын бұзуға жол берген өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелеріне өзінің ішкі құжаттарында белгіленген ықпал ету шараларын қолдану.

Өзін-өзі реттейтін ұйым өз мүшелерінен, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, олардың бағалы қағаздар нарығындағы қызметі туралы ақпарат табыс етуді талап етуге құқылы.

Өзін-өзі реттейтін ұйым өз мүшелерінің қызметі мәселелері бойынша уәкілетті орган беретін ақпаратты өзінің мүшелеріне жеткізіп отыруға міндетті.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттары:

1) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері қызметінің ережелері мен стандарттарын;

2) өзін-өзі реттейтін ұйымның өз мүшелерінің қызметіне қатысты бақылау іс-шараларын жүргізу ережелерін;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері арасындағы дауларды шешу ережелерін;

4) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру және өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігінен шығару ережесін;

5) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кәсіби этика ережелерін;

6) өзін-өзі реттейтін ұйымның бөлімшелері, комитеттері, филиалдары мен өкілдіктері қызметінің *тәртібін белгілеуге тиіс*.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кеңесі әзірлейді және оны өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы бекітеді.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттары өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері үшін оның мүшелерінің жалпы жиналысы белгілеген күннен бастап міндетті болады.

Уәкілетті органның өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметіне араласуға құқығы жоқ.

Өзін-өзі реттейтін ұйым өз мүшесінің Қазақстан Республикасының заңдарын, өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын бұзғаны туралы, сондай-ақ өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелеріне қатысты қолданылған ықпал ету шаралары туралы ақпаратты уәкілетті органның назарына жеткізуге міндетті.

Уәкілетті орган өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің және оның клиенттерінің мүдделері қозғалатын нормативтік құқықтық актіні әзірлеу кезінде өзін-өзі реттейтін ұйымның мамандарын тартады.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау тәртібі өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау туралы өтініш оның өзін-өзі реттейтін ұйымға түскен кезінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады. Өтінішке тізбесі өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарында айқындалатын құжаттар қоса тіркеледі. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау туралы шешімді өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кеңесі қабылдайды.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдаудан бас тарту туралы шешім жөнінде сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігінен шығару өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес мынадай жағдайларда:

- 1) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің өтініші бойынша;
- 2) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесін бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырған немесе лицензияның қолданылуы тоқтатылған;
- 3) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарын және өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын бұзған жағдайларда *жүзеге асырылады.*

Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігінен шығаруға өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелері кеңесінің мүшеліктен шығару туралы шешімінің көшірмесі берілген күннен бастап бір ай мерзімде сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Өзін-өзі реттейтін ұйым өз мүшелері клиенттерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды олардың өтініштерін қарау арқылы жүзеге асырады. Өзін-өзі реттейтін ұйым клиенттердің өтініштерін қарау қорытындылары бойынша және негіздемелер болған жағдайда өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесіне қатысты ықпал ету шараларын қолданады.

Өтінішті қараудан заңсыз бас тартуға өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің клиенті уәкілетті органға шағым жасай алады.

11.5. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін бақылау түрлері

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ТЕКСЕРУ

Уәкілетті орган эмитенттердің, лицензиаттардың қызметін тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

Тексеруге:

- 1) инвесторлардың өтініш жасауы;
- 2) бағалы қағаздарды ұстаушылардың өтініш жасауы;
- 3) бағалы қағаздар нарығының және өзін-өзі реттейтін ұйымдардың кәсіби қатысушыларының өтініш жасауы;

4) тексерудің жүргізілгені туралы немесе уәкілетті орган қызметкерлерінің тексеруге қатысқаны туралы сот ұйғарымы, прокурордың немесе анықтау және алдын ала тергеу органының қаулысы;

5) эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу, эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру және (немесе) өтеу қорытындылары туралы есептілікті қарау және бекіту үшін эмитент табыс еткен құжаттарды қарау процесінде құжаттардағы немесе мәліметтердегі ақпараттың уәкілетті орган анықтаған сәйкессіздіктері;

6) лицензиаттардың қызметі туралы есептерді қарау процесінде уәкілетті орган анықтаған сәйкессіздіктер;

7) бағалы қағаздар нарығында коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы мәліметтердің болуы;

8) бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің Қазақстан Республикасы заңдарын бұзуының уәкілетті органға мәлім болған *өзге де фактілері негіздеме* болып табылады.

Жоғырыдағы жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган *күнтізбелік жыл ішінде бір рет өз бастамасы бойынша* бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне тексеру жүргізуге құқылы.

Тексеруді уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығы субъектісінің орналасқан жерінде немесе өзінің орналасқан жерінде жүргізеді.

Тексеруді құрамына уәкілетті органның қызметкерлері кіретін тексеру комиссиясы жүзеге асырады.

Уәкілетті орган мемлекеттік органдарға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға аталған ұйымдардың қызметкерлерін тексеруге тарту мақсатымен өтініш жасауға құқылы.

Тексеруді уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығы субъектісінің қызметі туралы құжаттарды қарау арқылы жүргізеді.

Тексеру жүргізу барысында уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногы субъектісінің қызметкерлерінен олардың тексеру мәселелері бойынша ауызша және жазбаша түсініктемелер беруі мақсатымен жауап алуға құқылы.

Тексеру комиссиясы бағалы қағаздар нарығы субъектісін тексеру нәтижелері бойынша тексеру актісін жасайды.

Бағалы қағаздар нарығы субъектісі тексеру актісі бойынша өз қарсылығын тұтас (жекелеген тармақтар бойынша) білдіруге құқылы.

Тексеру актісі жасалып, ол бағалы қағаздар нарығының субъектісіне табыс етілгеннен кейін уәкілетті орган субъектіге анықталған бұзушылықтарды уәкілетті орган белгілеген мерзім ішінде жою туралы ұйғарым жіберуге құқылы.

Бағалы қағаздар нарығының субъектісі өзінің қызметін тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жоймаған жағдайда, уәкілетті орган субъектіге және оның қызметкерлеріне заң актілерінде белгіленген шараларды қолдануға құқылы.

Анықталған бұзушылықтар жойылмайтын сипатта болса, уәкілетті орган заң бұзушыға және оның қызметкерлеріне бұзушылықтарды жою мерзімін бермей-ақ тиісті шараларды қолдануға құқылы.

ЭМИТЕНТТІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу процесінде бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін уәкілетті орган эмитентке мынадай мәселелер бойынша тексеру жүргізуге құқылы:

1) эмитент органының эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару немесе орналастыру, опциондар жасасу туралы қабылдаған шешімдерінің Қазақстан Республикасының заңдарына және эмитенттің жарғысына сәйкестігі;

2) эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеуі және эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектілеріне сәйкес бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өзге де міндеттемелерін орындауы;

3) бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды және оларды орналастыру мен (немесе) өтеу қорытындылары туралы есептерді табыс ету;

4) уәкілетті органға және бағалы қағаздарды ұстаушыларға өз қызметіндегі өзгерістер туралы ақпаратты табыс ету жөніндегі талаптарды орындау;

5) Қазақстан Республикасы заңдарының ірі мәмілелерін жа-сау туралы талаптарын орындау;

6) шығарылуы жойылған, эмитент ерікті түрде қайта ұйым-дастырылған немесе таратылған жағдайда, бастапқы инвестици-яларды қайтару кезінде бағалы қағаздарды ұстаушылардың құ-қықтары мен мүдделерін сақтау;

7) бұқаралық ақпарат құралдарында эмитенттің қызметі ту-ралы мәліметтер жариялау.

ЛИЦЕНЗИАТТЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

Уәкілетті орган бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін ли-цензиатқа мынадай мәселелер бойынша тексеру жүргізуге құқылы:

1) бағалы қағаздар нарығында жүзеге асырылатын қызметтің Қазақстан Республикасының заңдарына, өзін-өзі реттейтін ұйым-ның және лицензиаттың ішкі құжаттарына сәйкестігі;

2) бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыру процесінде клиенттердің құқықтары мен мүдделерін сақтау;

3) пруденциялық нормативтерді сақтау;

4) ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату.

ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕЙТІН ҰЙЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

Өзін-өзі реттейтін ұйымға қатысты бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін уәкілетті орган:

1) өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметі туралы, сондай-ақ оның мүшелерінің қызметі туралы ақпарат табыс етуді талап етуге;

2) өзін-өзі реттейтін ұйымға орындалуы міндетті ұйғарымдар жіберуге және олардың орындалуы туралы есеп табыс етуді та-лап етуге құқылы.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Бағалы қағаздар нарығын реттеуді қалай түсінесіз?
2. Бағалы қағаздар нарығын реттеудің қандай түрлерін білесіз?
3. Бағалы қағаздар нарығын реттеудің мақсаты қандай?
4. Бағалы қағаздар нарығын реттеу үдерісін қалай түсінесіз?
5. Бағалы қағаздар нарығында уәкілетті органның қолданатын ықпал етудің шектеулі шаралары мен санкцияларын атаңыз.

6. Бағалы қағаздар нарығындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдарды атаңыз.
7. Бағалы қағаз нарығындағы субъектілердің қызметін тексерудің мәні мен түрлерін айтыңыз.
8. Бағалы қағаз нарығындағы субъектілердің қызметін тексеруге негіздеме болатын фактілерді атаңыз.

11-ТАПСЫРМА

Сол жақ калонкада көрсетілген оң жақ калонкадағы терминнің анықтамасын табыңыз.

№	Термин	Жауабы	№	Анықтамасы
1	Бағалы қағаздар нарығын реттеу		1	ұйымның қызметі мемлекеттің және өзге де ұйымдардың нормативтік актілері мен халықаралық келісімшарттар негізінде реттелуін білдіреді
2	Жазбаша келісім		2	жазбаша нұсқама беруге; қызметінен шеттету туралы мәселе қоюға; міндеттеме-хат талап етуге; жазбаша келісім жасауға құқылы
3	Бағалы қағаздар нарығын реттеудің түрлері		3	бағалы қағаз нарығында қызметті жүзеге асырушы ұйымның қызметін реттеу өзінің нормативтік құжаттар, яғни ұйымның жарғысы, ұйымның және оның бөлімшелері мен қызметкерлерінің қызметін анықтайтын ережелер мен өзге де ішкі нормативтік құжаттар шеңберінде жүзеге асырылуын білдіреді
4	Бағалы қағаз нарығын сыртқы реттеу		4	бұл бағалы қағаздар нарығының субъектісі мен уәкілетті органның арасындағы анықталған кемшіліктерді шұғыл жою қажеттігі туралы және осыған байланысты бірінші кезектегі шараларды бекіту жөніндегі келісім

5	Қазақстан Қор биржасын коммерцияландыру қай жылы жүзеге асырылды		5	бір акция – бір дауыс
6	Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне қолданылатын ықпал етудің шектеулі шаралары		6	бағалы қағаздар нарығының субъектісіне белгіленген мерзімде анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған, орындалуға міндетті түзету шараларын қабылдау туралы нұсқау
7	Қазақстан Қор биржасы мүшелерінің дауыс беру қағидасы		7	реттеу қызметін жүзеге асыруға уәкілетті ұйымдардың, бағалы қағаз нарығы субъектілерінің қызметін және олардың арасында жасалатын операцияларды ретке келтіруін білдіреді
8	КАСЕ ұйымдық құқықтық формасы		8	мемлекеттік, қоғамдық, өзін-өзі реттеу
9	Жазбаша нұсқама		9	акционерлік қоғам
10	Бағалы қағаз нарығын ішкі реттеу		10	2007 ж.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ МЕН ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Бағалы қағаз – бұл:

1) иелеріне мүлктік құқықтар мен белгілі бір ақша сомаларын алуға құқық беретін ақшалай немесе тауарлық құжаттар

2) эмитентке қатынасы бойынша мүлкті куәландыратын құжат

3) борыштық қолхат түрінде ұсынылған ақшалай құжат

4) эмитенттен ақша сомаларын алуға құқық беретін ақшалай құжат

5) мүлктік құқықты тек қана ақшалай нысанда куәландыратын құжат

2. ҚР-да бағалы қағаз болып табылмайтын құрал:

1) вексель

2) облигация

3) МЕОКАМ

4) акция

5) МЕИКАМ

3. ҚР-да бағалы қағаз болып табылмайтын құрал:

1) облигация

2) кепілхат

3) МЕОКАМ

4) акция

5) МЕИКАМ

4. Қарыз берушімен қарыз алушы арасындағы қарыздық қарым-қатынасты куәландыратын бағалы қағаз түрі:

1) опцион

2) акция

3) базалық актив

4) облигация

5) своп

5. Бағалы қағаздың мазмұнын тікелей оқуға болатын өзге де материалдық жеткізгіште шығарылатын бағалы қағаз түрі:

1) құжатты бағалы қағаз

2) құжатсыз бағалы қағаз

3) құжатты және құжатсыз бағалы қағаз

4) айырбасталмайтын бағалы қағаз

5) дұрыс жауап жоқ

6. Базалық активке қатынасы бойынша құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз түрі:

- 1) негізгі бағалы қағаз
- 2) туынды бағалы қағаз
- 3) алғашқы бағалы қағаз
- 4) қарыздық бағалы қағаз
- 5) үлесті бағалы қағаз

7. Жарғылық капиталға үлес қосқандығын, пайданың бір бөлігін алуға және кәсіпорынды басқаруға құқық беретін бағалы қағаз:

- 1) туынды бағалы қағаз
- 2) борыштық бағалы қағаз
- 3) мемлекеттік бағалы қағаз
- 4) үлесті бағалы қағаз
- 5) атаулы бағалы қағаз

8. Құқықты жүзеге асыру формаларына қарай бағалы қағаздар қалай жіктеледі:

- 1) орта, ұзақ, қысқа мерзімді
- 2) қазыналық, каржылық, кооперативті
- 3) атаулы, ордерлі, ұсынбалы
- 4) облигация, акция, варрант
- 5) барлық жауап дұрыс

9. Бағалы қағаздардың айналыс территориясына байланысты жіктелуі:

- 1) орталық, аудандық, қысқа мерзімді
- 2) ұйымдық, кооперативтік
- 3) аймақтық, ұлттық, халықаралық
- 4) мемлекеттік, жергілікті, аймақтық, орта мерзімді
- 5) барлық жауап дұрыс

10. Акционерлік қоғамның шығару проспектісінде айқындалған талаптармен және тәртіппен оның басқа түрдегі бағалы қағазына айырбасталуға жататын бағалы қағаз – бұл:

- 1) құжатсыз бағалы қағаз
- 2) айырбасталмайтын бағалы қағаз
- 3) айырбасталатын бағалы қағаз
- 4) туынды бағалы қағаз
- 5) борыштық бағалы қағаз

11. Бағалы қағаз нарығының құралдары:

- 1) акция, облигация
- 2) варрант, коносамент
- 3) жинақ және депозиттік сертификаттар

- 4) МЕОКАМ, МЕККАМ
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

12. *Электрондық жазбалардың жиынтығы түрінде шығарылған бағалы қағаз – бұл:*

- 1) құжатты бағалы қағаз
- 2) құжатсыз бағалы қағаз
- 3) айырбасталмайтын бағалы қағаз
- 4) атаулы бағалы қағаз
- 5) ордерлі бағалы қағаз

13. *Конвертацияланатын акция, яғни:*

- 1) қоғамның қажеттілігіне қарай акционерден қайта сатып алуға немесе басқа бағалы қағаз түріне айырбастауға мүмкіндік беретін бағалы қағаз
- 2) ұлттық валюта курсының өзгеруіне байланысты, еркін конвертацияланатын, валютамен қамтамасыз етілетін бағалы қағаз түрі
- 3) тек қана варрантқа айырбастауға құқық беретін бағалы қағаз
- 4) табысы жоғары бағалы қағаз
- 5) табысы төмен бағалы қағаз

14. *Мемлекеттік емес бағалы қағаз дегеніміз –*

- 1) мемлекеттік ұйымдардың шығаратын бағалы қағаздары
- 2) мемлекеттік мекемелердің шығаратын бағалы қағаздары
- 3) жергілікті әкімшілікке бағынышты кәсіпорындардың шығаратын бағалы қағаздары
- 4) мемлекеттік банктердің шығаратын бағалы қағаздары
- 5) мемлекеттік емес ұйымдардың шығаратын бағалы қағаздары

15. *Ипотекалық куәлік қандай бағалы қағаз қатарына жатқызылады:*

- 1) ордерлік бағалы қағаздар
- 2) үлесті бағалы қағаздар
- 3) туынды бағалы қағаздар
- 4) ұсынбалы бағалы қағаздар
- 5) дұрыс жауап жоқ

16. *Экономикалық табиғаты бойынша акция – бұл қандай бағалы қағаз:*

- 1) туынды
- 2) қарыздық
- 3) үлесті
- 4) мерзімді
- 5) жедел

17. *Капиталды тарту мерзімі бойынша акция – бұл қандай бағалы қағаз:*

- 1) ұзақ мерзімді
- 2) мерзімсіз

- 3) қысқа мерзімді
- 4) орта мерзімді
- 5) дұрыс жауап жоқ

18. Экономикалық табиғаты бойынша облигация – бұл қандай бағалы қағаз:

- 1) көрсетуге арналған
- 2) мерзімсіз
- 3) үлесті
- 4) туынды
- 5) қарыздық

19. Шығарылу формасына қарай бағалы қағаздар қалай бөлінеді:

- 1) қарыздық, үлесті, туынды
- 2) құжатты, құжатсыз
- 3) қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді
- 4) мемлекеттік, корпоративтік, шетелдік
- 5) аймақтық, ұлттық, шетелдік

20. Бағалы қағаздар айналымының территориясы бойынша қалай жіктеледі:

- 1) қарыздық, үлестік, туынды
- 2) құжатты, құжатсыз
- 3) қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді
- 4) мемлекеттік, корпоративтік, шетелдік
- 5) аймақтық, ұлттық, халықаралық

21. Айналым мерзімі бойынша бағалы қағаздар қалай жіктеледі:

- 1) қарыздық, үлестік, туынды
- 2) құжатты, құжатсыз
- 3) қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді, мерзімсіз
- 4) мемлекеттік, корпоративтік, шетелдік
- 5) аймақтық, ұлттық, шетелдік

22. Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары:

- 1) аталғанның барлығы дұрыс
- 2) МЕОКАМ
- 3) МЕЙКАМ
- 4) МЕККАМ
- 5) АВМЕККАМ

23. Базалық актив – бұл:

- 1) стандартталған тауарлар партиясы
- 2) бағалы қағаздар

- 3) валюта
- 4) қаржы құралдары
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

24. Бағалы қағаздар базистік актив бойынша қалай жіктеледі:

- 1) үлестік, борыштық
- 2) негізгі, туынды
- 3) құжатты, құжатсыз
- 4) аймақтық, жеке, ұлттық, халықаралық
- 5) атаулы, ұсынбалы, ордерлік

25. Варрант, опцион, депозитарлық қолхаттар қандай бағалы қағаздарға жатады:

- 1) атаулы бағалы қағаздарға
- 2) борыштық бағалы қағаздарға
- 3) туынды бағалы қағаздарға
- 4) алғашқы бағалы қағаздарға
- 5) барлық жауап дұрыс

26. Корпоративтік бағалы қағаздың түрлері:

- 1) акция, облигация
- 2) МЕККАМ, фьючерстік, форвард
- 3) коносамент, вексель, ипотекалық куәліктер
- 4) мемлекеттік бағалы қағаздар
- 5) барлық жауап дұрыс

27. Бағалы қағаздың айналым кезеңі:

- 1) бағалы қағазды тіркеу, бағалы қағазды эмиссиялау, бағалы қағаздың айналысы
- 2) бағалы қағазды эмиссиялау, бағалы қағаздың айналысы, бағалы қағазды өтеу
- 3) бағалы қағазды тіркеу, бағалы қағазды өтеу, бағалы қағазды жою
- 4) бағалы қағазды эмиссиялау, бағалы қағазды тіркеу, бағалы қағазды өтеу
- 5) дұрыс жауап жоқ

28. Бағалы қағаздың техникалық реквизиттері:

- 1) бағалы қағаздың нысаны, бағалы қағаздың мерзімі, бағалы қағаздың иесі
- 2) бағалы қағаз иесінің құқығын жүзеге асырушы мекеменің атауы, мөрі, қолы, мекен жайы
- 3) эмитенттер, бағалы қағаздың номиналы, бағалы қағаз бойынша берілетін құқықтар
- 4) мекеменің атауы, мөрі, қолы, бағалы қағаздың номиналы
- 5) дұрыс жауап жоқ

29. Бағалы қағаздың экономикалық реквизиттері:

- 1) листинг, делистинг, дефолт
- 2) бағалы қағаз иесінің құқығын жүзеге асырушы мекеменің атауы, мөрі, қолы, мекен жайы
- 3) бағалы қағаздың нысаны, бағалы қағаздың мерзімі, бағалы қағаздың иесі бағалы қағаздың номиналы, бағалы қағаз бойынша берілетін құқықтар
- 4) мекеменің атауы, мөрі, қолы, бағалы қағаздың номиналы
- 5) дұрыс жауап жоқ

30. Бағалы қағаз бойынша меншік құқығының бір тұлғадан басқа бір тұлғаға өтуі:

- 1) бағалы қағазды эмиссиялау
- 2) бағалы қағазды өтеу
- 3) бағалы қағазды тіркеу
- 4) бағалы қағаздың айналысы
- 5) бағалы қағазды өтеу

2-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ЭМИССИЯЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Нарықтың жекелеген аспектілерін реттеу мақсатында кәсіби қатысушылар тарапынан құрылатын мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйым:

- 1) қор биржасы
- 2) қоғамдық ұйым
- 3) мемлекеттік реттеуші орган: қаржы агенттігі
- 4) өзін-өзі реттейтін ұйымдар
- 5) дұрыс жауабы жоқ

2. Қазақстанда бағалы қағаз нарығын реттейтін мемлекеттік орган:

- 1) қаржылық қадағалау комитеті
- 2) өзін-өзі реттейтін агенттік
- 3) кәсіби қатысушылар тарапынан реттелетін ұйым
- 4) костадиандық банк
- 5) дұрыс жауап жоқ

3. Эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы – бұл:

- 1) рейтинг
- 2) дефолт
- 3) делистинг
- 4) левередж
- 5) листинг

4. Қор биржасы және биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының баға белгілеу ұйымы – бұл:

- 1) сауда-саттықты ұйымдастырушы
- 2) бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушы
- 3) клиринг
- 4) орталық депозитарий
- 5) қаржы агенттігі

5. KASE айналымына жіберілетін бағалы қағаздар:

- 1) мемлекеттік бағалы қағаздар
- 2) облигациялар
- 3) туынды бағалы қағаздар
- 4) акциялар
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

6. Клиенттің тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүдделерін көздеп, бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын кәсіби қатысушы – бұл:

- 1) қор биржасы
- 2) орталық депозитарий
- 3) қаржы агенттігі
- 4) брокер
- 5) дилер

7. Бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға:

- 1) қор биржасы
- 2) кастодиан банк
- 3) төлем агенті
- 4) өзін-өзі реттейтін ұйымдар
- 5) дұрыс жауап жоқ

8. Қор нарығының кәсіби қатысушыларына жататындар:

- 1) сауда агенттері
- 2) қор биржасы
- 3) клирингтік ұйым
- 4) трансфер агент
- 5) барлығы дұрыс

9. Уәкілетті орган берген лицензия негізінде бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға:

- 1) эмитент
- 2) лицензиат
- 3) инсайдер
- 4) төлем агенті
- 5) депонент

10. Бағаның, айырбастау бағамының, сыйақы ставкаларының немесе өзге де ықтимал көрсеткіштердің өзгеруі кезіндегі тәуекелдерден қорғау – бұл:

- 1) хеджирлеу
- 2) левередж
- 3) делистинг
- 4) листинг
- 5) дефолт

11. Стандартталған тауарлар партиясы, бағалы қағаздар, валюта, қаржы құралдары – бұл:

- 1) базалық актив
- 2) хеджирлеу

- 3) левередж
- 4) делистинг
- 5) дефолт

12. Номиналдық құнына пайызбен бейнеленген табыс әкелетін бағалы қағаз түрі:

- 1) индекстелген мемлекеттік бағалы қағаз
- 2) индекстелмеген мемлекеттік бағалы қағаз
- 3) дисконттық мемлекеттік бағалы қағаз
- 4) купондық мемлекеттік бағалы қағаз
- 5) купон және дисконт түрінде қатар табыс әкелетін мемлекеттік бағалы қағаз

13. Облигацияны ұстаушы – бұл:

- 1) қарыз алушы
- 2) акционер
- 3) кредитор
- 4) құрылтайшы
- 5) эмитент

14. Эмитенттің орналастырған акцияларына қосымша акцияларды шығару мүмкіндігін беретін акцияның түрі:

- 1) жарияланған акция
- 2) мәлімдеуші акция
- 3) орналастырылған акция
- 4) қатысу үлесі бар акция
- 5) алтын акция

15. Уәкілетті орган белгілеген және лицензиат сақтауға тиіс нормалардың қаржылық көрсеткіштері:

- 1) мүдделер қақтығысы
- 2) инсайдер
- 3) левередж
- 4) лицензиат
- 5) пруденциялық нормативтер

16. Бағалы қағаздар нарығы туралы заң қашан қабылданды:

- 1) 2003 жылдың 2 шілдесінде
- 2) 1996 жылдың 7 наурызында
- 3) 1998 жылдың 6 шілдесінде
- 4) 1999 жылдың 3 наурызында
- 5) 1997 жылдың 4 наурызында

17. Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитенті бойынша жіктелуі:

- 1) қаржы министрлігінің, муниципалитеттің, Ұлттық Банктің бағалы қағаздары

- 2) үлестік, борыштық бағалы қағаздар
- 3) инвесторлардың, кәсіпорындардың бағалы қағаздары
- 4) аймақтық, жеке, ұлттық, халықаралық мекемелердің бағалы қағаздары
- 5) атаулы, ұсынбалы, ордерлік бағалы қағаздар

18. Эмитентті бойынша бағалы қағаздар қалай бөлінеді:

- 1) қарыздық, үлестік, туынды
- 2) құжатты, құжатсыз
- 3) қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді
- 4) мемлекеттік, корпоративтік, шетелдік
- 5) аймақтық, ұлттық, халықаралық

19. Мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын, эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналыс саласы – бұл:

- 1) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы
- 2) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы
- 3) бағалы қағаздардың қайталама нарығы
- 4) бастапқы бағалы қағаздар нарығы
- 5) корпоративті бағалы қағаз нарығы

20. Бағалы қағаздармен операцияларды кімдер жүргізеді:

- 1) бағалы қағазды ұстаушылар мен тіркеушілер ғана
- 2) брокерлер мен дилерлер
- 3) тек қана қор биржасының мүшелері
- 4) тек қана шет ел брокерлері
- 5) шектеулі жеке және институционалды инвесторлар

21. Корпоративтік бағалы қағаздың түрлері:

- 1) акция, облигация
- 2) МЕККАМ, фьючерстік, форвард
- 3) коносамент, вексель, ипотекалық куәліктер
- 4) мемлекеттік бағалы қағаздар
- 5) барлық жауап дұрыс

22. Экономикалық табиғаты бойынша облигация – бұл қандай бағалы қағаз:

- 1) көрсетуге арналған
- 2) мерзімсіз
- 3) үлесті
- 4) туынды
- 5) қарыздық

23. Мемлекеттік емес бағалы қағаз дегеніміз –

- 1) мемлекеттік ұйымдардың шығаратын бағалы қағаздары
- 2) мемлекеттік мекемелердің шығаратын бағалы қағаздары

3) жергілікті әкімшілікке бағынышты кәсіпорындардың шығаратын бағалы қағаздары

4) мемлекеттік банктердің шығаратын бағалы қағаздары

5) мемлекеттік емес ұйымдардың шығаратын бағалы қағаздары

24. Бағалы қағаз нарығының құралдары:

1) акция, облигация

2) варрант, коносамент

3) жинақ және депозиттік сертификаттар

4) МЕОКАМ, МЕККАМ

5) аталғанның барлығы дұрыс

25. Қағаздағы немесе бағалы қағаздың мазмұнын тікелей оқуға болатын өзге де материалдық берілім көзінде шығарылатын бағалы қағаз түрі:

1) құжатты бағалы қағаз

2) құжатсыз бағалы қағаз

3) құжатты және құжатсыз бағалы қағаз

4) айырбасталмайтын бағалы қағаз

5) дұрыс жауап жоқ

26. Бағалы қағаз – бұл:

1) иелеріне мүлктік құқықтар мен белгілі бір ақша сомаларын алуға құқық беретін ақшалай немесе тауарлық құжаттар

2) эмитентке қатынасы бойынша мүлкті куәландыратын құжат

3) борыштық қолхат түрінде ұсынылған ақшалай құжат

4) эмитенттен ақша сомаларын алуға құқық беретін ақшалай құжат

5) мүлктік құқықты тек қана ақшалай нысанда куәландыратын құжат

27. Эмитент, оның қаржылық жай-күйі, эмиссиялық бағалы қағаздар, шығарылымның көлемі, шығарылымдағы бағалы қағаздардың саны, оларды шығару, орналастыру, айналыста болуы, дивидендтер (сыйақы) төлеу, өтеу рәсімі мен тәртібі туралы мәліметтер және инвестордың бағалы қағаздар сатып алу туралы шешіміне ықпал етуі мүмкін басқа да ақпарат бар құжат – бұл:

1) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісі

2) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару

3) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару бағдарламасы

4) эмиссиялық бағалы қағаздарды жою

5) эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды тіркеу

28. Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздардың азаматтық құқықтар объектісі ретінде пайда болуына бағытталған іс-әрекеті немесе орналастырылуы, айналыста болуы және өтелуі осы эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатын белгілі бір бағалы қағаздардың жиынтығы – бұл:

1) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісі

2) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару

- 3) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару бағдарламасы
- 4) эмиссиялық бағалы қағаздарды жою
- 5) эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды тіркеу

29. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісінде көрсетілетін мәліметтер:

- 1) эмитент пен оның қызмет түрлері туралы
- 2) эмитенттің мүлкін бағалау туралы
- 3) эмитенттің аффилирленген тұлғалары туралы
- 4) төлем агенті туралы
- 5) барлығы

30. Белгілі бір саланы қаржыландырушы кім болып табылады:

- 1) дилер
- 2) брокер
- 3) маклер
- 4) эмитент
- 5) инвестор

3-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ МӘНІ МЕН ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Акционерлік қоғам – бұл:

- 1) бағалы қағаздар нарығында мамандандырылған қатысушылармен құрылған өздігімен реттелетін коммерциялық емес ұйым
- 2) мемлекеттік бағалы қағазды эмиссиялауды жүзеге асыратын тұлға
- 3) өз қызметін жүргізу үшін қаржы-қаражат тарту мақсатында акция шығаратын заңды тұлға
- 4) бағалы қағаз нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын тұлға
- 5) лицензия негізінде өз қызметін жүргізетін заңды тұлға

2. Белгілі бір саланы қаржыландырушы кім болып табылады:

- 1) дилер
- 2) брокер
- 3) маклер
- 4) эмитент
- 5) инвестор

3. Брокер – бұл:

- 1) өзінің атынан, өзінің қаражаты есебінен бағалы қағаздар мен операцияны жүргізетін тұлға
- 2) клиенттің атынан, клиенттің есебінен бағалы қағаздар мен операцияны жүргізетін тұлға
- 3) клиенттің атынан, өзінің қаражаты есебінен бағалы қағаздар мен операцияны жүргізетін тұлға
- 4) өзінің атынан, клиенттің есебінен бағалы қағаздар мен операцияны жүргізетін тұлға
- 5) қор биржасында бағалы қағаздарға деген сұраныс пен ұсынысты кездестіретін делдал

4. Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға – бұл:

- 1) эмитент
- 2) лицензиат
- 3) инсайдер
- 4) төлем агенті
- 5) депонент

5. Бағалы қағаздармен операцияларды кімдер жүргізеді:

- 1) бағалы қағазды ұстаушылар мен тіркеушілер ғана
- 2) брокерлер мен дилерлер
- 3) тек қана қор биржасының мүшелері
- 4) тек қана шет ел брокерлері
- 5) шектеулі жеке және институционалды инвесторлар

6. Өз мүдделерін көздеп және өз есебінен эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын кәсіби қатысушы – бұл:

- 1) дилер
- 2) брокер
- 3) маклер
- 4) эмитент
- 5) инвестор

7. Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қатысушыларға жатпайтын субъект:

- 1) брокер
- 2) дилер
- 3) эмитент
- 4) тіркеушілер
- 5) трансфер агент

8. Мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын, эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналыс саласы – бұл:

- 1) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы
- 2) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы
- 3) бағалы қағаздардың қайталама нарығы
- 4) бастапқы бағалы қағаздар нарығы
- 5) корпоративті бағалы қағаз нарығы

9. Бағалы қағаздар айналысының бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылатын саласы – бұл:

- 1) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы
- 2) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы
- 3) бағалы қағаздардың қайталама нарығы
- 4) бастапқы бағалы қағаздар нарығы
- 5) корпоративті бағалы қағаз нарығы

10. Эмитенттің, андеррайтердің немесе эмиссиялық консорциумның бағалы қағаздарды орналастыруы – бұл:

- 1) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы
- 2) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы
- 3) бағалы қағаздардың қайталама нарығы
- 4) бастапқы бағалы қағаздар нарығы
- 5) корпоративті бағалы қағаз нарығы

11. Эмитентті бойынша бағалы қағаздар қалай бөлінеді:

- 1) қарыздық, үлестік, туынды
- 2) құжатты, құжатсыз

- 3) қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді
- 4) мемлекеттік, корпоративтік, шетелдік
- 5) аймақтық, ұлттық, халықаралық

12. Фьючерстік келісімиарттар қандай нарықта айналыста жүреді:

- 1) биржадан тыс нарықта
- 2) биржалық нарықта
- 3) биржалық және биржадан тыс нарықта
- 4) ұйымдастырылмаған нарықта
- 5) тек қана жеке тұлғалар арасында

13. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға – бұл:

- 1) қор биржасы
- 2) орталық депозитарий
- 3) қаржы агенттігі
- 4) брокер
- 5) дилер

14. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу нәтижесінде жүзеге асырылатын есеп айырысуға қатысушы тараптардың өзара талаптары мен міндеттемелерінің есебі – бұл:

- 1) клиринг
- 2) сауда-саттықты ұйымдастырушы
- 3) кастодиан
- 4) эмитент
- 5) андеррайтер

15. Андеррайтинг дегеніміз – бұл:

- 1) бағалы қағаздар қоржынын тиімді қалыптастырумен байланысты қызмет түрі
- 2) бағалы қағаздарды орналастыруды ұйымдастырушы
- 3) бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларды қадағалайтын субъект
- 4) бағалы қағаздар қоржынын басқару қызметі
- 5) инвестор мен эмитенттің арасындағы қарым-қатынасты реттеу

16. Акционерлік формада құрылған, акцияларды орналастыру арқылы ақша қаражатын тартатын заңды тұлға:

- 1) коммерциялық емес мекеме
- 2) акционерлік қоғам
- 3) мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры
- 4) депозиттік емес мекеме
- 5) дұрыс жауап жоқ

17. БҚН-да уәкілетті органның лицензиялауға жататын қызмет түрлері:

- 1) брокерлік-дилерлік қызмет
- 2) кастодиандық қызмет
- 3) трансфер агенттік қызмет
- 4) депозитарлық қызмет
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

18. Бағалы қағаз нарығын келесідей белгілер бойынша жіктеуге болады:

- 1) сауданы жүргізу орнына қарай
- 2) сауданы жүргізу тәсіліне қарай
- 3) бағалы қағаздар нарығын реттеу деңгейіне қарай
- 4) бағалы қағаздардың айналыс кезеңіне қарай
- 5) барлық жауап дұрыс

19. Бағалы қағаз нарығының қызметі:

- 1) жалпы нарықтық қызметі, өзіндік ерекшелігі бар қызмет
- 2) коммерциялық қызмет, ақпараттық қызмет
- 3) бақылау қызметі және реттеушілік қызмет
- 4) нарықтан тыс қызмет
- 5) коммерциялық қызмет, коммерциялық емес қызмет

20. Бағалы қағаз нарығының жалпы нарықтық қызметі:

- 1) коммерциялық
- 2) мақсатты
- 3) ақпараттық
- 4) реттеушілік
- 5) барлық жауап дұрыс

21. Өзіндік ерекшелігі бар қызмет:

- 1) қайта бөлу, қаржы және баға тәуекелдерін сақтандыру
- 2) қайта бөлу, баға белгілеу, жинақтау
- 3) қайта бөлу, баға белгілеу, жинақтау, сақтау
- 4) қайта бөлу, баға белгілеу, қор жинақтау, сақтау
- 5) қайта бөлу, баға белгілеу, жинақтау, сақтау, реттеу

22. Бағалы қағаздармен мәмілелерді жасау процесін қамтамасыз ететін, бағалы қағаздармен сауда-саттықты жүргізу жүйесі:

- 1) кадрлық инфрақұрылым
- 2) реттеушілік инфрақұрылым
- 3) ақпараттық инфрақұрылым
- 4) техникалық инфрақұрылым
- 5) функционалдық инфрақұрылым

23. Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитенті бойынша жіктелуі:

- 1) қаржы министрлігінің, муниципалитеттің, Ұлттық Банктің бағалы қағаздары
- 2) үлестік, борыштық бағалы қағаздар
- 3) инвесторлардың, кәсіпорындардың бағалы қағаздары
- 4) аймақтық, жеке, ұлттық, халықаралық мекемелердің бағалы қағаздары
- 5) атаулы, ұсынбалы, ордерлік бағалы қағаздар

24. БҚН -ның қаржы құралдарының және клиенттер ақшасының есебін алуды және олар бойынша құқықтарды растауды клиенттердің қаржы құралдарының сақталуы жөнінде өзіне міндеттемелерді қабылдай отырып оларды сақтауды жүзеге асыратын қызмет:

- 1) өзара талаптар мен міндеттемелерді есепке алу қызметі
- 2) тіркеу қызметі
- 3) брокерлік-дилерлік қызмет
- 4) кастодиандық қызмет
- 5) дұрыс жауап жоқ

25. Бағалы қағаздар нарығы туралы заң қашан қабылданды:

- 1) 2003 жылдың 2 шілдесінде
- 2) 1996 жылдың 7 наурызында
- 3) 1998 жылдың 6 шілдесінде
- 4) 1999 жылдың 3 наурызында
- 5) 1997 жылдың 4 наурызында

26. Инвестор инвестицияны бағалы қағаздарға салғанда қандай мақсаттарды көздейді:

- 1) дивиденд алу және бағалы қағаздың бағасының өзгеруінен табыс алу
- 2) дивиденд алу
- 3) бағалы қағаздың бағасының өзгеруінен табыс алу
- 4) табыс алу
- 5) бос ақшаларды экономиканың өрлеуіне жұмсау

27. Белгілі бір номиналда, белгілі бір мерзімге, белгілі бір пайыз алу мақсатында эмиссияланатын бағалы қағаз түрі:

- 1) облигация
- 2) артықшылықты акция
- 3) депозиттік сертификат
- 4) коносамент
- 5) фьючерс

28. Бағалы қағаздар нарығында коммерциялық банктердің кәсіби қызмет түрін жүзеге асыруы:

- 1) мүмкін

- 2) мүмкін емес
- 3) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы лицензиясын алғаннан кейін мүмкін
- 4) мүмкін, көрсетілетін қызмет түрі заңға қайшы келмесе
- 5) дұрыс жауабы жоқ

29. Бағалы қағаз нарығының инфрақұрылымына жататындар:

- 1) кадрлық
- 2) реттеушілік
- 3) ақпараттық
- 4) техникалық
- 5) барлығы дұрыс

30. Мәмілелердің жүзеге асырылуын реттеуге мүмкіндік беретін, әртүрлі ережелермен әдістер жиынтығынан тұратын бағалы қағаз нарығын реттеу жүйесі:

- 1) кадрлық инфрақұрылым
- 2) реттеушілік инфрақұрылым
- 3) ақпараттық инфрақұрылым
- 4) техникалық инфрақұрылым
- 5) функционалдық инфрақұрылым

**4-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ПОРТФЕЛІН
БАСҚАРУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

1. Брокер – бұл:

- 1) өзінің атынан, өзінің қаражаты есебінен бағалы қағаздармен операцияны жүргізетін тұлға
- 2) клиенттің атынан, клиенттің есебінен бағалы қағаздармен операцияны жүргізетін тұлға
- 3) клиенттің атынан, өзінің қаражаты есебінен бағалы қағаздармен операцияны жүргізетін тұлға
- 4) өзінің атынан, клиенттің есебінен бағалы қағаздармен операцияны жүргізетін тұлға
- 5) қор биржасында бағалы қағаздарға деген сұраныс пен ұсынысты кездестіретін делдал

2. Бағалы қағаз портфелі дегеніміз –

- 1) әртүрлі бағалы қағаздардың жиынтығы
- 2) туынды бағалы қағаздардың жиынтығы
- 3) опциондар мен фьючерстік келісімшарттардың жиынтығы
- 4) андеррайтингтік қызмет түрлерінің жиынтығы
- 5) кәсіби мамандардың атқаратын қызметінің жиынтығы

3. Құжатсыз түрінде бағалы қағазды эмиссиялау дегеніміз –

- 1) шотқа жазу жолымен эмиссияланады
- 2) жай қағаз түрінде эмиссиялау
- 3) эмитенттің бұйрығымен эмиссиялау
- 4) реестрдің бұйырығымен эмиссиялау
- 5) барлық жауап дұрыс

4. Құрстық құнының өсуі немесе ағымдағы төлемдер белгісі бойынша бағалы қағаздар портфелінің типтері:

- 1) агрессивті өсу портфелі, консервативті өсу портфелі, орташа өсу портфелі
- 2) баланстандырылған портфель, қос бағыттағы портфель
- 3) өсу портфелі, өсу және табыс портфелі, табыс портфелі
- 4) тұрақты табыс әкелетін портфель, табысты бағалы қағаздар портфелі
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

5. Бұл портфельдің құрылуы кезінде қойылған сипатына сәйкес келетін табыстар мен тәуекелдердің балансталуымен сипатталады. Әртүрлі инвестициялық салымдардың комбинациясы капиталдың өсіміне жетуге және жиынтық тәуекелдерді төмендету кезінде жоғары табысты алуға мүмкіндік беретін портфель түрі:

- 1) баланстандырылған портфель
- 2) орташа өсу портфелі

- 3) қос бағыттағы портфель
- 4) агрессивті өсу портфелі
- 5) консервативті өсу портфелі

6. Агрессивті және консервативті өсу портфельдерінің үйлесімділігін білдіретін портфель түрі:

- 1) баланстандырылған портфель
- 2) орташа өсу портфелі
- 3) қос бағыттағы портфель
- 4) агрессивті өсу портфелі
- 5) консервативті өсу портфелі

7. Капиталға салым өскен кезде жоғары табыс алатын бағалы қағаздар кіреді. Кәсіпорын екі типтегі акцияларды шығарады, біріншісі жоғарғы деңгейде табыс әкеледі, екіншісі капиталдың көлемін ұлғайтатын портфель түрі:

- 1) баланстандырылған портфель
- 2) орташа өсу портфелі
- 3) қос бағыттағы портфель
- 4) агрессивті өсу портфелі
- 5) консервативті өсу портфелі

8. Капиталдың максималды өсіміне бағытталған, портфельдің құрамына жаңадан құрылған және тез өсетін компаниялардың акциялары кіреді, бұл портфельдің тәуекелі жоғары соған сәйкес алатын табысы да жоғары болуы мүмкін портфель түрі:

- 1) баланстандырылған портфель
- 2) орташа өсу портфелі
- 3) қос бағыттағы портфель
- 4) агрессивті өсу портфелі
- 5) консервативті өсу портфелі

9. Портфельдің тәуекелі төмен болып келеді. Аталған портфельдің құрамына жақсы танымалы ірі компаниялардың акциялары кіреді. Портфелінің құрамы ұзақ уақыт бойы өзгеріссіз қалады және капиталдың сақталуына бағытталған портфель түрі:

- 1) баланстандырылған портфель
- 2) орташа өсу портфелі
- 3) қос бағыттағы портфель
- 4) агрессивті өсу портфелі
- 5) консервативті өсу портфелі

10. Минималды тәуекел деңгейінде орташа табыс алып келетін жоғары сенімді бағалы қағаздардан қалыптасатын портфель түрі:

- 1) тұрақты табыс әкелетін портфель
- 2) орташа өсу портфелі

- 3) қос бағыттағы портфель
- 4) агрессивті өсу портфелі
- 5) консервативті өсу портфелі

11. Бастапқы инвестициялық қоржынды сақтауға, жоғарғы деңгейде табыс алуға, портфельдің инвестициялық бағытын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әртүрлі бағалы қағаздар жиынтығына нақты әдістер мен технологиялық мүмкіндіктерді қолдануды білдіреді, бұл –

- 1) активті басқару моделі
- 2) мониторинг
- 3) бағалы қағаздар портфелін басқару
- 4) пассивті басқару моделі
- 5) бағалы қағаздар портфелін басқару процесі

12. Пассивті басқару моделі – бұл:

1) портфельдің инвестициялық мақсатына жауап беретін құралдарды тез арада сатып алу және нарықтағы болып жатқан өзгерістердің портфельге әсерін мұқият қадағалауды білдіреді

2) инвестициялаудан белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған және инвестицияларды көздейтін, сондай-ақ белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаты бар кешенді іс-шаралар

3) бағалы қағаздар нарығы субъектісінің меншігіндегі немесе басқаруындағы әртүрлі қаржы құралдарының не ҚР-сының инвестициялық қорлар туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық қор мүлкінің жиынтығы

4) сапасы жоғары, тәуекелі төмен, ұзақ мерзімге эмиссияланған бағалы қағаздардан қалыптасқан портфельді басқаруда тиімді болып табылады

5) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен олардың клиенттерінің мүдделері бір-біріне сай келмейтін жағдай

13. Активті басқару моделі – бұл:

1) портфельдің инвестициялық мақсатына жауап беретін құралдарды тез арада сатып алу және нарықтағы болып жатқан өзгерістердің портфельге әсерін мұқият қадағалауды білдіреді

2) инвестициялаудан белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған және инвестицияларды көздейтін, сондай-ақ белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаты бар кешенді іс-шаралар

3) бағалы қағаздар нарығы субъектісінің меншігіндегі немесе басқаруындағы әртүрлі қаржы құралдарының не ҚР-сының инвестициялық қорлар туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық қор мүлкінің жиынтығы

4) сапасы жоғары, тәуекелі төмен, ұзақ мерзімге эмиссияланған бағалы қағаздардан қалыптасқан портфельді басқаруда тиімді болып табылады

5) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен олардың клиенттерінің мүдделері бір-біріне сай келмейтін жағдай

14. Портфельді басқару процесінің негізгі құрамдас бөліктері:

- 1) инвестициялаудың мақсаты
- 2) инвесторлардың қалауы
- 3) бағалы қағаздардың табыстылық деңгейі туралы болжау
- 4) портфель қызметін бағалау
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

15. Бағалы қағаздар портфелін басқарудың негізгі әдістері:

- 1) бағалы қағаздар портфелін бақару және бақылау
- 2) өсу портфелі, өсу және табыс портфелі, табыс портфелі
- 3) активті және пассивті
- 4) агрессивті, консервативті, орташа
- 5) ішкі және сыртқы

16. Инвестициялау барысында инвесторлар ұстанатын қағида:

- 1) тек қана мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу
- 2) бағалы қағаздың бір ғана түрін иелену
- 3) әртүрлі бағалы қағаздарды сатып алу
- 4) корпорациялардың бағалы қағаздарын сатып алу
- 5) ірі корпорациялардың бағалы қағаздарын сатып алу

17. Негізгі бағалы қағаздардың түрлері:

- 1) акция мен облигация
- 2) жай және артықшылықты акция
- 3) айырбасталатын және айырбасталмайтын акция
- 4) форвард пен фьючерс
- 5) варрант пен коносамент

18. Үлесті бағалы қағаздың түрлері:

- 1) акция мен облигация
- 2) жай және артықшылықты акция
- 3) айырбасталатын және айырбасталмайтын облигация
- 4) форвард пен фьючерс
- 5) варрант пен коносамент

19. Портфельдік инвестициялаудың негізгі принципі болып табылады, тәуекелді төмендетеді, ақшаның бәрін бағалы қағаздың бір түріне салудан аулақ болу қажет, залалды шығынға және қателікке жол бермейтін принцип:

- 1) әртараптандыру принципі
- 2) хеджирлеу принципі
- 3) өтімділік принципі
- 4) консервативтілік-агрессивтік принцип
- 5) жетімді деңгейдегі өтімділік принципі

20. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыру мақсатымен қаражат тартушы заңды тұлға:

- 1) институционалды инвестор
- 2) инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушы
- 3) дара инвестор
- 4) инвестициялық портфель
- 5) инвестициялық жоба

21. Инвестициялаудан белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған және инвестицияларды көздейтін, сондай-ақ белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаты бар кешенді іс-шаралар:

- 1) институционалды инвестор
- 2) инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушы
- 3) дара инвестор
- 4) инвестициялық портфель
- 5) инвестициялық жоба

22. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің меншігіндегі немесе басқаруындағы әртүрлі қаржы құралдарының не Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық қор мүлкінің жиынтығы:

- 1) институционалды инвестор
- 2) инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушы
- 3) дара инвестор
- 4) инвестициялық портфель
- 5) инвестициялық жоба

23. Институционалдық инвестор болып табылмайтын инвестор:

- 1) институционалды инвестор
- 2) инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушы
- 3) дара инвестор
- 4) инвестициялық портфель
- 5) инвестициялық жоба

24. Бағалы қағаздар нарығының азаматтық құқық объектілерін басқару жөніндегі қызметті өз атынан, клиенттің мүдделерін көздеп және соның есебінен жүзеге асыратын кәсіби қатысушысы:

- 1) институционалды инвестор
- 2) инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушы
- 3) дара инвестор
- 4) инвестициялық портфель
- 5) инвестициялық жоба

25. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға:

- 1) мүдделер қақтығысы
- 2) инсайдер

- 3) левередж
- 4) лицензиат
- 5) пруденциялық нормативтер

26. Эмитенттің міндеттемелері мен өз капиталы мөлшерлерінің арақатынасы:

- 1) мүдделер қақтығысы
- 2) инсайдер
- 3) левередж
- 4) лицензиат
- 5) пруденциялық нормативтер

27. Уәкілетті орган берген лицензия негізінде бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға:

- 1) мүдделер қақтығысы
- 2) инсайдер
- 3) левередж
- 4) лицензиат
- 5) пруденциялық нормативтер

28. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен олардың клиенттерінің мүдделері бір-біріне сай келмейтін жағдай:

- 1) мүдделер қақтығысы
- 2) инсайдер
- 3) левередж
- 4) лицензиат
- 5) пруденциялық нормативтер

29. Уәкілетті орган белгілеген және лицензиат сақтауға тиіс нормалардың қаржылық көрсеткіштері:

- 1) мүдделер қақтығысы
- 2) инсайдер
- 3) левередж
- 4) лицензиат
- 5) пруденциялық нормативтер

30. Шығару талаптары исламдық қаржыландыру принциптеріне сәйкес келетін эмиссиялық бағалы қағаздар

- 1) туынды бағалы қағаздар
- 2) ислам бағалы қағаздары
- 3) негізгі бағалы қағаздар
- 4) мемлекеттік бағалы қағаздар
- 5) мемлекеттік емес бағалы қағаздар

5-тарау. АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Жай акция бойынша дивиденд мөлшері мынаған байланысты:

- 1) акционерлер жиналысының тікелей шешіміне
- 2) таза пайдаға
- 3) айналыстағы акцияның түрлеріне
- 4) кәсіпорынның қызмет ету бағытына
- 5) артықшылықты акцияның санына

2. Акция иесінің құқығы қашан тоқтатылады:

- 1) акцияны сатып алғаннан бастап 5 жыл ішінде
- 2) акцияны сатып алғаннан бастап 7 жыл ішінде
- 3) акционерлік қоғамның қызметі толық тоқтатылған жағдайда
- 4) акционерлік қоғамның қызметі уақытша тоқтатылған жағдайда
- 5) акционерлік қоғамның қызметі жартылай тоқтатылған жағдайда

3. Үлесті бағалы қағаздарға жататындар:

- 1) акция, облигация, коносамент, ипотекалық куәліктер
- 2) фьючерстік және форвардтық келісімшарттар
- 3) акцияның барлық түрі және инвестициялық пайлар
- 4) негізгі, бастапқы, алғашқы бағалы қағаздар
- 5) барлық жауап дұрыс

4. Акцияны эмиссиялау мақсаты:

- 1) әлеуметтік мақсаттағы шығындарды қаржыландыру
- 2) бағалы қағаздың бағасының өзгеруінен табыс алу
- 3) тек қана дисконттық табыс алу
- 4) жарғылық капиталға ақшалай қаражаттарды жұмылдыру
- 5) айналыстағы ақша массасын реттеу

5. Акцияның қасиеті:

- 1) меншік титулы
- 2) акция мерзімсіз
- 3) акционердің жауапкершілігі шектеулі
- 4) акцияны шоғырландыру
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

*6. Акцияның иесі туралы мәліметтер акционерлік қоғамның тіркеу жур-
налында тіркелетін акцияның түрі:*

- 1) жай акция
- 2) артықшылықты акция

- 3) кумулятивті акция
- 4) айырбасталатын акция
- 5) атаулы акция

7. Акционерлік қоғамның жарғысында алдын ала айқындалып, белгіленген мөлшерде акционердің дивиденд алуға және қоғам таратылған кезде белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар акцияның түрі:

- 1) жай акция
- 2) артықшылықты акция
- 3) кумулятивті акция
- 4) айырбасталатын акция
- 5) атаулы акция

8. Акционерлік қоғамның шығару проспектісімен айқындалатын талаптар мен тәртіп арқылы оның бағалы қағазының басқа түріне айырбасталуға жататын акцияның түрі:

- 1) жай акция
- 2) артықшылықты акция
- 3) кумулятивті акция
- 4) айырбасталатын акция
- 5) атаулы акция

9. Төленбеген немесе толық көлемде төленбеген дивидендтер жинақталып, кейін толық көлемде төленуі мүмкін акцияның түрі:

- 1) жай акция
- 2) артықшылықты акция
- 3) кумулятивті акция
- 4) айырбасталатын акция
- 5) атаулы акция

10. Дауыс беру құқығы мен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігін алу құқығын беретін акцияның түрі:

- 1) жай акция
- 2) артықшылықты акция
- 3) кумулятивті акция
- 4) айырбасталатын акция
- 5) атаулы акция

11. Акционердің өзіне тиесілі акциялары бойынша жыл сайын төлеп отыратын және акционерлер арасында бөлінетін акционерлік қоғам пайдасының бір бөлігі:

- 1) дисконт
- 2) купон

- 3) дивиденд
- 4) делистинг
- 5) дефолт

12. Жай және артықшылықты акциялар бойынша қандай жағдайларда дивидендтер төлеуге жол берілмейді:

- 1) жарғылық капиталдың мөлшері толығымен төленбеген жағдайда
- 2) қоғамның төлем қабілетсіздігі анықталған жағдайда
- 3) қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда
- 4) дәрменсіздік белгілері анықталған жағдайда
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

13. Дивидендтерді төлеу барысында, акцияның қандай түрі бойынша қоғам органының шешімі талап етілмейді:

- 1) жай акция бойынша
- 2) артықшылықты акция бойынша
- 3) жай және артықшылықты акция бойынша
- 4) мәлімдеуші акция бойынша
- 5) атаулы акция бойынша

14. Жарғылық капиталды қалыптастыруға қатысатын және акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарында белгіленген акция құнының ақшалай көрінісі:

- 1) акцияның дисконттық құны
- 2) акцияның нарықтық құны
- 3) акцияның орналастыру құны
- 4) акцияның нақтылы құны
- 5) акцияның сатып алу құны

15. Екінші ретті нарықтағы акцияның сатылу және сатып алу бағасы:

- 1) акцияның дисконттық құны
- 2) акцияның нарықтық құны
- 3) акцияның орналастыру құны
- 4) акцияның нақтылы құны
- 5) акцияның сатып алу құны

16. Акцияларды бастапқы бағалы қағаздар нарығына орналастырғандағы акцияның бағасы:

- 1) акцияның дисконттық құны
- 2) акцияның нарықтық құны
- 3) акцияның орналастыру құны
- 4) акцияның нақтылы құны
- 5) акцияның сатып алу құны

17. Акцияның табыстылығына әсер ететін факторлар:

- 1) дивидендтік төлемнің көлемі, нарықтық бағаның ауытқуы, инфляцияның деңгейі, салық мөлшері
- 2) кредитордың, инвестордың, агенттің қаржылық сауаттылығы
- 3) кәсіпорынның басқа да бағалы қағаздарды эмиссиялауы
- 4) ақша несие саясаты, бюджет саясаты, инвестициялық саясат
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

18. Акцияның қандай түрі бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді:

- 1) жай акция бойынша
- 2) артықшылықты акция бойынша
- 3) жай және артықшылықты акция бойынша
- 4) мәлімдеуші акция бойынша
- 5) атаулы акция бойынша

19. Акцияның қандай түрі бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді:

- 1) мәлімдеуші акция бойынша
- 2) атаулы акция бойынша
- 3) ордерлік акция бойынша
- 4) орналастырылмаған акциялар бойынша
- 5) жарияланған акциялар бойынша

20. Қандай жағдайларда акция бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді:

- 1) сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса
- 2) сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды тарату туралы шешім қабылдамаса
- 3) орналастырылмаған акциялар бойынша
- 4) 1 және 3 жауап дұрыс
- 5) жарғылық капиталдың мөлшері толығымен төленген жағдайда

21. Қандай жағдайларда акция бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді:

- 1) жарғылық капиталдың мөлшері толығымен төленбеген жағдайда
- 2) сот немесе акционерлердің жалпы жиналысында қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда
- 3) төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілері анықталған жағдайда
- 4) орналастырылмаған акциялар бойынша
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

22. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу кезеңділігі:

- 1) жай акция бойынша дивидендтерді төлегеннен кейін
- 2) жай акция бойынша дивидендтерді төлеу алдында
- 3) жай және айырбасталатын акция бойынша дивидендтерді төлеу алдында
- 4) айырбасталатын акция бойынша дивидендтерді төлегеннен кейін
- 5) дұрыс жауап жок

23. Жай акция иесінің құқықтары:

- 1) пайда алу құқығы
- 2) кәсіпорынды басқару құқығы
- 3) акционерлер жиналысына қатысу құқығы
- 4) дауыс беру құқығы
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

24. Акционерлік қоғам қандай жағдайларда акцияны шығарады:

- 1) акционерлік қоғам жаңадан немесе қайтадан құрылған кезде
- 2) бірнеше акционерлік қоғамның қосылуы немесе жұтылуы кезінде
- 3) жарғылық капиталға ақшалай қаражаттарды жұмылдыру кезінде
- 4) баға мен инфляцияға әсер ету жағдайында
- 5) 1,2,3 жауаптар дұрыс

25. Акцияның иесі туралы мәліметтер акционерлік қоғамның тіркеу журналында тіркелмейді, бағалы қағаздар нарығында еркін айналыста болатын бағалы қағаз түрі:

- 1) жарияланған акция
- 2) мәлімдеуші акция
- 3) орналастырылған акция
- 4) қатысу үлесі бар акция
- 5) алтын акция

26. Эмитенттің орналастырған акцияларына қосымша акцияларды шығару мүмкіндігін беретін акцияның түрі:

- 1) жарияланған акция
- 2) мәлімдеуші акция
- 3) орналастырылған акция
- 4) қатысу үлесі бар акция
- 5) алтын акция

27. Акционерлердің немесе инвесторлардың акцияларды сатып алуын беретін акцияның түрі:

- 1) жарияланған акция
- 2) мәлімдеуші акция
- 3) орналастырылған акция

- 4) қатысу үлесі бар акция
- 5) алтын акция

28. *Акция иесіне тіркелген дивидендпен қатар қосымша дивиденд алуға құқық беретін акцияның түрі:*

- 1) жарияланған акция
- 2) мәлімдеуші акция
- 3) орналастырылған акция
- 4) қатысу үлесі бар акция
- 5) алтын акция

29. *Жарғылық капиталды қалыптастыруға және дивидендтер алуға қатыспайтын акцияның түрі:*

- 1) жарияланған акция
- 2) мәлімдеуші акция
- 3) орналастырылған акция
- 4) қатысу үлесі бар акция
- 5) алтын акция

30. *Конвертацияланатын акция қандай жағдайларда айырбасталуы мүмкін:*

- 1) қоғамның қажеттілігіне қарай акционерлерден акцияны қайта сатып алу барысында
- 2) басқа бағалы қағаз түріне айырбастау барысында
- 3) номиналдық құны жоғары акцияны номиналдық құны төмен акцияға және керісінше айырбастаған жағдайда
- 4) құқық көлемі жоғары акцияны құқық көлемі төмен акцияға және керісінше айырбастаған жағдайда
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

6-тарау. ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Облигация дегеніміз –

1) эмитент мүлкінің бір бөлігіне инвестордың тұрақты түрде иелік етуі
2) облигация иесімен эмитент арасындағы қарыздық қарым-қатынасты куәландыратын бағалы қағаз

- 3) эмитент пен инвестордың қаржы ресурстары
- 4) туынды бағалы қағаздың түрі
- 5) мемлекеттік бағалы қағаздың түрі

2. Ипотекалық қарыз шарттары бойынша талап ету құқығы кепілімен, сондай-ақ өзге де жоғары өтімді активтер кепілімен қамтамасыз етілген облигация – бұл:

- 1) ипотекалық облигация
- 2) инфрақұрылымдық облигация
- 3) агенттік облигация
- 4) атаулы облигация
- 5) қамтамасыз етілмеген облигация

3. Эмитент міндеттемелерін орындау эмитент мүлкінің кепілімен, банк кепілдігімен қамтамасыз етілген облигация – бұл:

- 1) ипотекалық облигация
- 2) инфрақұрылымдық облигация
- 3) агенттік облигация
- 4) қамтамасыз етілген облигация
- 5) қамтамасыз етілмеген облигация

4. Эмитент міндеттемелерінің орындалуы мемлекет пен эмитент арасында мемлекетке берілетін объектінің құнының сомасына сәйкес жасалған инфрақұрылымдық жобаны іске асыру жөніндегі концессиялық келісім шеңберінде мемлекеттің кепілгерлігімен қамтамасыз етілген облигация – бұл:

- 1) ипотекалық облигация
- 2) инфрақұрылымдық облигация
- 3) агенттік облигация
- 4) қамтамасыз етілген облигация
- 5) қамтамасыз етілмеген облигация

5. Облигацияның эмитенттері:

- 1) мемлекет
- 2) муниципалитет
- 3) коммерциялық банктер

- 4) шарушылық жүргізуші субъектілер
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

6. *Экономикалық табиғаты бойынша облигация – бұл қандай бағалы қағаз?*

- 1) көрсетуге арналған
- 2) мерзімсіз
- 3) үлесті
- 4) туынды
- 5) қарыздық

7. *Облигация бойынша пайызды есептеу келесі жағдайда жүргізіледі:*

- 1) артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтерді есептегеннен кейін
- 2) жай акциялар бойынша дивидендтерді есептегеннен кейін
- 3) артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтерді есептеу алдында
- 4) акциялар бойынша дивидендтерді есептеген уақытта
- 5) дұрыс жауабы жоқ

8. *Облигацияны ұстаушы – бұл:*

- 1) қарыз алушы
- 2) акционер
- 3) кредитор
- 4) құрылтайшы
- 5) эмитент

9. *Қарыздық бағалы қағаздарға жататындар:*

- 1) инфрақұрылымдық облигация
- 2) ипотекалық облигация
- 3) агенттік облигация
- 4) облигация
- 5) барлық жауап дұрыс

10. *Табысты төлеу тәсіліне қарай облигацияның жіктелуі:*

- 1) барлық жауап дұрыс
- 2) дисконттық
- 3) индексацияланатын
- 4) купондық
- 5) аралас типтегі

11. *Облигациялар эмитентті басқаруға қатысуға құқық бере ме:*

- 1) бермейді
- 2) береді
- 3) береді, егер жарғыда жазылған болса

- 4) береді, егер эмиссия шартымен көрсетілген болса
- 5) береді, егер облигация атаулы болса

12. ҚР-ның заңдарына сәйкес экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілетті және осы мақсатта ҚР-ның қаржы рыногында және халықаралық қаржы рыногында қарыз алуды жүзеге асыратын банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым – бұл:

- 1) қор биржасы
- 2) орталық депозитарий
- 3) қаржы агенттігі
- 4) брокер
- 5) дилер

13. Эмитент қандай талаптарды сақтаған жағдайда облигациялар шығаруды жүзеге асыруға құқылы:

- 1) дефолт фактілері болмаған жағдайда
- 2) міндеттемелерді орындамау фактілері болмаған жағдайда
- 3) соңғы үш жыл ішінде қызметті залал шекпей жүзеге асырған жағдайда
- 4) сауда-саттықты ұйымдастырушы қойған талаптарға сай келген жағдайларда
- 5) жоғарыда аталғанның барлығы дұрыс

14. Облигацияның орналастыру тәсіліне қарай жіктелуі:

- 1) купондық, индексацияланатын, дисконттық, аралас типтегі
- 2) бір жолғы төлеммен, нақты бір мерзімде, тізбектеліп
- 3) еркін және мәжбүрлі тәртіппен
- 4) ақшалай және заттай
- 5) айырбасталатын және айырбасталмайтын

15. Облигациялық қарыздың өтелу нысанына қарай жіктелуі:

- 1) купондық, индексацияланатын, дисконттық, аралас типтегі
- 2) бір жолғы төлеммен, нақты бір мерзімде, тізбектеліп
- 3) еркін және мәжбүрлі тәртіппен
- 4) ақшалай және заттай
- 5) айырбасталатын және айырбасталмайтын

16. Облигациялық қарыздың өтелу әдісіне қарай жіктелуі:

- 1) еркін және мәжбүрлі тәртіппен
- 2) бір жолғы төлеммен, нақты бір мерзімде, тізбектеліп
- 3) ақшалай және заттай
- 4) купондық, индексацияланатын, дисконттық, аралас типтегі
- 5) айырбасталатын және айырбасталмайтын

17. Облигациялық қарыздың табысты төлеу тәсіліне қарай жіктелуі:

- 1) купондық, индексацияланатын, дисконттық, аралас типтегі
- 2) еркін және мәжбүрлі тәртіппен
- 3) бір жолғы төлеммен, нақты бір мерзімде, тізбектеліп
- 4) айырбасталатын және айырбасталмайтын
- 5) ақшалай және заттай

18. Облигациялық қарыздың айналыс сипатына қарай жіктелуі:

- 1) еркін және мәжбүрлі тәртіппен
- 2) бір жолғы төлеммен, нақты бір мерзімде, тізбектеліп
- 3) купондық, индексацияланатын, дисконттық, аралас типтегі
- 4) ақшалай және заттай
- 5) айырбасталатын және айырбасталмайтын

19. Сандық пайыз мәлишерлемесі көрсетілетін, қиып алынатын талонды білдіреді:

- 1) эмитент
- 2) кредитор
- 3) купон
- 4) дисконт
- 5) пайыз

20. Қамтамасыз етілмеген облигацияның түрлері:

- 1) сақтандырылған, кепілдікті
- 2) мемлекеттік, корпоративтік, шетелдік
- 3) қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді
- 4) атаулы, мәлімдеуші
- 5) кепілзатпен, қамтамасыз етілмеген

21. Эмитентке байланысты облигацияның жіктелуі:

- 1) материалдық активтермен, сақтандырылған, кепілдікті
- 2) мемлекеттік, корпоративтік, шетелдік
- 3) қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді
- 4) атаулы, мәлімдеуші
- 5) кепілзатпен, қамтамасыз етілмеген

22. Мерзіміне қарай облигацияның жіктелуі:

- 1) материалдық активтермен, сақтандырылған, кепілдікті
- 2) мемлекеттік, корпоративтік, шетелдік
- 3) атаулы, мәлімдеуші
- 4) кепілзатпен, қамтамасыз етілмеген
- 5) қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді

23. *Облигацияның иелену тәртібіне қарай жіктелуі:*

- 1) материалдық активтермен, сақтандырылған, кепілдікті
- 2) мемлекеттік, корпоративтік, шетелдік
- 3) атаулы, мәлімдеуші
- 4) қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді
- 5) кепілзатпен, қамтамасыз етілмеген

24. *Қамтамасыз етілуіне қарай облигацияның жіктелуі:*

- 1) сақтандырылған, кепілдікті
- 2) мемлекеттік, корпоративтік, шетелдік
- 3) атаулы, мәлімдеуші
- 4) қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді
- 5) кепілзатпен, нақты активтермен

25. *Кепілзатпен қамтамасыз етілмеген облигация – бұл:*

- 1) сақтандырылмаған облигация
- 2) сақтандырылған облигация
- 3) кепілдікті облигация
- 4) атаулы облигация
- 5) мәлімдеуші облигация

26. *Облигацияның номиналдық құнына пайыз мөлшерлемесі негізінде сипатталатын, облигацияның нарықтық құнының мәні:*

- 1) дұрыс жауап жоқ
- 2) облигацияның бағамы
- 3) дисконттық құн
- 4) эмиссия
- 5) кредитор

27. *Эмитент бірнеше облигациялар шығаруды, шығарылымның тиісті проспектісі белгілейтін әртүрлі құрылыммен шығаруды жүзеге асыруға құқылы болатын шекте облигациялар шығаруды білдіреді:*

- 1) облигацияның бағамы
- 2) облигацияның номиналдық құны
- 3) облигациялық бағдарлама
- 4) облигацияның түрлері
- 5) облигацияның табыстылығы

28. *Облигацияның ерекшелігін сипаттайтын белгілер:*

- 1) облигацияны сатып алушы тұлға қарыз берушісі болып табылады
- 2) облигацияның айналыс мерзімі шектеулі
- 3) облигация иесінің эмитент – компанияны басқаруға қатысуға құқығы жоқ
- 4) облигация иесінің эмитент – компанияны басқаруға қатысуға құқығы бар
- 5) 1, 2, 3 жауаптары дұрыс

29. *Облигацияның ерекшелігін сипаттамайтын белгілер:*

- 1) облигацияны сатып алушы тұлға қарыз беруші болып табылады
- 2) акцияға қарағанда облигацияның айналыс мерзімі шектеулі болады
- 3) облигация иесінің эмитент-компанияны басқаруға қатысуға құқығы жоқ
- 4) акция иесінің эмитент-компанияны басқаруға қатысуға құқығы бар
- 5) облигация бойынша пайызды төлегеннен кейін акция бойынша дивиденд төленеді

30. *Акционерлік қоғамның облигацияны шығарудағы артықшылығы:*

- 1) қосымша ресурстарды жұмылдыру
- 2) облигация өзінің мәні жағынан банктік ссудаға ұқсас
- 3) қосымша қарыз қаражаттары
- 4) пайда табу
- 5) жоғарыда аталғанның барлығы дұрыс

**7-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР
НАРЫҒЫ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

1. Муниципалды бағалы қағаздарды кім шығарады:

- 1) Қаржы министрлігі
- 2) акционерлік қоғам
- 3) жергілікті ақарушы органдары
- 4) Ұлттық Банк
- 5) корпорация

2. Мемлекеттің ішкі қарызының формасын немесе борыштық бағалы қағаздарды білдіретін бағалы қағаз түрі:

- 1) мемлекеттік бағалы қағаздар
- 2) банк депозиттері
- 3) туынды бағалы қағаздар
- 4) мемлекеттік емес бағалы қағаздар
- 5) шаруашылық жүргізуші субъектілердің бағалы қағаздары

3. Қаржы министрлігінің шығаратын бағалы қағаздары:

- 1) барлық жауап дұрыс
- 2) МЕОКАМ
- 3) МЕИКАМ
- 4) МЕККАМ
- 5) АВМЕККАМ

4. Мемлекеттік бағалы қағаздың эмитенттері:

- 1) Қаржы министрлігі, ҚР ҰБ, жергілікті атқарушы билік органдары
- 2) ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноталары, ҚР ҰБ арнаулы валюта нотасы
- 3) МЕККАМ, МЕОКАМ, МЕАКАМ, МЕИКАМ, МЕКАВМ
- 4) шаруашылық жүргізуші субъектілер, мемлекеттік емес кәсіпорындар
- 5) дұрыс жауап жоқ

5. Қаржы министрлігінің шығаратын бағалы қағаз түрлері:

- 1) ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноталары,
- 2) ҚР ҰБ арнаулы валюта ноталары
- 3) МЕККАМ, МЕОКАМ, МЕАКАМ, МЕИКАМ, МЕКАВМ
- 4) акция, облигация
- 5) дұрыс жауап жоқ

6. Ұлттық банктің шығаратын бағалы қағаздары:

- 1) форвардтық және фьючерстік келісімшарттар
- 2) ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноталары, ҚР ҰБ арнаулы валюта ноталары
- 3) МЕККАМ, МЕОКАМ, МЕАКАМ, МЕИКАМ, МЕКАВМ
- 4) акция, облигация
- 5) дұрыс жауап жоқ

7. Эмитентті мемлекет болып табылатын бағалы қағаздар түрлері:

- 1) ұлттық жинақ облигациялары
- 2) ҚР ҰБ арнаулы валюта ноталары
- 3) МЕККАМ, МЕОКАМ, МЕАКАМ, МЕЙКАМ, МЕКАВМ
- 4) жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары
- 5) барлық жауабы дұрыс

8. Мемлекеттік бағалы қағаздардың атқаратын қызметтері:

- 1) мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландыру, мақсатты мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру, экономиканың белсенділігін реттеу
- 2) баға белгілеу, бағаны болжау және ақпараттық талдау, тәуекелді сақтандыру, бағаны тұрақтандырушы
- 3) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің рейтингтерін жасау және жариялау, қызметіне тексеру жүргізу қызметін бақылау
- 4) өз клиенттерінің бағалы қағаздар мен мәмілелерінің жасалуын қадағалау қаржы құралдарына қатысты клиенттерге шоттар ашу, қаржы құралдарын, есепке алуды қамтамасыз ету, қаржы құралдарын сақтау
- 5) дұрыс жауабы жоқ

9. Ұлттық Банктің нотасы не үшін шығарылады:

- 1) елдегі ақша массасын реттеу үшін
- 2) мемлекеттік бюджетті жабу үшін
- 3) мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін
- 4) айналыс қаражаттарын үнемдеу үшін
- 5) дұрыс жауап жоқ

10. ҚР мемлекеттік қазыналық міндеттемесінің эмитенті:

- 1) Ұлттық Банк
- 2) Қаржы министрлігі
- 3) коммерциялық банк
- 4) ҚР Халық банкі
- 5) акционерлік қоғам

11. Қазынашылық міндеттемелер қандай нысанда шығарылады:

- 1) құжатты нысанда
- 2) құжатсыз нысанда
- 3) құжатты және құжатсыз нысанда
- 4) мерзімді нысанда
- 5) мерзімсіз нысанда

12. Дисконттық эмиссиондық бағалы қағаз, номиналдық құны – 100 тг, айналыс мерзімі 3, 6, 9, 12 ай – бұл:

- 1) МЕККАМ
- 2) МЕОКАМ
- 3) МОЙКАМ

- 4) МЕУКАМ
- 5) МУИКАМ

13. Номиналдық құны – 1000 тг, айналыс мерзімі 5 жылдан жоғары, номиналдық құн бойынша орналастырылатын және өтелеетін купондық эмиссиондық бағалы қағаз:

- 1) МЕККАМ
- 2) МЕОКАМ
- 3) МОИКАМ
- 4) МЕУКАМ
- 5) МУИКАМ

14. Номиналдық құны – 1000 тг, айналыс мерзімі 1 жылдан жоғары 5 жылға дейінгі мерзімді құрайтын, номиналдық құн бойынша орналастырылатын және өтелеетін купондық эмиссиондық бағалы қағаз:

- 1) МЕККАМ
- 2) МЕОКАМ
- 3) МОИКАМ
- 4) МЕУКАМ
- 5) МУИКАМ

15. Номиналдық құны – 1000 тг, айналыс мерзімі 1 жылдан жоғары 5 жылға дейінгі мерзімді құрайтын, номиналдық құн бойынша орналастырылатын және өтелеетін, индекстелген купон бойынша сыйақы есептеліп, жылына 2 рет төленетін купондық эмиссиялық бағалы қағаз:

- 1) МЕККАМ
- 2) МЕОКАМ
- 3) МОИКАМ
- 4) МЕУКАМ
- 5) МУИКАМ

16. Номиналдық құны – 1000 тг, айналыс мерзімі 5 жылдан жоғары, номиналдық құн бойынша орналастырылатын және өтелеетін, индекстелген купон бойынша сыйақы есептеліп, жылына 1 рет төленетін купондық эмиссиялық бағалы:

- 1) МЕККАМ
- 2) МЕОКАМ
- 3) МОИКАМ
- 4) МЕУКАМ
- 5) МУИКАМ

17. Жинақтаушы зейнетақы қорлары арасында орналастырылатын, номиналдық құны – 1000 тг, айналыс мерзімі 5 жылдан жоғары, номиналдық құн бойынша орналастырылатын және өтелеетін, есептелген сыйақы эмитент белгілеген мерзімде жылына 1 рет төленетін купондық эмиссиялық бағалы қағаз:

- 1) МЕУЖКАМ
- 2) МЕОКАМ

- 3) МОИКАМ
- 4) МЕУКАМ
- 5) МУИКАМ

18. Номиналдық құны – 100 тг, дисконттық құн бойынша орналастырылып, номиналдық құн бойынша өтеледін, қаржы нарығында сыйақы мөлшерлемесін реттеуге бағытталған, Ұлттық Банктің ақша-несие саясатының құралы болып табылатын, дисконттық құжатсыз бағалы қағаз:

- 1) арнайы валюталық нота
- 2) қысқа мерзімді нота
- 3) мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттеме
- 4) ұлттық жинақ облигация
- 5) мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме

19. Қысқа мерзімді нотаның орналастырылу нысаны:

- 1) аукцион бойынша
- 2) алғашқы агентпен келісілген баға бойынша
- 3) Ұлттық Банк бекіткен баға бойынша
- 4) тек қана аукцион арқылы
- 5) 1, 2, 3 жауаптар дұрыс

20. Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздары:

- 1) орта мерзімді
- 2) ұзақ мерзімді
- 3) индекстелген орта мерзімді
- 4) индекстелген ұзақ мерзімді
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

21. Айналыс мерзімі 1 жылдан жоғары 5 жылға дейін, номиналдық құн бойынша орналастырылатын және өтеледін, есептелген сыйақы индекстелген купон түрінде жылына 2 рет төленедін, 6 толық календарлық айдан кейінгі айдың бесінші күні купон төленедін бағалы қағаз:

- 1) жергілікті атқарушы органның орта мерзімді бағалы қағазы
- 2) жергілікті атқарушы органның ұзақ мерзімді бағалы қағазы
- 3) жергілікті атқарушы органның индекстелген орта мерзімді бағалы қағазы
- 4) жергілікті атқарушы органның индекстелген ұзақ мерзімді бағалы қағазы
- 5) мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме

22. Айналыс мерзімі 5 жылдан жоғары, номиналдық құн бойынша орналастырылатын және өтеледін, айналыс мерзімі ішінде сыйақы купон түрінде жылына 1 рет төленедін бағалы қағаз:

- 1) жергілікті атқарушы органның орта мерзімді бағалы қағазы
- 2) жергілікті атқарушы органның ұзақ мерзімді бағалы қағазы

- 3) жергілікті атқарушы органның индекстелген орта мерзімді бағалы қағазы
- 4) жергілікті атқарушы органның индекстелген ұзақ мерзімді бағалы қағазы
- 5) мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме

23. *Айналыс мерзімі 5 жылдан жоғары, номиналдық құн бойынша орналастырылатын және өтелетін, есептелген сыйақы индекстелген купон түрінде, 12 толық календарлық айдан кейінгі айдың бесінші күні, жылына 1 рет төленетін бағалы қағаз:*

- 1) жергілікті атқарушы органның орта мерзімді бағалы қағазы
- 2) жергілікті атқарушы органның ұзақ мерзімді бағалы қағазы
- 3) жергілікті атқарушы органның индекстелген орта мерзімді бағалы қағазы
- 4) жергілікті атқарушы органның индекстелген ұзақ мерзімді бағалы қағазы
- 5) мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме

24. *Айналыс мерзімі 1 жылдан жоғары 5 жылға дейін, номиналдық құн бойынша орналастырылатын және өтелетін, айналыс мерзімі ішінде сыйақы купон түрінде жылына 2 рет төленетін бағалы қағаз:*

- 1) жергілікті атқарушы органның орта мерзімді бағалы қағазы
- 2) жергілікті атқарушы органның ұзақ мерзімді бағалы қағазы
- 3) жергілікті атқарушы органның индекстелген орта мерзімді бағалы қағазы
- 4) жергілікті атқарушы органның индекстелген ұзақ мерзімді бағалы қағазы
- 5) мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме

25. $S = N \cdot I / 100 + C$ – бұл:

- 1) жергілікті атқарушы органның орта мерзімді бағалы қағазы бойынша купонды есептеу формуласы
- 2) жергілікті атқарушы органның ұзақ мерзімді бағалы қағазы бойынша купонды есептеу формуласы
- 3) жергілікті атқарушы органның индекстелген орта немесе ұзақ мерзімді бағалы қағазы бойынша купонды есептеу формуласы
- 4) мемлекеттік емес қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме бойынша купонды есептеу формуласы
- 5) мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме бойынша купонды есептеу формуласы

26. $S = N \cdot C \cdot 180 / 360$ – бұл:

- 1) жергілікті атқарушы органның орта мерзімді бағалы қағазы бойынша купонды есептеу формуласы
- 2) жергілікті атқарушы органның ұзақ мерзімді бағалы қағазы бойынша купонды есептеу формуласы
- 3) жергілікті атқарушы органның индекстелген орта немесе ұзақ мерзімді бағалы қағазы бойынша купонды есептеу формуласы
- 4) мемлекеттік емес қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме бойынша купонды есептеу формуласы

5) мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме бойынша купонды есептеу формуласы

27. $S = N \cdot C$ – бұл:

1) жергілікті атқарушы органның орта мерзімді бағалы қағазы бойынша купонды есептеу формуласы

2) жергілікті атқарушы органның ұзақ мерзімді бағалы қағазы бойынша купонды есептеу формуласы

3) жергілікті атқарушы органның индекстелген орта немесе ұзақ мерзімді бағалы қағазы бойынша купонды есептеу формуласы

4) мемлекеттік емес қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме бойынша купонды есептеу формуласы

5) мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме бойынша купонды есептеу формуласы

28. Номиналдық құны 10 АҚШ долларына эквивалент, теңгемен белгіленеді, айналыс мерзімі 2 және 3 жылды құрайды, ҚР-ның резидент жеке тұлғалары арасында ғана орналастырылатын купондық эмиссиондық бағалы қағаз:

1) МЕУЖКАМ

2) МЕОКАМ

3) МОИКАМ

4) МАОКАМ

5) МУИКАМ

29. Нарықта инвесторларға жеңілдікпен сатылып, номиналдық құны бойынша өтелетін бағалы қағаз түрі:

1) индекстелген мемлекеттік бағалы қағаз

2) индекстелмеген мемлекеттік бағалы қағаз

3) дисконттық мемлекеттік бағалы қағаз

4) купондық мемлекеттік бағалы қағаз

5) купон және дисконт түрінде қатар табыс әкелетін мемлекеттік бағалы қағаз

30. Номиналдық құнына пайызбен бейнеленген табыс әкелетін бағалы қағаз түрі:

1) индекстелген мемлекеттік бағалы қағаз

2) индекстелмеген мемлекеттік бағалы қағаз

3) дисконттық мемлекеттік бағалы қағаз

4) купондық мемлекеттік бағалы қағаз

5) купон және дисконт түрінде қатар табыс әкелетін мемлекеттік бағалы қағаз

**8-тарау. ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР
НАРЫҒЫ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

1. Базалық активке қатынасы бойынша құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз – бұл:

- 1) құжатты бағалы қағаз
- 2) құжатсыз бағалы қағаз
- 3) айырбасталатын бағалы қағаз
- 4) туынды бағалы қағаз
- 5) борыштық бағалы қағаз

2. Екі тараптың белгілі бір мерзім ішінде белгілі бір талаптармен қаржы құралдарын айырбастау жөніндегі келісімін куәландыратын туынды бағалы қағаз түрі:

- 1) своп
- 2) опцион
- 3) фьючерс
- 4) облигация
- 5) варрант

3. Фьючерс дегеніміз – ол:

- 1) белгілі бір уақыттың ішінде базистік активті сату құқығын беретін бағалы қағаз
- 2) белгілі бір уақыттың ішінде базистік активті сатуға немесе сатып алуға байланысты биржалық келісімді білдіреді
- 3) белгілі бір уақыттың ішінде базистік активті сату немесе сатып алуға құқық алады
- 4) белгілі бір уақыттың ішінде базистік активті сатып алуға міндеттеме алады
- 5) белгілі бір уақыттың ішінде базистік активті сату міндеттемесін алады

4. Шартқа сәйкес бір тарап шартта аталған мүліктің белгілі бір санын шартта келісілген баға бойынша сатуға немесе сатып алуға міндеттенеді, ал екінші тарап сатып алу немесе сату құқығына ие болатын бағалы түрі:

- 1) своп
- 2) опцион
- 3) фьючерс
- 4) облигация
- 5) варрант

5. Иесіне, тіркелген баға бойынша, бекітілген мерзім ішінде, қандай да бір компанияның акция (немесе облигация) мәшерін сатып алуға құқық беретін екінші ретті бағалы қағаз түрі:

- 1) своп
- 2) варрант

- 3) фьючерс
- 4) облигация
- 5) акция

6. Туынды бағалы қағаздарға жататындар:

- 1) варрант, ұлттық жинақ облигация
- 2) фьючерстік, форвардтық келісімшарттар
- 3) акция, облигация
- 4) мемлекеттің қазынашылық міндеттемелері
- 5) барлық жауап дұрыс

7. Фьючерстік мәміле келесі жағдайларда айналысқа түсе алады:

- 1) туынды бағалы қағаздар нарығында
- 2) биржалық келісім жасау барысында
- 3) қор биржасында
- 4) өтімділігі жоғары мәмілелер жасау барысында
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

8. Стандартталған тауарлар партиясы, бағалы қағаздар, валюта, қаржы құралдары – бұл:

- 1) базалық актив
- 2) хеджирлеу
- 3) левередж
- 4) делистинг
- 5) дефолт

9. Бағаның, айырбастау бағамының, сыйақы ставкаларының немесе өзге де ықтимал көрсеткіштердің өзгеруі кезіндегі тәуекелдерден қорғау – бұл:

- 1) хеджирлеу
- 2) левередж
- 3) делистинг
- 4) листинг
- 5) дефолт

10. Туынды бағалы қағаздардың түрлері:

- 1) варант, құқықтар, депозитарлық қолхаттар, жарна
- 2) фьючерстік, форвардтық келісімшарттар, опцион
- 3) акция, облигация, коносамент, ипотекалық куәліктер
- 4) негізгі, туынды, алғашқы бағалы қағаздар
- 5) барлық жауап дұрыс

11. Коносамент дегеніміз –

- 1) жүкті тасымалдауға, тиеуге және алуға құқық беруді куәландыратын халықаралық қатынастарда қолданылатын, стандартты формадағы құжат
- 2) туынды бағалы қағаздардың жиынтығы

3) базалық активі жылжымайтын мүлік болып табылатын туынды бағалы қағаз

4) иесіне, тіркелген баға бойынша, бекітілген мерзім ішінде, қандай да бір компанияның акция (немесе облигация) мөлшерін сатып алуға құқық беретін екінші ретті бағалы қағаз

5) екі тараптың белгілі бір мерзім ішінде белгілі бір талаптармен қаржы құралдарын айырбастау жөніндегі келісімін куәландыратын туынды бағалы қағаз

12. Заңды тұлғаның банкке салған қаражатын куәландыратын және оған салым мерзімінің өтеуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сыйақы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз:

- 1) депозиттік сертификат
- 2) депозиттік емес сертификат
- 3) жинақ сертификаты
- 4) атаулы сертификат
- 5) акция сертификаты

13. Опционның түрлері:

- 1) колл, пут
- 2) колл
- 3) пут
- 4) европалық, азиялық
- 5) аукциондық, тендерлік

14. Мерзімді биржалық мәміле түрі:

- 1) фьючерс
- 2) вексель
- 3) варрант
- 4) чек
- 5) клиринг

15. Туынды бағалы қағаздың негізгі ерекшеліктері:

1) туынды бағалы қағаздардың номиналдық құны базалық активке негізделеді

2) туынды бағалы қағаз айналысының сыртқы формасы негізгі бағалы қағаздарға ұқсас болып келеді

3) туынды бағалы қағаздардың өмір сүру кезеңі, басқа бағалы қағаздармен салыстырғанда шектеулі

4) басқа бағалы қағаздармен салыстырғанда минималды инвестиция тар-туда пайда алуға мүмкіндік береді

5) барлық жауап дұрыс

16. Кепілдік нысанындағы туынды бағалы қағаздар түрлері:

- 1) ипотекалық куәліктер, коносамент
- 2) варрант, коносамент

- 3) форвардтық, фьючерстік, опциондық келісімшарт
- 4) ипотекалық куәліктер, депозитарлық қолхат
- 5) жинақ және депозиттік сертификаттар

17. Келісімшарт нысанындағы туынды бағалы қағаздар:

- 1) ипотекалық куәліктер, коносамент
- 2) варрант, коносамент
- 3) форвардтық, фьючерстік, опциондық келісімшарт
- 4) ипотекалық куәліктер, депозитарлық қолхат
- 5) жинақ және депозиттік сертификаттар

18. Куәлік нысанындағы туынды бағалы қағаздар:

- 1) ипотекалық куәліктер, коносамент
- 2) варрант, коносамент
- 3) форвардтық, фьючерстік, опциондық келісімшарт
- 4) ипотекалық куәліктер, депозитарлық қолхат
- 5) жинақ және депозиттік сертификаттар

19. Туынды бағалы қағаздың ерекшелігін сипаттамайтын көрсеткіш:

- 1) номиналдық құны базалық активке негізделеді
- 2) акционерлік қоғам жаңадан немесе қайтадан құрылған кезде эмиссияланады
- 3) тәуекелдерді сақтандыру мүмкіндігі жоғары
- 4) минималды инвестиция тартуда пайда алуға мүмкіндік береді
- 5) тәуекелдерді тиімді басқару мүмкіндігі бар

20. Келісімшарт нысанындағы туынды бағалы қағаз болып табылмайтын құрал:

- 1) форвард
- 2) фьючерс
- 3) опцион
- 4) своп
- 5) спот

21. Форвардтық келісімшарттың ерекшелігін сипаттайтын белгілер:

- 1) акционерлік қоғам жаңадан немесе қайтадан құрылған кезде эмиссияланады
- 2) банкаралық мәміле, нарықтағы сауда келісімшарт негізінде реттеледі, келісімшарттың талаптары екі жақты мәміледе келісіледі
- 3) сауда-саттық биржада жүргізіледі, стандартталған мәміле, мәміленің орындалуына клирингтік палата кепілдік береді
- 4) мемлекеттік бюджеттің дефицитін қаржыландыруға болады, қосымша ресурстарды жұмылдыруға болады
- 5) қосымша ресурстарды жұмылдыруға болады

22. *Фьючерстік келісімиарттың ерекшелігін сипаттайтын белгілер:*

- 1) акционерлік қоғам жаңадан немесе қайтадан құрылған кезде эмиссияланады
- 2) банкаралық мәміле, нарықтағы сауда келісімшарт негізінде реттеледі, келісімшарттың талаптары екі жақты мәміледе келісіледі
- 3) сауда-саттық биржада жүргізіледі, стандартталған мәміле, мәміленің орындалуына клирингтік палата кепілдік береді
- 4) мемлекеттік бюджеттің дефицитін қаржыландыруға, қосымша ресурстарды жұмылдыруға болады
- 5) қосымша ресурстарды жұмылдыруға болады

23. *Туынды бағалы қағаздың ерекшелігін сипаттайтын көрсеткіш:*

- 1) номиналдық құны базалық активке негізделеді
- 2) акционерлік қоғам жаңадан немесе қайтадан құрылған кезде эмиссияланады
- 3) қосымша ресурстарды жұмылдыруға болады
- 4) мемлекеттік бюджеттің дефицитін қаржыландыруға болады
- 5) дұрыс жауап жок

24. *Своп операциясын пайдаланудың мақсаты:*

- 1) тәуекелді төмендету, тәуекелсіз пайда алу
- 2) төлемдердің тұрақтылығын қамтамасыз ету
- 3) бағалы қағаз портфелін басқарумен байланысты шығынды азайту
- 4) қосымша ресурстарды жұмылдыру
- 5) 1, 2, 3 жауаптар дұрыс

25. *Форвардтық, фьючерстік, опциондық және своп келісімиарттарын жасаумен байланысты нарық:*

- 1) мерзімді нарық
- 2) мерзімсіз нарық
- 3) дәстүрлі нарық
- 4) биржалық нарық
- 5) биржадан тыс нарық

26. *Базалық активі жылжымайтын мүлік болып табылатын туынды бағалы қағаз:*

- 1) депозиттік сертификат
- 2) жинақ сертификаты
- 3) ипотекалық куәліктер
- 4) депозитарлық қолхат
- 5) америкалық депозитарлық қолхат

27. *Депозиттер банкте сақталған шетел компанияларының акцияларына шығарылған туынды бағалы қағаз:*

- 1) депозитарлық қолхат
- 2) ипотекалық куәліктер

- 3) америкалық депозитарлық қолхат
- 4) жинақ сертификаты
- 5) депозиттік сертификат

28. Америка қор нарығына айналысқа жіберілген туынды бағалы қағаз түрі:

- 1) депозиттік сертификат
- 2) жинақ сертификаты
- 3) ипотекалық куәліктер
- 4) америкалық депозитарлық қолхат
- 5) депозитарлық қолхат

29. Жеке тұлғаның банкке салған қаражатын қуаландыратын және оған салым мерзімінің өтеуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сыйақы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз:

- 1) депозиттік сертификат
- 2) жинақ сертификаты
- 3) ипотекалық куәліктер
- 4) америкалық депозитарлық қолхат
- 5) депозитарлық қолхат

30. Құжатты нысанда, атаулы немесе мәлімдеуші негізде шығарылатын банктік салым бойынша келісімшартты білдіреді, бұл бағалы қағаздың түрін тек қана коммерциялық банктердің эмиссиялауға құқығы бар, қарыздық бағалы қағазға ұқсас болып келетін туынды бағалы қағаз түрі:

- 1) депозитарлық қолхат
- 2) ипотекалық куәліктер
- 3) америкалық депозитарлық қолхат
- 4) жинақ сертификаты
- 5) банктік сертификат

**9-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

1. Кәсіби қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптар:

- 1) біліктілік талаптар
- 2) басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар
- 3) ұйымдық құрылымға қойылатын талаптар
- 4) қаржы ресурстарын қалыптастырумен байланысты қойылатын талаптар
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

2. Бағалы қағаздар нарығының брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызмет көрсететін кәсіби қатысушы – бұл:

- 1) андеррайтер
- 2) брокер
- 3) дилер
- 4) тіркеуші
- 5) тарансфер-агент

3. Бағалы қағаздар нарығының өз клиенттерінің арасында құжаттар (ақпараттар) қабылдау мен беру жөнінде қызмет көрсететін кәсіби қатысушы – бұл:

- 1) андеррайтер
- 2) брокер
- 3) дилер
- 4) тіркеуші
- 5) тарансфер-агент

4. Бағалы қағаздар нарығының азаматтық құқық объектілерін басқару жөніндегі қызметті өз атынан, клиенттің мүдделерін көздеп және соның есебінен жүзеге асыратын кәсіби қатысушы – бұл:

- 1) андеррайтер
- 2) брокер
- 3) дилер
- 4) инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушы
- 5) тарансфер-агент

5. Клиенттің тапсырысын, бұйрығын және соның қаражатына эмиссияланған бағалы қағаздармен және қаржы құралдарымен мәміле жасайтын кім:

- 1) дилер
- 2) брокер
- 3) маклер
- 4) эмитент
- 5) инвестор

6. *Клиринг дегеніміз – бұл:*

- 1) бағалы қағаздар нарығындағы қатысушылардың талаптары мен міндеттемелерін өзара есепке алуы
- 2) брокердің сауда-саттық жасау тәсілі
- 3) бағалы қағаздарды қор биржасында тіркеу
- 4) бағалы қағаздар нарығындағы қатысушылардың іс-әрекетін бақылау
- 5) бағалы қағаздарды сақтау қызметі

7. *Трансфер-агенттің атқаратын функциялары:*

- 1) өзі тапсыру үшін алған құжаттарды тіркеу және есепке алу
- 2) клиенттерге берілген құжаттарды тіркеу және есепке алу
- 3) қолданылатын электрондық деректер базасының сақталуын қамтамасыз ету
- 4) қолданылатын электрондық жүйелерді жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

8. *Бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушылар ретінде нақтылы ұстау қызметін жүзеге асыратын ұйымдар:*

- 1) орталық депозитарий, кастодиан, брокер-дилер
- 2) кастодиан, тіркеушілер, брокер-дилер
- 3) орталық депозитарий, кастодиан, тіркеушілер
- 4) инвестор, орталық депозитарий, кастодиан, тіркеушілер
- 5) эмитент, орталық депозитарий, кастодиан, тіркеушілер

9. *Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу нәтижесінде жүзеге асырылатын есеп айырысуға қатысушы тараптардың өзара талаптары мен міндеттемелерінің есебі – бұл:*

- 1) клиринг
- 2) сауда-саттықты ұйымдастырушы
- 3) кастодиан
- 4) эмитент
- 5) андеррайтер

10. *Өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары:*

- 1) аталғанның барлығы дұрыс
- 2) қызмет түрлерінің бағыты
- 3) кәсіптік қызметімен байланысты тәуекелдер және оларды азайтудың тәсілдері
- 4) бағдарламалық-техникалық құралдары мен жабдықтары болуы
- 5) ұйымдық құрылымның болуы

11. *Уәкілетті орган берген лицензия негізінде бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға:*

- 1) эмитент
- 2) лицензиат
- 3) инсайдер
- 4) төлем агенті
- 5) депонент

12. Орталық депозитарийдің клиенті:

- 1) эмитент
- 2) лицензиат
- 3) инсайдер
- 4) төлем агенті
- 5) депонент

13. Негізгі функциясы депозитарлық қызметті жүзеге асыру болып табылатын мамандандырылған коммерциялық емес ұйым – бұл:

- 1) қор биржасы
- 2) орталық депозитарий
- 3) қаржы агенттігі
- 4) брокер
- 5) дилер

14. Қор нарығының кәсіби қатысушыларына жататындар:

- 1) сауда агенттері
- 2) қор биржасы
- 3) клирингтік ұйым
- 4) трансфер агент
- 5) барлығы дұрыс

15. Құнды қағаздарды және клиенттердің ақша қаражаттарын сақтау, сондай-ақ олармен жасалатын мәмілелерді бақылаумен байланысты коммерциялық банкттердің қызметін көрсетіңіз:

- 1) кастодиандық
- 2) тіркеушілік
- 3) депозитарлық
- 4) клирингтік
- 5) брокерлік

16. Қазақстандағы депозитарлық қызметтің негізгі субъектілері – бұл:

- 1) брокер мен дилер
- 2) орталық депозитарий мен депонент
- 3) инвестор мен мемлекет
- 4) тіркеуші мен агент
- 5) эмитент пен инвестор

17. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау қызметін көрсету және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру жөніндегі қызмет – бұл:

- 1) депозитарлық қызмет
- 2) бағалы қағаздарды нақтылы ұстау қызметі
- 3) кастодиандық қызмет
- 4) трансфер-агенттік қызмет
- 5) тіркеу қызметі

18. Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға екі және одан да көп лицензиясы бар лицензиаттың ұйымдық құрылымы қызметтің әр түрі бойынша жекелеген бөлімшелерден тұруы тиіс:

- 1) біліктілік талаптары
- 2) басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар
- 3) ұйымдық құрылымға қойылатын талаптар
- 4) өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары
- 5) дұрыс жауап жоқ

19. Тіркеушілердің атқаратын қызметтері

- 1) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау
- 2) тіркелген тұлғаға бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде жеке шот ашу
- 3) тіркелген тұлғаның жеке шоты бойынша бағалы қағаздармен мәміле-лерді тіркеу
- 4) тіркелген тұлғаның бағалы қағаздары бойынша құқықтарын растау
- 5) барлық жауап дұрыс

20. Кәсіби қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктік талаптар:

- 1) аталғанның барлығы дұрыс
- 2) маркетинг жоспары
- 3) қаржылық перспективасы
- 4) еңбек ресурстарын тарту жоспары
- 5) бизнес жопар

21. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушылардың атқаратын қызметтері

- 1) клиенттің бағалы қағаздарын есепке алу
- 2) клиенттің бағалы қағаздарымен мәмілелерін тіркеу
- 3) клиенттердің бағалы қағаздары бойынша құқықтарын растау
- 4) клиенттің мүдделерін білдіру
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

22. Уәкілетті орган қандай жағдайларда кәсіби қатысушылардың лицензиясын айыруға құқылы:

- 1) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептері жойылмаған жағдайда
- 2) бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттейтін заңдар, сондай-ақ лицензиаттың ішкі құжаттары жүйелі түрде бұзылған жағдайда
- 3) уәкілетті органның ұйғарымдары жүйелі түрде орындалмаған жағдайларда
- 4) заң актілерінде белгіленген өзге де негіздер бойынша
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

23. Кастодиандық қызмет объектілері:

- 1) акциялар
- 2) клиент берген ақшалай қаражаттар

- 3) банктік сертификаттар
- 4) облигациялар
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

24. Депозитарийдің қызметіне жатпайтын қызмет түрі:

- 1) бағалы қағазды номиналды ұстаушының қызметі
- 2) клирингтік қызмет
- 3) ақпарат беру қызметі
- 4) қаржы құралдарын сақтандыру қызметі
- 5) дұрыс жауап жоқ

25. Брокер немесе дилердің атқаратын қызмет түрлері:

- 1) андеррайтинг, факторинг және форфейтинг
- 2) нақтылы ұстауды жүзеге асыру, құжатты бағалы қағаздарды және құжатты нысанда шығарылған өзге де қаржы құралдарын сақтау, клиентке шоттар ашу
- 3) депоненттерге қаржы құралдарын нақтылы ұстау қызметін көрсетеді, депозитарийлік қызмет көрсетуді және клиринг қызметін жүзеге асырады
- 4) қаржы құралдарына инвестициялау туралы шешімдер қабылдау, бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау, қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелердің есебін жүргізу
- 5) өзі тапсыру үшін алған құжаттарды тіркеу және есепке алу, электрондық деректер базасының сақталуын қамтамасыз ету, электрондық жүйелерді жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау

26. Кастодианның атқаратын қызмет түрлері:

- 1) андеррайтинг, факторинг және форфейтинг
- 2) нақтылы ұстауды жүзеге асыру, құжатты бағалы қағаздарды және құжатты нысанда шығарылған өзге де қаржы құралдарын сақтау, клиентке шоттар ашу
- 3) депоненттерге қаржы құралдарын нақтылы ұстау қызметін көрсетеді, депозитарийлік қызмет көрсетуді және клиринг қызметін жүзеге асырады
- 4) қаржы құралдарына инвестициялау туралы шешімдер қабылдау, бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау, қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелердің есебін жүргізу
- 5) өзі тапсыру үшін алған құжаттарды тіркеу және есепке алу, электрондық деректер базасының сақталуын қамтамасыз ету, электрондық жүйелерді жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау

27. Орталық депозитарийдің атқаратын қызмет түрлері:

- 1) андеррайтинг, факторинг және форфейтинг
- 2) нақтылы ұстауды жүзеге асыру, құжатты бағалы қағаздарды және құжатты нысанда шығарылған өзге де қаржы құралдарын сақтау, клиентке шоттар ашу
- 3) қаржы құралдарына инвестициялау туралы шешімдер қабылдау, бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау, қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелердің есебін жүргізу

4) өзі тапсыру үшін алған құжаттарды тіркеу және есепке алу, электрондық деректер базасының сақталуын қамтамасыз ету, электрондық жүйелерді жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау

5) депоненттерге қаржы құралдарын нақтылы ұстау қызметін көрсетеді, депозитарийлік қызмет көрсетуді және клиринг қызметін жүзеге асырады

28. Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушылардың атқаратын қызмет түрлері:

1) өзі тапсыру үшін алған құжаттарды тіркеу және есепке алу, электрондық деректер базасының сақталуын қамтамасыз ету, электрондық жүйелерді жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау

2) депоненттерге қаржы құралдарын нақтылы ұстау қызметін көрсетеді, депозитарийлік қызмет көрсетуді және клиринг қызметін жүзеге асырады

3) қаржы құралдарына инвестициялау туралы шешімдер қабылдау, бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау, қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелердің есебін жүргізу

4) нақтылы ұстауды жүзеге асыру, құжатты бағалы қағаздарды және құжатты нысанда шығарылған өзге де қаржы құралдарын сақтау, клиентке шоттар ашу

5) андеррайтинг, факторинг және форфейтинг

29. Трансфер-агенттің атқаратын қызмет түрлері:

1) андеррайтинг, факторинг және форфейтинг

2) нақтылы ұстауды жүзеге асыру, құжатты бағалы қағаздарды және құжатты нысанда шығарылған өзге де қаржы құралдарын сақтау, клиентке шоттар ашу

3) қаржы құралдарына инвестициялау туралы шешімдер қабылдау, бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау, қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелердің есебін жүргізу

4) депоненттерге қаржы құралдарын нақтылы ұстау қызметін көрсетеді, депозитарийлік қызмет көрсетуді және клиринг қызметін жүзеге асырады

5) өзі тапсыру үшін алған құжаттарды тіркеу және есепке алу, электрондық деректер базасының сақталуын қамтамасыз ету, электрондық жүйелерді жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау

30. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың атынан және есебінен белгілі бір заңды іс-әрекеттерді жасау, бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу мен растау және осындай ұстаушылардың бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерін тіркеумен байланысты қызмет түрі:

1) бағалы қағаздарды нақтылы ұстау қызметі

2) трансфер-агенттік қызмет

3) бағалы қағаздарды орналастыру қызметі

4) есеп айырысу қызметі

5) бағалы қағаздарды тіркеу қызметі

10-тарау. ҚОР БИРЖАСЫ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Бағалы қағаздарды қор биржасының бағалы қағаздар тізімінің санатына енгізу және сол санатта болу үшін қор биржасының ішкі құжаттарында бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы белгіленген талаптар:

- 1) қор биржасы
- 2) листинг
- 3) делистинг
- 4) биржалық кеңес
- 5) дұрыс жауап жоқ

2. Бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға:

- 1) қор биржасы
- 2) кастодиан банк
- 3) төлем агенті
- 4) өзін-өзі реттейтін ұйымдар
- 5) дұрыс жауап жоқ

3. Қор биржасының экономикалық сипаттағы атқаратын қызметтері:

- 1) баға белгілеу
- 2) тәуекелді сақтандыру
- 3) бағаны болжау
- 4) бағаны тұрақтандырушы
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

4. Клиенттің тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүдделерін көздеп, бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын кәсіби қатысушы – бұл:

- 1) қор биржасы
- 2) орталық депозитарий
- 3) қаржы агенттігі
- 4) брокер
- 5) дилер

5. KASE айналымына жіберілетін бағалы қағаздар:

- 1) мемлекеттік бағалы қағаздар
- 2) облигациялар
- 3) туынды бағалы қағаздар
- 4) акциялар
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

6. Бағалы қағаздарды сауда-саттықты ұйымдастырушының тізімінен уақытша немесе тұрақты шығарып тастау:

- 1) қор биржасы
- 2) листинг
- 3) делистинг
- 4) биржалық кеңес
- 5) дұрыс жауап жоқ

7. Қор биржасында брокер бағалы қағаздарды сату және сатып алу тапсырысын келесі жағдайда орындайды:

- 1) тапсырысты берген кездегі нарықта қалыптасқан ең тиімді баға бойынша
- 2) тапсырысты берген кездегі нарықта қалыптасқан ең төменгі баға бойынша
- 3) мемлекет бекіткен баға бойынша
- 4) шектеулі баға бойынша
- 5) тапсырыста берілген тұрақты баға бойынша

8. Қор биржасы және биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының баға белгілеу ұйымы – бұл:

- 1) сауда-саттықты ұйымдастырушы
- 2) бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушы
- 3) клиринг
- 4) орталық депозитарий
- 5) қаржы агенттігі

9. Белгілі бір эмитенттің шамамен алғандағы кредит қабілетін немесе оның бағалы қағаздарының сапасы мен сенімділігін белгілейтін бағаның жеке сан және әріп көрсеткіші – бұл:

- 1) рейтинг
- 2) дефолт
- 3) делистинг
- 4) левередж
- 5) листинг

10. Эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы – бұл:

- 1) рейтинг
- 2) дефолт
- 3) делистинг
- 4) левередж
- 5) листинг

11. Қор биржасының атқаратын қызметтері:

1) мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландыру, мақсатты мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру, экономиканың белсенділігін реттеу

2) баға белгілеу, бағаны болжау және ақпараттық талдау, тәуекелді сақтандыру, бағаны тұрақтандырушы

3) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің рейтингтерін жасау және жариялау, қызметіне тексеру жүргізу қызметін бақылау және т.б.

4) өз клиенттерінің бағалы қағаздар мен мәмілелерінің жасалуын қадағалау қаржы құралдарына қатысты клиенттерге шоттар ашу, қаржы құралдарын, есепке алуды қамтамасыз ету, қаржы құралдарын сақтау және т.б.

5) дұрыс жауабы жоқ

12. Қор биржасының қызметін қаржыландыру көздері:

1) мүшелердің кіру жарнасынан

2) қор биржасының мүлкін пайдаланғаны үшін түскен төлемдер

3) ақпараттық қызмет көрсеткені үшін түскен төлемдер

4) мәмілелерді тіркеу және рәсімдеуден түскен төлемдер

5) аталғанның барлығы дұрыс

13. Қор биржасының құрылымы:

1) акционерлердің жалпы жиналысы

2) биржалық кеңес

3) басқарма

4) 1, 2, 3 жауаптары дұрыс

5) дұрыс жауап жоқ

14. Борыштық бағалы қағаздар секторының санаты:

1) рейтингтік бағасы бар, рейтингтік бағасы жоқ борыштық

2) бірінші санат, екінші санат және үшінші санат

3) бірінші санат, екінші санат, үшінші санат және төртінші санат

4) листинг және делистинг

5) дұрыс жауап жоқ

15. «Акциялар» секторының санаты:

1) рейтингтік бағасы бар, рейтингтік бағасы жоқ борыштық

2) бірінші санат, екінші санат және үшінші санат

3) бірінші санат, екінші санат, үшінші санат және төртінші санат

4) листинг және делистинг

5) дұрыс жауап жоқ

16. Мемлекеттік емес бағалы қағаздарды биржаның ресми тізіміне енгізу үшін және сол тізімде болғаны үшін төлейтін алым:

1) листингтік талап

2) листинг комиссиясы

3) листинг компаниясы

4) листингтік бағалы қағаздар

5) листинг алымы

17. Биржаның ресми тізіміндегі бағалы қағаздарды шығаратын эмитент-ұйым:

- 1) листингтік талап
- 2) листинг комиссиясы
- 3) листинг компаниясы
- 4) листингтік бағалы қағаздар
- 5) листинг алымы

18. Биржаның ресми тізіміне кірген бағалы қағаздар:

- 1) листингтік талап
- 2) листинг комиссиясы
- 3) листинг компаниясы
- 4) листингтік бағалы қағаздар
- 5) листинг алымы

19. Листинг, делистинг немесе бағалы қағаздардың ресми тізімінің категориясын ауыстырумен байланысты мәселелерді қарастыратын қор биржасының органы:

- 1) листингтік талап
- 2) листинг комиссиясы
- 3) листинг компаниясы
- 4) листингтік бағалы қағаздар
- 5) листинг алымы

20. Ресми тізімге бағалы қағаздарды енгізу және аталған тізімде тұру мақсатында, бағалы қағаздарға және оның эмитенттеріне биржа тарапынан қойылатын талап:

- 1) листингтік талап
- 2) листинг комиссиясы
- 3) листинг компаниясы
- 4) листингтік бағалы қағаздар
- 5) листинг алымы

21. Қаржы құралдарының түрлеріне байланысты қор биржасы мүшелерінің категориялары:

- 1) қор нарығының мүшесі
- 2) валюта нарығының мүшесі
- 3) мерзімді нарық мүшесі
- 4) 1, 2, 3 жауаптар дұрыс
- 5) тауарлы емес нарық мүшесі

22. Қор биржасы мүшелерінің категориялары:

- 1) «А» категориясындағы KASE мүшесі
- 2) «К» категориясындағы KASE мүшесі

- 3) «Р» категориясындағы KASE мүшесі
- 4) «Н» категориясындағы KASE мүшесі
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

23. *KASE ұйымдық құқықтық формасы:*

- 1) мемлекеттік ұйым
- 2) акционерлік емес ұйым
- 3) акционерлік қоғам
- 4) жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- 5) жеке кәсіпкерлік

24. *Қазақстан Қор Биржасы мүшелерінің дауыс беру қағидасы:*

- 1) бір акция – бір дауыс
- 2) бір акция – екі дауыс
- 3) бір акция – үш дауыс
- 4) бір акция – төрт дауыс
- 5) бір акция – бес дауыс

25. *Қазақстан Қор Биржасын коммерцияландыру қай жылы жүзеге асырылды:*

- 1) 2007 ж.
- 2) 2008 ж.
- 3) 2009 ж.
- 4) 2010 ж.
- 5) 2011 ж.

26. *Биржа мүшелері мен акционерлерімен, бағалы қағаздардың эмитенттерімен, биржаның ақпарат өнімін тұтынушылармен және басқа да үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынасқа түсетін Қазақстан Қор Биржасының ұйымдық құрылымы:*

- 1) акционерлердің жалпы жиналысы
- 2) фронт-офис
- 3) бэк-офис
- 4) биржа кеңесі
- 5) басқарма

27. *Сауда-саттықты ұйымдық-техникалық және есеп айырысуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қазақстан Қор Биржасының ұйымдық құрылымы:*

- 1) акционерлердің жалпы жиналысы
- 2) фронт-офис
- 3) бэк-офис
- 4) биржа кеңесі
- 5) басқарма

28. Қор биржасындағы валюта нарығының мүшесі – бұл:

- 1) шетел валютасымен биржалық сауда-саттыққа түсуге құқығы бар
- 2) биржада бағалы қағаздармен сауда-саттыққа түсуге құқығы бар
- 3) туынды қаржы құралдарымен биржалық сауда-саттыққа түсуге құқығы бар
- 4) мемлекеттік бағалы қағаздармен саудаға қатысуға құқығы бар
- 5) мемлекеттік емес бағалы қағаздармен саудаға қатысуға құқығы бар

29. Қор биржасындағы қор нарығының мүшесі – бұл:

- 1) шетел валютасымен биржалық сауда-саттыққа түсуге құқығы бар
- 2) биржада бағалы қағаздармен сауда-саттыққа түсуге құқығы бар
- 3) туынды қаржы құралдарымен биржалық сауда-саттыққа түсуге құқығы бар
- 4) мемлекеттік бағалы қағаздармен саудаға қатысуға құқығы бар
- 5) мемлекеттік емес бағалы қағаздармен саудаға қатысуға құқығы бар

30. Қор биржасындағы мерзімді нарық мүшесі – бұл:

- 1) шетел валютасымен биржалық сауда-саттыққа түсуге құқығы бар
- 2) биржада бағалы қағаздармен сауда-саттыққа түсуге құқығы бар
- 3) туынды қаржы құралдарымен биржалық сауда-саттыққа түсуге құқығы бар
- 4) мемлекеттік бағалы қағаздармен саудаға қатысуға құқығы бар
- 5) мемлекеттік емес бағалы қағаздармен саудаға қатысуға құқығы бар

**11-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

1. Багалы қағаздар нарығын реттеудің түрлері:

- 1) мемлекеттік реттеу, сыртқы реттеу
- 2) қоғамдық реттеу, кәсіби қатысушылар тарабынан реттеу
- 3) өзін-өзі реттеу, ішкі реттеу
- 4) мемлекеттік, қоғамдық, өзін-өзі реттеу
- 5) қаржылық тұтқамен реттеу, өзін-өзі реттеу

2. Багалы қағаздар нарығын реттеу процесі:

- 1) нормативтік базаны қалыптастыру
- 2) кәсіби қатысушыларды іріктеу
- 3) бақылау жұмысы
- 4) санкция жүйесі
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

3. Мемлекеттік, қоғамдық, өзін-өзі реттеу багалы қағаз нарығын:

- 1) реттеу түрлері
- 2) реттеу процесі
- 3) реттеудің мақсаты
- 4) реттеудің қағидалары
- 5) аталғандардың барлығы дұрыс

*4. Ұйымның қызметі мемлекеттің және өзге де ұйымдардың нормативтік
актілері мен халықаралық келісімшарттар негізінде реттелуі*

- 1) ішкі реттеу
- 2) сыртқы реттеу
- 3) кәсіби қатысушыларының өзін-өзі реттеуі
- 4) қоғамдық реттеу
- 5) халықаралық реттеу

*5. Багалы қағаз нарығының қатысушылары үшін жағдай жасау, нарыққа
қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін қорғау, тиімді нарықты қа-
лыптастыру – бұл:*

- 1) реттеу түрлері
- 2) реттеу процесі
- 3) реттеудің мақсаты
- 4) реттеудің қағидалары
- 5) аталғандардың барлығы дұрыс

6. Қазақстанда багалы қағаз нарығын реттейтін мемлекеттік орган:

- 1) қаржылық қадағалау комитеті
- 2) өзін-өзі реттейтін агенттік

- 3) кәсіби қатысушылар тарапынан реттелетін ұйым
- 4) костадияндық банк
- 5) дұрыс жауап жоқ

7. Нарықтың жекелеген аспектілерін реттеу мақсатында кәсіби қатысушылар тарапынан құрылатын мемлекеттік емес, коммерциялық емес ұйым:

- 1) қор биржасы
- 2) қоғамдық ұйым
- 3) мемлекеттік реттеуші орган: қаржы агенттігі
- 4) өзін-өзі реттейтін ұйымдар
- 5) дұрыс жауабы жоқ

8. Бағалы қағаз нарығын реттеу объектісі:

- 1) бағалы қағаз нарығының барлық қатысушылары және бағалы қағаз нарығында жүзеге асырылатын барлық қызмет түрлері мен операциялар
- 2) өтініш жасауы, лицензиаттардың қызметі туралы есептерді қарау процесінде уәкілетті орган анықтаған сәйкессіздіктер
- 3) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, лицензиядан айыру, белгіленген тәртіппен айыппұл салу және оны өндіріп алу
- 4) бағалы қағаздар нарығындағы жай және кәсіби қатысушылардың қызметін реттеу және қадағалау
- 5) бағалы қағаз нарығы субъектілерінің қызметін және олардың арасында жасалатын операцияларды ретке келтіруін білдіреді

9. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне санкция ретінде мынадай шаралардың бірін қолдануға құқылы:

- 1) жазбаша келісім жасауға, жазбаша нұсқау беруге, міндеттеме-хат талап етуге, лицензиядан айыруға
- 2) жазбаша келісім жасауға, жазбаша нұсқау беруге, міндеттеме-хат талап етуге, қызметінен шеттетуге туралы мәселе қоюға
- 3) жазбаша келісім жасауға, жазбаша нұсқау беруге, лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, лицензиядан айыруға
- 4) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, лицензиядан айыру, белгіленген тәртіппен айыппұл салу және оны өндіріп алу, басқарушы қызметкерлерін тағайындауға уәкілетті органның келісімін қайтарып алуға
- 5) лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға, лицензиядан айыруға, белгіленген тәртіппен айыппұл салуға және оны өндіріп алуға, жазбаша келісім жасауға, жазбаша нұсқау беруге

10. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне ықпал етудің мынадай шектеулі шараларының бірін қолдануға құқылы:

- 1) барлық жауап дұрыс
- 2) жазбаша келісім жасауға

- 3) міндеттеме-хаг талап етуге
- 4) қызметінен шеттету туралы мәселе қоюға
- 5) жазбаша нұсқау беруге

11. Өзін-өзі реттейтін ұйымның атқаратын қызметтері:

- 1) мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландыру, мақсатты мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру, экономиканың белсенділігін реттеу
- 2) баға белгілеу, бағаны болжау және ақпараттық талдау, тәуекелді сақтандыру, бағаны тұрақтандырушы
- 3) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің рейтингтерін жасау және жариялау, қызметіне тексеру жүргізу қызметін бақылау
- 4) өз клиенттерінің бағалы қағаздар мен мәмілелерінің жасалуын қадағалау қаржы құралдарына қатысты клиенттерге шоттар ашу, қаржы құралдарын, есепке алуды қамтамасыз ету, қаржы құралдарын сақтау
- 5) дұрыс жауап жоқ

12. Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттары:

- 1) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелері қызметінің ережелері мен стандарттары
- 2) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері арасындағы дауларды шешу ережелері
- 3) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кәсіби этика ережелері
- 4) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің қызметіне қатысты іс-шараларын жүргізу ережелері
- 5) аталғанның барлығы дұрыс

13. Бағалы қағаздар нарығын реттеу –

- 1) уәкілетті ұйымдардың, бағалы қағаз нарығы субъектілерінің қызметін және олардың арасында жасалатын операцияларды ретке келтіруі
- 2) бағалы қағаздар нарығындағы жай және кәсіби қатысушылардың қызметін реттеу және қадағалау
- 3) мемлекеттің қойған талаптары мен міндеттерін орындау
- 4) ұйымның қызметін мемлекеттің және өзге де ұйымдардың нормативтік актілері мен халықаралық келісімшарттар негізінде реттеу
- 5) барлық жауап дұрыс

14. Бағалы қағаз нарығын ішкі реттеу дегеніміз –

- 1) ұйымның қызметін ішкі нормативтік құжаттарымен реттеу
- 2) ұйымның қызметін мемлекеттік және халықаралық заңнамалық актілер негізінде реттеу
- 3) ұйымның қызметін азаматтық кодекспен реттеу
- 4) ұйымның қызметін мемлекеттік бағдарламалармен реттеу
- 5) барлық жауап дұрыс

15. Тікелей реттеу жолдары:

- 1) құқықтық актілерді шығару
- 2) эмитенттерді және бағалы қағаздарды тіркеу
- 3) кәсіби қызмет түрлерін лицензиялау
- 4) нарықтағы құқықтық тәртіпті сақтау
- 5) барлық жауап дұрыс

16. Жанама реттеудің жолдары:

- 1) ақша-несие саясаты арқылы реттеу
- 2) мемлекеттің салық саясаты арқылы реттеу
- 3) мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты негізінде реттеу
- 4) мемлекеттік капитал, меншік және ресурстар негізінде реттеу
- 5) барлық жауап дұрыс

17. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне ықпал етудің мынадай шектеулі шараларының бірін қолдануға құқылы:

- 1) жазбаша келісім жасауға, жазбаша нұсқама беруге, міндеттеме-хат талап етуге, лицензиядан айыруға
- 2) жазбаша келісім жасауға, жазбаша нұсқама беруге, міндеттеме-хат талап етуге, қызметінен шеттету туралы мәселе қоюға
- 3) жазбаша келісім жасауға, жазбаша нұсқама беруге, лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға, лицензиядан айыруға
- 4) лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға, лицензиядан айыруға, белгіленген тәртіппен айыппұл салуға және оны өндіріп алуға, басқарушы қызметкерлерін тағайындауға уәкілетті органның келісімін қайтарып алуға
- 5) лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға, лицензиядан айыруға, белгіленген тәртіппен айыппұл салуға және оны өндіріп алуға, жазбаша келісім жасауға, жазбаша нұсқама беруге

18. Бағалы қағаздар нарығының субъектісі мен уәкілетті органның арасындағы анықталған кемшіліктерді шұғыл жою қажеттігі туралы және осыған байланысты бірінші кезектегі шараларды бекіту жөніндегі келісім:

- 1) міндеттеме-хаты
- 2) жазбаша нұсқама
- 3) жазбаша келісім
- 4) қызметінен шеттету туралы мәселе қою
- 5) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру

19. Бағалы қағаздар нарығының субъектісіне белгіленген мерзімде анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған, орындалуға міндетті түзету шараларын қабылдау туралы нұсқау:

- 1) міндеттеме-хаты
- 2) жазбаша нұсқама
- 3) жазбаша келісім
- 4) қызметінен шеттету туралы мәселе қою
- 5) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру

20. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің орын алған кемшіліктерді мойындау фактісі және бағалы қағаздар нарығы субъектісі басшылығының оларды қатаң айқындалған мерзімдерде жою және жоспарланған іс-шаралардың тізбесін көрсете отырып, алдағы уақытта мұндай кемшіліктерді болдырмау жөніндегі кепілдігі:

- 1) міндеттеме-хаты
- 2) жазбаша нұсқама
- 3) жазбаша келісім
- 4) қызметінен шеттету туралы мәселе қою
- 5) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру

21. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне ықпал етудің шектеулі шараларының бірін қандай жағдайларда қолдануға құқылы:

- 1) пруденциалдық нормативтердің және сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің бұзылғандығы анықталған жағдайда
- 2) нормативтік құқықтық актілерінің бұзылғандығы анықталған жағдайда
- 3) лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттерін анықтаған жағдайда
- 4) лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің заңсыз әрекетсіздіктерін анықтаған жағдайда
- 5) барлық жауап дұрыс

22. Әкімшілік реттеудің құралдары болып табылмайтын құрал:

- 1) бағалы қағаз нарығының қатысушыларына қатысты міндетті талаптарды бекіту
- 2) бағалы қағаз нарығының қатысушыларын және бағалы қағаздарды тіркеу
- 3) салық мөлшерлемесі, салықтық жеңілдіктер, салықтан босату
- 4) нарықтағы құқықтық тәртіпті сақтау
- 5) бағалы қағаз нарығындағы кәсіби қызмет түрлерін лицензиялау

23. Бағалы қағаз нарығын мемлекеттік реттеу нысандары:

- 1) мемлекеттік бюджеттің, бюджеттен тыс қорлардың қаржылық ресурстары
- 2) пайыз мөлшерлемесі, жалақының ең төменгі мөлшері
- 3) тікелей немесе әкімшілік реттеу, жанама немесе экономикалық реттеу
- 4) бағалы қағаз нарығының қатысушыларын тіркеу, кәсіби қызмет түрлерін лицензиялау
- 5) салық мөлшерлемесі, салықтық жеңілдіктер, салықтан босату

24. Мемлекеттік реттеудің құралдары:

- 1) мемлекеттік бюджеттің, бюджеттен тыс қорлардың қаржылық ресурстары
- 2) пайыз мөлшерлемесі, жалақының ең төменгі мөлшері
- 3) 1, 2, 5 жауаптары дұрыс
- 4) бағалы қағаз нарығының қатысушыларын тіркеу, кәсіби қызмет түрлерін лицензиялау
- 5) салық мөлшерлемесі, салықтық жеңілдіктер, салықтан босату

25. Әкімшілік реттеудің құралдары:

- 1) мемлекеттік бюджеттің, бюджеттен тыс қорлардың қаржылық ресурстары
- 2) пайыз мөлшерлемесі, жалақының ең төменгі мөлшері
- 3) тікелей реттеу, жанама реттеу
- 4) бағалы қағаз нарығының қатысушыларын тіркеу, кәсіби қызмет түрлерін лицензиялау
- 5) салық мөлшерлемесі, салықтық жеңілдіктер, салықтан босату

26. Бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның атқаратын қызметтері:

- 1) бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдайды
- 2) бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялар мен рұқсаттардың тізілімін жүргізеді
- 3) лицензиялар берудің талаптары мен тәртібін айқындайды
- 4) бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру мен дамыту саласындағы басымдықтарды айқындайды
- 5) барлық жауап дұрыс

27. Бағалы қағаз нарығын реттеу субъектісі:

- 1) бағалы қағаз нарығының барлық қатысушылары және бағалы қағаз нарығында жүзеге асырылатын барлық қызмет түрлері мен операциялар
- 2) өтініш жасауы, лицензиаттардың қызметі туралы есептерді қарау процесінде уәкілетті орган анықтаған сәйкессіздіктер
- 3) эмитент, инвестор, қор нарығының кәсіби қатысушылары, нарықтың инфрақұрылымын ұйымдастырушылар, уәкілетті орган, өзін өзі реттейтін ұйымдар, қоғамдық реттеу ұйымдары
- 4) бағалы қағаздар нарығындағы жай және кәсіби қатысушылар
- 5) бағалы қағаз нарығы субъектілерінің қызметін және олардың арасында жасалатын операцияларды ретке келтіру

28. Мемлекеттік реттеудің құралдары болып табылмайтын құрал:

- 1) мемлекеттік бюджеттің, бюджеттен тыс қорлардың қаржылық ресурстары
- 2) пайыз мөлшерлемесі, жалақының ең төменгі мөлшері
- 3) салық мөлшерлемесі, салықтық жеңілдіктер, салықтан босату
- 4) бағалы қағаз нарығының қатысушыларын тіркеу, кәсіби қызмет түрлерін лицензиялау
- 5) мемлекеттік кәсіпорын, табиғи ресурстар

29. Әкімшілік реттеудің құралдары болып табылмайтын құрал:

- 1) мемлекеттік бюджеттің, бюджеттен тыс қорлардың қаржылық ресурстары
- 2) бағалы қағаз нарығының қатысушыларын және бағалы қағаздарды тіркеу
- 3) бағалы қағаз нарығының қатысушыларына қатысты міндетті талаптарды бекіту

- 4) нарықтағы құқықтық тәртіпті сақтау
- 5) бағалы қағаз нарығындағы кәсіби қызмет түрлерін лицензиялау

30. Уәкілетті орган эмитенттердің, лицензиаттардың қызметін тексеруді жүзеге асыруға құқылы болып табылатын негіздемелерді ата:

- 1) жазбаша келісім жасау, жазбаша нұсқама беру, міндеттеме-хат талап ету, қызметінен шеттету туралы мәселе қою
- 2) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, лицензиядан айыру, белгіленген тәртіппен айыппұл салу және оны өндіріп алу
- 3) басқарушы қызметкерлерін тағайындауға уәкілетті органның келісімін қайтарып алу
- 4) өтініш жасауы, лицензиаттардың қызметі туралы есептерді қарау процесінде уәкілетті орган анықтаған сәйкессіздіктер
- 5) дұрыс жауап жоқ

СӨЗДІК

А

Агенттік облигация – қаржы агенттігі шығаратын облигация.

Айырбасталатын бағалы қағаз – акционерлік қоғамның шығару проспектісінде айқындалған талаптармен және тәртіппен оның басқа түрдегі бағалы қағазына айырбасталуға жататын бағалы қағазы.

Акция – бұл акционерлік қоғамның жарғылық капиталына үлес қосқандығын куәландыратын және басқару ісіне қатысуға құқық беретін, сондай-ақ иесіне табыс әкелетін бағалы қағаз.

Акционер – акцияның меншік иесі болып табылатын адам.

Акциялардың бақылау пакеті – акционерлік қоғам қабылдайтын шешімдерді айқындауға құқық беретін акциялар пакеті.

Акцияның нақтылы құны – барлық жай және артықшылықты акцияларға арналған, құрылтайшылар төлейтін, жарғылық капиталды қалыптастыруға қатысатын және акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарында белгіленген акция құнының ақшалай көрінісі.

Акцияның нарықтық бағасы – екінші ретті нарықтағы акцияның сатылу және сатып алу бағасы. Акцияның нарықтық бағасы қор биржасындағы сауда-саттықта белгіленеді. Биржалық бағам сұраныс пен ұсынысқа сәйкес анықталады.

Акцияның орналастыру бағасы – акцияларды бастапқы бағалы қағаздар нарығына орналастырған кездегі акцияның бағасы.

Алғашқы нарық – эмитенттің (андеррайтердің немесе эмиссиялық консорциумның) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруын білдіреді.

«Алтын акция» – құрылтай жиналысы (жалғыз құрылтайшының шешімі) немесе акционерлердің жалпы жиналысы жарғылық капиталды қалыптастыруға және дивидендтер алуға қатыспайтын «алтын акцияны» енгізуі мүмкін. «Алтын акция» иесінің акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар мен атқарушы органның шешімдеріне қоғам жарғысында белгіленген мәселелер бойынша veto қою құқығы болады. «Алтын акция» куәландырған veto қою құқығы басқаға берілмеуі тиіс.

Андеррайтер – бағалы қағаздар нарығының брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызмет көрсететін кәсіби қатысушысы.

Артықшылықты акция – жай акциялардың меншік иелеріне қарағанда артықшылықты акцияның артықшылығы мынада: акционерлік қоғамның жарғысында алдын ала айқындалып, белгіленген мөлшерде акционердің дивиденд алуға және қоғам таратылған

кезде белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.

Атаулы бағалы қағаз – құжатты және құжатсыз нысанда шығарылатын, иесінің аты-жөні меншік иесінің реестрінде тіркелетін бағалы қағаз.

Аударылатын депозиттік сертификаттар – басқа бір тұлғаларға қайталама нарықта сатып алу-сату арқылы қолдан қолға ауысады.

Аударылмайтын депозиттік сертификаттар – салым иелерінің қолдарында болып, уақыты жеткен соң банкке салымды алу мақсатында ұсынылады.

Ауыспалы (нолдік) номиналмен шығарылатын бағалы қағаз – ақшалай номиналы көрсетілмей шығарылатын бағалы қағаз.

Аффилирленген тұлғалар – тікелей немесе жанама түрде шешімдерді айқындауға және әрқайсысы (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімге ықпал етуге, соның ішінде жасалған мәмілеге орай, мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар.

Б

Бағалы қағаз – мүліктік құқықты қуәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілеулердің жиынтығы.

Бағалы қағазды ұстаушы – бағалы қағаздар бойынша құқықтары бар, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде немесе нақтылы ұстауды есеп-

ке алу жүйесінде тіркелген тұлға, сондай-ақ пайлық инвестициялық қор.

Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау – нақтылы ұстау шартына сәйкес бағалы қағаздарда ұстаушылардың атынан және есебінен белгілі бір заңды іс-әрекеттерді жасау, сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу мен растау және осындай ұстаушылардың бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерін тіркеу.

Бағалы қағаздардың бағасын белгілеу – ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында белгілі бір уақыт кезінде бағалы қағаздар бойынша сұранымның және (немесе) ұсынымның жарияланған бағасы.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы – өз қызметін бағалы қағаздар нарығында лицензия негізінде не заң актілеріне сәйкес жүзеге асыратын және акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында қызмет істейтін заңды тұлға.

Бағалы қағаздардың қайталама нарығы – орналастырылған бағалы қағаздардың айналысы процесінде бағалы қағаздар нарығының субъектілері арасында қалыптасатын құқықтық қатынастар.

Бағалы қағаз нарығын реттеу – реттеу қызметін жүзеге асыруға уәкілетті ұйымдардың, бағалы қағаз нарығы субъектілерінің қызметін және олардың арасында жасалатын операцияларды ретке келтіруін білдіреді.

Бағалы қағаз нарығын ішкі реттеу – бағалы қағаз нарығында қызметті

жүзеге асырушы ұйымның қызметін реттеу өзінің нормативтік құжаттар, яғни ұйымның жарғысы, ұйымның және оның бөлімшелері мен қызметкерлерінің қызметін анықтайтын ережелер мен өзге де ішкі нормативтік құжаттар шеңберінде жүзеге асырылуын білдіреді.

Бағалы қағаз нарығын сыртқы реттеу – ұйымның қызметі мемлекеттің және өзге де ұйымдардың нормативтік актілері мен халықаралық келісімшарттар негізінде реттелуін білдіреді.

Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу – мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын уәкілетті орган жүзеге асырады. Уәкілетті орган – бұл бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Бағалармен айла-шарғы жасау – бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде бағалы қағаздарға белгіленген бағадан жоғары немесе төмен баға белгілеуге бағытталған іс-әрекеттері.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесі – эмитент, эмиссиялық бағалы қағаздар және белгілі бір уақыт кезінде эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша оларды ұстаушылардың құқықтарын бірдейлендіруді, бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін ұстаушылар туралы мәліметтердің жиынтығы, сондай-ақ осы бағалы қағаздар бойынша айналысқа немесе құқықтарды жүзеге асыруға арналып тіркелген шектеулердің сипаты және

уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес өзге де мәліметтер.

Базалық актив - стандартталған тауарлар партиясы, бағалы қағаздар, валюта, қаржы құралдары және саудасаттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де көрсеткіштер.

Бастапқы бағалы қағаздар нарығы – эмитенттің (андеррайтердің немесе эмиссиялық консорциумның) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруы.

Биржа – ұйымдастырылған, дәйекті жұмыс істейтін нарық, онда сұраныс пен ұсыныстың негізінде ресми түрде белгіленетін бағалар бойынша бағалы қағаздар саудасы (қор саудасы), стандарттар мен үлгілер бойынша көтерме сауда (тауар саудасы) немесе валюта саудасы (валюта) іске асырылады.

Биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының баға белгілеу ұйымы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушы клиенттердің арасында баға белгілеу арқылы айырбастау жүйесін пайдалану мен қолдау арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

Брокер – бағалы қағаздар нарығының клиенттің тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүдделерін көздеп, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын кәсіби қатысушысы.

В

Валюта – бұл біріншіден, сол елдің ақша бірлігі; екіншіден, шетел мемлекеттерінің ақша белгілері; үшіншіден, халықаралық есептесу бірліктері және төлем құралы

Валюталық бағам – бір елдің ақша бірлігінің екінші бір елдің ақша бірлігіне қатысты бейнелейтін бағасы.

Валюталық биржа – шетел валютасымен валюталық операцияларды жүзеге асыратын, сұраныс пен ұсыныс негізінде ұлттық валюталарға қатысты шетел валюталарының ағымдағы бағамын белгілейтін ұғым.

Валюталық операциялар – шетел валютасымен сауда-саттық жасау, шетел валютасын төлем құралы ретінде пайдалану, ұлттық валютаны сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру барысында пайдалану, шетелден валютаны әкелу және шетелге шығару, валюталық құндылықтарды аударып жіберуімен байланысты операциялар.

Валюталық құндылықтар – халықаралық валюта – қаржы байланыстары арасында қолданылатын материалдық объектілер. Оларға мыналар жатады: шетел валютасындағы төлем құжаттары (вексельдер, чектер, аккредитивтер) қор құндылықтары (акциялар, облигациялар), табиғи асыл бағалы тастар (алмаз, рубин, изумруд, сапфир, александрит, жемчүк), сондай -ақ қымбат бағалы металдар (алтын, платина және платина тобындағы металдар – палладий, иридий, осмий, родий, рутений).

Валюталық қоржын – ұлттық және аймақтық валюталардың бағам-

дарын анықтауға арналған шетел валюталарын котировкалауда пайдаланылатын валюталар жиынтығы.

Валюталық тәуекел – шетел валютасы бағамының өзгеруіне байланысты валюталық құндылықтармен операциялар жасау барысында туындайтын қауіп.

Д

Дауыс беретін акциялар – орналастырылған жай акциялар, сондай-ақ Заңда көзделген жағдайларда дауыс беру құқығы берілген артықшылықты акциялар. Дауыс беретін акциялар санына қоғам сатып алған акциялар, сондай-ақ нақтылы ұстаудағы және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жоқ меншік иесіне тиесілі акциялар кірмейді.

Делистинг – бағалы қағаздарды сауда-саттықты ұйымдастырушының тізімінен уақытша немесе тұрақты шығарып тастау.

Депозитарийлік қызмет – басқа нақтылы ұстаушылар үшін бағалы қағаздарды нақтылы ұстау қызметін көрсету және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру жөніндегі қызмет.

Депозитарлық қолхат – осы депозитарийлік қолхаттың базалық активі болып табылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың белгілі бір санына меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз.

Депозиттік сертификат – заңды тұлғаның банкке салған қаражатын куәландыратын және оған салым мерзімінің өтеуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сыйақы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз.

Депозитке салу – орталық депозитарийдің депоненттер мен олардың клиенттерінің қаржы құралдарын есепке алуы.

Депонент – орталық депозитарийдің клиенті болып табылатын ұйым.

Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы.

Дивиденд – акционердің өзіне тиесілі акциялары бойынша жыл сайын төлеп отыратын және акционерлер арасында бөлінетін акционерлік қоғам пайдасының бір бөлігі.

Дилер – ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығына тікелей кіру құқығымен өз мүдделерін көздеп және өз есебінен эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын кәсіби қатысушысы.

Дисконттық облигация – жеңілдікпен (номиналдық құнынан төменгі бағамен) сатылып, номиналдық құны бойынша өтелетін бағалы қағаз.

Ж

Жазбаша келісім – бұл бағалы қағаздар нарығының субъектісі мен

уәкілетті органның арасындағы анықталған кемшіліктерді шұғыл жою қажеттігі туралы және осыған байланысты бірінші кезектегі шараларды бекіту жөніндегі келісім.

Жазбаша нұсқама – бағалы қағаздар нарығының субъектісіне белгіленген мерзімде анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған, орындалуға міндетті түзету шараларын қабылдау туралы нұсқау.

Жай акция – өз құзыреті шеңберінде барлық мәселелерді шешумен байланысты акционерге дауыс беру құқығы мен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

Жарияланған акциялар – шығарылуын Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңдарына сәйкес уәкілетті орган тіркеген акциялар.

Жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздар – шығарылуын уәкілетті орган тіркеген бағалы қағаздар.

Жеке шоттан үзінді – бағалы қағаз болып табылмайтын, тіркеуші немесе нақтылы ұстаушы беретін және тіркелген тұлғаның эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша белгілі бір уақыт кезіндегі құқықтарын растайтын құжат.

Жеке инвестор – институционалдық емес инвестор

Жеке шот – бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде немесе нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде бар, эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдары бойынша мәмілелерді тіркеу және құқықтарды есепке алу мақсатымен тіркелген тұлғаны сөзсіз бірдейлендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы.

Жинақ сертификаты – жеке тұлғаның банкке салған қаражатын куәландыратын және оған салым мерзімінің өтеуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сыйақы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз.

И

Инвестициялық портфель – бағалы қағаздар нарығы субъектісінің меншігіндегі немесе басқаруындағы әртүрлі қаржы құралдарының жиынтығы не инвестициялық қорлар туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық қордың мүлкі.

Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушы – бағалы қағаздар нарығының азаматтық құқық объектілерін басқару жөніндегі қызметті өз атынан, клиенттің мүдделерін көздеп және соның есебінен жүзеге асыратын кәсіби қатысушысы.

Инсайдер – эмитенттің немесе оның аффилирленген тұлғасының акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) иеленуіне, эмитенттің немесе оның аффилирленген тұлғасының басқару органдарына мүше болуына,

эмитентпен немесе оның аффилирленген тұлғасымен еңбек шартын немесе азаматтық-құқықтық шартын жасауына, оған мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы ретінде берілген өкілеттіктерге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға.

Инсайдерлік ақпарат – эмиссиялық бағалы қағаздар және олармен жасалған мәмілелер туралы, сондай-ақ осы бағалы қағаздардың эмитенті және ол жүзеге асыратын қызмет туралы үшінші тұлғаларға белгісіз, жария етілуі негізгі активтері осы бағалы қағаздар болып табылатын осы бағалы қағаздардың немесе туынды бағалы қағаздардың нарықтығы бағасына елеулі түрде әсер етуі мүмкін кез келген ақпарат.

Институционалдық инвестор – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес инвестицияны жүзеге асыру мақсатымен қаражат тартушы заңды тұлға.

Инфрақұрылымдық облигация – эмитент міндеттемелерінің орындалуы мемлекет пен эмитент арасында мемлекетке берілетін объектінің құнының сомасына сәйкес жасалған инфрақұрылымдық жобаны іске асыру жөніндегі концессиялық келісім шеңберінде мемлекеттің кепілгерлігімен қамтамасыз етілген облигация.

Ипотекалық облигация – ипотекалық қарыз шарттары бойынша талап ету құқығы кепілімен (ипотекалық куәліктердің кепілін қоса алғанда), сондай-ақ тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленетін өзге де жоғары өтімді активтер кепілімен қамтамасыз етілген облигация.

Итерация – дискреттік саудасаттықтың дербес кезеңі.

К

Кастодиан – бағалы қағаздар нарығының қаржы құралдарының және клиенттер ақшасының есебін алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, клиенттердің құжатты қаржы құралдарының сақталуы жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдай отырып оларды сақтауды және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушысы.

Кепілдікті акция – бұл акцияның түрін еншілес кәсіпорындар шығаруы мүмкін. Бұл жағдайда дивидендті төлеу жоғары тұрған ұйымның беделімен кепілдендіріледі. Бұл еншілес кәсіпорындардың шығарған акциялары инвесторларды тартуға мүмкіндік береді.

Кепілхат – қарыз алушы төлеуден бас тартқан жағдайда, үшінші бір жақтың қарызды өтеймін деген жазбаша міндеттемесін береді.

Клиент – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы көрсететін қызметті пайдаланушы немесе пайдаланғысы келетін тұлға.

Клиринг – есептейтін компьютерлік жүйе мен әдістерді пайдалану негізінде, арнайы мекеменің көмегімен іске асырылатын, мәміле бойынша жиынтық есеп айырысу операциясы. Клиринг өзара талаптар мен міндеттемелерді есепке алу деген ұғымды білдіреді.

Конвертацияланатын (айырбас-талатын) акция – акционерлік қоғамның шығару пропектісімен айқындалатын талаптар мен тәртіп арқылы оның

бағалы қағазының басқа түріне айыр-басталуға жататын бағалы қағаз.

Кумулятивті акция – төленбеген немесе толық көлемде төленбеген дивидендтер жинақталып, кейін толық көлемде төленуі мүмкін.

Қ

Қазақстандық депозитарийлік қолхат – Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитенттің басқа мемлекеттің заңдарына сәйкес шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздарының белгілі бір санына меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз.

Қамтамасыз етілген облигация – эмитент міндеттемелерін орындау эмитент мүлкінің кепілімен, банк кепілдігімен қамтамасыз етілген облигация.

Қайтарылатын акция – жалпы акцияның өмір сүру мерзімі, акционерлік қоғамның өмір сүру мерзіміне тікелей байланысты болғандықтан акция алдын ала өтелмейді, ал қайтарылатын акция нақты бір мерзімде өтелуі мүмкін болатын акцияның түрін сипаттайды.

Қайталама нарық – орналастырылған бағалы қағаздардың айналысы процесінде бағалы қағаздар нарығының субъектілері арасында қалыптасатын құқықтық қатынастарды білдіреді. Бұл нарықта бағалы қағаз иесінің меншік құқықтарының басқа тұлғаға өтуіне баланысты кез келген жиынтық операциялар орындалады.

Қамтамасыз етілген облигация – эмитент міндеттемелерін орындау эмитент мүлкінің кепілімен, банк кепілдігімен қамтамасыз етілген облигация.

Қаржы агенттігі – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілетті және осы мақсатта Қазақстан Республикасының қаржы нарығында және халықаралық қаржы нарығында қарыз алуды жүзеге асыратын банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым.

Қаржы нарығы – қаржы қызметін көрсету мен тұтынуға және қаржы құралдарының айналысына байланысты қатынастардың жиынтығы.

Қаржы құралы – қаржы нарығының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен айқындалған бағалы қағаздары (туынды бағалы қағаздарды қоса алғанда) мен өзге де активтері.

Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг – қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу нәтижесінде жүзеге асырылатын есеп айырысуға қатысушы тараптардың өзара талаптары мен міндеттемелерінің есебі.

Қаржы құралдарын материалсыздандыру – құжатты нысанда шығарылған қаржы құралдары қуәландыратын құқықтарды растау тәсілін осы құқықтарды орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі электрондық жазбалармен растау арқылы өзгерту.

Құжатсыз бағалы қағаз – құжатсыз нысанда (электрондық жазбалардың жиынтығы түрінде) шығарылған бағалы қағаз.

Құжатты бағалы қағаздар – құжатты нысанда шығарылған (қағаздағы немесе арнайы техникалық құрал-

дарды пайдаланбай-ақ бағалы қағаздың мазмұнын тікелей оқуға болатын өзге де материалдық берілім көзіндегі) бағалы қағаздар.

Қор биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

Қор биржасының ресми тізімі – мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар мен осы бағалы қағаздардың эмитенттері оған енгізілгенде және онда болғанда листинг талаптарына сәйкес келетін қор биржасы тізімінің бір бөлігі.

Қор биржасының трейдері – қор биржасының сауда жүйесін пайдалана отырып, қор биржасы мүшесінің атынан мәмілелер жасасуға және өзге де іс-әрекеттерді орындауға уәкілеттік берілген жеке тұлға.

Л

Лауазымды адам – акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің, оның атқарушы органының мүшесі немесе акционерлік қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адам.

Левередж – эмитенттің міндеттемелері мен меншікті капиталы мөлшерлерінің арақатынасы.

Листинг – бағалы қағаздарды қор биржасының бағалы қағаздар тізімінің санатына енгізу, оған енгізу және сол санатта болу үшін қор биржасының ішкі құжаттарында бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы (листингтік) талаптар белгіленген.

Листинг компаниясы – бағалы қағаздары ресми тізімге енгізілген заңды тұлға.

Листинг талаптары – мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар мен олардың эмитенттерінің осы бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілуін және онда болуы үшін сақталуын қажет ететін талаптар.

Лицензиат – уәкілетті орган берген лицензия негізінде бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

Лот – қаржы құралдарының сауда-саттық бірлігі; оның санына осы қаржы құралы бойынша өтінімнің көлемі тең немесе еселі болуы тиіс.

М

Маркет-мейкер – қаржы орталығының арнайы сауда алаңы сауда-саттықты ұйымдастырушысының ережелеріне сәйкес бағалы қағаздарды әрдайым жариялау және бағаны белгілеуді қолдау бойынша өзіне міндеттемелерді алған қаржы орталығының қатысушысы.

Мәлімдеуші бағалы қағаз – иесінің аты-жөні мүлдем тіркелмейтін бағалы қағаз.

Мемлекеттік бағалы қағаз – эмитенті мемлекет болып табылатын мемлекеттің ішкі қарызының формасын немесе борыштық бағалы қағаздарды білдіреді.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз – қарыз алушы Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкі болатын қарыз алуға қатысы жөнінен ұстаушының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз.

Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар – мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылмайтын акциялар, облигациялар және өзге де эмиссиялық бағалы қағаздар.

Мінсіз іскерлік бедел – кәсіби білікті, адалдығын растайтын факторлардың болуы, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар үшін немесе ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы.

Мүдделер қақтығысы – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен олардың клиенттерінің мүдделері бір-біріне сай келмейтін жағдай.

Н

Нарықтық бағалы қағаздар – нарықта еркін сатылатын және сатып алынатын бағалы қағаздар.

Нарықтық емес бағалы қағаздар – жекелеген жағдайларда бағалы қағаздардың айналысы шектелуі мүмкін болатын бағалы қағаздар.

Нақтылы ұстауды есепке алу жүйесі – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының уақыттың белгілі бір кезінде оларды бірдейлендіруді, бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін бағалы қағаздарды ұстаушылар мен оларға тиесілі бағалы қағаздар туралы мәліметтер бар, нақтылы ұстау қызметін көрсететін есеп беру жүйесі, сондай-ақ осы бағалы қағаздардың

айналысқа немесе олар бойынша құқықтарды жүзеге асыруға арналып тіркелген шектеулердің сипаты және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге де мәліметтер.

Ө

Өзін-өзі реттейтін ұйым – бағалы қағаздар нарығында өз қызметінің бірыңғай ережелері мен стандарттарын белгілеу мақсатымен қауымдастық (одақ) нысанында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары құрған заңды тұлға.

Өтініш беруші - бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алу мақсатымен уәкілетті органға құжаттарды табыс еткен заңды тұлға.

О

Облигация – облигация иесімен (қарыз берушімен) эмитент (қарыз алушының) арасындағы қарыздық қарым-қатынасты куәландыратын бағалы қағаз.

Облигацияның бағамы – бұл облигацияның номиналдық құнына пайыз мөлшерлемесі негізінде сипатталатын, облигацияның нарықтық құнының мәні.

Облигациялық бағдарлама – эмитент бірнеше облигациялар шығаруды, оның ішінде шығарылымның тиісті проспектісі белгілейтін әртүрлі құрылыммен шығаруды жүзеге асыруға құқылы болатын шекте облигациялар шығару.

Облигацияларды өтеу – эмитенттің орналастырылған облигацияларды сыйақы және облигацияның нақтылы құнын төлеу (кейіннен сату мақсатынсыз) немесе оны облигациялар шығару проспектісінде белгіленген тәртіппен

сол эмитенттің акциясына (акцияларына) айырбастау арқылы айналыстан алып қою жөніндегі іс-әрекеті.

Облигацияның нақтылы құны

– облигация құнының ол шығарылған кезде белгіленген, купондық облигация бойынша процентпен көрсетілген сыйақы есептелетін ақшалай көрінісі, сондай-ақ облигацияны өтеген кезде оны ұстаушыға төленуге тиісті сома.

Облигацияларды ұстаушылардың өкілі

– эмитентпен жасалған шарт негізінде қайталама бағалы қағаздар нарығындағы инфрақұрылымдық, сондай-ақ ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигациялар айналысы, облигациялар бойынша сыйақы төлеу және оларды өтеу процесінде облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін көздеп іс-әрекет жасайтын ұйым.

Оқшаулау – бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесінде және нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде бағалы қағаздармен жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге бағалы қағаздардың сақталуына кепілдік беру мақсатында жүзеге асырылатын уақытша тыйым салу.

Опцион – шарт, оған сәйкес бір тарап (опционды сатушы) осы шартта аталған мүліктің (базальк активтің) белгілі бір санын осы шартта келісілген баға бойынша сатуға немесе сатып алуға міндеттенеді, ал екінші тарап (опционды сатып алушы) сатып алу немесе сату құқығына ие болады, саудасаттықты ұйымдастырушылар мұндай шартты стандарттаған жағдайда ол туынды бағалы қағаз ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Орналастырылған акциялар

– акционерлік қоғамның бағалы қағаз-

дардың бастапқы нарығында құрылтайшылар және инвесторлар құнын төлеген акциялары.

Орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздар – бастапқы бағалы қағаздар нарығында инвесторлар толық төлеген эмиссиялық бағалы қағаздар.

Орталық депозитарий – негізгі функциясы депозитарийлік қызметті жүзеге асыру болып табылатын мамандандырылған коммерциялық емес ұйым.

П

Пруденциалдық нормативтер – уәкілетті орган белгілеген және лицензиат сақтауға тиіс нормалардың қаржылық көрсеткіштері.

Р

Рейтинг – белгілі бір эмитенттің шамамен алғандағы кредит қабілетін немесе оның бағалы қағаздарының сапасы мен сенімділігін белгілейтін бағаның жеке сан және әріп көрсеткіші.

С

Салымдарды индексациялау – құнсыздануға байланысты салымдар бойынша төленетін пайыздарды және салымдар сомасын қайта есептеу және өзгерту.

Сауда алаңы – қор биржасында айналысқа жіберілген қаржы құралдарының жекелеген түрлерімен олар арқылы мәмілелер жасалатын қор биржасының бағдарламалық-техникалық кешенінің бөлігі.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы – қор биржасы және биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының баға белгілеу ұйымы.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының тізімі – сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіне айналысқа жіберуге рұқсат етілген қаржы құралдарының сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес және (немесе) Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жасалған тізімі.

Сауда-саттық жүйесі – қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға арналған, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені.

Сауда жүйесі – сауда-саттықты ұйымдастырушының материалдық-техникалық құралдарының, ішкі құжаттарының және сол сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелері арасында эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға пайдаланылатын өзге де қажетті активтері мен рәсімдерінің кешені.

Своп (айырбас) – екі тараптың белгілі бір мерзім ішінде белгілі бір талаптармен қаржы құралдарын айырбастау жөніндегі келісімін куәландыратын туынды бағалы қағаз.

Секьюритизация – қарыздық міндеттемелерді шығару барысында қамтамасыз ету заты ретінде келісім-шартта көзделген ақшалай түсімдерді пайдалану.

Ұ

Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы – бағалы қағаздар айналысының бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылатын саласы.

Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы – мәмілелер саудаттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналыс саласы.

Ұлттық бірдейлендіру нөмірі – эмиссиялық бағалы қағаздарды бірдейлендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында оларға уәкілетті орган беретін әріптік-сандық код.

Т

Төлем агенті – банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым.

Тіркелген тұлға – бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесінде немесе нақтылы ұстау есебі жүйесінде жеке шоты бар тұлға.

Тіркеуші – бағалы қағаздар нарығының бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын кәсіби қатысушысы.

Трансфер-агент – бағалы қағаздар нарығының өз клиенттерінің арасында құжаттар (акпараттар) қабылдау мен беру жөнінде қызмет көрсететін кәсіби қатысушысы.

Туынды бағалы қағаздар – осы туынды бағалы қағаздардың базалық активке қатынасы бойынша құқықтарды қуаландыратын бағалы қағаз.

Тұрақты номиналмен шығарылатын бағалы қағаз – бағалы қағазда ақшалай номинал көрсетіледі. Бұл бағалы қағаздың номиналының тұрақты болуының себебі – бағалы қағаз эмиссияланған кезде оның эмиссиялық немесе номиналдық құны көрсетіледі.

У

Уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Ф

Фьючерс – белгіленген нысандағы стандарттық саны мен орындалу мерзімі бар және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналыста жүретін туынды бағалы қағаз, оны сатушы сатуға немесе сатып алуға міндеттенеді, ал сатып алушы мүліктің (базалық активтің) белгіленген санын келісілген баға бойынша және белгілі бір мерзім өткеннен кейін сатып алуға немесе сатуға міндеттенеді.

Форвард (алдын ала) – мәмілені жасағаннан кейін екі күн ішінде шұғыл түрде жасалатын есеп айырысу нысаны. Форвардтық операцияларды бағаның және валюталар бағамындағы өзгерістерден туындайтын мүмкін болатын зияндардың алдын алу мақсатында жүзеге асырады.

Х

Хеджирлеу – мүліктік мүдделерді жай-күйі қаржы құралдарымен мәміле жасасу арқылы бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің кірістері мен шығындарының туындауына байланысты болатын бағаның, айырбастау бағамының, сыйақы ставкаларының немесе өзге де ықтимал көрсеткіштердің өзгеруі кезіндегі тәуекелдерден қорғау.

Ш

Шығару құрылымы – шығарылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың саны, олардың түрі, нақтылы құны (облигациялар үшін) туралы мәліметтер.

Шетелдік мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз – қарыз алушы шет

мемлекеттің үкіметі болатын қарызға қатысты ұстаушының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз не шет мемлекеттің заңдарына сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздарға жатқызылған өзге де бағалы қағаз.

I

Ішкі құжаттар – бағалы қағаздар нарығы субъектісінің, оның органдарының, құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдарының, өкілдіктерінің), қызметкерлерінің қызмет жағдайлары мен тәртібін, қызмет көрсетуін және оларға ақы төлеу тәртібін реттейтін құжаттар.

Ірі акционер – бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп проценті тиесілі акционер немесе бірнеше акционер.

Э

Эмиссиялық бағалы қағаздар – бір шығарылым шегінде біртекті белгілер мен реквизиттері болатын, осы шығарылым үшін бірыңғай жағдайлар негізінде орналастырылатын және айналысқа түсетін бағалы қағаздар.

Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысы – қайталама бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау.

Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімі – уәкілетті орган қалыптастыратын эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымдары мен олардың эмитенттері туралы мәліметтердің жиынтығы.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру – бастапқы бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздарды сату.

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару – эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздардың азаматтық құқықтар объектісі ретінде пайда болуына бағытталған іс-әрекеті немесе орналастырылуы, айналыста болуы және өтелуі осы эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатын белгілі бір бағалы қағаздардың жиынтығы.

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісі – эмитент, оның қаржылық жай-күйі, сатылады деп болжанатын эмиссиялық бағалы қағаздар, шығарылымның көлемі, шығарылымдағы бағалы қағаздардың саны, оларды шығару, орналастыру, айналыста болуы, дивидендтер (сыйақы) төлеу, өтеу рәсімі мен тәртібі туралы мәліметтер және инвестордың бағалы қағаздар сатып алу туралы шешіміне ықпал етуі мүмкін басқа да ақпарат бар құжат.

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының күшін жою – эмиссиялық бағалы қағаздың азаматтық құқықтар объектісі ретінде өмір сүруін тоқтату.

Эмиссиялық консорциум – андеррайтерлердің эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызмет көрсету мақсатында бірлескен қызмет туралы шарт негізінде құрылған бірлестігі.

Эмитент – эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. «Бағалы қағаздар нарығы» туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 461-II Заңы.
2. «Акционерлік қоғамдар» туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 415 Заңы.
3. «Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау» туралы 2003 жылғы 4 шілдедегі № 474-II Қазақстан Республикасының Заңы.
4. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 ақпандағы №126-111 «Секьюритилендіру туралы» Заңы.
5. Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Заңы.
6. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы N 136 Заңы.
7. Әкімшілік рәсімдер туралы 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107-II Қазақстан Республикасының Заңы.
8. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155-II Кодексі.
9. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдер). – Алматы: Жеті жарғы, 2000.
10. «Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығындағы қызметті лицензиялау ережесі» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 сәуіріндегі N 117 Қаулысы.
11. «Бағалы қағаздары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізіліміне енгізіледі деп көзделген немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптар» Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2008 жылғы 8 мамырдағы № 04,2-09/119 бұйрығына Қосымша.
12. Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 қазандағы № 158 Қаулысы.
13. Сауда-саттық өткізу әдістері туралы Қ А Ф И Д А «Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесі шешімімен бекітілді (2004 жылдың 29 желтоқсанындағы № 49 хаттама).
14. «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысы.

15. «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы №62 Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының қаулысы.
16. «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есептерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 224 қаулысы.
17. «Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы № 382 қаулысы.
18. «Қор биржасында тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 30 қарашадағы № 244 Қаулысы.
19. «Бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы № 191 Қаулысы.
20. «Бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 қазандағы № 170 Қаулысы.
21. Исаков У.М. Қаржы нарығы және делдалдар / У.М. Исаков, Д.Т. Бохаев, Э.А. Рузеева. – Алматы: Экономика, 2008.
22. Мақыш С.Б. Банк ісі: оқулық. – Алматы: изд. Меркег, 2007.
23. Құлпыбаев С.К. Қаржы: оқулық. – Алматы: Экономика, 2013.
24. Рынок ценных бумаг: учебник / под. ред. В.А. Галанова, А.И. Басова. – 2-е изд. – М.: Финансы и статистика, 2017.
25. Рынок ценных бумаг / под. ред. Е.Ф. Жукова. – 2-е изд. – М.: ЮНИТИ, 2017.

Оқу басылымы

Асель Жаныбекқызы Турлыбекова

**БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ**

Оқу құралы

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Ұ. Молдашева*

Мұқабаны безендіруде сурет
[www. WallscLOUD.ru](http://www.WallscLOUD.ru) сайтынан алынды

ИБ №12209

Басуға 14.09.2018 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₁₆.
Көлемі 17,75 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №4884 .

Таралымы 120 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.